

**Емтиханға дайындалу үшін
биохимиядан
тест сұрақтары**

Оқу құралы

**Н.Н. Чернов,
В.С. Покровский,
Ж.Ж. Гумарова
редакциясымен**

УДК 577(076.1)
ББК 28.072я73-4
Е53

Қазақ тіліне аударған:

Дильмагамбетов С.Н. – х.ғ.к., Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті химиялық пәндер кафедрасының профессоры

Қазақ тіліндегі басылымның ғылыми редакциясын басқарған:

Гумарова Ж.Ж. – б.ғ.к., доцент, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті химиялық пәндер кафедрасының жетекшісі

Пікір жазғандар:

Сейтембетова А.Ж. – б.ғ.д., КеАҚ «Астана медицина университеті» жалпы және биологиялық химия кафедрасының профессоры

Киргизбаева А.А. – б.ғ.к., С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ биохимия кафедрасының доценті

Жармаханова Г.М. – PhD докторы, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті жаратылыстану ғылымдары пәндері кафедрасының жетекшісі

Е53 Емтиханға дайындалу үшін биохимиядан тест сұрақтары. Медициналық ЖОО лардың студенттері үшін оқу құралы / Н.Н.Чернов, В.С.Покровский, Ж.Ж. Гумарова редакциясымен. – Ақтөбе, 2023. –304 б.

ISBN 978-601-80722-9-1

«Емтиханға дайындалу үшін биохимиядан тест сұрақтары» оқу құралы РХДУ-дің акад. Т.Т. Берёзов атындағы биохимия кафедрасы мен Марат Оспанов атындағы БҚМУ-дің химиялық пәндер кафедрасында «Жалпы медицина», «Стоматология», «Педиатрия» және «Фармация» мамандықтарының оқу бағдарламаларына сәйкес дайындалған. Оқу құралындағы ұсынылып отырған тестілік сұрақтар студенттер аралық бақылау мен емтиханға дайындалған кезде биологиялық химиядан білімдерін тексеруге және тереңдетуге арналған. Оқу құралындағы 3000-нан астам тестілік сұрақтар 40 бөлімге топтастырылған, олар Т.Т. Берёзов, Б.Ф. Коровкин авторлығымен шыққан «Биологиялық химия» оқулығының және Н.Н. Чернов пен В.С. Покровскийдің «Биохимия негіздері» оқу құралының тақырыптарына сәйкес келеді. Әрбір сұраққа жауаптың бір дұрыс нұсқасы берілген. Белгілі бір тақырыпқа байланысты тапсырмаларға қатысты кітапта құрамдастырылған тапсырмалар берілген («Алмасу үдерістерін интеграциялау» бөлімі), сондай-ақ ситуациялық (жағдайлық) есептер келтірілген. Құралдың соңында ұсынылып отырған тапсырмалардың жауаптары орналастырылған. Оқу құралы медициналық жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына, сонымен қатар биохимиямен қызығатын оқырмандарға арналған.

Авторлық ұжым: Алексеева О.Ю., Башаров М.М., Гумарова Ж.Ж., Дильмагамбетов С.Н., Жданов Д.Д., Ермуханбетова Н.Д., Ерназарова Ж.А., Иванова-Радкевич В.И., Калинина Е.В., Кузнецова О.М., Лобаева Т.А., Лукашева Е.В., Новичкова М.Д., Покровский В.С., Рыскина Е.А., Смирнова И.П., Сяткин С.П., Чернов Н.Н.

УДК 577(076.1)
ББК 28.072я73-4
Е53

ISBN 978-601-80722-9-1

Баспаға КеАҚ «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған. Хаттама №5 (802). 31.01.2023

Мазмұны

Кіріспе.....	6
Бөлім 1. Аминқышқылдарының, пептидтер мен нәруыздардың құрылысы. <i>Е.В. Калинина, Ж.А. Ерназарова, С.Н. Дильмагамбетов.....</i>	7
Бөлім 2. Нуклеин қышқылдарының құрылысы. <i>Е.В. Калинина</i>	19
Бөлім 3. Көмірсулардың құрылысы. <i>И.П. Смирнова.....</i>	22
Бөлім 4. Липидтердің құрылысы. <i>Т.А. Лобаева.....</i>	27
Бөлім 5. Ферменттер. <i>Е.В. Калинина.....</i>	33
Бөлім 6. Дәрумендер мен коферменттер. <i>Е.А. Рыскина, Н.Д. Ермуханбетова.....</i>	41
Бөлім 7. Гормондар. <i>Е.А. Рыскина. Н.Д. Ермуханбетова.....</i>	55
Бөлім 8. Көмірсулардың қорытылуы және сіңірілуі. <i>И.П. Смирнова.....</i>	73
Бөлім 9. Көмірсулардың алмасуын реттеу. <i>И.П. Смирнова.....</i>	76
Бөлім 10. Гликолиз. <i>И.П. Смирнова, Ж.А. Ерназарова, Н.Д. Ермуханбетова.....</i>	80
Бөлім 11. Катаболизмнің жалпы жолдары: трикарбон қышқылдарының циклі және пируватдегидрогеназалық кешен. <i>И.П. Смирнова.....</i>	89
Бөлім 12. Электрондарды тасымалдау тізбегі және ілмектік механизмдер. <i>И.П. Смирнова, Ж.А. Ерназарова.....</i>	96
Бөлім 13. Гликогеннің синтезі және ыдырауы. <i>И.П. Смирнова, Ж.А. Ерназарова.....</i>	103
Бөлім 14. Глюконеогенез және Кори циклі. <i>И.П. Смирнова.....</i>	110
Бөлім 15. Глюкоза тотығуының пентозофосфаттық жолы. <i>И.П. Смирнова, Н.Д. Ермуханбетова.....</i>	114
Бөлім 16. Фруктоза мен галактозаның алмасуы. <i>В.И. Иванова-Радкевич, В.С. Покровский.....</i>	120
Бөлім 17. Липидтердің қорытылуы және тасымалы. <i>С.П. Сяткин, Ж.А. Ерназарова.....</i>	122
Бөлім 18. Липолиз және оны реттеу. <i>С.П. Сяткин, В.С. Покровский, Ж.А. Ерназарова.....</i>	131
Бөлім 19. Майлы қышқылдардың β -тотығуы. <i>Т.А. Лобаева, Ж.Ж. Гумарова....</i>	134
Бөлім 20. Майлы қышқылдардың, триацилглицеролдар мен фосфолипидтердің синтезі. <i>Т.А. Лобаева, Ж.А. Ерназарова.....</i>	138
Бөлім 21. Холестериннің алмасуы. <i>Т.А. Лобаева, Ж.А. Ерназарова.....</i>	144
Бөлім 22. Кетонды денелердің алмасуы. <i>Т.А. Лобаева, Ж.А. Ерназарова.....</i>	150
Бөлім 23. Эйкозаноидтар. <i>С.П. Сяткин, В.С. Покровский.....</i>	155
Бөлім 24. Липидтердің пероксидтік тотығуы. <i>С.П. Сяткин.....</i>	158
Бөлім 25. Нәруыздардың қорытылуы және аминқышқылдарының сіңірілуі. <i>В.И. Иванова-Радкевич.....</i>	160
Бөлім 26. Аминқышқылдарын дезаминдеу және трансаминдеу. <i>В.И. Иванова-Радкевич, Ж.Ж. Гумарова, Н.Д. Ермуханбетова.....</i>	163
Бөлім 27. Аминқышқылдарын декарбоксилдеу және биогенді аминдер. <i>В.И. Иванова-Радкевич.....</i>	170
Бөлім 28. Аммиактың зарарсыздануы және мочевинатүзілу циклі.	

<i>В.И. Иванова-Радкевич</i>	174
Бөлім 29. Жекелеген аминқышқылдарының алмасуы.	
<i>В.И. Иванова-Радкевич, Ж.А. Ерназарова</i>	177
Бөлім 30. Нәруыздардың алмасуы. <i>В.С. Покровский</i>	185
Бөлім 31. Гемопротеиндердің алмасуы. <i>О.М. Кузнецова, Ж.Ж. Гумарова, Ж.А. Ерназарова</i>	190
Бөлім 32. Нуклеотидтердің алмасуы. <i>О.М. Кузнецова</i>	198
Бөлім 33. Қан мен несептің биохимиясы. <i>О.Ю. Алексеева, В.С. Покровский, Ж.А. Ерназарова, Н.Д. Ермуханбетова</i>	206
Бөлім 34. Алмасу үдерістерінің интеграциясы. <i>М.Д. Новичкова</i>	215
Бөлім 35. Нуклеин қышқылдары мен нәруыздардың синтезі. <i>Д.Д. Жданов, В.С. Покровский</i>	218
Бөлім 36. Дәнекер ұлпалардың биохимиясы. <i>Е.В. Лукашева, Ж.А. Ерназарова</i>	225
Бөлім 37. Минералданған ұлпалардың биохимиясы. <i>Е.В. Лукашева</i>	236
Бөлім 38. Аралас сілекейдің биохимиясы. <i>Е.В. Лукашева</i>	243
Бөлім 39. Ісік ұлпаларының биохимиясы. <i>В.С. Покровский</i>	251
Бөлім 40. Бұлшықет ұлпасының биохимиясы <i>Ж.Ж. Гумарова, Ж.А. Ерназарова, Н.Д. Ермуханбетова</i>	255
Бөлім 41. Жағдайлық (ситуациялық есептер). <i>М.М. Башаров, В.С. Покровский, Ж.Ж. Гумарова, Ж.А. Ерназарова, Н.Д. Ермуханбетова</i>	259
Қорытынды.....	295
Әдебиеттер.....	296
Тест сұрақтарының жауаптары.....	297

Қысқартулар және шартты белгілеулер

GLUT — глюкозаны тасымалдаушылардың туыстастығы
HbA — гемоглобин А
HbA_{1c} — гликозилденген (гликирленген) гемоглобин
H₂KoA — кофермент А
K_m — Михаэлис константасы
KoQ — кофермент Q
RANKL — ядролық фактор кВ рецептор-белсендіргішінің лиганды
V_{max} — реакцияның максимал жылдамдығы
АДГ — антидиуретикалық гормон (вазопрессин)
АДФ — аденозиндифосфат
АКТГ — адренкортикотропты гормон
АЛК — аминолевулин қышқылы
АЛТ — аланинаминтрансфераза
АМФ — аденозинмонофосфат
АТН (АПБ) — ацилтасымалдаушы нәруыз
АСТ — аспаратаминтрансфераза
АТФ аденозинтрифосфат
ЖМҚ (ВЖК) — жоғарғы майлы қышқыл
ГАГ — глюкозамингликан
ГАМҚ — γ-аминмай қышқылы
ГДФ — гуанидиндифосфат
ГМГ — гидроксиметилглутара
ГМФ — гуанидинмонофосфат
ГТФ — гуанидинтрифосфат
ДАГ — диацилглицеролдар
дАДФ — дезоксиаденозиндифосфат
дАМФ — дезоксиаденозинмонофосфат
дАТФ — дезоксиаденозинтрифосфат
ДГБП — дигидробиоптерин
дГМФ — дезоксигуанидинмонофосфат
дГФҚ — дигидрофолий қышқылы
ДНҚ — дезоксирибонуклеин қышқылы
дТДФ — дезокситимидиндифосфат
дТМФ — дезокситимидинмонофосфат
дТТФ — дезокситимидинтрифосфат
дУМФ — дезоксиуридинмонофосфат
дУТФ — дезоксиуридинтрифосфат
АІЖ (ЖКТ) — асқазан-ішек жолдары
ИМФ — инозинмонофосфат
ЛДГ — лактитдегидрогеназа
ТЖЛП (ЛПВП) — тығыздығы жоғары липопротейндер
ТТЛП (ЛПНП) — тығыздығы төмен липопротейндер
ТӨТЛП (ЛПОНП) — тығыздығы өте төмен липопротейндер

ТАЛП (ЛППП) — тығыздығы аралық липопротейндер
ЛХАТ — лецитинхолестеролацилтрансфераза
МАГ — моноацилглицеролдар
МАО — моноаминоксидаза
ХБ (МЕ) — фермент белсендігінің халықаралық бірлігі
мРНҚ — матрицалық рибонуклеин қышқылы
НАД⁺ — никотинамидадениндинуклеотид [НАДН (Н⁺) — тотықсызданған формасы]
НАДФ⁺ — никотинамидадениндинуклеотид фосфат [НАДФН (Н⁺) — тотықсызданған формасы]
ОМФ — оротидинмонофосфат
РНҚ — рибонуклеин қышқылы
рРНҚ — рибосомалық рибонуклеин қ-лы
СТГ — соматотропты гормон
ТАГ — триацилглицеролдар
ТГБП — тетрагидробиоптерин
ТГФҚ — тетрагидрофолий қышқөылы
ТМФ — тимидинмонофосфат
ТПФ — тиаминпирофосфат
тРНҚ — тасымалдаушы рибонуклеин қышқылы
ТТФ — тимидинтрифосфат
УДФ — уридиндифосфат
УМФ — уридинмонофосфат
УТФ — уридинтрифосфат
ФАД — флавинадениндинуклеотид (ФАДН₂ — тотықсызданған формасы)
ФАФК — фосфоаденозинфосфоқүкірт қышқылы
ФДЭ — фосфодиэстераза
ФМН — флавинмононуклеотид
ІНФ (ФНО) — ісік некрозының факторы
ФРПФ — фосфорибозилпирофосфат
цАМФ — циклді аденозинмонофосфат
цГМФ — циклді гуанозинмонофосфат
ЦДФ — цитидиндифосфат
ЦМФ — цитидинмонофосфат
ОНЖ (ЦНС) — электрондарды тасымалдау тізбегі
ТҚЦ (ЦТК) — трикарбон қышқылдарының тізбегі
ЦТФ — цитидинтрифосфат
ЖСЖ (ЧСС) — жүрек соғуының жиілігі
ЭПР — эндоплазматикалық ретикулум

Биологиялық химия іргелі ғылымдардың қатарына жатады. Оны кез келген дәрігер-маман білуі керек. Дегенмен оны зерделеу өте күрделі шаруа, ол студенттен химия мен физиологияның білімдерін және міндетті түрде логикалық ойлай білуді қажет етеді.

Оқу құралы студентке оның болашақ қызметінде пайда болатын сұрақтарды биохимиялық тұрғыдан шешуге мүмкіндік беретін көмекші ретінде ұсынылады.

Барлық тапсырмалар нәруыздардың, дәрумендер, ферменттер, көмірсулар, липид-тердің алмасуына қатысты бөлімдерге топтастырылған. Гормондар, бауыр, бүйрек, несеп пен қан биохимиясы бойынша сұрақтар да бар, бірақ сұрақтарды бөліп қарастыру шартты түрде болса да, бұл ағзалардың метаболизмінде алмасулардың барлық түрлері бір-бірімен диалектикалық байланыста болатынын ескеру қажет.

Бұл оқу құралының мегізгі мақсаты студенттердің өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту және студенттерге биохимиядан практикалық және қорытынды сабақтарға, емтихандарға дайындалуға көмектесу.

Көмекші құрал медициналық ЖОО-лардың «жалпы медицина», «стоматология», «фармация» мамандықтары бойынша оқитын студенттеріне арналған. Тесттер мен жағдайлық есептерді таңдау осы мамандықтар бойынша мамандарды даярлауға бағытталған.

Заманауи биологиялық химия – тірі организмдер қызметінің негізінде жатқан химиялық үдерістерді, сонымен қатар адамның ағзалары мен ұлпаларындағы метаболизмнің ерекшеліктерін және оның реттелуін молекулалық деңгейде зерттейтін іргелі ғылым.

Жасушалардың, ұлпалардың және ағзалардың тіршілік әрекетінің негізінде жатқан негізгі метаболиттік үдерістерді білу, патологиялық жағдайларда олардың бұзылу себептерін түсіну үшін болашақ дәрігерге қажет. Биохимияны оқу барысында алынған білім болашақ дәрігерге ақпараттық биохимиялық әдістерді таңдауға, ауруларды диагностикалау және емдеу тиімділігін бақылау үшін оларды сауатты түсіндіруге көмектеседі.

Жинаққа енген тапсырмалардың күрделілігі әртүрлі дәрежеде: мұнда нақты теориялық білімді қолдануға арналған сұрақтардан басқа, клиникалық-диагностикалық бағыты бар сұрақтар да бар. Бұл студенттердің логикалық ойлау қабілетін дамытуға, материалды жақсы меңгеріп, ойына сақтауға мүмкіндік береді.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ХИМИЯ.

Бөлім 1. Аминқышқылдарының, пептидтер мен нәруыздардың құрылысы

1. Күкірті бар аминқышқылын көрсетіндер.

- А) Серин.
- Б) Аланин.
- В) Метионин.
- Г) Пролин.

2. Теріс зарядталған аминқышқылын көрсетіндер.

- А) Серин.
- Б) Аспарагин қышқылы.
- В) Метионин
- С) Пролин.

3. Күкірті бар аминқышқылын көрсетің-ер.

- А) Серин.
- Б) Аланин.
- В) Цистеин.
- Г) Пролин.

4. Теріс зарядталған аминқышқылын көрсетіндер.

- А) Лизин.
- Б) Глутамин қышқылы.
- В) Метионин.
- Г) Пролин.

5. Гидроксил тобы бар аминқышқылын көрсетіндер.

- А) Метионин.
- Б) Триптофан.
- В) Цистеин.
- Г) Треонин.

6. Оң зарядталған аминқышқылын көрсетіндер.

- А) Цистеин.
- Б) Триптофан.
- В) Аргинин,
- Г) Треонин.

7. Ароматты аминқышқылын көрсетіндер.

- А) Пролин.
- Б) Триптофан.
- В) Аргинин.
- Г) Треонин.

8. Оң зарядталған аминқышқылын көрсетіндер.

- А) Цистеин.
- Б) Триптофан.
- В) Лизин.

Г) Треонин.

9. Радикалында амин тобы бар аминқышқылын таңдап алыңдар.

- А) Лизин.
- Б) Пролин.
- В) Аспарагин қышқылы,
- Г) Глутамин.

10. Ароматты радикалы бар аминқышқылын таңдап алыңдар.

- А) Тирозин.
- Б) Лизин.
- В) Пролин.
- Г) Изолейцин.

11. Гидрофобтырақ радикалы бар аминқышқылын таңдап алыңдар.

- А) Фенилаланин.
- Б) Пролин.
- В) Гистидин.
- Г) Тирозин.

12. Гидрофилдірек радикалы бар аминқышқылын таңдап алыңдар.

- А) Лизин.
- Б) Тирозин.
- В) Лейцин.
- Г) Пролин.

13. γ -Орында амид тобы бар аминқышқылын таңдап алыңдар.

- А) Аспарагин қышқылы.
- Б) Аспарагин.
- В) Глутамин қышқылы.
- Г) Глутамин.

14. Қайсы аминқышқылы гетероциклді болып табылады?

- А) Тирозин.
- Б) Фенилаланин.
- В) Триптофан.
- Г) Треонин.

15. Қайсы аминқышқылының құрамына гидроксил тобы кіреді?

- А) Лейцин.
- Б) Треонин.
- В) Гистидин.
- Г) Изолейцин.

16. Полүсті зарядталмаған радикалы бар аминқышқылын таңдап алыңдар.

- А) Аспарагин қышқылы.

- Б) Аспарагин.
- В) Лизин.
- Г) Гистидин.

17. Амид тобы бар аминқышқылын таңдап алыңдар.

- А) Гистидин.
- Б) Глутамин. –
- В) Аспарагин қышқылы.
- Г) Аргинин

18. Полюсті де, гидрофобты да болатын, радикалында алты мүшелі циклі бар аминқышқылын таңдап алыңдар.

- А) Триптофан.
- Б) Фенилаланин.
- В) Пролин.
- Г) Тирозин.

19. Қайсы аминқышқылында индол сақинасы бар?

- А) Тирозин
- Б) Гистидин.
- В) Триптофан.
- Г) Пролин.

20. Қайсы аминқышқылында гуанидин тобы бар?

- А) Тирозин.
- Б) Гистидин
- В) Триптофан.
- Г) Аргинин.

21. Қайсы аминқышқылы радикалының гидрофобты қасиеттері бар?

- А) Пролин.
- Б) Глутамин.
- В) Глутамин қышқылы.
- Г) Серин.

22. Янтар қышқылының туындысы болатын аминқышқылын таңдап алыңдар.

- А) Аспарагин қышқылы.
- Б) Аргинин.
- В) Аланин.
- Г) Пролин.

23. Пропион қышқылының туындысы болатын аминқышқылын таңдап алыңдар.

- А) Метионин.
- Б) Треонин.
- В) Глутамин қышқылы.
- Г) Серин

24. Май қышқылының туындысы болатын аминқышқылын таңдап алыңдар

- А) Глутамин қышқылы.
- Б) Лизин.
- В) Треонин.
- Г) Серин.

25. Қайсы аминқышқылы сірке қышқылының туындысы болады?

- А) Глицин
- Б) Аланин
- В) Валин
- Г) Пролин

26. Қайсы аминқышқылы нәруыздарда иондық байланыс түзуге қатыса алады?

- А) Тирозин
- Б) Аргинин
- В) Серин
- Г) Изолейцин

27. Қайсы аминқышқылы нәруыздарда иондық байланыс түзуге қатыса алады?

- А) Пролин.
- Б) Глутамин.
- В) Аспарагин қышқылы.
- Г) Валин.

28. Rf шамасы (қағаздық хроматографияда таралу коэффициенті) ең жоғары болатын аминқышқылын таңдап алыңдар.

- А) Валин.
- Б) Глицин.
- В) Аспарагин қышқылы.
- Г) Аспарагин.

29. Ионалмасу хроматографиясы әдісімен оңай бөлуге болатын аминқышқылдарының жұбы.

- А) Асп және Глу.
- Б) Глу және Лей.
- В) Лей және Вал.
- Г) Лиз және Гис.

30. Ионалмасу хроматографиясы әдісімен бөлуге болатын аминқышқылдарының жұбы.

- А) Лиз және Гли.
- Б) Вал және Про.
- В) Гли және Сер.
- Г) Лиз және Гис.

31. Гидрофобты аминқышқылдарының (валин, лейцин, изолейцин) радикалдарында қандай топтар болуы мүмкін?

- А) Полюссіз зарядталмаған топтар
- Б) Полюсті зарядталмаған топтар
- В) Негіздік топтар.

Г) Қышқылдық топтар.

32. Келтірілген аминқышқылдарының қайсысының рН 7,4 кезінде теріс заряды болады?

- А) Глутамин қышқылы.
- Б) Аспарагин.
- В) Гистидин.
- Г) Лизин.

33. Қайсы аминқышқылының рН 7,4 кезінде оң заряды болады?

- А) Пролин.
- Б) Глицин.
- В) Лизин.
- Г) Цистеин.

34. Қайсы аминқышқылының рН 7,4 кезінде теріс заряды болады?

- А) Серин.
- Б) Триптофан.
- В) Аспарагин қышқылы.
- Г) Гистидин.

35. Адам нәруыздарының (глициннен басқа) құрамына кіретін аминқышқылдарының конфигурациясы қандай?

- А) *D*-конфигурация.
- Б) *L*-конфигурация.
- В) Не *D*-, не *L*-конфигурация.
- Г) Энантиомерлері жоқ.

36. Қағаздық хроматография әдісін қолданғанда ең аз R_f шамасы қай аминқышқылына тән?

- А) Валинге.
- Б) Аспарагин қышқылына.
- В) Изолейцинге
- Г) Аланинге.

37. Нәруызға тән физикалық-химиялық қасиеттерге не жатады?

- А) Екідайлық.
- Б) Қыздырған кезде құрылымының сақталуы.
- В) Кристалдануға қабілетсіздігі.
- Г) Жарықтың полюстену жазықтығын бұру қабілетсіздігі.

38. Мономерлік нәруыздардың нативті биологиялық қасиеттері нәруыздың қандай құрылымы қалыптасқан кезде байқалады?

- А) Біріншілік құрылымы.
- Б) Екіншілік құрылымы.
- В) Үшіншілік құрылымы.
- Г) Төртіншілік құрылымы.

39. Изоэлектрлік нүктеде нәруыздың қандай сипаттамасының болатынын көрсетіндер.

- А) Ең жоғары иондану дәрежесі болады.
- Б) Ерігіштігі ең төмен болады.
- В) Денатурацияланады.
- Г) Оң зарядты болады.

40. Изоэлектрлік нүкте неге тәуелді болады?

- А) Нәруыздың қосынды зарядына.
- Б) Су тектік байланыстардың болуына.
- В) Ароматты аминқышқылдары қалдықтарының болуына.
- Г) Күкіртті аминқышқылдары қалдықтарының болуына.

41. Нәруыз молекулаларының изоэлектрлік нүктедегі сипаттамасын таңдап алыңдар.

- А) Диссоциацияланбайды.
- Б) Катодка қарай қозғалады.
- В) Анодқа қарай қозғалады.
- Г) Электрбейтарап.

42. Нәруыздың изоэлектрлік нүктесі дегеніміз не?

- А) Гидрат қабығындағы судың қату температурасының мәні.
- Б) Ферменттің әсеріне оптималды рН мәні.
- В) Ферменттің әсеріне оптималды температураның мәні.
- Г) Нәруыздың қосынды заряды нөлге тең рН мәні.

43. Нәруыздың изоэлектрлік нүктесі 8,2-ге тең. Оның құрамында қандай аминқышқылдары басым болады?

- А) Диаминмонокарбон.
- Б) Моноаминдикарбон.
- В) Моноаминкарбон.
- Г) Күкірті бар.

44. Нәруыздың екіншілік құрылымының қалыптасуына не себеп?

- А) Электрстатикалық тебіліс.
- Б) Су тектік байланыстардың түзілуі.
- В) Гидрофобтық әрекеттесулер.
- Г) Нәруыз ерітіндісінің жоғары тұтқырлығы.

45. Нәруыздық ашығуы кезінде адам организмі алмастырылмайтын аминқышқылдарын қалай алады?

- А) Оларды көмірсулардан синтездеу арқылы.
- Б) Оларды азотты негіздерден синтездеу

арқылы.

- В) Өзінің нәруыздарын ыдырату арқылы.
- Г) Оларды дәрумендерден синтездеу арқылы.

46. Иммуноглобулиндер нәруыздардың қай класына жатады?

- А) Липопротеиндер.
- Б) Гликопротеиндер.
- В) Нуклеопротеиндер.
- Г) Фосфопротеиндер.

47. Қышқыл нәруыздардың біріншілік құрылымының ерекшелігін көрсетіндер.

- А) Дикарбон аминқышқылдарының басымырақ (көбірек) болуы.
- Б) Диамин және дикарбон аминқышқылдарының тең қатынаста болуы.
- В) Диаминмонокарбон аминқышқылдарының басымырақ (көбірек) болуы.
- Г) Диамин немесе дикарбон аминқышқылдарының болмауы.

48. Нәруыздың төртіншілік құрылымының құрамына кіретін жеке полипептидтік тізбек қалай аталады?

- А) Протомер.
- Б) Домен.
- В) Глобулин.
- Г) Пептид.

49. Гемоглобиннің простетикалық тобы дегеніміз не?

- А) Темір ионымен қосылған протопорфирин.
- Б) Темір ионы.
- В) Порфобилиноген.
- Г) Темір ионы.

50. Нәруыздың фолдинг дегеніміз не?

- А) Пептидтерге ыдырауы.
- Б) Лигандқа қосылуы.
- В) Пептидтік тізбектің үшөлшемді құрылымға бүктелуі.
- Г) Нәруыздың трансляциядан кейін коваленттік түрленуі.

51. Инсулиннің молекуласында неше полипептидтік тізбек бар?

- А) 1.
- Б) 2.
- В) 3.
- Г) 4.

52. Инсулиннің молекуласында неше дисульфидтік байланыстар бар?

- А) 1

Б) 2.

В) 3.

Г) 4.

53. Қызыл бояуы бар нәруызды көрсетіндер.

- А) Коллаген.
- Б) Овальбумин.
- В) Кератин.
- Г) Цитохром с.

54. Қайсы қосылыс гемоглобиннің алостериялық эффекторы бола алады?

- А) NO₂.
- Б) CO.
- В) CO₂.
- Г) NO.

55. Қайсы орган зақымданған кезде альбуминурия байқалады?

- А) Бауыр.
- Б) Бүйрек.
- В) Ұйқыбезі.
- Г) Көкбауыр.

56. Феталды гемоглобиннің ең дұрыс сипаттамасын таңдап алындар.

- А) Ересек адамның гемоглобиніне қарағанда оттегіне ынтықтығы жоғары.
- Б) Екі суббірліктен тұрады.
- В) Сау адамның жалпы гемоглобині мөлшерінің шамамен 50%-ын құрайды.
- Г) Оттегіні байламайды.

57. Нәруыз молекуласында β-катпарлы кабаттар қандай байланыстармен тұрақтанады?

- А) Сутектік.
- Б) Коваленттік.
- В) Иондық.
- Г) Пептидтік.

58. Жасушаішілік нәруыздардың басым бөлігі қайсы органеллада деградацияланады?

- А) Ядро.
- Б) Митохондрияда.
- В) Гольджи аппаратында.
- Г) Протеасомада.

59. Биологиялық тұрақты олигопептидтердің сипаттамасын таңдап алындар.

- А) Адам организмінде ұзынырақ пептидтерден мақсаттық протеолиз кезінде түзіледі.
- Б) Адам организмінде жекелеген аминқышқылдарынан синтезделеді.

В) Пептидазалармен тез ыдырайды.
Г) Адам организмінде түзілмейді және тағаммен келіп түсуі керек.

60. Пептидазалардың әсеріне тұрақты дипептидті таңдап алыңдар.

- А) Гистидил- β -аланин.
- Б) Цистеинилглицин.
- В) Аланилфенилаланин.
- Г) Глицилглицин.

61. рН-тың физиологиялық мәндерінде оң зарядталған полипептидтің аминқышқылдық радикалдарының құрамына қандай функциялық топтар кіреді?

- А) Қышқылдық топтар.
- Б) Ароматты топтар.
- В) Алифатты топтар.
- Г) Негіздік топтар.

62. Қандай кеңістіктік құрылым түзілгенде нәруыздың жекелеген суббірліктерінің арасында сутектік байланыс түзіледі?

- А) Біріншілік құрылым.
- Б) Екіншілік құрылым.
- В) Үшіншілік құрылым.
- Г) Төртіншілік құрылым.

63. Оң зарядталған нәруыздарды таңдап алыңдар.

- А) Альбуминдер.
- Б) Глобулиндер.
- В) Глютелиндер.
- Г) Гистондар.

64. Адамның феталды гемоглобинінде қандай полипептидтік тізбектер бар?

- А) Тек қана α .
- Б) α және β .
- В) α және γ .
- Г) Тек қана γ .

65. Ядролық нәруыздарды көрсетіндер.

- А) Альбуминдер.
- Б) Глобулиндер.
- В) Протаминдер.
- Г) Проламиндер.

66. Нәруыздық ізашардан мақсаттық протеолиз жолымен қандай пептид түзіледі?

- А) Глутатион.
- Б) Карнозин.
- В) Ансерин.
- Г) Ангиотензин II.

67. Нәруыздарды концентрлеу үшін қандай әдіс қолданылады?

- А) Электрофорез.
- Б) Аффиндік хроматография.
- В) Ионалмасу хроматографиясы.
- Г) Ультрасүзу.

68. Қандай күрделі нәруыздарда N-ацетилнейрамин қышқылы бар?

- А) Хромопротеиндерде.
- Б) Гликопротеиндерде.
- В) Липопротеиндерде.
- Г) Нуклеопротеиндерде.

69. Цитохром с күрделі нәруыздардың қай класына жатады?

- А) Липоропротеин.
- Б) Нуклеопротеин.
- В) Хромопротеин.
- Г) Фосфопротеин.

70. Домендердің түзілуі нәруыздар құрылымы қалыптасуының қай деңгейінде орын алады?

- А) Біріншілік құрылымы.
- Б) Екіншілік құрылымы.
- В) Үшіншілік құрылымы.
- Г) Төртіншілік құрылымы.

71. Қалдықтары гемоглобин гемін нәруызбен байланыстыратын аминқышқылын көрсетіндер.

- А) Аланин.
- Б) Тирозин.
- В) Фенилаланин.
- Г) Гистидин.

72. Молекуланың бетіндегі аминқышқылдарының қандай радикалдары нәруыздың ерігіштігін арттырады?

- А) Про, Тир, Фен.
- Б) Мет, Иле, Лей.
- В) Трп, Про, Гли.
- Г) Сер, Тре, Асп.

73. Қан сарысуы нәруыздарын қайтымды тұндыратын қандай фактор?

- А) Қайнату.
- Б) Мыс сульфатының ерітіндісі.
- В) Органикалық қышқылдар.
- Г) Аммоний сульфатының қаныққан ерітіндісі.

74. γ -Глобулиндер күрделі нәруыздардың қай класына жатады?

- А) Липопротеиндер.
- Б) Гликопротеиндер.

В) Нуклеопротеиндер.

Г) Флавопротеиндер.

75. Нәруыздардың ерітінділердегі тұрақтылығын қандай фактор қамтамасыз етеді?

А) Нәруызда аланин мөлшерінің көп болуы.

Б) Аминқышқылдарының гидрофобты радикалдары.

В) Нәруызда серин мен лизин мөлшерінің аз болуы.

Г) Молекулалардың гидрат қабығы және заряды.

76. 70%-дан жоғары көмірсулары бар нәруыздарды таңдап алыңдар.

А) Фосфопротеиндер.

Б) Протеогликиндар.

В) Гемопропротеиндер.

Г) Гликопротеиндер.

77. Қан плазмасының липопротеиндері қандай қызмет атқарады?

А) Термореттегіштік.

Б) Қорғаныс.

В) Энергетикалық.

Г) Тасымалдау.

78. Цитохромдардың простетикалық тобы болып не табылады?

А) Мырыш ионы.

Б) Гем.

В) Нуклеин қышқылы.

Г) Фосфор қышқылы.

79. Нәруыздардағы дисульфидтік байланыстарды қайсы аминқышқылының қалдығы түзеді?

А) Тирозиннің.

Б) Цистеиннің.

В) Метиониннің.

Г) Триптофанның.

80. Сынаптың иондары қандай аминқышқылдарының қалдықтарымен байланыса алады?

А) Фенилаланиннің.

Б) Аспарагин қышқылының.

В) Лизиннің.

Г) Глициннің.

81. Қайсы қосылыс нәруыздардың «ерігіштендірмеуін» тудыруы мүмкін?

А) Трихлорсірке қышқылы.

Б) Тұз қышқылы.

В) Ацетон.

Г) Аммоний сульфаты.

82. Нәруыздардың құрамындағы деспиральденген учаскелер қандай аминқышқылы қалдығының болуына байланысты?

А) Тирозиннің.

Б) Лизиннің.

В) Валиннің.

Г) Прониннің.

83. О-гликозидтік байланыстардың көмегімен көмірсу қалдықтары нәруыздардың қандай аминқышқылдық қалдықтары арқылы байланысады?

А) Лизиннің.

Б) Аргининнің.

В) Валиннің.

Г) Треониннің.

84. Апонәруыздарды көмірсу компоненттерімен байлау неге соқтырады?

А) Олардың тұрақтылығын төмендетеді.

Б) Олардың тұрақтылығын жоғарылатады.

В) Нәруыздың тұнбаға түсуіне соқтырады.

Г) Олардың гидрофилдігін төмендетеді.

85. Қайсы фермент гемопропротеиндер класына жатады?

А) Пепсин.

Б) Каталаза.

В) Сілтілік фосфатаза.

Г) Липаза.

86. Пептидтік байланысы бар, протеазалардың әсеріне тұрақты, биологиялық белсенді пептидті таңдап алыңдар.

А) Глутатион.

Б) Ангиотензин.

В) Тиролиберин.

Г) Окситоцин.

87. А гемоглобиніндегі (HbA) темірдің валенттігі қандай?

А) Әрдайым 2.

Б) Әрдайым 3.

В) 2 немесе 3 бола алады.

Г) Оттегіні байлағанда өзгереді.

88. Гемнің молекуласы қайсы гетероциклдің туындыларынан тұрады?

А) Пирролдың.

Б) Пуриннің.

В) Пиримидиннің.

Г) Имидазолдың.

89. Боялмған нәруызды таңдап алыңдар.

- А) Амилаза.
- Б) Каталаза.
- В) Миоглобин.
- Г) Гемоглобин.

90. Гликопротеиндердің простетикалық тобын таңдап алыңдар.

- А) Галактоза.
- Б) Глицерин.
- В) Глутамин қышқылы.
- Г) Нуклеин қышқылы.

91. Ферменттік биосинтез жолымен аминқышқылдарынан түзілетін пептидті таңдап алыңдар.

- А) Вазопрессин.
- Б) Окситоцин.
- В) Кальцитонин.
- Г) Глутатион.

92. Орақ-жасушалық анемия қандай биохимиялық патологиямен байланысты?

- А) Гемоглобиннің α -тізбектерінің біріншілік құрылымының өзгеруімен.
- Б) Гемоглобиннің β -тізбектерінің біріншілік құрылымының өзгеруімен.
- В) Гемоглобиннің α -тізбектерінің жеткілікті түрде қарқынды синтезделмеуімен.
- Г) Гемоглобиннің β -тізбектерінің жеткілікті түрде қарқынды синтезделмеуімен.

93. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Глу-Лиз-Про трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- А) Бейтарап.
- Б) Оң.
- В) Теріс.
- Г) Пептидтің концентрациясына байланысты.

94. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Асп-Лиз-Про трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- А) Бейтарап.
- Б) Оң.
- В) Теріс.
- Г) Пептидтің концентрациясына байланысты.

95. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Гли-Лиз-Про трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- А) Бейтарап.
- Б) Оң.
- В) Теріс.
- Г) Пептидтің концентрациясына байланысты.

96. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Асн-Лиз-Про трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- А) Бейтарап.
- Б) Оң.
- В) Теріс.
- Г) Пептидтің концентрациясына байланысты.

97. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Вал-Арг-Иле трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- А) Бейтарап.
- Б) Оң.
- В) Теріс.
- Г) Пептидтің концентрациясына байланысты.

98. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Вал-Гис-Иле трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- А) Бейтарап.
- Б) Оң.
- В) Теріс.
- Г) Пептидтің концентрациясына байланысты.

99. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Сер-Вал-Асн трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- А) Бейтарап.
- Б) Оң.
- В) Теріс.
- Г) Пептидтің концентрациясына байланысты.

100. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Тир-Иле-Глу трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- А) Бейтарап.
- Б) Оң.
- В) Теріс.
- Г) Пептидтің концентрациясына байланысты.

101. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Тре-Ала-Тир трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- А) Бейтарап.
- Б) Оң.
- В) Теріс.
- Г) Пептидтің концентрациясына байланысты.

102. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Лиз-Гис-Иле трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- A) +1.
- Б) +2.
- В) 0.
- Г) -1.

103. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Гис-Асп-Лей трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- A) -1.
- Б) -2.
- В) 0.
- Г) +1.

104. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Тре-Асп-Тир трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- A) -1.
- Б) -2.
- В) 0.
- Г) +1.

105. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Тре-Глу-Ала трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- A) -1.
- Б) -2.
- В) 0.
- Г) +1.

106. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Лиз-Глу-Про трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- A) +1.
- Б) +2.
- В) 0.
- Г) -1.

107. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Тре-Асп-Цис трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- A) -1.
- Б) -2.
- В) 0.
- Г) +1.

108. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Тре-Гли-Ала трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- A) -1.
- Б) -2.
- В) 0.
- Г) +1.

109. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Тре-Арг-Гис трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- A) +1.

- Б) +2.
- В) 0.
- Г) -1.

110. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Вал-Лиз-Про трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- A) -1.
- Б) -2.
- В) 0.
- Г) +1.

111. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Гис-Асп-Гли трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- A) -1.
- Б) -2.
- В) 0.
- Г) +1.

112. Сулы ерітіндіде бейтарап рН кезінде Гис-Глу-Асп трипептидінің қосынды зарядын анықтаңдар.

- A) +1.
- Б) +2.
- В) 0.
- Г) -1.

113. Алмастырылмайтын аминқышқылын көрсетіңдер.

- A) Серин.
- Б) Аспарагин.
- В) Пролин.
- Г) Изолейцин.

114. Алмастырылмайтын аминқышқылын көрсетіңдер.

- A) Пролин.
- Б) Серин.
- В) Валин.
- Г) Глутамин қышқылы.

115. Алмастырылмайтын аминқышқылын көрсетіңдер.

- A) Цистеин.
- Б) Серин.
- В) Аспарагин.
- Г) Лейцин.

116. Алмастырылмайтын аминқышқылын көрсетіңдер.

- A) Глутамин қышқылы.
- Б) Фенилаланин.
- В) Аспарагин қышқылы.
- Г) Глицин.

117. Алмастырылмайтын аминқышқылын көрсетіңдер.

- А) Триптофан.
- Б) Тирозин.
- В) Аспарагин.
- Г) Пролин.

118. Алмастырылмайтын аминқышқылын көрсетіндер.

- А) Цистеин.
- Б) Метионин.
- В) Глутамин.
- Г) Аланин.

119. Алмастырылмайтын аминқышқылын көрсетіндер.

- А) Аланин.
- Б) Серин.
- В) Лизин.
- Г) Цистеин.

120. Алмастырылмайтын аминқышқылын көрсетіндер.

- А) Треонин.
- Б) Цистеин.
- В) Глутамин.
- Г) Серин.

121. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Нәруыздың домені – нәруыздың үшіншілік құрылымының элементі, оның фолдинг нәруыздың қалған бөліктерінен тәуелсіз болады.
- Б) Нәруыздың домені – нәруыздың екіншілік құрылымының элементі, α -спиральдар және β -қатпарлы қабаттар түрінде болады.
- В) Нәруыздың домені – нәруыздың үшіншілік құрылымының элементі, мембрананың ішінде орналасқан.
- Г) Нәруыздың домені – нәруыздың төртіншілік құрылымының элементі, бір полипептидтік тізбектен құралған.

122. Нәруыздардың кеңістіктік құрылымы түзілгенде аминқышқылдарының қандай радикалдары иондық байланыстар түзе алады?

- А) Гли, Глу, Глн.
- Б) Асп, Глу, Лиз.
- В) Сер, Цис, Про.
- Г) Асп, Асн, Ала.

123. Нәруыздардың кеңістіктік құрылымында аминқышқылдарының қандай радикалдары гидрофобтық әрекеттесулерге қатыса алады?

- А) Гли, Ала, Иле.

- Б) Про, Трп, Арг.
- В) Ала, Вал, Про.
- Г) Лей, Иле, Гис.

124. Нәруыздың кеңістіктік құрылымындағы аминқышқылдары қалдықтарының қандай радикалдары гидрофобты әрекеттесулерге бейім?

- А) Оң да, теріс те зарядталған топтары бар радикалдар.
- Б) рН физиологиялық мәндерінде иондануға қабілетті радикалдар (толық заряды бар).
- В) Иондануға қабілетсіз полюсті радикалдар (бөлшек заряды бар).
- Г) Полюссіз радикалдар.

125. Келтірілген аминқышқылдары радикалдарының қайсылары псевдопептидтік байланыстар түзуге қатыса алады?

- А) Лиз, Арг, Цис.
- Б) Асн, Глн, Лиз.
- В) Глу, Глн, Асн.
- Г) Глу, Асп, Арг.

126. Келтірілген аминқышқылдары радикалдарының қайсылары псевдопептидтік байланыстар түзуге қатыса алады?

- А) Гидроксил тобы бар.
- Б) Амид тобы бар.
- В) Карбоксил тобы бар.
- Г) Ароматты аминқышқылдарының радикалдары бар.

127. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Пептидтік байланыстың аминқышқылдық қалдықтары радикалдары *цис*-жағдайда, сондықтан оның маңында айналу мүмкін емес.
- Б) Пептидтік байланыстың орташа ұзындығы жай σ -байланыстың ұзындығынан аз, бірақ қос байланыс ұзындығынан көбірек.
- В) Пептидтік топқа кіретін барлық атомдар бір жазықтықта орналасқан, бұл кезде *H* және *O* атомдары пептидтік байланыстың бір жағында.
- Г) Пептидтік байланыс бір-біріне өтетін кето-форма және енолды формадан тұрады, бұл оның маңында орналасқан *H* және *O* атомдарының айналуына мүмкіндік береді.

128. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Пептидтік байланыстың сипаты қос

байла-нысқа ұқсас, сондықтан оның маңында айналу мүмкін емес.

Б) Пептидтік байланыстың орташа ұзындығы көміртегі атомдарының арасындағы қос байланыстың ұзындығынан қысқа.

В) Пептидтік топқа кіретін барлық атомдар бір жазықтықта орналасқан, пептидтік байланыс маңындағы аминқышқылдық қалдықтар *цис*-жағдайда болады.

Г) Пептидтік байланыс бір-біріне өтетін кето- және енолдық формалардан тұрады, маңында орналасқан *O* және *H* атомдары айнала алады.

129. Жасушаның және біртұтас организмнің тыныс алуына қатысатын күрделі нәруыздарды атаңдар:

А) Хромопротеиндер.

Б) Липопротеиндер.

В) Нуклеопротеиндер.

Г) Фосфопротеиндер.

130. Организмде оттектің тасымалдануына қатысатын күрделі нәруыздар тобын көрсетіңдер:

А) Липопротеиндер.

Б) Нуклеопротеиндер.

В) Фосфопротеиндер.

Г) Хромопротеиндер.

131. Организмде тотығу-тотықсыздану реакцияларына қатысатын күрделі нәруыздарды атаңдар:

А) Липопротеиндер.

Б) Нуклеопротеиндер.

В) Хромопротеиндер.

Г) Фосфопротеиндер.

132. Организмнің жарық пен түстерді қабылдауда тіршілік үдерістеріне қатысатын күрделі нәруыздарды көрсетіңдер:

А) Хромопротеиндер.

Б) Липопротеиндер.

В) Нуклеопротеиндер.

Г) Фосфопротеиндер.

133. Олигомерлік нәруыз молекулаларындағы полипептидтік тізбек (суббірлік) мына құрылым болып табылады:

А) Домен.

Б) Протомер.

В) Олигомер.

Г) Димер.

134. Гемоглобин молекуласының құрамына кіретін полипептидтік тізбектер

санын көрсетіңдер:

А) Екі әр түрлі α - және екі β - полипептидтік тізбектер.

Б) Бір α - және екі β - полипептидтік тізбектер.

В) Екі бірдей α - және екі β - полипептидтік тізбектер.

Г) Екі бірдей α - және бір β - полипептидтік тізбектер.

135. Күрделі нәруыздың нәруыз емес компонентін атаңдар:

А) Протомер.

Б) Олигомер.

В) Лиганд.

Г) Простетикалық топ.

136. Каталазаның простетикалық тобы болып табылатын құрылымды көрсетіңдер:

А) Липидтер.

Б) Көмірсулар.

В) Нуклеин қышқылы.

Г) Гем.

137. Пероксидазаның простетикалық тобы болып табылатын құрылымды көрсетіңдер:

А) Липидтер.

Б) Көмірсулар.

В) Нуклеин қышқылы.

Г) Гем.

138. Барлық цитохромдардың простетикалық тобы болып табылатын құрылымды таңдап алыңдар:

А) Липидтер.

Б) Көмірсулар.

В) Нуклеин қышқылы.

Г) Гем.

139. Гемоглобин мен барлық оның туындыларының простетикалық тобы болып табылатын құрылымды көрсетіңдер:

А) Липид.

Б) Көмірсу.

В) Нуклеин қышқылы.

Г) Гем.

140. Гемоглобиндегі гем оттекті қосып алғанда темірдің валенттігі өзгеруі немесе өзгермеуі туралы тұжырымдама беріңдер:

А) Үш валентті болып өзгереді.

Б) Бір валентті болып өзгереді.

В) Өзгермейді, үш валентті болып қалады.

Г) Өзгермейді, екі валентті болып қалады.

141. Күшті тотықтырғыштармен уланғанда гемоглобиннің гем құрылымында болатын біршама өзгеріске әкелетін үдерісті атаңдар:

А) Құрамында үш валентті темірі бар мет-гемоглобинге тотығады.

Б) Құрамында үш валентті темірі бар мет-гемоглобинге тотықсызданады.

В) Құрамында екі валентті темірі бар мет-гемоглобинге тотықсызданады.

Г) Құрамында екі валентті темірі бар мет-гемоглобинге тотығады.

142. Метгемоглобиндегі темірдің тотығу дәрежесі, мұндай тотығу дәрежесінде темірдің оттекті тасымалдау қабілеті (қажеттісін қойыңдар):

А) +2, жойылады.

Б) +3, сақталады.

В) 0, сақталады.

Г) +3, жойылады.

143. Флавопротеиндер тотыққан күйден тотықсызданған күйге ауысу қабілетіне байланысты қандай бөлшектерді тасымалдауға қатысатынын көрсетіңдер:

А) АТФ.

Б) O_2 .

В) Электрондар.

Г) CO_2 .

144. Олигомер нәруыздардың құрамындағы жеке полипептидтік тізбектер мына құрылым болып табылады:

А) Простетикалық топ.

Б) Лиганд.

В) Домен.

Г) Протомер.

145. Нәруыздардың нативтік конформациясының түзілуі былайша аталады:

А) Эффлектор.

Б) β -қатпарлы құрылым.

В) Протомер.

Г) Фолдинг.

146. Нәруыздардың нативтік конформациясының өзгермей сақталуын қамтамасыз ететін арнайы нәруыздарды көрсетіңдер:

А) Эффлекторлар.

Б) Шаперондар.

В) Протомерлер.

Г) Олигомерлер.

147. Гомеостаздың бұзылыстары кез-

інде жасушаішілік нәруыздардың құрылымы мен қызметінің өзгермей сақталуын қамтамасыз ететін құрылымдарды атаңдар:

А) Домендер.

Б) Протомерлер.

В) Эффлекторлар.

Г) Шаперондар.

148. Жасушаларда басталып келе жатқан нәруыздардың денатурациясын тежейтін заттарды көрсетіңдер:

А) Шаперондар.

Б) Протомерлер.

В) Домендер.

Г) Олигомерлер.

149. Ұлпаларға беріктік беріп, тірек қызметін атқаратын нәруыздарды атаңдар:

А) Глобулярлық нәруыздар.

Б) Пептидтер.

В) Фибриллярлық нәруыздар.

Г) Протомерлер.

150. Нәруыздың үшіншілік құрылымын түзетін байланыс түрлерін атаңдар:

А) Пептидтік және дисульфидтік.

Б) Иондық, гидрофобтық әрекеттесу және дисульфидтік.

В) Гидрофобтық әрекеттесу, дисульфидтік және пептидтік.

Г) Сутектік, иондық, гидрофобтық әрекеттесу және дисульфидтік.

151. Нәруыз молекуласында полюссіз радикалды аминқышқылдар арасында жүруі мүмкін үдерістерді көрсетіңдер:

А) Сутектік байланыстардың түзілуі.

Б) Гидрофобтық әрекеттесулер.

В) Иондық байланыстың түзілуі.

Г) Пептидтік байланыстың түзілуі.

152. Нәруыз молекуласында дисульфидтік байланыстарды түзуге қатысатын аминқышқылын және оның функциялық тобын көрсетіңдер:

А) Цистеиннің тиол тобы.

Б) Цистеиннің тиол тобы және сериннің гидроксил тобы.

В) Сериннің гидроксил тобы және гидроксипролин.

Г) Тирозиннің гидроксил тобы және цистеиннің тиол тобы.

153. Нәруыз молекуласында полюсті зарядталмаған радикалды аминқышқылдар арасында түзілетін байланысты

атаңдар:

- А) Коваленттік.
- Б) Иондық.
- В) Гидрофобтық әрекеттесулер.
- Г) Су тектік.

154. Нәруыз молекуласында полюсті зарядталған радикалды аминқышқылдар арасында түзілетін байланысты атаңдар:

- А) Иондық.
- Б) Гидрофобтық әрекеттесулер.
- В) Пептидтік.
- Г) Су тектік.

155. Күрделі нәруыз диссоциациясының өнімдерін көрсетіндер:

- А) Протомерлер.
- Б) Аминқышқылдар.
- В) Бірнеше простетикалық топ.
- Г) Нәруыздық бөлігі мен простетикалық топ.

156. Күрделі нәруыздың жеке суббірлігі болып табылатын құрылымды атаңдар:

- А) Аминқышқылдар.
- Б) Димерлер.
- В) Протомерлер.
- Г) Олигомерлер.

157. Тұқым қуалау аппаратында нәруыздардың қандай құрылымы туралы ақпарат жазылғандығын көрсетіндер:

- А) Екіншілік құрылым.
- Б) Үшіншілік құрылым.
- В) Домендер.
- Г) Біріншілік құрылым.

158. Жарық фотондарын ұстап қабылдай алатын нәруызды көрсетіндер:

- А) Родопсин.
- Б) Миоглобин.
- В) Гемоглобин.
- Г) Карбоксигемоглобин.

159. Бұлшықет жасушаларындағы жиырылғыш нәруыздарды атаңдар:

- А) Актин және миозин.
- Б) Родопсин.
- В) Миоглобин.
- Г) Гемоглобин.

160. Нәруыз ерітіндісін қышқылдандырғанда анион топтарының иондану дәрежесі қалай өзгереді:

- А) Төмендейді.
- Б) Жоғарылайды.

В) Өзгермейді.

Г) Нөлге тең.

161. Нәруыз ерітіндісін сілтілендіргенде анион топтарының иондану дәрежесі қалай өзгереді:

- А) Төмендейді.
- Б) Жоғарылайды.
- В) Өзгермейді.
- Г) Нөлге тең.

162. Нәруыз ерітіндісін қышқылдандырғанда катион топтарының иондану дәрежесі қалай өзгереді:

- А) Төмендейді.
- Б) Жоғарылайды.
- В) Өзгермейді.
- Г) Нөлге тең.

163. Нәруыз ерітіндісін сілтілендіргенде катион топтарының иондану дәрежесі қалай өзгереді:

- А) Төмендейді.
- Б) Жоғарылайды.
- В) Өзгермейді.
- Г) Нөлге тең.

164. Құрамында лизин мен аргинин көп, хроматин құрамына кіретін гистондар жатқызылатын нәруыздар тобын атаңдар:

- А) Қышқыл нәруыздар.
- Б) Бейтарап нәруыздар.
- В) Теріс зарядты.
- Г) Негіздік нәруыздар.

165. Молекулаларының сыртқы беті негізінен гидрофобты радикалды аминқышқылдардан тұратын нәруыздардың ерігіштік қасиеті туралы тұжырым жасаңдар:

- А) Липидтерде ерімейді.
- Б) Гидраттанады.
- В) Ионданады.
- Г) Суда ерімейді.

166. Молекулаларының сыртқы беті негізінен гидрофилді радикалды аминқышқылдардан тұратын нәруыздардың ерігіштік қасиеті туралы тұжырым жасаңдар:

- А) Липидтерде ерімейді.
- Б) Сольваттанады.
- В) Ионданады.
- Г) Суда ериді.

167. Жасуша мембраналарында көбірек

кездесетін нәруыздар табиғатының тобын көрсетіндер:

- А) Гидрофилді.
- Б) Катионогенді.
- В) Гидрофобты.
- Г) Анионогенді.

168. Сарысу альбумині, трансферрин, трансмембраналық тасымалдау нәруыз

дары, гемоглобин және т.б. жатқызылатын топтың жалпы атауын көрсетіндер:

- А) Құрылымдық нәруыздар.
- Б) Ферменттер.
- В) Тасымалдаушы нәруыздар.
- Г) Реттегіш нәруыздар.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ХИМИЯ

Бөлім 2. Нуклеин қышқылдарының құрылысы

1. Келтірілген нуклеотидтердің қайсысы ДНҚ құрамына кіреді?

- А) дТДФ
- Б) дГМФ.
- В) дУМФ.
- Г) дАТф.

2. Келтірілген нуклеотидтердің қайсысы ДНҚ құрамына кіреді?

- А) дТДФ
- Б) дТМФ.
- В) дУМФ.
- Г) дТТФ.

3. Келтірілген нуклеотидтердің қайсысы ДНҚ құрамына кіреді?

- А) дУМФ
- Б) дТДФ.
- В) дАМФ.
- Г) дАТФ.

4. Келтірілген нуклеотидтердің қайсысы ДНҚ құрамына кіреді?

- А) дУМФ
- Б) дАДФ.
- В) дГМФ.
- Г) дУТФ.

5. Нуклеин қышқылдарының біріншілік құрылымы қандай байланыстардың көмегімен қалыптасады?

- А) Гликозидтік.
- Б) 3',5'-фосфодиэфирлік.
- В) Сутектік.
- Г) Гидрофобтық.

6. Нуклеозидте қандай байланыс бар?

- А) N-Гликозидтік байланыс.
- Б) O-гликозидтік байланыс.
- В) Пептидтік байланыс.
- Г) Күрделіэфирлік байланыс.

7. ДНҚ-дағы негіздердің жұбын нуклеотидтер қалай түзеді?

- А) Комплементарлы негіздердің арасында сутектік байланыстар арқылы.
- Б) Комплементарлы негіздердің арасында полюсті ковалентті байланыстар арқылы.
- В) Комплементарлы негіздердің арасында гидрофобты байланыстар арқылы.
- Г) Бір де бір нұсқа келмейді.

8. Қайсы қосылыстар нуклеин қышқылдарының мономерлері болып табылады?

- А) Нуклеозидтер.
- Б) Азотты негіздер.
- В) Нуклеотидтер.
- Г) Аминқышқылдары.

9. Нуклеопротеиндерге жататындарды таңдап алындар.

- А) Рибосомалар.
- Б) Пероксисомалар.
- В) Липосомалар.
- Г) Лизосомалар.

10. ДНҚ-дан нәруызды синтездейтін орынға генетикалық ақпараттың тасымалын қандай молекула атқарады?

- А) ДНҚ-полимераза.
- Б) мРНҚ.
- В) тРНҚ.
- Г) рРНҚ.

11. ДНҚ молекуласында сутектік байланыстар негіздердің қандай жұптарының арасында пайда болады?

- А) А–Г .
- Б) А–Т.
- В) Г–У.
- Г) Т–Ц.

12. ДНҚ молекуласында сутектік байланыстар негіздердің қандай жұптарының арасында пайда болады?

- А) А–Г.
- Б) Г–Ц.

- В) Г–У.
- Г) Т–У.

13. Нуклеин қышқылдарының қандай түрінде тимин болады?

- А) рРНҚ.
- Б) мРНҚ.
- В) ДНҚ.
- Г) тРНҚ.

14. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Антикодон тРНҚ молекуласында болады.
- Б) Антикодон мРНҚ молекуласында болады.
- В) Антикодон аминқышқылында болады.
- Г) Антикодон ДНҚ молекуласында болады.

15. Кодон дегеніміз не?

- А) мРНҚ құрамындағы үш мононуклеотидтердің реті.
- Б) мРНҚ құрамындағы мононуклеотид.
- В) тРНҚ құрамындағы үш мононуклеотидтердің реті.
- Г) Нәруыздағы аминқышқылдарының ретін кодтайтын ДНҚ-дағы үш мононуклеотид.

16. Нуклеозидті көрсетіндер.

- А) Аденин.
- Б) Аденозин.
- В) Аденозин-5'-монофосфат.
- Г) Аденозин-5'-трифосфат.

17. Нуклеозидті көрсетіндер.

- А) Уридин.
- Б) Урацил.
- В) Уридин-5'-монофосфат.
- Г) Уридин-5'-трифосфат.

18. Азотты негізді көрсетіндер.

- А) Уридин.
- Б) Урацил.
- В) Уридин-5'-монофосфат.
- Г) Уридин-5'-трифосфат.

19. Азотты негізді көрсетіндер.

- А) Аденин.
- Б) Аденозин.
- В) Аденозин-5'-монофосфат.
- Г) Аденозин-5'-трифосфат.

20. РНҚ құрамындағы көмірсу қалай аталады?

- А) δ -Глюкоза.
- Б) Дезоксирибоза.

- В) Фруктоза.
- Г) Рибоза.

21. Екі тізбекті ДНҚ үлгісіндегі азотты негіздің 40%-ын тимин (Т) құрайды. Негіздердің қанша пайызын аденин (А) құрайды?

- А) 20%.
- Б) 40%.
- В) 60%.
- Г) 80%.

22. Нуклеотидтің нуклеозидтен айырмашылығы неде?

- А) Азотты негіздері жоқ.
- Б) Рибоза қалдығы бар.
- В) Фосфор қышқылының қалдығы бар.
- Г) Молекулалық массасы төмен.

23. тРНҚ молекулаларына тән сипаттаманы көрсетіндер.

- А) Полиаденилатты реттілігі бар.
- Б) Көптеген минорлы нуклеотидтері бар.
- В) Кодоны бар.
- Г) Екі тізбекті.

24. Қай азотты негізде пурин сақинасы бар?

- А) Урацил.
- Б) Тимин.
- В) Цитозин.
- Г) Гуанин.

25. Қай азотты негізде пиримидин сақинасы бар?

- А) Аденин.
- Б) Тирозин.
- В) Цитозин.
- Г) Гистидин.

26. Пуринді азотты негіздерге не жатады?

- А) Тимин.
- Б) Аденин.
- В) Цитозин.
- Г) Урацил.

27. Пиримидинді азотты негіздерге не жатады?

- А) Аденин.
- Б) Инозин.
- В) Урацил.
- Г) Гуанин.

28. Тасымалдаушы РНҚ молекуласындағы қандай учаскені бөліп қарастырады?

- А) Кодон.

- Б) Антикодон.
- В) Праймер.
- Г) Промотор.

29. Ген дегеніміз не?

- А) Экзондар мен интрондардан тұратын ДНҚ кесіндісі.
- Б) Полипептидтердің біріншілік құрылымы туралы ақпарат сақталған ДНҚ кесіндісі.
- В) ДНҚ-дағы бір нәруыз туралы ақпаратқа сәйкес келетін ДНҚ кесіндісі.
- Г) Полисахаридтердің біріншілік құрылымы туралы ақпарат сақталған ДНҚ кесіндісі.

30. ДНҚ-ның біріншілік құрылымдық ұйымдасуына не жатады?

- А) Үшөлшемді спираль.
- Б) Екі бір-біріне комплементарлы антипараллель полинуклеотидтік тізбектер.
- В) Полинуклеотидтік тізбек.
- Г) Азотты негіздердің реті.

31. ДНҚ нуклеотидінің құрамына не кіреді?

- А) Дезоксирибоза және азотты негіз.
- Б) Рибоза және фосфор қышқылының қалдығы.
- В) Фосфор қышқылының қалдығы, азотты негіз және дезоксирибоза.
- Г) Азотты негіз, рибоза және фосфор қышқылының қалдығы.

32. РНҚ нуклеотидінің құрамына не кіреді?

- А) Дезоксирибоза және азотты негіз.
- Б) Рибоза және фосфор қышқылының қалдығы.
- В) Фосфор қышқылының қалдығы, азотты негіз және дезоксирибоза.
- Г) Азотты негіз, рибоза және фосфор қышқылының қалдығы.

33. Минорлы пиримидинді негіздерге не жатады?

- А) Цитидин.
- Б) Цитозин.
- В) Тимин.
- Г) Метилцитозин.

34. Минорлы пиримидинді нуклеозидтерге не жатады?

- А) Цитидин.
- Б) Инозин.
- В) Аденозин.
- Г) Гуанозин.

35. тРНҚ құрылымындағы минорлы негіздер нені қамтамасыз етеді?

- А) Нуклеотидтердің комплементарлы жұптарының синтезін.
- Б) Пептидтік байланыстардың түзілуін.
- В) Нуклеазалардың әсеріне тұрақтылығын.
- Г) Полинуклеотидтік учаскелердің спиральдануын.

36. Чаргафф ережелері бойынша А + Ц қосындысы неге тең?

- А) Г + А.
- Б) Г + Ц.
- В) Т + Г.
- Г) А + Т.

37. Чаргафф ережелері бойынша А + Г қосындысы неге тең?

- А) Г + Т.
- Б) Ц + А.
- В) Т + Ц.
- Г) Т + А.

38. ДНҚ жібінің гистонды нәруыздармен бірге қатталуы нені түзеді?

- А) Протеасоманы.
- Б) Рибосоманы.
- В) Нуклеосоманы.
- Г) Лизосоманы.

39. Гистондардың ДНҚ-мен әрекеттесуіне қай аминқышқылының қалдықтары қызмет жасайды?

- А) Арг.
- Б) Тре.
- В) Глн.
- Г) Цис.

40. Молекулалық массасы ең аз РНҚ-ны көрсетіндер.

- А) тРНҚ.
- Б) рРНҚ.
- В) мРНҚ.
- Г) гяРНҚ.

41. Хромосомалардың спиральденуінің нуклеосомалық деңгейін не қамтамасыз етеді?

- А) Гистонды нәруыздар.
- Б) Гистонды емес нәруыздар.
- В) Хромосомалар ілмектерінің пайда болуы.
- Г) Суперспиральдену.

42. Дұрыс тұжырымдаманы таңда алыңдар.

- А) Нуклеофиламенттер (нуклеосомалы

жіптер) үшін H1 гистонымен нуклеосомалық жіпті спиральдау және «бекіту» тән.
Б) Нуклеофиламенттер үшін октамердің айналасында ДНҚ жібінің түзілуі тән, супернуклеосомалық жіптің диаметрі шамамен 100 нм.
В) Нуклеофиламенттер үшін ДНҚ жібі 6-7 есе қысқарған кезде нуклеосомалық жіптің ілмектері және иілімдері тән.
Г) Спиральданған ДНҚ жібінің диаметрі нуклеофиламент түрінде қатталғанда шамамен 10 нм құрайды.

43. ДНҚ молекуласының кеңістікте нуклеофиламенттер (нуклеосомалық жіп) түрінде реттелуі немен түсіндіріледі?

- А) Хромосомалардың ілмектенуі.
- Б) Хромосомалардың конденсациялануы.
- В) Бейгистонды нәруыздармен және H1 гистонымен.
- Г) ДНҚ қос спиралінің қалыптасуымен.

44. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Нуклеофиламент (нуклеосомалық жіп) H2A және H2B гистондық нәруыздармен қосылған нуклеосомалардың ретінен қалыптасады.
- Б) Нуклеофиламент (нуклеосомалық жіп) H3 гистондық нәруыздармен қосылған нуклеосомалардың ретінен қалыптасады.
- В) Нуклеофиламент (нуклеосомалық жіп) H4 гистондық нәруыздармен қосылған нуклеосомалардың ретінен қалыптасады.
- Г) Нуклеофиламент (нуклеосомалық жіп) H1 гистондық нәруыздармен қосылған нуклеосомалардың ретінен қалыптасады.

45. Кеңістікте ДНҚ қатталуының қай нұсқасында гендердің экспрессиясы мүмкін емес?

- А) Гетерохроматин.
- Б) Нуклеосома.
- В) Нуклеофиламент.
- Г) Соленоид.

46. ДНҚ-ның нуклеосомалық құрылысы нені қамтамасыз етеді?

- А) Репликацияның тездеуін.
- Б) Транскрипцияның тездеуін.
- В) Трасляцияның тездеуін.
- Г) ДНҚ компактизациялануын.

47. ДНҚ денатурациясы кезінде қандай байланыстар үзіледі?

- А) Нуклеотидтердің арасындағы 3',5'-күрделі-эфирлік байланыстар.
- Б) Нуклеотидтердегі N-гликозидтік байланысөтар.
- В) ДНҚ тізбектерінің арасындағы сутектік байланыстар. .
- Г) Нуклеотидтердегі O-гликозидтік байланыстар.

48. ДНҚ денатурациясы кезінде оның құрылысында қандай өзгерістер байқалады?

- А) ДНҚ тізбектерінің ковалентті тігілуі.
- Б) ДНҚ тізбегіндегі нуклеотид реттілігі өзгеруі.
- В) ДНҚ қос спиралінің ашылуы.
- Г) ДНҚ тізбегінде нүктелік мутациялар.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ХИМИЯ

Бөлім 3. Көмірсулардың құрылысы

1. Сүтқоректілердің сүттеріндегі негізгі дисахаридті көрсетіндер.

- А) Сахароза.
- Б) Лактоза.
- В) Мальтоза.
- Г) Изомальтоза.

2. Қант құрағынан алынатын дисахаридті таңдап алыңдар.

- А) Сахароза.
- Б) Лактоза.
- В) Мальтоза.
- Г) Изомальтоза.

3. Өсімдіктердің резервтік полисахаридін таңдап алыңдар.

- А) Крахмал.
- Б) Целлюлоза.
- В) Гликоген.
- Г) ГАГ.

4. Өсімдіктердің құрылымдық полисахаридін көрсетіндер.

- А) Крахмал.
- Б) Целлюлоза.
- В) Гликоген.
- Г) ГАГ.

5. Жануарлардың резервтік полисахаридін көрсетіндер.

- А) Крахмал.
- Б) Целлюлоза.
- В) Гликоген.
- Г) ГАГ.

6. Изомальтозадағы қандай байланыстарды изомальтаза ыдыратады?

- А) α -(1-4) гликозидтік байланыстарды.
- Б) α -(1-6) гликозидтік байланыстарды.
- В) α -(1-2) гликозидтік байланыстарды.
- Г) β -(1-4) гликозидтік байланыстарды.

7. Мальтозадағы қандай байланыстарды мальтаза ыдыратады?

- А) α -(1-4) гликозидтік байланыстарды.
- Б) α -(1-6) гликозидтік байланыстарды.
- В) α -(1-2) гликозидтік байланыстарды.
- Г) β -(1-4) гликозидтік байланыстарды.

8. Сахарадағы қандай байланыстарды сахараза ыдыратады?

- А) α -(1-4) гликозидтік байланыстарды.
- Б) α -(1-6) гликозидтік байланыстарды.
- В) α 1- β 2 гликозидтік байланыстарды.
- Г) α -(1-4) гликозидтік байланыстарды.

9. Лактозадағы қандай байланыстарды лактоза ыдыратады?

- Г) Фосфолицеромутаза.

10. Анаэробты гликолиздің соңғы өнімін көрсетіндер.

- А) Пируват.
- Б) Лактат.
- В) Оксалоацетат.
- Г) Ацетил-SКоА.

11. 2-Фосфолицераттың фосфоенолпируватқа өтуін қайсы фермент катализдейді?

- А) Енолаза.
- Б) Пируваткиназа.
- В) Лактатдегидрогеназа.
- Г) Фосфолицеромутаза.

12. 3-фосфолицераттың 2-фосфолицератқа өтуін қайсы фермент катализдейді?

- А) Триозофосфатизомераза.
- Б) Глицеральдегидфосфатдегидрогеназа.
- В) Фосфолицераткиназа.
- Г) Фосфолицеромутаза.

13. Гликолиздің жылдамдығын лимиттейтін ферментті көрсетіндер.

- А) Енолаза.
- Б) Фосфофруктокиназа-1.
- В) Фосфолицераткиназа.
- Г) Триозофосфатизомераза.

14. Қайтымсыз гликолиз реакциясының ферментін көрсетіндер.

- А) Триозофосфатизомераза.
- Б) Альдолаза.
- В) Фосфофруктокиназа-1.
- Г) Лактатдегидрогеназа.

15. Тек қана бауыр мен ұйқыбезінде болатын ферментті көрсетіндер.

- А) Фосфоорилаза.
- Б) Гексокиназа.
- В) Пируваткарбоксилаза.
- Г) Глюкокиназа.

16. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алындар.

- А) Гексокиназа трансферазалар класына жатады.
- Б) Гексокиназа глюкозо-6-фосфаттың глюкозаға өту реакциясын катализдейді.
- В) Гексокиназа – НАД⁺-тәуелді фермент.
- Г) Гексокиназа бауыр жасушаларына тән.

17. НАДН(Н⁺) түзілуі кезінде қандай реакция орын алады?

- А) Глицеральдегид-3-фосфаттың 1,3-бисфосфоглицератқа айналуы.
- Б) Пируваттың оксалоацетатқа айналуы.
- В) Оксалоацетаттың фосфоенолпируватқа айналуы.
- Г) Глюкозо-6-фосфаттың фосфолуконолактонға айналуы.

18. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Бұлшықеттерде пируват бір сатыда фосфоенолпируватқа айнала алады.
- Б) Бұлшықеттерде пируват бір сатыда глицеральдегид-3-фосфатқа айнала алады.
- В) Бұлшықеттерде пируват бір сатыда глюкозаға айнала алады.
- Г) Бұлшықеттерде пируват бір сатыда лактатқа айнала алады.

19. Гликолиздің жылдамдығын лимиттейтін реакцияны көрсетіндер.

- А) Глюкозаның глюкозо-6-фосфатқа айналуы.
- Б) Пируваттың лактатқа айналуы.
- В) Фруктозо-6-фосфаттың фруктозо-1,6-бисфосфатқа айналуы.
- Г) Глицеральдегид-3-фосфаттың 1,3-бисфосфоглицератқа айналуы.

20. Гликолиздің НАД⁺-тәуелді ферментін таңдап алындар.

- А) Глицеральдегид-3-фосфатдегидрогеназа.
- Б) Енолаза.
- В) Малатдегидрогеназа.
- Г) Пируваткиназа.

21. Бұлшықет жасушаларында бір сатыда жүре алатын реакцияны таңдап алындар.

- А) Пируват → фосфоенолпируват.
- Б) Глюкозо-6-фосфат → глюкоза.
- В) Пируват → лактат.
- Г) Дикоксиацетонфосфат → 1,3-бисфосфоглицерат.

22. Мына реакция үшін дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар:

пируват + НАДН(Н⁺) ↔ лактат + НАД⁺.

- А) НАДН(Н⁺) тотықсызданады, ал лактат тотығады.
- Б) НАДН(Н⁺) тотықсызданады, ал пируват тотығады.
- В) Лактат тотықсызданады, ал пируват тотығады.
- Г) НАДН(Н⁺) тотығады, ал пируват тотықсызданады.

23. Пастер эффектінің биологиялық мәні қандай?

- А) Оттегінің қатысында анаэробты гликолизді басып тастау.
- Б) Субстраттық фосфорлауды белсендіру.
- В) Анаэротық гликолизді белсендіру.
- Г) Тотықтыра фосфорлауды басып тастау.

24. Гликолиздің қайтымсыз реакциясын көрсетіндер.

- А) Лактатдегидрогеназалық.
- Б) Альдолазалық.
- В) Гексокиназалық.
- Г) Енолазалық.

25. Анаэробты гликолиз дегеніміз не?

- А) Глюкозаның цитоплазмада лактатқа дейін тотығуы.
- Б) Глюкозаның протеасомаларда лактатқа дейін тотығуы.
- В) Глюкозаның митохондрияларда пируватқа дейін тотығуы.
- Г) Глюкозаның митохондрияларда лактатқа дейін тотығуы.

26. Пируватты лактатқа дейін тотықсыздандыратын гликолиздің ферментін көрсетіндер.

- А) Глицеральдегид-3-фосфатдегидрогеназа
- Б) Лактатдегидрогеназа.
- В) Гексокиназа.
- Г) Глюкокиназа.

27. Гликолиздің қайсы метаболиті субстраттық фосфорлауға қатысады?

- А) Фосфодиоксиацетон.
- Б) Пируват.
- В) 1,3-Бисфосфоглицерат.
- Г) Глюкозо-6-фосфат.

28. Гликолизде қайсы фермент субстраттық фосфорлау реакциясын катализдейді?

- А) Фосфофруктокиназа-1.
- Б) Гексокиназа.
- В) Протеинкиназа.
- Г) Пируваткиназа.

29. Анаэробтық гликолизде қайсы фермент оксидоредукуия реакциясына қатысады?

- А) Пируваткиназа.
- Б) Лактатдегидрогеназа.
- В) Пируватдегидрогеназа.
- Г) Пируваткарбоксилаза.

30. Гликолиздің қайсы реакциясы субстраттық фосфорлаумен жүреді?

- А) Глюкозаның глюкозо-6-фосфатқа айналуы.
- Б) Фруктозо-6-фосфаттың фруктозо-1,6-бисфосфатқа айналуы.
- В) Глицеральдегид-3-фосфаттың 1,3-дифосфоглицератқа айналуы.
- Г) Фосфоенолпируваттың пируватқа айналуы.

31. Фосфоглюкомутаза ферменттердің қайсы класына жатады?

- А) Лигазалар.
- Б) Оксидоредуктазалар.
- В) Изомеразалар.
- Г) Трансферазалар.

32. Қайсы жасушаларда анаэробты гликолиз негізгі энергия көзі болып табылады?

- А) Миокардиоциттерде.
- Б) Эритроциттерде.
- В) Гепатоциттерде.
- Г) Бүйрек қыртысының дасушаларында.

33. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алындар.

- А) Гликолиттік оксидоредукция реакциялары гликолизді жасушада оттегінің болуынан тәуелсіз қылады.
- Б) Гликолиттік оксидоредукция реакциялары гликолизді жасушада АТФ болуынан тәуелсіз қылады.
- В) Гликолиттік оксидоредукция реакциялары гликолизді жасушаға глюкозаны тасымалдаудан тәуелсіз қылады.
- Г) Гликолиттік оксидоредукция реакциялары гликолизді жасушада гликогеннің болуынан тәуелсіз қылады.

34. Глюкозаны гексо- немесе глюкокиназамен фосфорлау қандай әсерге соқтырады?

- А) Мембрана арқылы өту қабілетінің өсуіне
- Б) Глюкозаның метаболиттік белсендігінің төмендеуіне және оның жинақталуының оңайлауына.

В) Глюкозаның цитоплазматикалық мембраналар арқылы өтуінің төмендеуіне және осылайша глюкозаның жасушаның ішінде тоқтауына.

Г) Қанның плазмасында глюкоза концентрациясының өсуіне.

35. Қайсы фермент гликолиз барысында гексозаның триозаларға ыдырауын катализдейді?

- А) Гексокиназа.
- Б) Фосфогексоизомераза.
- В) Альдолаза.
- Г) Триозофосфатизомераза.

36. Қайсы субстрат анаэробты жағдайларда НАДН(H^+)-тан сутегінің акцепторы болады?

- А) Пируват.
- Б) Лактат.
- В) Глицеральдегид-3-фосфат.
- Г) Фосфоенолпируват.

37. Глюкозаның бір молекуласы сүт қышқылына дейін анаэробты ыдырауы кезінде неше молекула АТФ түзіледі?

- А) 2.
- Б) 3.
- В) 6
- Г) 9.

38. Гликолиздің қай реакциясы кезінде субстраттық фосфорлау орын алады?

- А) Фосфоенолпируваттың пируватқа өту реакциясы.
- Б) Пируваттың лактатқа дейін тотықсыздану реакциясы.
- В) Глицеральдегид-3-фосфаттың 1,3-бисфосфоглицератқа дейін тотығу реакциясы.
- Г) 2-фосфоглицераттың фосфоенолпируватқа өту реакциясы.

39. Гликолиздің қайсы реакциясы кезінде субстраттық фосфорлау орын алады?

- А) Глюкозаның глюкозо-6-фосфқа өтуі
- Б) Фруктозо-6-фосфаттың фруктозо-1,6-дифосфатқа өтуі.
- В) Глицеральдегид-3-фосфаттың 1,3-бисфосфоглицератқа өтуі.
- Г) 1,3-бисфосфоглицераттың 3-фосфоглицератқа өтуі.

40. Фруктозо-6-фосфатты фруктозо-1,6-бисфосфатқа фосфофруктокиназа-1 әсерімен өткізу үшін қандай қосылыс болуы керек?

- А) НАДФН(H^+).

- Б) ГТФ.
- В) НАД⁺.
- Г) АТФ.

41. Гликолиздің қайсы ферменті қажетті реакцияны катализдейдісі?

- А) Гексокиназа.
- Б) Альдолаза.
- В) Енолаза.
- Г) Лактатдегидрогеназа.

42. Гликолиздің қайсы аллостериялық ферментін АТФ жоғары концентрациялары басып тастайды?

- А) Глюкозо-6-фосфатизомераза.
- Б) Альдолаза.
- В) Фосфофруктокиназа-1.
- Г) Гексокиназа.

43. Келтірілген ферменттердің қайсысы барлық глюкозаның ыдырау жылдамдығын анықтайды?

- А) Глицеральдегид-3-фосфатдегидрогеназа I
- Б) Фосфофруктокиназа-1.
- В) Пируваткиназа.
- Г) Енолаза.

44. Глюкозаның бір молекуласы пируватқа дейін тотыққан кезде АТФ молекулаларының максимал шығымы қанша?

- А) 2,5 молекула АТФ.
- Б) 7 молекула АТФ.
- В) 2 молекула АТФ.
- Г) 12 молекула АТФ.

45. Субстраттық фосфорлаумен жүретін гликолиз реакциясын қайсы фермент катализ дейді?

- А) Гексокиназа.
- Б) Лактатдегидрогеназа.
- В) Фосфофруктокиназа-1.
- Г) Фосфолицираткиназа.

46. АТФ түзілуімен жүретін реакцияны қайсы фермент катализдейді?

- А) Гексокиназа.
- Б) Енолаза.
- В) Фосфофруктокиназа-1.
- Г) Пируваткиназа.

47. Анаэробты гликолиздегі лактатдегидрогеназаның негізгі биологиялық маңызы неде?

- А) НАДН(Н⁺)-ты тотықтырады.
- Б) ТҚЦ-ға субстраттарды жеткізеді.
- В) Қанның рН-ын реттейді.

Г) Тыныс алу тізбегінің жұмысын қамтамасыз етеді.

48. Қайсы ферменттің белсендігін фруктозо-2,6-бисфосфат реттейді?

- А) Фосфоглюкомутазаның.
- Б) Фосфоглюкоизомеразаның.
- В) Глюкозо-6-фосфатазаның.
- Г) Фосфофруктокиназаның-1.

49. Гексокиназаның аллостериялық ингибиторын көрсетіндер.

- А) Глюкозо-1-фосфат.
- Б) Глюкозо-6-фосфат.
- В) Фруктозо-6-фосфат.
- Г) Рибозо-5-фосфат.

50. Гликолиз барысында субстраттық фосфорлаудың бірінші реакциясын катализдейтін ферментті көрсетіндер.

- А) Фосфофруктокиназа-1.
- Б) Гексокиназа.
- В) Фосфолицираткиназа.
- Г) Пируваткиназа.

51. Гликолиз үдерісі кезінде гликолиттік оксидоредукция үшін қолданылатын коферментті көрсетіндер.

- А) НАД⁺.
- Б) ФАД.
- В) ФМН.
- Г) ТПФ.

52. Жетілген эритроциттерде митохондриялардың жоқ екендігі белгілі. Эритроциттердегі пируват қандай қосылысқа айналады?

- А) Ацетил-SКоА-ға.
- Б) Көмірқышқыл газы мен суға.
- В) Цитратқа.
- Г) Лактатқа.

53. Субстраттық фосфорлау реакциясын көрсетіндер.

- А) Фосфофруктокиназалық және альдолазалық.
- Б) Фосфолицираткиназалық және пируваткиназалық.
- В) Гексокиназалық және пируваткиназалық.
- Г) Гексокиназалық және лактатдегидрогеназалық.

54. Гликолиздің ферменті альдолаза қайсы класқа жатады?

- А) Оксидоредуктазалар.
- Б) Диазалар.

- В) Синтетазалар.
- Г) Трансферазалар.

55. Глюкозо-6-фосфаттан бір сатыда қандай қосылыс түзіле алады?

- А) Фруктозо-6-фосфат.
- Б) Лактат.
- В) Пируват.
- Г) Глицеральдегид-3-фосфат.

56. Фосфоглицераткиназаның қатысуымен жүретін реакцияда АТФ қалай түзіледі?

- А) Тотықтыра фосфорлау барысында.
- Б) Субстраттық фосфорлау барысында.
- В) Тотықтыра декарбоксилдеу барысында.
- Г) Фосфорлиз барысында.

57. Субстраттық фосфорлаумен жүретін реакцияны катализдейтін ферментті таңдап алыңдар.

- А) Гексокиназа
- Б) Цитратсинтаза.
- В) Фумараза.
- Г) Пируваткиназа.

58. Бұлшықеттерде болмайтын ферментті таңдап алыңдар.

- А) Гексокиназа.
- Б) Пируваткиназа.
- В) Фосфорилаза.
- Г) Глюкокиназа.

59. Пируват ауыр жаттығу кезінде бұлшықетте түзілетін қандай қосылысқа өтеді?

- А) Ацетатқа.
- Б) Лактатқа.
- В) Глюкозаға.
- Г) Ацетил-SКоА-ға.

60. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Гликолиз цитоплазмада жүреді.
- Б) Гликолиз митохондрияда жүреді.
- В) Гликолиз жартылай митохондрияда, жартылай цитоплазмада жүреді.
- Г) Гликолиз жасушааралық кеңістікте жүреді.

61. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Гликолиз ферменттері ЭПР-де болады.
- Б) Гликолиз ферменттері цитоплазмада болады.
- В) Гликолиз ферменттері митохондрияларда болады.

Г) Гликолиз ферменттері лизосомаларда болады.

62. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Жасушадағы анаэробты гликолиз протеасомаларда жүреді.
- Б) Жасушадағы анаэробты гликолиз митохондрияларда жүреді.
- В) Жасушадағы анаэробты гликолиз цитоплазмада жүреді.
- Г) Жасушадағы анаэробты гликолиз Гольджи аппаратында жүреді.

63. Тотықтыра фосфорлау болмаған кезде глюкозаның бір молекуласы пируватқа дейін тотыққанда АТФ молекулаларының максимал мүмкін шығымы қандай?

- А) 2 молекула АТФ.
- Б) 2,5 молекула АТФ.
- В) 7 молекула АТФ.
- Г) 12 молекула АТФ.

64. Қайсы үдеріс кезінде глюкозаның лактатқа дейін ыдырауы жүреді?

- А) Аэробты гликолиз.
- Б) Пируваттың тотықтыра декарбоксилденуі.
- В) Глюконеогенез.
- Г) Анаэробты гликолиз.

65. Қайсы үдеріс кезінде глюкозаның пируватқа дейін ыдырауы жүреді?

- А) Аэробты гликолиз.
- Б) Пируваттың тотықтыра декарбоксилденуі.
- В) Глюконеогенез.
- Г) Анаэробты гликолиз.

66. Гепатоциттерде негізінен ЛДГ-нің қандай изоферменттері болады?

- А) ЛДГ1 және ЛДГ2.
- Б) ЛДГ2 және ЛДГ3.
- В) ЛДГ3 және ЛДГ4.
- Г) ЛДГ4 және ЛДГ5.

67. Миокард жасушаларында негізінен ЛДГ-нің қандай изоферменттері болады?

- А) ЛДГ1 және ЛДГ2.
- Б) ЛДГ2 және ЛДГ3.
- В) ЛДГ3 және ЛДГ4.
- Г) ЛДГ4 және ЛДГ5.

68. Гликолизге қандай коферменттер қатысады?

- А) ФАД және ФАДН₂.

- Б) ТПФ және HSKoA.
- В) ТГБП және ДГБП.
- Г) НАД⁺ және НАДН(H⁺).

69. Адамның қайсы ағзасында анаэробты алмасу жағдайы орын алады?

- А) Бүйректе.
- Б) Көкбауырда.
- В) Ішектің дисталды бөлігінде.
- Г) Мида.

70. Глюкозаның ерітіндісіне АТФ қосқанда не түзіледі?

- А) Глюкозо-1-фосфат.
- Б) Глюкозо-6-фосфат.
- В) Фруктозо-6-фосфат.
- Г) Ештеңе түзілмейді.

71. Глюкозаның ерітіндісіне гексокиназаны қосқанда не түзіледі?

- А) Ештеңе түзілмейді.
- Б) Глюкозо-1-фосфат.
- В) Глюкозо-6-фосфат.
- Г) Фруктозо-6-фосфат.

72. Гликолиз барысында триозофосфаттар түзілгенде глюкозаның көміртегі атомдарының арасындағы байланыстар үзіледі. Глюкоза молекуласындағы бұл көміртегі атомдары қай орындарда орналасқан?

- А) 1 және 2.
- Б) 2 және 3.
- В) 3 және 4.
- Г) 4 және 5.

73. Майлы ұлпаларда фосфофруктокиназа-1 белсендігін цитратпен реттеу бұзылғанда не байқалады?

- А) Гипогликемия.
- Б) Гипергликемия.
- В) Бұлшықет әлсіздігі.
- Г) Семіру.

74. Гликолиздегі фосфорланған көмірсуларды көрсетіндер.

- А) Глицеральдегид-3-фосфат және диоксиацетафосфат.
- Б) 2-Фосфолицерат және 3-фосфолицерат.
- В) Фосфоенолпируват және пируват.
- Г) Глицеральдегид-3-фосфат және фосфоенолпируват.

75. Гликолиздің қайтымсыз реакцияларын қандай ферменттер катализдейді?

- А) Гексокиназа, фосфолицераткиназа,

енолаза.

Б) Альдолаза А, фосфолицераткиназа, пируваткиназа.

В) Гексокиназа, фосфофруктокиназа-1, пируваткиназа.

Г) Фосфофруктокиназа-1, енолаза, лактатдегидрогеназа.

76. Аэробты гликолиздің субстратын, осы метаболиттік жолдың өнімдерінің аталуын және мөлшерін көрсетіндер:

- А) Глюкоза, екі молекула пируват түзіп.
- Б) Фруктоза, екі молекула пируват түзіп.
- В) Сахароза, екі молекула пируват түзіп.
- Г) Глюкоза, үш молекула пируват түзіп.

77. Анаэробты гликолиз кезінде бір молекула глюкозаға есептегенде түзілетін өнімдердің аталуын және мөлшерін табыңдар:

- А) 2 молекула пируват.
- Б) 4 молекула пируват.
- В) 2 молекула лактат.
- Г) 1 молекула пируват.

78. Гликолиздің бірінші сатысының үдерістеріне тән дұрыс өрнекті таңдап алыңдар:

- А) Тотығу-тотықсыздану реакциясы болып табылады.
- Б) АТФ тұтыну арқылы жүреді.
- В) Пируваттың түзілуімен аяқталады.
- Г) АТФ түзілуімен жүреді.

79. Гликолиздің екінші сатысында орын алатын үдерісті таңдап алыңдар:

- А) НАДФ⁺ регенерациясы.
- Б) НАДН(H⁺) түзілуі.
- В) Фруктозо-1,6-бисфосфаттың түзілуі.
- Г) Глицеральдегид-3-фосфаттың түзілуі.

80. Субстратты фосфорлау реакциясының субстратын табыңдар:

- А) Глюкозо-6-фосфат.
- Б) Глюкозо-1-фосфат.
- В) Пируват.
- Г) Фосфоенолпируват.

81. Глицерофосфат ілмекті жүйесінің қатысуымен P/O коэффициентін есептеңдер:

- А) 1.
- Б) 8.
- В) 4.
- Г) 2.

82. Берілген реакцияда фермент бел-

сендігінің жеткіліксіздігі қан плазмасы рН-ының мәнін төмендетуге себеп болатын реакцияны анықтаңдар:

- А) Гликолиз.
- Б) АТФ дефосфорлануы.
- В) Лактаттан глюкозаны синтездеу.
- Г) ФАД-тәуелді дегидрогеназа.

83. Гликолиздің қайтымсыз реакцияларын анықтаңдар:

- А) 1 және 3.
- Б) 7 және 10.
- В) 1, 3 және 10.
- Г) 6, 7 және 10.

84. Глицерофосфаттық ілмектік жүйесі арқылы НАД⁺ регенерациялануы үшін үдерісті бөліп алыңдар:

- А) Н⁺-ті НАД⁺-тәуелді дегидрогеназаға беру.
- Б) Субстраттан Н⁺ бөліп алу.
- В) Субстратқа Н⁺ қосылуы.
- Г) Н⁺-ті ФАД-тәуелді дегидрогеназаға беру.

85. 2 молекула пируватқа есептегенде катаболизмнің жалпы жолындағы тотығуының энергетикалық эффектің есептеңдер:

- А) 38 моль АТФ.
- Б) 30 моль АТФ.
- В) 8 моль АТФ.
- Г) 15 моль АТФ.

86. Гликолиздің екінші сатысында орын алатын үдерісті таңдап алыңдар:

- А) НАД⁺ регенерациясы.
- Б) НАДФ⁺ түзілуі.
- В) Фруктозо-1,6-бисфосфаттың түзілуі.
- Г) Глицеральдегид-3-фосфаттың түзілуі.

87. Глюкозаның гликолиттік тотығуы ферменттерінің шоғырланған орнын көрсетіндер:

- А) Цитозоль.
- Б) Жасушалық мембранада.
- В) Митохондриялар.
- Г) Митохондриялардың матриксі.

88. Қайсы метаболиттік жолдың ферменттері белсендігінің жеткіліксіздігі қан плазмасы рН-ы мәнінің төмендеуінің себебі болатынын болжандар:

- А) Көмірсулардың қорытылуы.
- Б) Цитрат циклінің.
- В) Көмірсулардың сіңірілуі.
- Г) АТФ дефосфорлануы.

89. 3-фосфоглицераттың 1,3-бисфосфоглицераттан түзілу реакциясында АТФ синтезделу жолын атаңдар:

- А) Тотықтыра фосфорлау.
- Б) Субстратты фосфорлау.
- В) АТФ дефосфорлануы.
- Г) АДФ-тің АМФ және Ф_н-ға ыдырауы.

90. Пируваттың фосфоенолпируваттан түзілу реакциясында АТФ синтезделу жолын атаңдар:

- А) Тотықтыра фосфорлау.
- Б) Субстратты және тотықтыра фосфорлау.
- В) АТФ дефосфорлануы.
- Г) Субстратты фосфорлау.

91. Анаэробты гликолиз кезінде АТФ түзілуінің жалғыз ғана жолын көрсетіндер:

- А) Тотықтыра фосфорлау.
- Б) Субстратты және тотықтыра фосфорлау.
- В) Субстратты фосфорлау.
- Г) АТФ дефосфорлануы.

92. Субстратының тотығу энергиясы ми жасушалары үшін энергия көзі болып табылатын үдерісті атаңдар:

- А) Глюкозаның аэробты тотығуы.
- Б) Глюкозаның анаэробты тотығуы.
- В) Майлы қышқылдардың тотығуы.
- Г) Нәруыздардың тотығуы.

93. Эритроциттердегі АТФ синтезінің жолын таңдап алыңдар:

- А) Тотықтыра фосфорлау.
- Б) Оттектің қатысуымен.
- В) Гликолиздің тек қана аэробты жолымен.
- Г) Гликолиздің тек қана анаэробты жолымен.

94. Глюкозаның пируватқа дейін аэробты тотығуының қосынды эсерін есептеңдер:

- А) 12 АТФ.
- Б) 2 АТФ.
- В) 8 АТФ.
- Г) 10 АТФ.

95. Пируваттың тотыға декарбоксилденуі кезінде синтезделетін АТФ мөлшерін есептеңдер:

- А) 38 АТФ.
- Б) 3 АТФ.
- В) 8 АТФ.
- Г) 12 АТФ.

96. Катаболизмнің жалпы жолында (КЖЖ) бір молекулаға есептегендегі пи-

руват тотығыуның энергетикалық эффекті:

- А) 38 моль АТФ.
- Б) 3 моль АТФ.
- В) 8 моль АТФ.
- Г) 15 моль АТФ.

97. Малат-аспартатты ілмекті жүйе арқылы НАД⁺ регенерациялануы үшін үдерісті тандап алыңдар:

- А) Н⁺ НАД⁺ -тәуелді дегидрогеназаға беріледі.
- Б) Н⁺ субстраттан беріледі.
- В) Н⁺ субстратқа қосылады.
- Г) Н⁺ НАДН(Н⁺)-тан беріледі.

98. Органдарды оттегімен шектеулі жабдықтау кезінде орын алатын үдерісті тандап алыңдар:

- А) НАДН⁺ регенерациясы.
- Б) Анаэробты гликолиз.
- В) Пируваттың түзілуі.
- Г) Аэробты гликолиз.

99. Бір моль глюкозаға шағып есептегендегі анаэробты гликолиз кезінде түзілетін АТФ мөлшерін есептеңдер:

- А) 3 моль.
- Б) 2 моль.
- В) 8 моль.
- Г) 12 моль.

100. Қан плазмасы рН мәні төмендеуінің бір себебі болып мына ферменттер белсендігінің желкіліксіздігі болып табылады:

- А) Пируватдегидрогеназалық кешеннің.
- Б) Гликолиз ферменттерінің.
- В) ФАД-тәуелді дегидрогеназаның.
- Г) Майлы қышқылдар бета-тотығыуының.

101. Аэробты гликолиз кезінде АТФ түзілу жолдарын атаңдар:

- А) Тотықтыра фосфорлау.
- Б) Субстратты және тотықтырафосфорлау.
- В) Субстратты фосфорлау.
- Г) Микросомальдытотығыу.

102. Малат-аспартат ілмекті жүйесінің қатысуымен Р/О коэффициентін есептеңдер:

- А) 1.
- Б) 8.
- В) 4.
- Г) 3.

103. Ұлпаларды оттегімен жабдықтау бұ-

зылғанда байқалатын бірқатар патологиялық жағдайларды болжаңдар:

- А) Кетоацидоз.
- Б) Лактоацидоз.
- В) Тотықтыра фосфорлаудың белсенуі.
- Г) Алкалоз.

104. Гликолиздің ыдырау жылдамдығын реттеу мына қатынаспен анықталады:

- А) АТФ/АДФ.
- Б) Лактаттың концентрациясымен.
- В) АТФ жоғарылауымен күшейеді.
- Г) Р/О.

105. Фосфофруктокиназаның белсендіргі-шін тандап алыңдар:

- А) АТФ.
- Б) Субстратты және тотықтыра фосфорлау.
- В) Субстратты фосфорлау.
- Г) АМФ.

106. Белсендігі гликолиздің жылдамдығын реттейтін қосылысты тандап алыңдар:

- А) Фосфофруктокиназа.
- Б) ЛДГ ферменттері.
- В) ФАД-тәуелді дегидрогеназа.
- Г) Субстратты фосфорлау.

107. Фосфофруктокиназаның ингибиторын көрсетіңдер:

- А) АТФ.
- Б) ЛДГ ферменттері.
- В) ФАД-тәуелді дегидрогеназа.
- Г) Субстратты фосфорлау.

108. Көптеген ұлпаларда гексокиназаның ингибиторы болып табылатын қосылысты атаңдар:

- А) АМФ.
- Б) ЛДГ ферменттері.
- В) Глюкозо-1-фосфат.
- Г) Глюкозо-6-фосфат.

109. Белсенді бұлшықет жұмысының алғашқы минуттарында орын алатын глюкоза тотығыу жолын көрсетіңдер:

- А) Аэробты.
- Б) Анаэробты.
- В) Пируваттың түзілуі.
- Г) Глицеральдегид-3-фосфаттың түзілуі.

110. Ұзақ физикалық белсендік кезінде бұлшықеттерде АТФ синтезі жүретін үдерісті тандап алыңдар:

- А) Анаэробты гликолиз.

- Б) Лактаттың синтезі.
- В) Глицеральдегид-3-фосфаттың тотығуы.
- Г) Аэробты гликолиз.

111. Жасушада жинақталуы гликолиздің жылдамдығын арттыратын өнімді табындар:

- А) Лактат.
- Б) АТФ.
- В) АДФ.
- Г) НАДФ⁺.

112. Жасушаның энергетикалық мәртебесін сипаттайтын қатынасты көрсетіндер:

- А) АТФ-тің АДФ және АМФ-ке.
- Б) Лактаттың пируватқа.
- В) НАДФ⁺ -тің НАДН⁺-ке.
- Г) АДФ-тің АМФ-ке.

113. Гликолиз кезінде субстратты фосфорлау реакциясы үшін субстратты табындар:

- А) Глюкозо-6-фосфат.
- Б) Глюкозо-1-фосфат.
- В) Пируват.
- Г) 1,3-Бисфосфоглицерат.

114. Жасушада АТФ тұтынуының көрсеткіші болатын жағдайды таңдап алындар:

- А) АТФ жинақталуы.
- Б) АДФ және АМФ жинақталуы.
- В) АДФ жұмсалуды.
- Г) АДФ және АМФ жұмсалуды.

115. Аэробты гликолиздің екінші сатысы реакцияларының өнімдері – макроэргиялық қосылыстарды көрсетіндер:

- А) АМФ және АДФ.
- Б) АДФ және глюкозо-6-фосфат.
- В) АМФ және АТФ.
- Г) АТФ және фосфоенолпируват.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ХИМИЯ

Бөлім 11. Катаболизмнің жалпы жолдары: трикарбонқышқылдарының циклі және пируватдегидрогеназалық кешен

1. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Пируватты тотықтыра декарбоксилдеу цитоплазмада жүреді.
- Б) Пируватты тотықтыра декарбоксилдеу митохондрияда жүреді.
- В) Пируватты тотықтыра декарбоксилдеу жартылай митохондрияда, жартылай цитоплазма-да жүреді.
- Г) Пируватты тотықтыра декарбоксилдеу жасушааралық кеңістікте жүреді.

2. Пируваттың ацетил-SKоА-ға өтуін қайсы фермент катализдейді?

- А) Пируваткиназа.
- Б) Пируватдегидрогеназалық кешен.
- В) Пируваткарбоксилаза.
- Г) Цитратсинтаза.

3. Аэробты жағдайларда пируватдегидрогеназалық кешеннің әсерінен пируват қандай қосылысқа айналады?

- А) Фосфоенолпируватқа.
- Б) Ацетил-SKоА-ға.
- В) Лактатқа.
- Г) Глицеральдегид-3-фосфатқа.

4. Пируватты тотықтыра декарбоксил-

деу барысында қандай соңғы өнім синтезделеді?

- А) Цитрат.
- Б) Кетоглутарат.
- В) Пропионат.
- Г) Ацетил-SKоА.

5. Пируватдегидрогеназалық кешен қайсы реакцияны катализдейді?

- А) Пируваттың ацетил-SKоА-ға айналуы.
- Б) Пируваттың оксалоацетатқа айналуы.
- В) Пируваттың лактатқа айналуы.
- Г) Пируваттың глюкозаға айналуы.

6. Пируватдегидрогеназалық кешеннің жұмысына қатысатын коферменттердің толық жиынтығын көрсетіндер.

- А) ФМН, HSKоА, ТПФ.
- Б) ТПФ, липой қышқылы, HSKоА, ФАД, НАД⁺.
- В) ТПФ, липой қышқылы, ФМН.
- Г) ТПФ, липой қышқылы, НАДФ⁺.

7. Пируватдегидрогеназалық кешеннің бірінші коферментінің ізашар-дәруменін таңдап алындар.

- А) Тиамин.
- Б) Пиридоксин.
- В) Ретинол.

Г) Токоферол.

8. Пируватдегидрогеназалық кешен коферментінің ізашар-дәруменін таңдап алындар.

- А) Никотин қышқылы.
- Б) Аскорбин қышқылы.
- В) Фолий қышқылы.
- Г) Менахинон.

9. Пируватдегидрогеназалық кешен коферментінің ізашар-дәруменін таңдап алындар.

- А) Рибофлавин.
- Б) Пиридоксин.
- В) Кобаламин.
- Г) Фолий қышқылы.

10. Пируватдегидрогеназалық кешеннің коферментін таңдап алындар.

- А) Липой қышқылы.
- Б) Аскорбин қышқылы.
- В) Холекальциферол.
- Г) Фолий қышқылы.

11. Пируватдегидрогеназалық кешен коферментінің ізашар-дәруменін таңдап алындар.

- А) Пантотен қышқылы.
- Б) Аскорбин қышқылы.
- В) Холекальциферол.
- Г) Фолий қышқылы.

12. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Пируватдегидрогеназалық кешенді НАДН(H^+) белсендіреді.
- Б) Пируватдегидрогеназалық кешенді НАДН(H^+) ингибирлейді.
- В) Пируватдегидрогеназалық кешенді АТФ белсендіреді.
- Г) Пируватдегидрогеназалық кешенді НАД $^+$ ингибирлейді.

13. Қайсы дәруменнің тапшылығы кезінде қандағы пирожүзім қышқылының мөлшері өседі?

- А) Ретинолдың.
- Б) Аскорбин қышқылының.
- В) Холекальциферолдың.
- Г) Тиаминнің.

14. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Пируваткарбоксилазаны ацетил-SКоА белсендіреді.
- Б) Пируваткарбоксилазаны ацетил-SкоА

ингибирлейді.

В) Пируваткарбоксилазаны АДФ белсендіреді.

Г) Пируваткарбоксилазаны цитрат ингибирлейді.

15. Липой қышқылы дигидролипоил-ацетилтрансфераза (пируватдегидрогеназалық кешеннің құрамындағы E2 ферменті) молекуласындағы лизиннің аминқышқылдық қалдығымен байланыса алады. Қандай функциялық топтың болуы липой қышқылының лизинмен байланысуына мүмкіндік береді?

- А) Гидроксил тобының.
- Б) Аминтобының.
- В) Тиол тобының.
- Г) Карбоксил тобының.

16. Пируваттың тотыға декарбоксилденуінің белсендіргішін көрсетіндер.

- А) АДФ.
- Б) АТФ.
- В) Глюкоза.
- Г) НАДН(H^+).

17. Пируватдегидрогеназалық кешеннің аллостериялық ингибиторын көрсетіндер.

- А) Ацетил-S КоА.
- Б) НАД $^+$.
- В) Цитрат.
- Г) АМФ.

18. Пируватдегидрогеназалық кешеннің ингибиторын көрсетіндер.

- А) Инсулин.
- Б) Ацетил-S КоА.
- В) АДФ.
- Г) СТГ.

19. Пируватдегидрогеназалық кешеннің ингибиторын көрсетіндер.

- А) Инсулин.
- Б) СТГ.
- В) АДФ.
- Г) НАДН(H^+).

20. Қандай қосылыстар пируваттың тотыға декарбоксилденуінің өнімі болып табылады?

- А) ФАДН $_2$, су, көмірқышқыл газы.
- Б) Сукцинил-SКоА, НАДН(H^+), көмірқышқыл газы,
- В) Ацетил-SКоА, көмірқышқыл газы, НАДН(H^+).
- Г) Малонил-SКоА, НАДН(H^+), су.

21. Пируваттың тотыға декарбоксилденуінің коферментін таңдап алыңдар.

- А) ФАД.
- Б) НАДФ⁺.
- В) Пиридоксальфосфат.
- Г) ТГФК.

22. Пируваттың тотыға декарбоксилденуінің коферментін таңдап алыңдар.

- А) HSKoA.
- Б) НАДФ⁺.
- В) Пиридоксальфосфат.
- Г) ТГФК.

23. Пируваттың тотыға декарбоксилденуінің коферментін таңдап алыңдар.

- А) ТПФ.
- Б) НАДФ⁺.
- В) Пиридоксальфосфат.
- Г) ТГФК.

24. Пируваттың тотыға декарбоксилденуінің коферментін таңдап алыңдар.

- А) НАД⁺.
- Б) НАДФ⁺.
- В) Пиридоксальфосфат.
- Г) ТГФК.

25. Пируваттан бір сатыда қандай қосылыс түзіле алады?

- А) Лактат.
- Б) Цитрат.
- В) Изоцитрат.
- Г) Сукцинил-SKoA.

26. Пируваттан бі сатыда қандай қосылыс түзіле алады?

- А) Цитрат.
- Б) Ацетил-SKoA.
- В) Глицерол.
- Г) Сукцинил-SKoA.

27. Пируваттан бір сатыда қандай қосылыс түзіле алады?

- А) Цитрат.
- Б) Оксалоацетат.
- В) Глицерол.
- Г) Изоцитрат.

28. Пируваттың тотыға декарбоксилденуі кезінде неше молекула АТФ синтезделе алады, егер бұл реакция тотыға фосфорлау реакциясымен қосарланып жүретін болса?

- А) 12 молекула АТФ.
- Б) 2,5 молекула АТФ.
- В) 6 молекула АТФ.

Г) 9 молекула АТФ.

29. Бір молекула пируват тотыға декарбоксилденген кезде неше молекула АТФ түзіле алады?

- А) 1,5.
- Б) 2.
- В) 2,5.
- Г) 3.

30. Екі молекула пируват толық CO₂ және H₂O түзіп тотыққанда неше молекула АТФ максимал түзіле алады?

- А) 24.
- Б) 25.
- В) 38.
- Г) 72.

31. Бір молекула ацетил-SKoA толық CO₂ және H₂O түзіп тотыққанда неше молекула АТФ максимал түзіле алады?

- А) 24.
- Б) 10.
- В) 38.
- Г) 15.

32. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) ТҚЦ реакциялары цитоплазмада жүреді.
- Б) ТҚЦ реакциялары митохондрияда жүреді.
- В) ТҚЦ реакциялары жартылай цитоплазмада, жартылай митохондрияда жүреді.
- Г) ТҚЦ реакциялары жасушааралық кеңістікте жүреді.

33. Оксалоацетаттың цитратқа айналуын қайсы фермент катализдейді?

- А) Цитратсинтаза.
- Б) Изоцитратдегидрогеназа.
- В) α -Кетоглутаратдегидрогеназалық кешен.
- Г) Пируватдегидрогеназа.

34. Цитраттың изоцитратқа айналуын қайсы фермент катализдейді?

- А) Цитратсинтаза.
- Б) Аконитаза.
- В) Изоцитратдегидрогеназа.
- Г) Пируватдегидрогеназа.

35. Изоцитраттың α -кетоглутаратқа айналуын қайсы фермент катализдейді?

- А) Аконитаза.
- Б) Изоцитратдегидрогеназа.
- В) α -Кетоглутаратдегидрогеназалық кешен.
- Г) Пируватдегидрогеназа.

36. α -Кетоглутараттың сукцинил-SKoA-

ға айналуын қайсы фермент катализдейді?

- А) Цитратсинтаза.
- Б) Аконитаза.
- В) α -Кетоглутаратдегидрогеназалық кешен
- Г) Пируватдегидрогеназа.

37. Сукцинил-SКоА-ның сукцинатқа айналуын қайсы фермент катализдейді?

- А) Сукцинаттиокиназа.
- Б) Изоцитратдегидрогеназа.
- В) Сукцинил-ЭКоА-синтетаза.
- Г) Малатдегидрогеназа.

38. Сукцинаттың фумаратқа айналуын қайсы фермент катализдейді?

- А) Сукцинаттиокиназа.
- Б) Изоцитратдегидрогеназа.
- В) Сукцинатдегидрогеназа.
- Г) Малатдегидрогеназа.

39. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Сукцинатдегидрогеназа оксалоацетат түзілу реакциясын катализдейді.
- Б) Сукцинатдегидрогеназа НАД⁺ коферментін пайдаланады.
- В) Сукцинатдегидрогеназа глюкозаның пентозофосфаттық жолмен тотығуына қатысады.
- Г) Сукцинатдегидрогеназа ФАД коферментін пайдаланады.

40. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Сукцинатдегидрогеназа сукцинил-SКоА түзілу реакциясын катализдейді.
- Б) Сукцинатдегидрогеназа НАД⁺ коферментін пайдаланады.
- В) Сукцинатдегидрогеназа фумарат түзілу реакциясын катализдейді.
- Г) Сукцинатдегидрогеназа малат түзілу реакциясын катализдейді.

41. Фумараттың малатқа айналуын қайсы фермент катализдейді?

- А) Сукцинаттиокиназа.
- Б) Изоцитратдегидрогеназа.
- В) Фумараза.
- Г) Малатдегидрогеназа.

42. Малаттың оксалоацетатқа айналуын қайсы фермент катализдейді?

- А) Фумараза.
- Б) Изоцитратдегидрогеназа.
- В) Сукцинатдегидрогеназа.
- Г) Малатдегидрогеназа.

43. Е-ФАДН₂ түзіле жүретін ТКЦ реакциясын қайсы фермент катализдейді?

- А) Цитратсинтаза.
- Б) Малатдегидрогеназа.
- В) Сукцинатдегидрогеназа.
- Г) Фумараза.

44. ФАД-тәуелді ферментті таңдап алындар.

- А) 6-Фосфоглюконатдегидрогеназа.
- Б) Лактатдегидрогеназа.
- В) Сукцинатдегидрогеназа.
- Г) Малатдегидрогеназа.

45. НАД⁺-тәуелді ферментті таңдап алындар.

- А) 6-Фосфоглюконатдегидрогеназа.
- Б) Глюкозо-6-фосфатдегидрогеназа.
- В) Сукцинатдегидрогеназа.
- Г) Малатдегидрогеназа.

46. α -Кетоглутаратдегидрогеназалық кешен катализдейтін ТКЦ реакциясының барысында қандай қосылыс түзіледі?

- А) НАДН(Н⁺) түзіледі.
- Б) ФАДН₂ түзіледі.
- В) АТФ түзіледі.
- Г) НАД⁺ түзіледі.

47. Сукцинатдегидрогеназа катализдейтін ТКЦ реакциясының барысында қандай қосылыс түзіледі?

- А) НАДН(Н⁺) түзіледі.
- Б) ФАДН₂ түзіледі.
- В) АТФ түзіледі.
- Г) ФМН түзіледі.

48. Катаболизмнің жалпы жолдарының реакциялары қай кезде тездейді?

- А) Жасушада кальций иондарының мөлшері төмендегенде.
- Б) Жасушада АТФ мөлшері төмендегенде.
- В) НАДН(Н⁺)/НАД⁺ қатынасы төмендегенде.
- Г) Жасушада пируваттың мөлшері төмендегенде.

49. Қандай қосылыс ТКЦ метаболиті болып табылады?

- А) Глюкоза.
- Б) Ацетил-SКоА.
- В) Лактат.
- Г) Пируват.

50. Субстраттық фосфорлау реакциясын ТКЦ-да қандай фермент катализдейді?

- А) Изоцитратдегидрогеназа.
- Б) Цитратсинтаза.
- В) Сукцинил-SКоА-синтетаза.
- Г) Сукцинатдегидрогеназа.

51. ТҚЦ-ның бір «айналымында» неше молекула ФАДН₂ түзіледі?

- А) 1 молекула.
- Б) 2 молекула.
- В) 3 молекула.
- Г) 4 молекула.

52. ТҚЦ-ның бір «айналымында» неше молекула СО₂ түзіледі?

- А) 1 молекула.
- Б) 2 молекула.
- В) 3 молекула.
- Г) 4 молекула.

53. ТҚЦ-ның бір «айналымында» неше молекула ГТФ түзіледі?

- А) 1 молекула.
- Б) 2 молекула.
- В) 3 молекула.
- Г) 4 молекула.

54. ТҚЦ-ның бір «айналымында» неше молекула НАДН(Н⁺) түзіледі?

- А) 1 молекула.
- Б) 2 молекула.
- В) 3 молекула.
- Г) 4 молекула.

55. ТҚЦ-ның бір «айналымында» неше молекула HSKoA босап шығады?

- А) 1 молекула.
- Б) 2 молекула.
- В) 3 молекула.
- Г) 4 молекула.

56. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) 1 молекула ГТФ 1 молекула АТФ-тің энергетикалық эквиваленті болып талады.
- Б) 1 молекула ГТФ 2 молекула АТФ-тің энергетикалық эквиваленті болып талады.
- В) 1 молекула ГТФ 3 молекула АТФ-тің энергетикалық эквиваленті болып талады.
- Г) 1 молекула ГТФ 4 молекула АТФ-тің энергетикалық эквиваленті болып талады.

57. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) ТҚЦ-нің бір «айналымында» 3 НАДН(Н⁺), 1 ФАДН₂, 1 ГТФ түзіледі.
- Б) ТҚЦ-нің бір «айналымында» 3 АТФ, 3 НАДН(Н⁺) түзіледі.

- В) ТҚЦ-нің бір «айналымында» 3 НАД⁺, 1 ФАД, 1 АТФ түзіледі.
- Г) ТҚЦ-нің бір «айналымында» 12 АТФ, НАДН(Н⁺) түзіледі.

58. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) ТҚЦ энергетикалық маңызы бар, себебі Н₂О түзілуіне соқтырады.
- Б) ТҚЦ энергетикалық маңызы бар, себебі СО₂ түзілуіне соқтырады.
- В) ТҚЦ энергетикалық маңызы бар, себебі ЭТТ үшін тотықсыздандырғыш эквиваленттердің түзілуіне соқтырады.
- Г) ТҚЦ энергетикалық маңызы бар, себебі жаңа заттарды синтездеу үшін метаболиттердің түзілуіне соқтырады.

59. Митохондриялардың НАД-тәуелді дегидрогеназалары қайда шоғырланған?

- А) Митохондрияның матриксінде.
- Б) Митохондрияның ішкі мембранасында.
- В) Мембранааралық кеңістікте.
- Г) Митохондрияның сыртқы мембранасында.

60. Малатдегидрогеназа коферментін көрсетіндер.

- А) ФМН.
- Б) НАДФН(Н⁺).
- В) ТПФ.
- Г) НАД⁺.

61. Сукцинатдегидрогеназаның коферментін көрсетіндер.

- А) ФАД.
- Б) ФМН.
- В) НАДФН(Н⁺).
- Г) ТПФ.

62. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Цитратсинтазаны инсулин белсендіреді.
- Б) Цитратсинтазаны инсулин ингибирлейді.
- В) Цитратсинтазаны ацетил-SКоА ингибирлейді.
- Г) Цитратсинтазаны цитрат белсендіреді.

63. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Цитратсинтазаны цитрат белсендіреді.
- Б) Цитратсинтазаны цитрат ингибирлейді.
- В) Цитратсинтазаны АТФ белсендіреді.
- Г) Цитратсинтазаны инсулин ингибирлейді.

64. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап

алындар.

- А) Цитратсинтазаны АТФ белсендіреді.
- Б) Цитратсинтазаны АТФ ингибирлейді.
- В) Цитратсинтазаны инсулин ингибирлейді.
- Г) Цитратсинтазаны цитрат белсендіреді.

65. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алындар.

- А) Цитратсинтазаны НАДН(H^+) белсендіреді.
- Б) Цитратсинтазаны НАДН(H^+) ингибирлейді.
- В) Цитратсинтазаны цитрат белсендіреді.
- Г) Цитратсинтазаны инсулин ингибирлейді.

66. ТҚЦ аллостериялық ферментін тандап алындар.

- А) Акониатаза.
- Б) Фумараза.
- В) Сукцинатдегидрогеназа.
- Г) Изоцитратдегидрогеназа.

67. Изоцитратдегидрогеназаның ингибиторын тандап алындар.

- А) АТФ.
- Б) Цитрат.
- В) Оксалоацетат.
- Г) Ацетил-SКоА.

68. АТФ эсерінен ТҚЦ қайсы ферментінің белсендігі төмендейді?

- А) Малатдегидрогеназаның.
- Б) Акониатазаның.
- В) Изоцитратдегидрогеназаның.
- Г) Сукцинатдегидрогеназаның.

69. ТҚЦ жылдамдығын лимиттейтін реакцияны қайсы фермент катализдейді?

- А) Малатдегидрогеназа.
- Б) Фумараза.
- В) Изоцитратдегидрогеназа.
- Г) Акониатаза.

70. ТҚЦ-да ФАДН₂ түзіле жүретін реакцияны қайсы фермент катализдейді?

- А) Цитратсинтаза.
- Б) Малатдегидрогеназа.
- В) Сукцинатдегидрогеназа.
- Г) Фумараза.

71. Акониатаза ферменттердің қайсы класына жатады?

- А) Изомеразалар.
- Б) Лиазалар.
- В) Трансферазалар.
- Г) Лигазалар.

72. АДФ-тің тотыға фосфорлану үдерісімен қосарланған тотығу-тотықсыздану реакциясын катализдейтін ТҚЦ ферментін тандап алындар.

- А) Малатдегидрогеназа.
- Б) Цитратсинтаза.
- В) Фумараза.
- Г) Сукцинил-SКоА-синтетаза.

73. АДФ-тің тотыға фосфорлану үдерісімен қосарланған тотығу-тотықсыздану реакциясын катализдейтін ТҚЦ ферментін тандап алындар.

- А) Изоцитратдегидрогеназа.
- Б) Цитратсинтаза.
- В) Фумараза.
- Г) Сукцинил-SКоА-синтетаза.

74. АДФ-тің тотыға фосфорлану үдерісімен қосарланған тотығу-тотықсыздану реакциясын катализдейтін ТҚЦ ферментін тандап алындар.

- А) α -Кетоглутаратдегидрогеназалық кешен.
- Б) Цитратсинтаза.
- В) Фумараза.
- Г) Сукцинил-SКоА-синтетаза.

75. НАДН(H^+) түзіле жүретін ТҚЦ реакциясын қайсы фермент катализдейді?

- А) Сукцинатдегидрогеназа.
- Б) Цитратсинтаза.
- В) Фумараза.
- Г) Малатдегидрогеназа.

76. НАДН(H^+) түзіле жүретін реакцияны қандай фермент катализдейді?

- А) Сукцинатдегидрогеназа.
- Б) Цитратсинтаза.
- В) Фумараза.
- Г) Изоцитратдегидрогеназа.

77. ТҚЦ-ның реттегіш ферментін тандап алындар.

- А) Акониатаза.
- Б) Цитратсинтаза.
- В) Фумараза.
- Г) Сукцинатдегидрогеназа.

78. Қайсы фермент бір мезгілде пируватдегидрогеназалық және α -кетоглутаратдегидрогеназалық кешендердің құрамына кіреді?

- А) НАДФ(H^+).
- Б) Пиридоксальфосфат.
- В) HSKoA.
- Г) ТГФК.

79. Макроэргиялық қосылыстарға жататын қосылысты таңдап алындар.

- А) АМФ.
- Б) Ацетил-SКоА.
- В) Ацетоацетат.
- Г) ГМФ.

80. Макроэргиялық қосылыстарға жататын қосылысты таңдап алындар.

- А) Сукцинил-SКоА.
- Б) Сукцинат.
- В) Ацетоацетат.
- Г) ГМФ.

81. Макроэргиялық қосылыстарға жататын қосылысты таңдап алындар.

- А) АТФ.
- Б) ГМФ.
- В) Сукцинат.
- Г) АМФ.

82. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Субстраттық фосфорлау гликоген синтезі кезінде орын алады.
- Б) Субстраттық фосфорлау глюконеогенезде орын алады.
- В) Субстраттық фосфорлау пентозофосфаттық жолмен глюкозаның тотығуы кезінде орын алады.
- Г) Субстраттық фосфорлау ТҚЦ-да орын алады.

83. Аэробты жағдайларда бір молекула глюкозаның CO_2 мен суға дейін тотығуының максимал энергетикалық эффекті қандай?

- А) 2 молекула АТФ.
- Б) 12 молекула АТФ.
- В) 32 молекула АТФ.
- Г) 39 молекула АТФ.

84. ТҚЦ-да тотыға фосфорлану болмаған кезде бір молекула ацетил-SКоА CO_2 және суға дейін тотығуының энергетикалық эффекті қандай?

- А) 2 молекула АТФ.
- Б) 12 молекула АТФ.
- В) 32 молекула АТФ.
- Г) 1 молекула АТФ.

85. Белсенді тотыға фосфорлану кезінде изоцитраттың α -кетоглутаратқа өту реакциясының энергетикалық эффекті қандай?

- А) 2 молекула АТФ.
- Б) 1,5 молекула АТФ.

- В) 5 молекула АТФ.
- Г) 2,5 молекула АТФ.

86. Белсенді тотыға фосфорлану кезінде α -кетоглутараттың сукцинил-SКоА-ға өту реакциясының энергетикалық эффекті қан-дай?

- А) 2 молекула АТФ.
- Б) 1,5 молекула АТФ.
- В) 5 молекула АТФ.
- Г) 2,5 молекула АТФ.

87. Белсенді тотыға фосфорлану үдерісі кезінде сукцинаттың фумаратқа өту реакциясының энергетикалық эффекті қандай?

- А) 2 молекула АТФ.
- Б) 1,5 молекула АТФ.
- В) 5 молекула АТФ.
- Г) 2,5 молекула АТФ.

88. Белсенді тотыға фосфорлану үдерісі кезінде малаттың оксалоацетатқа өту реакциясының энергетикалық эффекті қандай?

- А) 2 молекула АТФ.
- Б) 1,5 молекула АТФ.
- В) 5 молекула АТФ.
- Г) 2,5 молекула АТФ.

89. Тотыға фосфорлану болмаған кезде бір молекула глюкозаның CO_2 және суға дейін тотығуының энергетикалық эффекті қан-дай?

- А) 6 молекула АТФ.
- Б) 12 молекула АТФ.
- В) 10 молекула АТФ.
- Г) 32 молекула АТФ.

90. Белсенді тотыға фосфорлану кезінде сукцинил-SКоА-ның сукцинатқа өту реакциясының энергетикалық эффекті қандай?

- А) 1 молекула ГТФ (+1 АТФ).
- Б) 1 молекула НАДН(H^+) (+2,5 АТФ).
- В) 1 молекула ФАДН₂ (+1,5 АТФ).
- Г) 1 молекула НАДН(H^+) (+1,5 АТФ).

91. Тотыға фосфорлану болмаған кезде пируваттың ацетил-SКоА-ға өту реакциясының энергетикалық эффекті қандай?

- А) 3 молекула АТФ.
- Б) 2,5 молекула АТФ.
- В) 0 молекула АТФ.
- Г) 1,5 молекула АТФ.

92. Тотыға фосфорлану болмаған кезде бір молекула пируваттың CO_2 мен суға дейін өту реакциясының энергетикалық эффекті қандай?

- А) 2 молекула АТФ.
- Б) 12 молекула АТФ.
- В) 32 молекула АТФ.
- Г) 1 молекула АТФ.

93. Жасушаның бұлшықеттерінде АТФ/АДФ қатынасы өскенде не өзгереді?

- А) ТҚЦ ферменттерінің белсендігі өседі.
- Б) ТҚЦ ферменттерінің белсендігі төмендейді.
- В) цАМФ концентрациясы жоғарылайды.
- Г) ЭТТ белсендігі өседі.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ХИМИЯ

Бөлім 12. Электрондарды тасымалдау тізбегі және ілмекті механизмдер

1. ЭТТ-нің I кешенін таңдап алындар.

- А) НАДН-КоQ оксидоредуктаза.
- Б) Сукцинатдегидрогеназа.
- В) Цитохром *c*.
- Г) АТФ-синтаза.

2. ЭТТ-нің II кешенін таңдап алындар.

- А) НАДН-КоQ оксидоредуктаза.
- Б) Сукцинатдегидрогеназа.
- В) Цитохром *c*.
- Г) АТФ-синтаза.

3. ЭТТ-нің IV кешенін таңдап алындар.

- А) НАДН-КоQ оксидоредуктаза.
- Б) Сукцинатдегидрогеназа.
- В) АТФ-синтаза.
- Г) Цитохром *c*-оксидаза.

4. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) ЭТТ-да кофермент Q электрондарды I кешен және II кешен арасында тасымалдайды.
- Б) ЭТТ-да кофермент Q электрондарды I кешен және III кешен арасында тасымалдайды.
- В) ЭТТ-да кофермент Q электрондарды I кешен және IV кешен арасында тасымалдайды.
- Г) ЭТТ-да кофермент Q электрондарды II кешен және IV кешен арасында тасымалдайды.

5. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) ЭТТ-да кофермент Q электрондарды I кешен және II кешен арасында тасымалдайды.
- Б) ЭТТ-да кофермент Q электрондарды II кешен және III кешен арасында тасымалдайды.
- В) ЭТТ-да кофермент Q электрондарды II

кешен және IV кешен арасында тасымалдайды.

Г) ЭТТ-да кофермент Q электрондарды I кешен және IV кешен арасында тасымалдайды.

6. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) ЭТТ-да цитохром *c* электрондарды I кешен және II кешен арасында тасымалдайды.
- Б) ЭТТ-да цитохром *c* электрондарды II кешен және III кешен арасында тасымалдайды.
- В) ЭТТ-да цитохром *c* электрондарды III кешен және IV кешен арасында тасымалдайды.
- Г) ЭТТ-да цитохром *c* электрондарды I кешен және IV кешен арасында тасымалдайды.

7. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) 1 молекула НАДН(H^+) шартты түрде 1 молекула АТФ түзілуінің энергетикалық эквиваленті болып табылады.
- Б) 1 молекула НАДН(H^+) шартты түрде 1,5 молекула АТФ түзілуінің энергетикалық эквиваленті болып табылады.
- В) 1 молекула НАДН(H^+) шартты түрде 2,5 молекула АТФ түзілуінің энергетикалық эквиваленті болып табылады.
- Г) 1 молекула НАДН(H^+) шартты түрде 4 молекула АТФ түзілуінің энергетикалық эквиваленті болып табылады.

8. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) 1 молекула ФАДН₂ шартты түрде 1 молекула АТФ түзілуінің энергетикалық эквиваленті болып табылады.
- Б) 1 молекула ФАДН₂ шартты түрде 1,5 мо-

лекула АТФ түзілуінің энергетикалық эквиваленті болып табылады.

В) 1 молекула ФАДН₂ шартты түрде 3 молекула АТФ түзілуінің энергетикалық эквиваленті болып табылады.

Г) 1 молекула ФАДН₂ шартты түрде 4 молекула АТФ түзілуінің энергетикалық эквиваленті болып табылады.

9. Төмендегі қосылыстардың қайсысы фермент болып табылмайды?

А) Катепсин.

Б) Химотрипсин.

В) Цитохром *c*.

Г) Убихинон.

10. Тыныс алу тізбегіндегі қандай күрделі нәруыздар электрондарды тасымалдауды жүзеге асырады?

А) Гликопротеиндер.

Б) Гемопропротеиндер.

В) Фосфопротеиндер.

Г) Нуклеопротеиндер.

11. Тотыға фосфорлану болмаған кезде ТҚЦ-да АТФ шығымы қандай (циклдің бір «айналымындағы» молекулалар саны)?

А) 38.

Б) 12.

В) 6.

Г) 1.

12. Тотыға фосфорлау дегеніміз не?

А) Макроэргиялық субстраттар есебінен АТФ түзілуі.

Б) Оттегінің жұмсалуды қажет етпейтін АТФ түзілуі.

В) ЭТТ-да электрондар мен протондарды тасымалдаумен қосарланған АТФ түзілуі.

Г) Протеинкиназалық реакция.

13. Электрондарды тікелей оттегіне тасымалдауды жүзеге асыратын ферментті көрсетіңдер.

А) АТФ-синтаза.

Б) Супероксиддисмутаза.

В) Пероксидаза.

Г) Цитохром *c*-оксидаза.

14. Тотыға фосфорлау ферменттері қайда шоғырланған?

А) Митохондриялардың матриксінде.

Б) Митохондриялардың ішкі мембранасында.

В) Мембранааралық кеңістікте.

Г) Митохондриялардың сыртқы мембрана-

сында.

15. Тыныс алу мен фосфорлауды бір-бірінен қалай бөлуге болады?

А) Н⁺-тәуелді АТФазаның белсендігін төмендету арқылы.

Б) АДФ/АТФ транслоказаны ингибирлегенде.

В) Митохондриялардың ішкі мембранасының өтімділігін протондар үшін жоғарылатқанда.

Г) Малат-аспартат ілмекті механизмнің белсендігін көтергенде.

16. ЭТТ бойынша протондар мен электрондарды тасымалдаудың қозғаушы күші не?

А) Электрхимиялық потенциалдың өзгеруі.

Б) Тотығу-тотықсыздану потенциалының өзгеруі.

В) Са²⁺ концентрациясы градиентінің өзгеруі.

Г) Na⁺ концентрациясы градиентінің өзгеруі.

17. Мембрананың липидтік қос қабатында ЭТТ-нің қайсы компоненті еркін қозғалады?

А) НАДН-КоQ оксидоредуктаза.

Б) Цитохромоксидаза.

В) Убихинон.

Г) Сукцинатдегидрогеназа.

18. НАДН-дегидрогеназа қайда шоғырланған?

А) Митохондриялардың матриксінде.

Б) Митохондриялардың ішкі мембранасында.

В) Митохондриялардың сыртқы мембранасында.

Г) Цитозольде.

19. Флавин ферменттерінен электрондардың акцепторы болып қызмет атқаратын қосылысты көрсетіңдер.

А) Убихинон.

Б) Цитохром *b*.

В) Цитохром *c*.

Г) Оттегі.

20. ЭТТ-да электрондарды тасымалдаушылардың орналасу реті неге байланысты?

А) Нәруыздық емес бөлігіне.

Б) Митохондрияның мембранасына қатысты орналасуына.

В) Тасымалдаушылардың нәруыздық бөлі-

гіне кіретін аминқышқылдары қалдықтарының қосынды зарядына.

Г) Тотығу-тотықсыздану потенциалына.

21. Флавопротеиндер күрделі нәруыздардың қайсы класына жатады?

А) Гликопротеиндерге.

Б) Липопротеиндерге.

В) Металлопротеиндерге.

Г) Хромопротеиндерге.

22. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алындар.

А) ЭТТ мен тотыға фосфорлауды ажырататын заттар АТФ синтезін арттырады.

Б) ЭТТ мен тотыға фосфорлауды ажырататын заттар ЭТТ-ні ингибирлейді.

В) ЭТТ мен тотыға фосфорлауды ажырататын заттар оттегіні тұтынуды төмендетеді.

Г) ЭТТ мен тотыға фосфорлауды ажырататын заттар жылу өндіруді арттырады, АТФ синтезін төмендетіп, оттегіні тұтынуды жоғарылатады.

23. ЭТТ мен тотыға фосфорланудың қосарлануының мәні неде?

А) Энергияның бір бөлігі жылу түрінде бөлінеді.

Б) Энергияның бір бөлігі иондардың тасымалына жұмсалады.

В) Энергияның бір бөлігі АТФ түрінде жинақталады.

Г) Энергияның бір бөлігі субстраттарды тасымалдауға жұмсалады.

24. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алындар.

А) АДФ-ты тотықтыра фосфорлау субстраттардың макроэргиялық энергиясын қолдану арқылы жүреді.

Б) АДФ-ты тотықтыра фосфорлау электрохимиялық потенциалдың энергиясын қолдану арқылы жүреді.

В) АДФ-ты тотықтыра фосфорлау ГТФ энергиясын қолдану арқылы жүреді.

Г) АДФ-ты тотықтыра фосфорлау УТФ энергиясын қолдану арқылы жүреді.

25. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алындар.

А) Малат-аспараттық ілмекті механизм глицеролфосфатты ілмекті механизммен салыстырғанда энергетикалық жағынан тиімдірек.

Б) Малат-аспараттық ілмекті механизм

глицеролфосфатты ілмекті механизммен салыстырғанда энергетикалық жағынан тиімсіздеу.

В) Малат-аспараттық ілмекті механизмді энергетикалық шығымдылығы жағынан глицеролфосфатты ілмекті механизммен салыстыруға болады.

Г) Бұл механизмдерді энергетикалық шығымдылығы жағынан салыстыру мүмкін емес.

26. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алындар.

А) Глицеролфосфатты ілмекті механизм НАДН(H^+) эквивалентін цитоплазмадан митохондрияға НАДН(H^+) түрінде тасымалдайды.

Б) Глицеролфосфатты ілмекті механизм НАДН(H^+) эквивалентін цитоплазмадан митохондрияға ФАДН₂ түрінде тасымалдайды.

В) Глицеролфосфатты ілмекті механизм НАДН(H^+) эквивалентін цитоплазмадан митохондрияға ФМН түрінде тасымалдайды.

Г) Глицеролфосфатты ілмекті механизм НАДН(H^+) эквивалентін цитоплазмадан митохондрияға НАД⁺ түрінде тасымалдайды.

27. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алындар.

А) Малат-аспаратты ілмекті механизм НАДН(H^+) эквивалентін цитоплазмадан митохондрияға НАДН(H^+) түрінде тасымалдайды.

Б) Малат-аспаратты ілмекті механизм НАДН(H^+) эквивалентін цитоплазмадан митохондрияға ФАДН₂ түрінде тасымалдайды.

В) Малат-аспаратты ілмекті механизм НАДН(H^+) эквивалентін цитоплазмадан митохондрияға ФМН түрінде тасымалдайды.

Г) Малат-аспаратты ілмекті механизм НАДН(H^+) эквивалентін цитоплазмадан митохондрияға НАД⁺ түрінде тасымалдайды.

28. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алындар.

А) Глицерофосфатты ілмекті механизм малат-аспаратты ілмекті механизммен салыстырғанда энергетикалық жағынан тиімдірек.

Б) Глицерофосфатты ілмекті механизм малат-аспаратты ілмекті механизммен салыстырғанда энергетикалық жағынан тиімсіздеу.

В) Глицерофосфатты ілмекті механизмді энергетикалық шығымдылығы жағынан ма-

лат-аспартатты ілмекті механизммен салыстыруға болады.

Г) Бұл механизмдерді энергетикалық шығымдылығы жағынан салыстыру мүмкін емес.

29. Гликолиз үдерісі кезінде НАДН(H^+)-тан түзілетін протондар мен электрондарды митохондрияға қандай механизм жеткізеді?

- А) Карнитинді.
- Б) Кори циклі.
- В) Малат-аспартатты.
- Г) Глюкозоаланинді.

30. Цитоплазмадан митохондриялардың ішкі мембранасы арқылы НАДН(H^+) тасымалдау қандай жолмен жүреді?

- А) Жеңілдетілген диффузия арқылы.
- Б) Глицеролфосфаттық ілмекті жүйенің көмегімен.
- В) Жай диффузия жолымен.
- Г) АТФазаның қатысуымен.

31. Глицеролфосфаттық ілмекті механизмнің белсендігі қайсы жасушаларда ең жоғары?

- А) Бұлшықет жасушаларында.
- Б) Гепатоциттерде.
- В) Ішек жасушаларында.
- Г) Бүйрек жасушаларында.

32. Қандай қосылыстар көмірсулар катаболизмінің ақтық өнімдері болып табылады?

- А) Пируват және лактат.
- Б) Лактат және CO_2 .
- В) CO және су.
- Г) Су және CO_2 .

33. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) ЭТТ цитохромдары митохондриялардың сыртқы мембраналарына бекітілген.
- Б) ЭТТ цитохромдары митохондриялардың ішкі мембраналарына бекітілген.
- В) ЭТТ цитохромдары тотығу-тотықсыздану потенциалдарының төмендеуі ретімен орналасқан.
- Г) ЭТТ цитохромдары – кіші молекулалық қосылыстар.

34. Тотыға фосфорлау үдерісі қайсы жерде жүреді?

- А) Цитоплазмада.
- Б) Митохондрияда.
- В) Жартылай цитоплазмада, жартылай

митохондрияда.

Г) Жасушааралық кеңістікте.

35. Митохондрияның ішкі мембранасында АТФ синтезі жүретін үдеріс қалай аталады?

- А) Глюкозаның пентозофосфаттық тотығу жолы.
- Б) ТҚЦ.
- В) Субстраттық фосфорлау.
- Г) Тотықтыра фосфорлау.

36. Әртүрлі тотыққан субстраттардан электрондарды алатын ЭТТ мен протондардың компонентін көрсетіндер.

- А) НАДН-КоQ оксидоредуктаза.
- Б) Убихинон (КоQ).
- В) Цитохром c.
- Г) Сукцинатдегидрогеназа.

37. ТҚЦ-да тотықсызданған коферменттер қайсы үдеріс кезінде регенерацияланады?

- А) Гликолизде.
- Б) Глюконеогенезде.
- В) ЭТТ-да.
- Г) Глюкозаның пентозофосфаттық тотығуы жолында.

38. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Энергия $\Delta\mu H^+$ ЦТФ синтездеуде пайдаланылады.
- Б) Энергия $\Delta\mu H^+$ ГТФ синтездеуде пайдаланылады.
- В) Энергия $\Delta\mu H^+$ АТФ синтездеуде пайдаланылады.
- Г) Энергия $\Delta\mu H^+$ УТФ синтездеуде пайдаланылады.

39. Негізгі тыныс алу тізбегі қандай мультиферментті кешендерден тұрады?

- А) I, III, IV кешендерден.
- Б) II, III, IV кешендерден.
- В) I, II, IV кешендерден.
- Г) I, II кешендерден.

40. ЭТТII кешенінің субстратын көрсетіндер.

- А) Сукцинат.
- Б) Цитрат.
- В) Оксалоацетат.
- Г) Малат.

41. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) $\Delta\mu H^+$ митохондриялардың матриксінде

пайда болады.

Б) $\Delta\mu\text{H}^+$ митохондриялардың ішкі мембранасында пайда болады.

В) $\Delta\mu\text{H}^+$ митохондриялардың мембраналық кеңістікте пайда болады.

Г) $\Delta\mu\text{H}^+$ митохондриялардың сыртқы мембранасында пайда болады.

42. Тотықтыра фосфорлау болған кезде ТҚЦ-да АТФ шығымы қандай болады (циклдің бір «айналымында» түзілетін АТФ молекулаларының саны)?

А) 10.

Б) 15.

В) 6.

Г) 2.

43. ЭТТ III кешенінде қандай фермент бар?

А) НАДН-КоQ оксидоредуктаза.

Б) Сукцинатдегидрогеназа.

В) КоQH₂-цитохром c оксидоредуктаза.

Г) Цитохром c-оксидаза.

44. Қосарланған химиялық реакцияның қайтымсыздығы қай кезде жүзеге асырылады?

А) АТФ-тің АДФ және фосфатқа дейін гидролизі кезінде.

Б) АТФ-тің АМФ және пирофосфатқа дейін гидролизі кезінде.

В) АТФ-тің аденин және рибозо-5-фосфатқа дейін гидролизі кезінде.

Г) АТФ-тің аденозин және фосфатқа дейін гидролизі кезінде.

45. АТФ/АДФ-транслоказаның биологиялық рөлі неде?

А) Жасушаға митохондриялардың матриксіне синтезделген АТФ-ті цитоплазмада жүретін реакцияларға пайдалануға мүмкіндік береді.

19. СО₂ және NH₄⁺ көмегімен 1 моль карбамоилфосфат синтездеу үшін неше моль АТФ қажет?

- А) 1 моль АТФ қажет.
- Б) 2 моль АТФ қажет.
- В) 3 моль АТФ қажет.
- Г) АТФ қажет емес.

20. Энергияны ең көп қажет ететін реакцияны катализдейтін ферментті тандап алыңдар.

- А) Ацетил-SКоА-карбоксилаза.
- Б) Карбамоилфосфатсинтетаза .
- В) Фосфофруктокиназа.
- Г) Гексокиназа.

21. Мочевина синтезінің және ТКЦ үдерістерінің ортақ метаболиттерін тандап алыңдар.

- А) Сукцинил-SКоА.
- Б) Сукцинат.
- В) Аспарат.
- Г) Фумарат.

22. Қандай фермент «орнитин + карбамоилфосфат → цитруллин + фосфат» реакциясын катализдейді?

- А) Орнитинкарбамоилтрансфераза.
- Б) Аргининосукцинатлиаза.
- В) Аргиназа.
- Г) Аргининосукцинатсинтетаза.

23. Қандай фермент митохондрияларда жүретін мочевина түзілу циклінің реакциясын катализдейді?

- А) Орнитинкарбамоилтрансфераза.
- Б) Аргиназа.
- В) Аргининосукцинатлиаза.
- Г) Аргининосукцинатсинтетаза.

24. Мочевина түзілу циклінің ферментін таңдап алыңдар.

- А) Треониндегидратаза.
- Б) Креатинкиназа.
- В) Аргининосукцинатсинтетаза.
- Г) Уреаза.

25. «Цитруллин + аспарат → аргининосукцинат» реакциясын қандай фермент катализдейді?

- А) Орнитинкарбамоилтрансфераза.
- Б) Аргининосукцинатлиаза.
- В) Аргининосукцинатсинтетаза.
- Г) Аргиназа.

26. АТФ энергиясын шығындап жүретін реакцияны қандай фермент катализдейді?

- А) Орнитинкарбамоилтрансфераза.
- Б) Аргиназа.
- В) Аргининосукцинатлиаза.
- Г) Аргининосукцинатсинтетаза.

27. Энергияны ең көп қажет ететін реакцияны катализдейтін ферментті таңдап алыңдар.

- А) Глутаминсинтетаза.
- Б) Аргининосукцинатсинтетаза.
- В) Пируваткарбоксилаза.
- Г) Глюкокиназа.

28. Аргининосукцинат синтетаза катализдейтін реакцияның өнімдерін көрсетіңдер.

- А) Аргининосукцинат + фумарат + АМФ + пирофосфат.
- Б) Аргинин + аспарат + АДФ + фосфат.
- В) Аргининосукцинат + аспарат + АДФ + фосфат.
- Г) Аргинин + фумарат + АМФ + пирофосфат.

29. Аргининосукцинат синтезі үшін қандай субстраттар қажет?

- А) Орнитин және аспарат.
- Б) Орнитин және цитруллин.
- В) Цитруллин және фумарат.
- Г) Цитруллин және аспарат.

30. «Аргининосукцинат → аргинин + фумарат» реакциясын қандай фермент катализдейді?

- А) Орнитинкарбамоилтрансфераза.
- Б) Аргининосукцинатлиаза.
- В) Аргиназа.
- Г) Аргининосукцинатсинтетаза.

31. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Аргининосукцинатлиаза – мочевина түзілу циклінің ферменті.
- Б) Аргининосукцинатлиаза – гем синтезінің ферменті.
- В) Аргининосукцинатлиаза – ТҚЦ ферменті.
- Г) Аргининосукцинатлиаза – майлы қышқылдар синтазасы кешенінің ферменті.

32. Мочевинатүзілу циклінің ферментін көрсетіңдер.

- А) Глутаматдегидрогеназа.
- Б) Уреаза.
- В) Аргиназа.
- Г) Креатинкиназа.

33. Қандай қосылыстың түзілуіне аргиназа қатысады?

- А) Азот оксидінің.
- Б) Креатиннің.
- В) Мочевинаның.
- Г) Сериннің.

34. Аргиназа қандай реакцияны катализдейді?

- А) Аргинин → цитруллин.
- Б) Аланин → пируват.
- В) Аргинин → орнитин.
- Г) Метионин → S-аденозилметионин.

35. Мочевинатүзілудің орнитин цикліне қандай аминқышқылы қатысады?

- А) Цитруллин.
- Б) Лизин.
- В) Аланин.
- Г) Глицин.

36. Мочевинатүзілудің орнитин цикліне қандай аминқышқылы қатысады?

- А) Гистидин.
- Б) Лизин.

- В) Аланин.
- Г) Аргинин.

37. Қандай аминқышқылы мочеви́на синтезіне қатысады?

- А) Глицин.
- Б) Глутамат.
- В) Аспарагин.
- Г) Аспарат.

38. Қандай аминқышқылы мочеви́на синтезіне де, креатин синтезіне де қатысады?

- А) Аргинин.
- Б) Аспарат.
- В) Глицин.
- Г) Метионин.

39. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Орнитин мочеви́натузілу циклінің аралық өнімдеріне жатады.
- Б) Орнитин протеиногенді аминқышқылдарына жатады.
- В) Орнитин алмастырылмайтын аминқышқылдарына жатады.
- Г) Орнитин ароматты аминқышқылдарына жатады.

40. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Орнитин ТҚЦ аралық өнімдеріне жатады.
- Б) Орнитин протеиногенді емес аминқышқылдарына жатады.
- В) Орнитин карбон қышқылдарына жатады.
- Г) Орнитин α -кетокышқылдарға жатады.

41. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Цитруллин α -кетокышқылдарға жатады.
- Б) Цитруллин протеиногенді емес аминқышқылдарына жатады.
- В) Цитруллин α -оксикышқылдарға жатады.
- Г) Цитруллин ароматты аминқышқылдарына жатады.

42. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Аргининосукцинат – холестерин синтезі үдерісінің аралық метаболиті.
- Б) Аргининосукцинат – мочеви́натузілу циклінің аралық метаболиті.
- В) Аргининосукцинат гем синтезі үдерісінің аралық метаболиті.
- Г) Аргининосукцинат ТҚЦ-нің аралық метаболиті.

43. Артық аммиактың уыттылығы төменде келтірілгендердің қайсысымен байланысты?

- А) Глутамин түзілуінің төмендеуі.
- Б) рН-тың сілтілік ортаға қарай ығысуы (алкалоз).
- В) ГАМК түзілуінің өсуі.
- Г) рН-тың қышқыл ортаға қарай ығысуы (ацидоз).

44. Артық аммиактың уыттылығы төменде келтірілгендердің қайсысымен байланысты?

- А) Глутамин түзілуінің төмендеуі.
- Б) Мида α -кетоглутараттың байлануы және АТФ түзілуінің төмендеуі.
- В) ГАМК түзілуінің өсуі.
- Г) Мида α -кетоглутараттың босап шығуы (ТҚЦ-дан) және гликолиздің күшеюі.

45. Гипераммониемия кезінде жасушалардың гипоксиясы неге байданысты?

- А) Метаболиттік алкалозға.
- Б) Глутаминнің түзілуіне.
- В) ГАМК түзілуінің төмендеуіне.
- Г) Метаболиттік ацидозға.

46. Гипераммониемия қандай сырқаттар кезінде дамуы мүмкін?

- А) Панкреатит кезінде.
- Б) Бауырдың зақымдануы кезінде.
- В) Қуықтың зақымдануы кезінде.
- Г) АДЖ-да аммиактың сіңірілуі бұзылғанда.

47. Біріншілік гипераммониемияның мүмкін себебін көрсетіндер.

- А) Орнитин циклі ферменттерінің тұқымқуалаған бұзылысы.
- Б) Ауыр вирустық сырқаттар.
- В) Зәр қышқылы ферменттерінің тұқымқуалаған бұзылысы.
- Г) Бауырдың декомпенсацияланған циррозы.

48. Біріншілік гипераммониемияның мүмкін себебін көрсетіндер.

- А) Орнитинкарбамилтрансферазаның тұқымқуалаған жетімсіздігі.
- Б) Фенилаланингидроксилазаның тұқымқуалаған жетімсіздігі.
- В) Транскетолазаның тұқымқуалаған жетімсіздігі.
- Г) Глюкозо-6-фосфатдегидрогеназаның тұқымқуалаған жетімсіздігі.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ХИМИЯ

Бөлім 29. Жекелеген аминқышқылдарының алмасуы

1. Адам организмінде алмастырылатын аминқышқылдары түзілуі үшін қандай үдеріс қажет?

- А) Декарбоксилдеу.
- Б) Трансаминдеу.
- В) Тотықтыра дезаминдеу.
- Г) Трансметилдеу.

2. Митохондриялық глицин ыдырататын ферменттік жүйенің катализдейтін реакциялары жүруі үшін қандай дәрумен қажет?

- А) Пиридоксин.
- Б) Рибофлавин.
- В) Биотин.
- Г) Пантотен қышқылы.

3. Митохондриялық глициныдырататын ферменттік жүйенің катализдейтін реакциялары жүруі үшін қандай дәрумен қажет?

- А) Фолий қышқылы.
- Б) Тиамин.
- В) Кобаламин.
- Г) Аскорбин қышқылы.

4. Митохондриялық глициныдырататын ферменттік жүйенің жұмысына қандай фермент қатысады?

- А) ТПФ.
- Б) ТГФК.
- В) NAD^+ .
- Г) ФАД.

5. Қайсы аминқышқылының катаболизм үдерісі кезінде ТГФК-дан метилен-ТГФК түзіледі?

- А) Глициннің.
- Б) Аланиннің.
- В) Аргининнің.
- Г) Гистидиннің.

6. Қайсы аминқышқылы өт қышқылдарының конъюгациялануына қатысады?

- А) Аспарагинқышқылы.
- Б) Глутамин.
- В) Глицин.
- Г) Серин.

7. Қайсы аминқышқылынан бір сатыда глицин алуға болады?

- А) Треониннен.
- Б) Цистеиннен.
- В) Аланиннен.

Г) Аспарагин қышқылынан.

8. Қайсы аминқышқылынан бір сатыда глицин алуға болады?

- А) Сериннен.
- Б) Глутамин қышқылынан.
- В) Валиннен.
- Г) Аспарагиннен.

9. Қайсы аминқышқылынан серин түзіле алады?

- А) Аргининнен.
- Б) Валиннен.
- В) Изолейциннен.
- Г) Глициннен.

10. Глицин мен серин өзара бір-біріне өтуі үшін қандай кофермент керек?

- А) ТПФ.
- Б) NAD^+ .
- В) Тетрагидробиоптерин (ТГБП).
- Г) ТГФК.

11. Глициннен серинді синтездеу үшін қандай қосылыс қолданылады?

- А) Метил-ТГФК.
- Б) Формил-ТГФК.
- В) Метилен-ТГФК.
- Г) Метенил-ТГФК.

12. Сериноксиметилтрансфераза ферменті қандай реакцияны катализдейді?

- А) Серин + пальмитоил-SКоА \rightarrow 3-кетосфинганин.
- Б) Серин + цистеин \rightarrow цистатионин.
- В) Серин \rightarrow глицин.
- Г) Серин \rightarrow пируват + NH_3

13. Қайсы реакция үшін фолий қышқылы қажет?

- А) Глициннің серинге өтуі.
- Б) Глутаминнің глутаматқа өтуі.
- В) Глутаматтың α -кетоглутаратқа өтуі.
- Г) Креатиннің креатининге өтуі.

14. Сериндегидратаза қайсы реакцияны катализдейді?

- А) Серин + пальмитоил-SКоА \rightarrow 3-кетосфинганин.
- Б) Серин + цистеин \rightarrow цистатионин.
- В) Серин \rightarrow глицин.
- Г) Серин \rightarrow пируват + NH_3 .

15. Қайсы аминқышқылынан бір сатыда пируват алуға болады?

- А) Сериннен.
- Б) Глутаминнен.
- В) Лизиннен.
- Г) Аргининнен.

16. Серинді синтездеуге қажетті гликолиздің метаболитін таңдап алыңдар.

- А) Фруктозо-1,6-бисфосфат.
- Б) Пируват.
- В) Глицеральдегид-3-фосфат.
- Г) 3-Фосфоглицерат.

17. Серинді синтездеу реакциясының дұрыс ретін таңдап алыңдар.

- А) 3-Фосфоглицерат → 3-фосфогидроксипируват → 3-фосфосерин → серин.
- Б) 3-Фосфогидроксипируват → 3-фосфоглицерат → 3-фосфосерин → серин.
- В) Глицеральдегид-3-фосфат → 3-фосфогидроксипируват → 3-фосфосерин → серин.
- Г) 3-Фосфогидроксипируват → глицеральдегид-3-фосфат → 3-фосфосерин → серин.

18. Қайсы аминқышқылы фосфолипидтердің синтезіне қатысады?

- А) Лейцин.
- Б) Серин.
- В) Лизин.
- Г) Тирозин.

19. Цистатионин қандай субстраттардан синтезделеді?

- А) Сериннен және гомоцистеиннен.
- Б) Гомосериннен және гомоцистеиннен.
- В) Аргининнен және гомосериннен.
- Г) Гомоцистеиннен және аргининнен.

20. Цистеиннің көміртегі қаңқасы атомдарының көзі болатын аминқышқылын көрсетіндер.

- А) Метионин.
- Б) Глутамин қышқылы.
- В) Серин.
- Г) Аспарагин қышқылы.

21. Алмастырылатын аминқышқылы цистеиннің синтезінде күкірт атомының доноры болатын аминқышқылын көрсетіндер.

- А) Метионин.
- Б) Глутамин қышқылы.
- В) Глутамин.
- Г) Аргинин.

22. Қандай аминқышқылы таурин түзілуінің көзі болып табылады?

- А) Треонин.

- Б) Глицин.
- В) Цистеин.
- Г) Серин.

23. Таурохольт өт қышқылдарының түзілуі үшін қандай аминқышқылы болуы керек?

- А) Сериннің.
- Б) Цистеиннің.
- В) Метиониннің.
- Г) Треониннің.

24. Қайсы аминқышқылынан бір сатыда пируват алуға болады?

- А) Цистеиннен.
- Б) Глициннен.
- В) Валиннен.
- Г) Аспараттан.

25. Қандай қосылыстың синтезіне метионин қатысады?

- А) Адреналиннің.
- Б) Тироксиннің.
- В) Меланиннің.
- Г) Фосфатидилинозитолдың.

26. Қандай қосылыстың синтезіне метионин қатысады?

- А) Дофаминнің.
- Б) Лейциннің.
- В) Мочевинаның.
- Г) Фосфатидилхолиннің.

27. Трансметилдеу реакциялары қандай аминқышқылының аденилденген туындысының қатысуын талап етеді?

- А) Фенилаланиннің.
- Б) Аланиннің.
- В) Метиониннің.
- Г) Сериннің.

28. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) S-аденозилметионин трансметилдеу реакцияларына қатысады.
- Б) S-аденозилметионин трансаминдеу реакцияларына қатысады.
- В) S-аденозилметионин Кребс циклінің реакцияларына қатысады.
- Г) S-аденозилметионин орнитин циклінің реакцияларына қатысады.

29. Қандай қосылыстың биосинтезіне метионин қатысады?

- А) Гуанидинацетаттың.
- Б) Орнитиннің.
- В) Креатиннің.

Г) Путресциннің.

30. Норадреналин түзіп дофаминнің гидроксилдену реакциясында екі сутегі атомының доноры болатын дәруменді көрсетіндер.

- А) Фолий қышқылы.
- Б) Аскорбин қышқылы.
- В) Пантотен қышқылы.
- Г) Рибофлавин.

31. Организмдегі синтезі тирозиннен басталатын қосылысты көрсетіндер.

- А) Креатин.
- Б) Адреналин.
- В) Мелатонин.
- Г) Таурин.

32. Организмде тирозиннен түзілетін қосылысты көрсетіндер.

- А) Серотонин.
- Б) Диоксифенилалан.
- В) Метионин.
- Г) Треонин.

33. Организмдегі синтезі с тирозиннен басталатын қосылысты көрсетіндер.

- А) Серотонин.
- Б) Кортизол.
- В) Лейцин.
- Г) Норадреналин.

34. Организмде тирозиннен қандай гормон синтезделеді?.

- А) Кальцитриол.
- Б) Кортизол.
- В) Тироксин.
- Г) Серотонин.

35. Фенилаланин гидроксилаза қандай реакцияны катализдейді?

- А) Фенилаланин → тирозин.
- Б) Метионин → S-аденозилметионин.
- В) Глутамин → глутамат.
- Г) Аланин → пируват.

36. Норадреналин адреналинге қандай топ қосылғанда өтеді?

- А) Метил.
- Б) Этил.
- В) Карбоксил.
- Г) Гидроксил.

37. Қандай қосылыстар тирозин катаболизмінің өнімдері болып табылады?

- А) Фумарат және ацетоацетат.
- Б) Фумарат және сукцинат.
- В) Малат және ацетоацетат.

Г) Малат және сукцинат.

38. Адам организмінде мелатониннің синтезі қандай аминқышқылынан басталады?

- А) Триптофаннан.
- Б) Лейциннен.
- В) Аланиннен.
- Г) Тирозиннен.

39. Қандай аминқышқылы НАД⁺ түзілуінің көзі болып табылады?

- А) Орнитин.
- Б) Лизин.
- В) Триптофан.
- Г) Гистидин.

40. Треониндегидратаза катализдейтін реакцияның өнімін көрсетіндер.

- А) α -Кетоглутарат.
- Б) Оксалоацетат.
- В) Пируват.
- Г) α -Кетобутират.

41. Треониндегидратаза катализдейтін реакцияның өнімін көрсетіндер.

- А) NO.
- Б) АДФ.
- В) CO₂.
- Г) NH₄⁺.

42. Треониннің глицин және ацетальдегидке дейін қайтымды ыдырауын катализдейтін ферментті көрсетіндер.

- А) Треонинальдолаза.
- Б) Треониндегидратаза.
- В) Сериноксиметилтрансфераза.
- Г) Сериндегидратаза.

43. Қандай қосылыс лизиннің декарбоксилдену өнімі болып табылады?

- А) Спермин.
- Б) Кадаверин.
- В) Цитруллин.
- Г) Путресцин.

44. Қайсы аминқышқылы синтезінің α -кетоглутарат ізашары болып табылады?

- А) Аланиннің.
- Б) Аспарагин қышқылының.
- В) Глутамин қышқылының.
- Г) Сериннің.

45. Глутаматдекарбоксилаза катализдейтін реакция өнімдерінің біреуін таңдап алыңдар.

- А) NO.

- Б) АДФ.
- В) CO₂.
- Г) NH₄⁺.

46. Адам организмінде пролин қандай аминқышқылынан синтезделе алады?

- А) Аспарагин қышқылынан.
- Б) Глутамин қышқылынан.
- В) Аланиннен .
- Г) Глициннен.

47. Глутаминаза катализдейтін реакция өнімдерінің біреуін тандап алыңдар.

- А) NO.
- Б) АДФ.
- В) CO₂.
- Г) NH₄⁺.

48. Аспарагин қышқылынан аспарагинді синтездеу үшін қандай қосылыс қажет?

- А) АДФ.
- Б) ГТФ.
- В) УТФ .
- Г) АТФ.

49. Қандай реакция АТФ энергиясын жұмсап жүреді?

- А) Аспарагин қышқылы → аспарагин.
- Б) α-Кетоглутарат → глутамин қышқылы.
- В) Глутамин қышқылы → ГАМК.
- Г) Серин → глицин.

50. Аргининнің цитруллинге өтуін қандай фермент катализдейді?

- А) NO-синтаза.
- Б) Глутаминсинтетаза.
- В) Аргининосукцинатсинтетаза.
- Г) Аргининосукцинатлиаза.

51. Қандай аминқышқылынан азот оксиді NO түзіледі?

- А) Аргининнен.
- Б) Цистеиннен.
- В) Валиннен.
- Г) Гистидиннен.

52. Бұлшықеттерден келіп түсетін аммиактың негізгі тасымалдану формасын көрсетіндер.

- А) Аланин.
- Б) Глутамат.
- В) Зәр қышқылы.
- Г) Аспартат.

53. Креатиннің синтезге қандай аминқышқылы қатысады?

- А) Аргинин.

- Б) Лейцин.
- В) Аланин.
- Г) Серин.

54. Креатиннің синтезіне қандай аминқышқылы қатысады?

- А) Фенилаланин.
- Б) Лейцин.
- В) Серин.
- Г) Глицин.

55. Креатиннің синтезіне қандай аминқышқылы қатысады?

- А) Серин.
- Б) Валин.
- В) Изолейцин.
- Г) Метионин.

56. Гуанидинацетаттың синтезі қайсы органда жүреді?

- А) Ішекте.
- Б) Бауырда.
- В) Бүйректе.
- Г) Асқазанда.

57. Бүйректегі гуанидинацетаттың биосинтезіне қандай аминқышқылы қатысады?

- А) Серин.
- Б) Валин.
- В) Изолейцин.
- Г) Аргинин.

58. Бүйректегі гуанидинацетаттың биосинтезіне қандай аминқышқылы қатысады?

- А) Серин.
- Б) Валин.
- В) Изолейцин.
- Г) Глицин.

59. Креатиннің бауырдағы синтезін қандай фермент катализдейді?

- А) АСТ.
- Б) Орнитинкарбамоилтрансфераза.
- В) АЛТ.
- Г) Гуанидинацетатметилтрансфераза.

60. Ферменттік емес жолмен жүре алатын реакцияны көрсетіндер.

- А) Креатинфосфат → креатинин + фосфат.
- Б) Креатин + АТФ → креатинфосфат + АДФ
- В) Аргинин + глицин → гуанидинацетат + орнитин.
- Г) Гуанидинацетат + S-аденозилметионин → креатин + S-аденозилгомоцистеин.

61. Қандай үдеріске креатинфосфат қажет?

- А) Бұлшықеттерде АТФ ресинтезі үшін.
- Б) Бауырда АТФ ресинтезі үшін.
- В) Адреналин синтезі үшін.
- Г) Никотин қышқылының синтезі үшін.

62. Зәрмен креатининнің тәуліктік бөлінуінің қалыпты мәндерін көрсетіндер.

- А) 0,1-0,2 г/тәулік.
- Б) 1,0-2,0 г/ тәулік.
- В) 10-20 г/ тәулік.
- Г) 1,0-2,0 мг/ тәулік.

63. Қатаң түрде кетогенді аминқышқылын көрсетіндер.

- А) Лейцин.
- Б) Аспарагин.
- В) Тирозин.
- Г) Пронин.

64. Альбинизм қайсы аминқышқылы алмасуының бұзылуымен байланысты?

- А) Метиониннің.
- Б) Сериннің.
- В) Тирозиннің.
- Г) Триптофанның.

65. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Алкаптонурия – триптофан алмасуының туа біткен дефекті.
- Б) Алкаптонурия – гистидин алмасуының туа біткен дефекті.
- В) Алкаптонурия – метионин алмасуының туа біткен дефекті.
- Г) Алкаптонурия – тирозин алмасуының туа біткен дефекті.

66. Алкаптонурия қай ферменттің генетикалық дефектіне байланысты?

- А) Тирозиназаның.
- Б) Фенилаланинаминотрансферазаның.
- В) Фенилаланиноксидазаның.
- Г) Гомогентизин қышқылының оксидазасының.

67. Болмаған кезде фенилкетонурия байқалатын фермент ферменттердің қайсы класына жатады?

- А) Оксидоредуктазалар.
- Б) Лигазалар.
- В) Гидролазалар.
- Г) Изомеразалар .

68. Тапшылығы кезінде фенилкетонурияның «қатерлі» формасы (атипиялық) байқалатын қосылысты көрсетіндер.

- А) Тетрагидробиоптерин (ТГБП).
- Б) ТГФК.
- В) НАДН(H⁺).
- Г) ФАД.

69. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Паркинсон ауруы даму себептерінің бірі – гистаминнің алмасуының бұзылуы.
- Б) Паркинсон ауруы даму себептерінің бірі – ДОФА алмасуының бұзылуы.
- В) Паркинсон ауруы даму себептерінің бірі - ГАМК алмасуының бұзылуы.
- Г) Паркинсон ауруы даму себептерінің бірі – триптофан алмасуының бұзылуы.

70. Хартнап сырқатын қайсы аминқышқылы сіңірілуінің спецификалық бұзылысы сипаттайды?

- А) Фенилаланиннің.
- Б) Валиннің.
- В) Лейциннің.
- Г) Триптофанның.

71. Хартнап сырқаты кезінде синтезі бұзылған коферментті көрсетіндер.

- А) ФАД.
- Б) ТПФ.
- В) НАД⁺.
- Г) Пиридоксапфосфат.

72. Гомоцистинурия қайсы ферменттің ақауымен байланысты?

- А) Цистатионинсинтаза.
- Б) Цистеиндиоксигеназа.
- В) Цистатионин-γ-лиаза.
- Г) Цистеинсинтаза.

73. Үйеңкі сиропы ауруы қайсы ферменттің ақауымен байланысты?

- А) Тармақталған тізбекті α-аминқышқылдарының дегидрогеназасы.
- Б) Фенилаланингидроксилаза.
- В) Гомогентизатоксидаза.
- Г) Фумарилацетоацетатгидролаза.

74. Алкаптонурия кезінде қандай метаболит артық концентрацияларда жинақталады?

- А) Фениллактат.
- Б) Фумарилацетоацетат.
- В) Гомогентизин қышқылы.
- Г) Фенилпируват.

75. Алкаптонурияға тән клиникалық белгілерді көретіндер.

- А) Гепатоспленомегалия, бауырдың үдемелі циррозы.
- Б) Депигментация және ақыл-ой дамуының тежелуі.
- В) Тұндырғаннан кейін зәрдің қараюы және шеміршек ұлпасында қара пигменттің жинақталуы.
- Г) Фотосезгіштік, жарыққа бейімделудің бұзылуы.

76. Ақыл-ой кемістігінің және неврологиялық бұзылыстардың фенилкетонуриясы бар пациенттерде дамуы қандай метаболиттердің артық болуымен байланысты?

- А) Фумарилацетоацетат, фенол.
- Б) Фенилпируват, фумарат.
- В) Фенилпируват, фениллактат.
- Г) Фумарат, фенилацетат.

77. Фенилкетонурияға қандай биохимиялық патология тән?

- А) 4-Гидроксифенилпируватоксидазы белсендігінің жоғарылауы.
- Б) Пируваткиназа белсендігінің төмендеуі.
- В) Гомогентизатоксидаза белсендігінің жоғарылауы.
- Г) Лактатдегидрогеназа белсендігінің төмендеуі.

78. I типті тирозинемия қайсы ферменттің тапшылығына байланысты?

- А) Тирозинаминотрансфераза.
- Б) 4-Гидроксифенилпируватоксидаза.
- В) Гомогентизатоксидаза.
- Г) Фумарилацетоацетатгидролаза.

79. I типті тирозинемияға қандай метаболиттердің жинақталуы тән?

- А) Фенилацетат және ацетоацетат.
- Б) Фумарилацетоацетат және сукцинилацетон.
- В) Фумарат және ацетоацетат.
- Г) Фениллактат және фенилпируват.

80. Үйеңкі сиропы ауруы кезінде қандай қосылыстар зәрге спецификалық иіс береді?

- А) Ацетоацетат және метилмалон жартылай альдегиді.
- Б) Тармақталған тізбекті толық тотықпаған кетоқышқылдар.
- В) Тармақталған тізбекті аминқышқылдары.

Г) Тармақталған тізбекті кетоқышқылдардың ацил-SКоА эфирлері.

81. Фенилкетонурияға қандай гормондардың тапшылығы тән?

- А) Глюкокортикоидтар және йодтирониндердің.
- Б) Йодтирониндер және катехоламиндердің.
- В) Катехоламиндер және глюकोкортикоидтардың.
- Г) Глюкокортикоидтар және минералокортикоидтардың.

82. Фенилкетонуриямен ауыратындардың рациондарына қандай аминқышқылдың қосымша енгізуі қажет?

- А) Фенилаланинді.
- Б) Тирозинді.
- В) Триптофанды.
- Г) Гистидинді.

83. Бір көміртек атомынан тұратын топтардың аралық тасымалдаушысын анықтаңдар:

- А) Н₄-фолат.
- Б) Фолий қышқылы.
- В) Пиридоксальфосфат.
- Г) Ацетил-SКоА.

84. Порфириндерді түзетін аминқышқылдың атаңдар:

- А) Аланин.
- Б) Валин.
- В) Глутамин.
- Г) Глицин.

85. Метионаденозилтрансфераза ферменті әсерінен АТФ пен метиониннен синтезделетін метиониннің белсенді формасын көрсетіндер:

- А) Метенил-Н₄-фосфат.
- Б) Н₄-фолат.
- В) S-аденозилметионин.
- Г) Пиридоксальфосфат.

86. S-аденозилметионин құрылымында метил тобы қандай қосылыс синтезі үшін қолданылатынын атаңдар:

- А) Ферменттер.
- Б) Адреналин.
- В) n-Аминобензой қышқылы.
- Г) Н₄-фолат.

87. Цистеин синтезінде күкірт атомының доноры болып табылады:

- А) Аденозин.
- Б) Н₄-фолат.

- В) Карнитин.
- Г) Метионин.

88. Креатин синтезінде қолданылатын аминқышқылдарынды көрсетіндер:

- А) Аргинин, глицин, метионин.
- Б) Глицин, серин, метионин.
- В) Аргинин, глицин, глутамин.
- Г) Цистеин, серин, аргинин.

89. Фенилаланин метаболизмінде фенилаланингидроксилаза дефектінің салдары:

- А) Алкаптонурия.
- Б) Паркинсон ауруы.
- В) Фенилкетонурия.
- Г) Аллергиялық реакциялар.

90. Тетрагидробиоптерин коферментінің жеткіліксіздігінде метаболизмі бұзылатын аминқышқылдарын көрсетіндер:

- А) Фен, Тир, Три.
- Б) Сер, Асп, Арг.
- В) Лей, Иле, Цис.
- Г) Асп, Арг, Фен.

91. Меланоциттерде тирозин → ДОФА өзгеруін катализдейтін ферменттің тұқым қуалайтын дефектінде синтезі бұзылатын затты атаңдар:

- А) Иодтирониндер.
- Б) Тироксин.
- В) Меланиндер.
- Г) Адреналин.

92. Гомогентизин қышқылының диоксигеназа ферментінің дефектінен дамиды ауруды көрсетіндер:

- А) Альбинизм.
- Б) Алкаптонурия.
- В) Гипераммониемия.
- Г) Гомоцистеинурия.

93. Метил тобын басқа қосылыстарға тасымалдауға қабілетті қосылысты көрсетіндер:

- А) Метилен-Н₄-фолат.
- Б) Фолий қышқылы.
- В) Пиридоксальфосфат.
- Д. Ацетил-SКоА.

94. Пуриндік негіздерді түзетін аминқышқылын атаңдар:

- А) Лизин.
- Б) Метионин.
- В) Глицин.
- Г) Фенилаланин.

95. Метил тобының негізгі доноры болып табылатын қосылысты табыңдар:

- А) Аланин.
- Б) Н₄-фолат.
- В) S-аденозилметионин.
- Г) Валин.

96. S-аденозилметионин құрылымында метил тобы мына қосылыс синтезінде қолданылады:

- А) Холин.
- Б) n-Аминбензой қышқылы.
- В) Глутатион.
- Г) Н₄-фолат.

97. S-аденозилметионин құрылымында метил тобы мына қосылыстарды зарарсыздандыруға қолданылады:

- А) Глутатион.
- Б) Гомоцистин.
- В) Креатинин.
- Г) Дәрілік заттардың уытты метаболиттері.

98. Гомоцистинурия дамуына әкелетін реакцияны және дефектті ферментті көрсетіндер:

- А) Цистеиннің гомоцистеиннен биосинтезі, цистатионинсинтаза.
- Б) Гомосериннің гомоцистеиннен биосинтезі, цистатионинсинтаза.
- В) Метиониннің цистеиннен биосинтезі, метилтрансфераза.
- Г) Гомоцистеиннің цистеиннен биосинтезі, глутаминсинтаза.

99. Катехоламиндер синтезінің жылдамдығын анықтайтын реттеуші ферментті атаңдар:

- А) Фолатредуктаза.
- Б) Глицинсинтаза.
- В) Тирозингидроксилаза.
- Г) Креатинкиназа.

100. Тетрагидробиоптерин коферментінің тапшылығында синтезі бұзылатын затты атаңдар:

- А) Карнитин.
- Б) Катехоламиндер және серотонин.
- В) Пуриндік негіздер.
- Г) Креатин.

101. Альбинизм мына зат синтезінің бұзылуы салдарынан болып табылады:

- А) Пуриндік негіздер.
- Б) Катехоламиндер.
- В) S-аденозилметионин.
- Г) Меланиндер.

102. Алкапонурия мына фермент дефектінің салдары болып табылады:

- А) Гомогентизин қышқылының диоксигеназасы.
- Б) Аминотрансфераза.
- В) Фолатредуктаза.
- Г) Дигидрофолатредуктаза.

103. Қандай аминқышқылдар катаболизмінде бір көміртек атомының фрагменттері түзілетінін атаңдар:

- А) Фенилаланин, тирозин.
- Б) Серин, глицин, гистидин.
- В) Валин, аланин, тирозин.
- Г) Аргинин, глицин.

104. Глутатионды түзетін қосылысты анықтаңдар:

- А) Лизин.
- Б) Метионин.
- В) Глицин.
- Г) Тирозин.

105. Метил тобы трансметилдену реакцияларында қолданылатын аминқышқылын көрсетіңдер:

- А) Аланин.
- Б) Изолейцин.
- В) Цистеин.
- Г) Метионин.

106. S-аденозилметионин құрылымында метил тобы қандай қосылыс синтезінде қолданылатынын анықтаңдар:

- А) Креатин.
- Б) n-Аминобензой қышқылы.
- В) Серотонин.
- Г) H₄-фолат.

107. S-аденозилметионин құрылымында метил тобы мына қосылыс синтезіне қажет:

- А) Ферменттер.
- Б) H₄-фолат.
- В) n-Аминобензой қышқылы.
- Г) Карнитин.

108. Креатин синтезіндегуанидинацетаттың метилденуі мына зат қатысында жүреді:

- А) Холин.
- Б) H₄-фолат.
- В) S-аденозилметионин.
- Г) n-Аминобензой қышқылы.

109. Катехоламиндер (дофамин, норадреналин, адреналин) синтезі үшін субстратты атаңдар:

- А) Тирозин.
- Б) Индол.

- В) Карнитин.
- Г) Креатин.

110. Гомогентизин қышқылының диоксигеназасы ферментінің дефекті мына аминқышқылы метаболизмінің бұзылуына әкеледі:

- А) Серин.
- Б) Фенилаланин.
- В) Цистеин.
- Г) Тирозин.

111. Меланин синтезінің бұзылу себебі меланоциттерде тирозин → ДОФА өзгеруін катализдейтін фермент дефекті болып табылады, осы ферментті атаңдар:

- А) Гомогентизин қышқылының диоксигеназасы.
- Б) Тирозиназа.
- В) Метилтрансфераза.
- Г) Фенилаланингидроксилаза

112. Жүйке ұлпасында тирозингидроксилаза немесе ДОФА-декарбоксилаза белсендігінің төмендеуінен дамиды ауруды атаңдар:

- А) Алкапонурия.
- Б) Креатинфосфат концентрациясының төмендеуі.
- В) Паркинсон ауруы.
- Г) Фенилкетонурия.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ХИМИЯ

Бөлім 30. Нәруыздардың алмасуы

1. Жасушалық пролиферация және апоптоз үдерістерін реттейтін сигналдар каскадының белсендігін реттеудің ең кең тараған биохимиялық механизмін таңдап алыңдар.

- А) Ацилдеу/деацилдеу.

- Б) Алкилдеу/деалкилдеу.
- В) Фосфорлау/дефосфорлау.
- Г) Гликозилдеу/дегликозилдеу.

2. Қандай нәруыздар молекулаішілік сигналдар каскадының негізін құрайды?

- А) Мембранабайланысқан рецепторлар.
- Б) Ядролық транскрипциялық факторлар.

В) Цитоқаққаның нәруыздары.

Г) Киназалар.

3. Посттрансляциялық модификация барысында нәруыздар құрамындағы аминқышқылдық қалдықтарға йод анионы қосылуының ең мүмкін сайтың таң-

дап алыңдар.

А) Тирозин қалдығының ароматты сақинасы

Б) Треонин қалдығының гидроксил тобы.

В) Лизин қалдығының бос аминтобы.

Г) Цистеиннің күкірті бар тобы.

4. Посттрансляциялық модификация барысында нәруыздар құрамындағы аминқышқылдық қалдықтарға глутатион қосылуының ең мүмкін сайтың таңдап алыңдар.

А) Тирозин қалдығының ароматты сақинасы.

Б) Треонин қалдығының гидроксил тобы.

В) Лизин қалдығының бос аминтобы.

Г) Цистеиннің күкірті бар тобы.

5. Посттрансляциялық модификация барысында нәруыздар құрамындағы аминқышқылдық қалдықтарға ацетил тобы қосылуының ең мүмкін сайтың алыңдар.

А) Тирозин қалдығының ароматты сақинасы.

Б) Треонин қалдығының гидроксил тобы.

В) Лизин қалдығының бос аминтобы.

Г) Цистеиннің күкірті бар тобы.

6. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

А) Протеинкиназалар серин, треонин немесе тирозиннің аминқышқылдық қалдықтарындағы гидроксил тобына фосфор қышқылы қалдығының қосылуын катализдейді.

В) Протеинкиназалар фенилаланиннің ароматты сақинасына фосфор қышқылы қалдығының қосылуын катализдейді.

Г) Протеинкиназалар глутамин немесе аспарагин қышқылдарының аминқышқылдық қалдықтарындағы карбоксил тобына фосфор қышқылы қалдығының қосылуын катализдейді.

7. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар

А) Протеинфосфатазалар нәруыздардың фосфорлану реакцияларын катализдейді.

Б) Протеинфосфатазалар нәруыздардың дефосфорлану реакцияларын катализдейді.

В) Протеинфосфатазалар нәруыздарды гидроксилдеу реакцияларын катализдейді.

Г) Протеинфосфатазалар нәруыздарды алкилдеу реакцияларын катализдейді.

8. Қандай аминқышқылының қалдығы арқылы нәруыздың молекуласына фосфат тобы қосыла алады?

А) Лизиннің.

Б) Аланиннің.

В) Сериннің.

Г) Аспарагин қышқылының.

9. Нәруыздарды фосфорлау/дефосфорлау механизмі олардың белсендігін реттеуге қалайша мүмкіндік береді?

А) Протеасомаларда нәруыздардың протеолизін белсендіру арқылы.

Б) Молекулалардың зарядтары мен конформациясының жергілікті өзгеруі салдарынан.

В) Нәруыздың біріншілік құрылымының өзгеруі салдарынан.

Г) Нәруыздардың сулы ортада ерігіштігінің өсуі нәтижесінде.

10. Қандай фактор нәруыз молекуласының толық денатурациялануын тудырады?

А) Нәруыз ерітіндісін 20 °С-қа дейін қыздыру.

Б) Нәруыз ерітіндісін қайнату.

В) Нәруыз ерітіндісін сумен сұйылту.

Г) 0,9%-дық натрий хлоридінің ерітіндісін қосу.

11. Нәруыздың денатурациясы кезінде қандай байланыстар бұзыла алмайды?

А) Гидрофобтық әрекеттесулер.

Б) Сутектік.

В) Иондық.

Г) Пептидтік.

12. Нәруыздың денатурациясы кезінде не байқалады?

А) Сутектік байланыстардың сақталуы.

Б) Пептидтік байланыстардың сақталуы.

В) Аминқышқылдық құрамның өзгеруі.

Г) Екіншілік және үшіншілік құрылымның сақталуы.

13. Нәруыздың денатурациясы кезінде аминқышқылдары қалдықтарының арасындағы байланыстардың қандай түрлері үзіледі?

А) Сутектік, пептидтік, дисульфидтік.

- Б) Гидрофобтық, сутектік, иондық.
- В) Гидрофобтық, пептидтік, сутектік.
- Г) Сутектік, пептидтік, иондық.

14. Нәруыздың денатурациясы кезінде не байқалады?

- А) Ерігіштік жоғарылайды.
- Б) Биологиялық белсенділік жойылады.
- В) Нәруыз молекуласының заряды жойылады.
- Г) Біріншілік құрылым өзгереді.

15. Денатурация нәтижесінде нәруыз қасиеттерінің ең мүмкін өзгерістерін таңдап алыңдар.

- А) Нәруыз ерігіштігінің төмендеуі және оның тұнбаға түсу қабілетінің жоғарылауы.
- Б) Нәруыз ерігіштігінің жоғарылауы және оның тұнбаға түсу қабілетінің төмендеуі.
- В) Биологиялық белсенділігінің жоғарылауы және протеазалармен ыдырауының жеңілдеуі.
- Г) Биологиялық белсенділігінің және нәруыздың протеолиттік ферменттер үшін қолжетімділігінің төмендеуі.

16. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) *In vivo* жағдайында қайтымды денатурация жоғары температураның әсерінен (60°C-тан жоғары) жүре алады.
- Б) *In vivo* жағдайында қайтымды денатурация жылулық шок нәруыздарының (шаперондар) көмегімен жүре алады.
- В) *In vivo* жағдайында қайтымды денатурация ауыр металдар тұздарының көмегімен жүре алады.
- Г) *In vivo* жағдайында қайтымды денатурация фенолдардың немесе хлораминнің көмегімен жүре алады.

17. Нәруыз ерітіндісіне қандай затты қосқанда оның қайтымсыз денатурациясы болуы мүмкін?

- А) Аммоний сульфатын.
- Б) Натрий сульфатын.
- В) Мыс сульфатын.
- Г) Калий сульфатын.

18. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Нәруыздың нативті конформациясының қалыптасуы барысында оның рибосомадағы синтезінен кейін гормондар қатысады.

- Б) Нәруыздың нативті конформациясының қалыптасуы барысында оның рибосомадағы синтезінен кейін дәрумендер қатысады.

- В) Нәруыздың нативті конформациясының қалыптасуы барысында оның рибосомадағы синтезінен кейін шаперондар қатысады.

- Г) Нәруыздың нативті конформациясының қалыптасуы барысында оның рибосомадағы синтезінен кейін цитохромдар қатысады.

19. Фолдингүдерісі барысында қандай нәруыз бұзылған нәруыз құрылымдарының деградациялануын ынталандырады?

- А) γ -Глобулин.
- Б) Шаперон.
- В) Убиквитин.
- Г) Инсулин.

20. Шаперондардың қызметін көрсетіңдер.

- А) Нәруыздың нативті үшіншілік құрылымын түзу.
- Б) Нәруыздық молекулалардың нысаналық протеолизі.
- В) Нәруыздың төртіншілік құрылымын қалыптастыру.
- Г) ДНҚ тізбектерін жинақтау.

21. Қандай молекула протеасомаларда протеолизге түсетін нәруыздың «белгісі» қызметін атқарады?

- А) Убиквитин.
- Б) Убихинон.
- В) Шаперонин.
- Г) Цитохром Р-450.

22. Убиквитин оның қалдығы арқылы нәруыздармен байланысатын аминқышқылын таңдап алыңдар.

- А) Аргинин.
- Б) Метионин.
- В) Триптофан.
- Г) Лизин.

23. Нәруызды убиквитиндеу қайсы аминқышқылының қалдығы бойынша жүреді?

- А) Валиннің.
- Б) Лизиннің.
- В) Фенилаланиннің.
- Г) Изолейциннің.

24. Убиквитиндеу қандай үдерістің бірінші сатысы болып табылады?

- А) Нәруыздың жетілуі.
- Б) Нәруыздың фолдингi.
- В) Нәруыздың деградациясы.

Г) Ферменттерді белсендіру.

25. Лоури бойынша нәруызды сандық анықтау әдісі қандай принципке негізделген?

- А) Кумасси көк бояғышының нәруыздармен байланысуына және нингидринді реакцияға.
- Б) Кумасси көк бояғышының нәруыздармен байланысуына және биурет реакциясына.
- В) Фолли реактивімен ароматты аминқышқылдарының кешен түзуіне және нингидринді реакцияға.
- Г) Фолли реактивімен ароматты аминқышқылдарының кешен түзуіне және биурет реакциясына.

26. Бір нәруыздың лизин қалдығы және убиквитин глицині қалдығының С-шетімен амидтік байланыс түзілуі реакциясын қандай фермент катализдейді?

- А) Убиквитин-конъюгирайтін ферменттер.
- Б) Убиквитинлигазалар.
- В) Убиквитин-белсендіретін ферменттер.
- Г) Убиквитинкиназалар.

27. Кез келген дипептид ерітіндісін трипептид ерітіндісінен ажырату үшін қандай түрлі-түсті реакцияны жүргізу керек?

- А) Нингидрин.
- Б) Биурет.
- В) Ксантопротеин.
- Г) Фоль.

28. Қайсы ерітінді оң Фоль реакциясын береді?

- А) Желатин ерітіндісі.
- Б) Гистидин ерітіндісі.
- В) Глутамин ерітіндісі.
- Г) Глутатион ерітіндісі.

29. Қайсы ерітінді оң ксантопротеин реакциясын береді?

- А) Глутатион ерітіндісі.
- Б) Овальбумин ерітіндісі.
- В) Глутамин қышқылы ерітіндісі.
- Г) Глутамин ерітіндісі.

30. Ароматты аминқышқылдарына сапалық реакцияны таңдап алындар.

- А) Биурет
- Б) Нингидрин.
- С) Ксантопротеин.
- Г) Фоль реакциясы.

31. Үш түрлі-түсті реакцияларда (биурет, Фоль, ксантопротеин) оң түс беретін три-

пептид қандай аминқышқылдарынан түзілген?

- А) Гис, Про, Тре.
- Б) Асп, Глу, Лиз.
- В) Цис, Тир, Ала.
- Г) Ала, Вал, Мет.

32. Пептидтік байланысқа сапалық реакцияны таңдап алындар.

- А) Ксантопротеин реакциясы.
- Б) Фоль реакциясы.
- В) Нингидрин реакциясы.
- Г) Биурет реакциясы.

33. Лей-Сер-Цис-Арг пептидін Лей-Арг пептидінен ажыратуға қай реакция көмектеседі?

- А) Ксантопротеин реакциясы.
- Б) Фоль реакциясы.
- В) Нингидрин реакциясы.
- Г) Биурет реакциясы.

34. Нәруыздағы аминқышқылдарының ретін қандай әдіспен анықтауға болады?

- А) Секвенирлеу көмегімен.
- Б) Диализдің көмегімен.
- В) Ультравіолдік көмегімен.
- Г) Гельфилтрация көмегімен.

35. Қоспадағы нәруыздарды бөлу үшін қандай әдісті қолдануға болады?

- А) Пептидтік карталау.
- Б) Ионалмасу хроматографиясы.
- В) Рентгенқұрылымдық талдау.
- Г) Секвенирлеу.

36. Казеин мен глобиннің (гемоглобиннің нәруыздық бөлігі) деградациясы кезінде қандай қосылыстар түзіледі?

- А) Биогенді аминдер.
- Б) Антиоксидантов.
- В) Биологиялық белсенді пептидтер.
- Г) Көмірсулық компоненттер.

37. АІЖ-да табиғаты аутоиммундық болатын, патогенезі нәруыздардың ыдырауы немесе сіңірілуі бұзылуына байланысты нәруыздар алмасуының дефектісіне мысалды таңдап алындар.

- А) Квашиоркор.
- Б) Жасқа байланысты жүйелік амилоидоз.
- В) Фронтотемпоралды лобарлы дегенерация
- Г) Целиакия.

38. Отбасылық амилоидтық полинейропатия кезінде қандай нәруыздың тұнуы байқалады?

- А) Иммуноглобулиннің дефектісі бар жеңіл тізбектерінің.
- Б) Сарысулық А амилоидының.
- В) Транстиретиннің.
- Г) Фибриногеннің α -тізбегінің.

39. Прионды аурулардың патогенезі неге байланысты?

- А) Қалыпты нәруыздардың үшіншілік құрылымының бұзылуына және оның нерв жүйесінің жасушаларында жинақталуына.
- Б) Патологиялық нәруыздардың синтезделуіне және олардың нерв жүйесінің жасушаларында жинақталуына.
- В) Нәруыздардың белсендіру механизмдерінің бұзылуына және нәруыздың үнемі белсенді формасының түзілуіне.
- Г) Нәруыздың біріншілік құрылымының бұзылуына және одан кейін оның белсенуіне.

40. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Отбасылық спонгиформалық энцефалопатия лизосомалық жинақталу сырқаттарына жатады.
- Б) Отбасылық спонгиформалық энцефалопатия приондық жинақталу сырқаттарына жатады.
- В) Отбасылық спонгиформалық энцефалопатия амилоидоз тобының сырқаттарына жатады.
- Г) Отбасылық спонгиформалық энцефалопатия алиментарлық нәруыздық тапшылығымен байланысты аурулар тобына жатады.

41. Парпротеинемияларға қандай сырқат жатады?

- А) Миеломалық ауру.
- Б) Фронтотемпоралды лобарлы дегенерация
- В) Альцгеймер ауруы,
- Г) Паркинсонизм.

42. Нефротикалық синдром, ісіктер немесе жеткілікті тамақтанбау кезінде қан плазмасы нәруыздарының қандай фракциясының мөлшері ең жоғары дәрежеде төмендейді?

- А) Альбуминдер.
- Б) α_1 -Глобулиндер.
- В) α_2 -Глобулиндер.
- Г) γ -Глобулиндер.

43. Қандай сырқатты диагностикалауды бастаған кезде қан плазмасының нәруыздық фракциясын анықтау құнды болуы мүмкін?

- А) Амилоидозды.
- Б) Бауырдың жеткіліксіздігін.
- В) Крейтцфельд-Якоб ауруын.
- Г) Крон ауруын.

44. Нәруыздардың үшіншілік құрылымының бұзылуы қандай сырқатты тудырады?

- А) Бери-бери.
- Б) Кеуекті энцефалопатия (Крейтцфельд-Якоб ауруы).
- В) Қантты диабет.
- Г) Мешел

45. Нәруыздардың үшіншілік құрылымының бұзылуы қандай сырқатты тудырады?

- А) Гликогеноз.
- Б) Амилоидоз.
- В) Қантты диабет.
- Г) Остеопороз.

46. Қандай сырқат нәруыздардың үшіншілік құрылымының бұзылуымен байланысты?

- А) Бери-бери.
- Б) Альцгеймер ауруы.
- В) Қантты диабет.
- Г) Мешел

47. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Квашиоркор тағамда нәруыздар тапшы болғанда балаларда байқалады.
- Б) Квашиоркор тағамда көмірсулар тапшы болғанда балаларда байқалады.
- В) Квашиоркор тағамда липидтер тапшы болғанда балаларда байқалады.
- Г) Квашиоркор тағамда дәрумендер тапшы болғанда балаларда байқалады.

48. Келтірілген аурулардың қайсысы прионды ауруларға жатады?

- А) Фатальды отбасылық ұйқысыздық.
- Б) Александер ауруы.
- В) Вальденстром макроглобулинемиясы
- Г) Отбасылық амилоидтық полинейропатия.

49. Келтірілген аурулардың қайсысы прионды ауруларға жатады?

- А) Крон ауруы.
- Б) Крейтцфельд-Якоб ауруы.
- В) Александер ауруы.
- Г) Франклин ауруы.

50. Квашиоркоре кезінде нәруыздық тапшылық неге байланысты?

- А) АІЖ-да табиғаты аутоиммунды нәруыздардың сіңірілуінің бұзылуымен.
- Б) Нәруыздың АІЖ-да ыдырауының бұзылуымен.
- В) Организмге келіп түскен нәруыздың оның қажеттілігіне сәйкес келмеуімен.
- Г) Патологиялық нәруыздардың жинақталуымен.

51. Франклин ауруына қандай патологиялық нәруыздардың жинақталуы тән?

- А) Иммуноглобулиндердің құрылымдық толыққанды емес ауыр тізбектерінің.
- Б) λ , κ - М иммуноглобулиндердің жеңіл тізбектері.
- В) Кримоглобулиндердің.
- Г) β_2 -Микроглобулиндердің.

52. Крон ауруы кезінде нәруыздардың жеткіліксіздігі неге байланысты?

- А) АІЖ-да табиғаты аутоиммунды нәруыздардың сіңірілуінің бұзылуы.
- Б) АІЖ-да нәруыздардың ыдырауының бұзылуы.
- В) Организм қажеттілігіне сәйкес келмейтіндей нәруыздың келіп түсуі.
- Г) Патологиялық дәрумендердің түзілуі және жинақталуы.

53. Диспротеинемия дегеніміз не?

- А) Плазма нәруыздарының фракциялары қатынасының бұзылуы.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ХИМИЯ

Бөлім 31. Гемопротейндердің алмасуы

1. Гемоглобиннің құрылымына неше молекула гем кіреді?

- А) Бір гем.
- Б) Екі гем.
- В) Үш гем.
- Г) Төрт гем.

2. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Гем δ -АЛК-синтазаның құрамына кіреді.
- Б) Гем пероксидазаның құрамына кіреді.
- В) Гем лактатдегидрогеназаның құрамына кіреді.
- Г) Гем трипсиннің құрамына кіреді.

3. Гем қызыл түске боялған. Бұл оның құрылымының қандай ерекшелігіне байланысты?

- А) Порфириннің сақинасында қосарланған қос байланыстардың болуына.

- Б) Жалпы нәруыздар мөлшерінің жоғарылауы немесе төмендеуі.
- В) Нәруыздардың патологиялық формаларының пайда болуы.
- Г) Плазма липопротеиндері қатынасының бұзылуы.

54. Иммуноглобулиндердің қайсы класы пентамерлер түрінде секрецияланады?

- А) IgA.
- Б) IgG.
- В) IgE.
- Г) IgM.

55. Қайсы иммуноглобулин қан сарысуының негізгі иммуноглобулині болып табылады?

- А) IgA.
- Б) IgG.
- В) IgE.
- Г) IgM.

56. Иммуноглобулиндер күрделі нәруыздардың қайсы класына жатады?

- А) Гликопротеиндер.
- Б) Липопротеиндер.
- В) Нуклеопротеиндер
- Г) Гемопротейндер

- Б) Пирролды гетероциклдерде азот атомдарының болуына.
- В) Пирролды гетероциклдердің болуына.
- Г) Метилді және винилді радикалдардың болуына.

4. Гем синтезінің соңғы сатысын қандай фермент катализдейді?

- А) Феррохелатаза.
- Б) Уропорфириндекарбоксилаза.
- В) АЛК-синтаза.
- Г) Копропорфириногеноксидаза.

5. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Гем синтезінің ферменттері тек қана митохондрияларда шоғырланған.
- Б) Гем синтезінің ферменттері тек қана цитоплазмада шоғырланған.
- В) Гем синтезінің ферменттері цитоплазмада және митохондрияларда шоғырланған.

Г) Гем синтезінің ферменттері митохондриялардың мембраналарына кіріктірілген.

6. δ -АЛК-синтаза коферментін көрсетіңдер.

- А) Пиридоксальфосфат.
- Б) ТПФ.
- В) ТГФК.
- Г) HSKoA.

7. 1 молекула гем синтездеу үшін неше молекула δ -АЛК қажет болады?

- А) 8.
- Б) 16.
- В) 28.
- Г) 32.

8. ТҚЦ-ның қандай метаболиті гемнің синтезіне қатысады?

- А) Цитрат.
- Б) Сукцинат.
- В) Сукцинил-SKoA.
- Г) α -Кетоглутарат.

9. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Гемохроматоз гемоглобин метглобулинге өткен кезде пайда болады.
- Б) Гемохроматоз гемоглобин гемосидеринге өткен кезде пайда болады.
- В) Гемохроматоз ферритин гемосидеринге өткен кезде пайда болады.
- Г) Гемохроматоз ферритин трансферринге өткен кезде пайда болады.

10. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) δ -АЛК-синтазаның синтезі транскрипция сатысында реттеле алады.
- Б) δ -АЛК-синтазаның синтезі трансляция сатысында реттеле алады.
- В) δ -АЛК-синтазаның синтезі нәруыздардың фолдинг сатысында реттеле алады.
- Г) δ -АЛК-синтазаның синтезі постсинтетикалық модификациялау сатысында реттеле алады.

11. Гем синтезінің метаболитін көрсетіңдер.

- А) Уробилин.
- Б) Уропорфириноген III.
- В) Уробилиноген.
- Г) Стеркобилиноген.

12. Трансляция сатысында δ -АЛК-синтаза синтезін қандай иондар реттейді?

- А) K^+ .

Б) Fe^{2+} .

В) Na^+ .

Г) Cu^{2+} .

13. δ -АЛК-синтаза катализдейтін реакция өнімдерінің біреуін көрсетіңдер.

- А) CO_2 .
- Б) O_2 .
- В) NH_3 .
- Г) PO_4^{3-} .

14. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) δ -АЛК-синтаза – НАД-тәуелді фермент.
- Б) δ -АЛК-синтаза гем синтезінің үшінші реакциясын катализдейді.
- В) δ -АЛК-синтазаны гем аллостериялық белсендіреді.
- Г) δ -АЛК-синтаза – гем синтезінің реттегіш ферменті.

15. Гем синтезіне қажет сукцинил-SKoA-ны беретін метаболиттік жолды көрсетіңдер.

- А) ТҚЦ.
- Б) Глюкоза тотығуының пентозофосфаттық жолы.
- В) Гликолиз.
- Г) Глюконеогенез

16. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Аминолевулинатсинтазаның белсендігі кері теріс байланысу механизмі бойынша реттеледі.
- Б) Аминолевулинатсинтаза – тетрамерлі нәруыз.
- В) Аминолевулинатсинтазаның синтезі Na^+ концентрациясына тәуелді.
- Г) Аминолевулинатсинтаза - НАД⁺-тәуелді фермент.

17. Гемнің синтезінде IX протопорфириногенге темірдің қосылуын қандай фермент катализдейді?

- А) Феррокаталаза.
- Б) АЛК-синтаза.
- В) АЛК-дегидратаза.
- Г) Гемоксигеназа.

18. Қандай қосылыс гемнің тікелей ізашары болып табылады?

- А) Протопорфирин IX.
- Б) Билирубин.
- В) Стеркобилиноген.
- Г) Порфобилиноген.

19. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Аминолевулинатсинтаза - гем синтезінің реттегіш ферменті.
- Б) Аминолевулинатсинтаза – ФАД-тәуелді фермент.
- В) Аминолевулинатсинтаза – НАД-тәуелді фермент.
- Г) Аминолевулинатсинтазаны порфобилиноген ингибирлейді.

20. Гемнің синтезі үшін қандай кофермент қажет?

- А) Пиридоксальфосфат.
- Б) ТГФК.
- В) ТПФ.
- Е) ФМН.

21. Қандай анион тетрапирролды сақинаның көміртегі атомдарының басым көпшілігінің көзі болып табылады?

- А) Оксалоацетат.
- Б) Фумарат.
- В) Цитрат.
- Г) Сукцинат.

22. Қандай аминқышқылы тетрапирролды сақинаның азот атомдары және көміртегі атомдарының көзі болып табылады?

- А) Аспарагин.
- Б) Лизин.
- В) Глицин.
- Г) Глутамин.

23. Гем синтезі реакцияларының көпшілігі жасушаның қай жерінде жүреді?

- А) Митохондрияларда.
- Б) ЭПР-де.
- В) Цитоплазмада.
- Г) Пероксисомаларда.

24. Қосылыстардың қайсы жұбынан порфобилиноген синтезделеді?

- А) Сукцинил-SKоА екі молекуласынан.
- Б) Сукцинил-SKоА және δ -АЛК.
- В) δ -АЛК екі молекуласынан.
- Г) δ -АЛК және глициннен.

25. Гем синтезінің барысында түзілетін бірінші пирролды қосылысты көрсетіндер.

- А) Протопорфириноген.
- Б) Протопорфирин.
- В) Порфобилиноген.
- Г) Уропорфирин.

26. IX протопорфиринге темірдің қосылу реакциясын қандай фермент жүзеге асырады?

- А) Каталаза.
- Б) Ферроксидаза.
- В) Феррохелатаза.
- Г) Гемоксигеназа.

27. Порфобилиногеннің түзілуіне қандай фермент қажет?

- А) АЛК-синтаза.
- Б) Аденилаткиназа.
- В) АЛК-дегидратаза.
- Г) Рибонуклеотидредуктаза.

28. Адам организмінде гемнің синтезі үшін қандай екі бастапқы заттар қолданылады?

- А) Глицин және сукцинил-SKоА.
- Б) Серин және фумарат.
- В) Метионин және аспарат.
- Г) Глутамат және ацетил-SKоА.

29. Гемнің биосинтезі үшін қандай молекулалар қажет?

- А) Билирубиннің 6 молекуласы.
- Б) Пиримидиннің 4 молекуласы.
- В) Пирролдың 6 молекуласы.
- Г) Порфобилиногеннің 4 молекуласы.

30. Гем катаболизмінің бірінші реакциясын қандай фермент катализдейді?

- А) Гемоксигеназа.
- Б) Биливердинредуктаза.
- В) УДФ-глюкуронилтрансфераза.
- Г) АЛК-дегидратаза.

31. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Гемнің катаболизмі тек қана бауырда жүреді.
- Б) Гемнің катаболизмі НАДФН(H^+) түзілуі арқылы жүреді.
- В) Гемнің катаболизмі аммиактың түзілуіне соқтырады.
- Г) Гемнің катаболизмі тура емес билирубиннің түзілуімен жүреді.

32. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Билирубиннің бауырға тасымалдануы альбуминнің кешенімен жүзеге асырылады.
- Б) Билирубиннің бауырға тасымалдануы натрий иондарының кешенімен жүзеге асырылады.
- В) Билирубиннің бауырға тасымалдануы бос күйінде жүзеге асырылады.

Г) Билирубиннің бауырға тасымалдануы карнитиннің көмегімен жүзеге асырылады.

33. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

А) Тура билирубин бауырда глюкурон қышқылымен конъюгациялану жолымен түзіледі.

Б) Тура билирубин бауырда гиалурон қышқылымен конъюгациялану жолымен түзіледі.

В) Тура билирубин бауырда фосфор қышқылымен конъюгациялану жолымен түзіледі.

Г) Тура билирубин бауырда аскорбин қышқылымен конъюгациялану жолымен түзіледі.

34. Қандай қосылыс гемоксигеназаның өнімі болып табылады?

А) CO_2 .

Б) NO .

В) NO_2 .

Г) CO .

35. Гемоглобиннің ыдырауына қандай кофермент қатысады?

А) ФАД.

Б) Пиридоксальфосфат.

В) НАДФН(H^+).

Г) ФМН.

36. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

А) Тура емес билирубин тек қана бауырда түзіледі.

Б) Тура емес билирубин сары ауру кезінде зәрден анықталады.

В) Тура емес билирубин қанның альбуминімен байланысады.

Г) Тура емес билирубин суда жақсы ериді.

37. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

А) Тура билирубин – гидрофобты қосылыс.

Б) Тура билирубин сары ауру кезінде зәрден анықталады.

В) Тура билирубин глутатионмен конъюгацияланған.

Г) Тура билирубин қалыпты жағдайда организмнен зәрмен шығарылады.

38. Қандай қосылыс сарысулық альбумин кешенімен тасымалданады?

А) Аммиак.

Б) Мочевина.

В) Тура билирубин.

Г) Тура емес билирубин.

39. Қандай қосылыстың антиоксиданттық белсендігі бар?

А) Порфин.

Б) Аммиак.

В) Билирубин.

Г) δ -АЛК.

40. Қайсы дәруменнің тапшылығы гем катаболизмінің бұзылуына соқтырады?

А) Пиридоксиннің.

Б) Никотин қышқылының.

В) Пантотен қышқылының.

Г) Холекальциферолдың.

41. Билирубиннің конъюгациялануы қай жерде жүреді?

А) Ішекте.

Б) Бауырда.

В) Бұлшықеттерде.

Г) қан тамырларында.

42. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

А) Қалыпты жағдайда өтте билирубинді-глюкуронидті ашуға болады.

Б) Қалыпты жағдайда өтте билирубинді альбуминмен кешені түрінде ашуға болады.

В) Қалыпты жағдайда өтте бос билирубинді ашуға болады.

Г) Қалыпты жағдайда өтте биливердинді ашуға болады.

43. Қалыпты жағдайда зәрмен және нәжістің массасымен қандай қосылыстар шығарылады?

А) Билирубин және биливердин.

Б) Уробилин және стеркобилин.

В) Уропорфириноген және протопорфириноген.

Г) Вердоглобин және гемоглобин.

44. Биливердин қандай түске боялған?

А) Сары.

Б) Жасыл.

В) Көк .

Г) Қызыл.

45. Стеркобилиноген қайсы жерде түзіледі?

А) Ішекте .

Б) Бауырда.

В) Ұйқы безінде.

Г) Бүйректе.

46. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

А) Тағамның порфириндерін және нуклеин қышқылдарының азотты негіздерін біздің организм қолданады.

Б) Тағамның порфириндері және нуклеин қышқылдарының азотты негіздері ыдырайды және қолданылмайды.

В) Тағамның порфириндері және нуклеин қышқылдарының азотты негіздері аздаған модификациялаудан кейін қолданылады.

Г) Тағамның порфириндері және нуклеин қышқылдарының азотты негіздері өзгеріссіз өздерінің қосылыстарына оңай кірігеді.

47. Билирубин ішекте қандай қосылыс түрінде секрецияланады?

А) Билирубин-диглюкуронид.

Б) Бос билирубин.

В) Стеркобилиноген.

Г) Тура емес билирубин.

48. Бауырда билирубиннің детоксикациялану үдерісіне қандай фермент қатысады?

А) Цитохром Р-450.

Б) УДФ-глюкуронилтрансфераза.

В) Билирубинредуктаза.

Г) Цитохром с.

49. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

А) Өт пигменттері – гемнің ыдырау өнімдері.

Б) Өт пигменттері – глобиннің ыдырау өнімдері.

В) Өт пигменттері – холестериннің бауырда өзгеру өнімдері.

Г) Өт пигменттері – стероидтық гормондардың ыдырау өнімдері.

50. Билирубиннің конъюгациялануы қандай жасушаларда жүреді?

А) Гепатоциттерде.

Б) Энтероциттерде.

В) Адипоциттерде.

Г) Эритроциттерде.

51. Қандай ферменттің әсерінен биливердиннен билирубин түзіледі?

А) Биливердинредуктазаның.

Б) Гемоксигеназаның.

В) УДФ-глюкуронилтрансферазаның.

Г) АЛК-дегидратазаның.

52. Қандай қосылыстың түзілуін УДФ-глюкуронилтрансфераза катализдейді?

А) Биливердиннің.

Б) Тура емес билирубиннің.

В) Тура билирубиннің.

Г) Стеркобилиногеннің.

53. Организм жағдайында қандай қышқыл билирубиннің гидрофобтығын төмендетеді?

А) Гиалурон.

Б) Глутамин.

В) Гпюкурон.

Г) Гликохоль.

54. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

А) Бос (тура емес) билирубин гематоэнцефалиттік тосқауыл арқылы өтуге қабілетті..

Б) Бос (тура емес) билирубин суда еруге қабілетті.

В) Бос (тура емес) билирубин холестеринмен байланысуға қабілетті.

Г) Бос (тура емес) билирубин қанда глюкурон қышқылымен конъюгаттар түзуге қабілетті.

55. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

А) Организмдегі темір гемопротеиндерді синтездеуге қажет.

Б) Организмдегі темір трансферрин түрінде деполанады.

В) Организмдегі темір церулоплазмин түрінде тасымалданады.

Г) Организмдегі темірді гемоглобин тасымалдайды.

56. Трансферриннің бір молекуласы неше темір иондарын (максимал) тасымалдауға қабілетті?

А) 4.

Б) 3.

В) 2.

Г) 1.

57. Темірдің тотықсыздануына, оның энтероциттерге сіңірілуінің жақсаруына қандай дәрумен қатысады?

А) Аскорбин қышқылы.

Б) Пантотен қышқылы.

В) Никотин қышқылы.

Г) Фолий қышқылы.

58. Қандай дәрумен темір иондарын тасымалдайды?

А) Трансферрин.

Б) Ферритин.

В) Миоглобин.

Г) Цитохром с.

59. Темір иондарының жасушада деполануына қандай нәруыз қатысады?

- А) Ферритин.
- Б) Каталаза.
- В) Гемоглобин.
- Г) Альбуминдер.

60. Сары аурудың барлық түрлерінде қанда қандай қосылыстың концентрациясы өседі?

- А) Гемоглобин А.
- Б) Гемоглобин S.
- В) Трансферриннің.
- Г) Жалпы билирубиннің.

61. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Гемолиттік сары ауру кезінде гипербилирубинемия конъюгацияланбаған билирубин концентрациясының өсуі есебінен пайда болады.
- Б) Гемолиттік сары ауру кезінде гипербилирубинемия конъюгацияланған билирубин концентрациясының өсуі есебінен пайда болады.
- В) Гемолиттік сары ауру кезінде гипербилирубинемия конъюгацияланбаған және конъюгацияланған билирубин концентрациясының өсуі есебінен пайда болады.
- Г) Гемолиттік сары ауру кезінде гипербилирубинемия пайда болмайды.

62. Глюкуронилтрансферазаның генетикалық дефекті кезінде қанда қандай қосылыстың концентрациясы өседі?

- А) Тура емес билирубиннің.
- Б) Уробилиннің.
- В) Уробилиногеннің.
- Г) Билирубин-диглюкуронидтің.

63. Жаңа туған нәрестелердің сары ауруы қандай геннің экспрессиясының тапшылығына байланысты?

- А) УДФ-глюкуронилтрансферазаның.
- Б) Билирубинредуктазаның.
- В) Цитохром с.
- Г) Цитохром Р-450.

64. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Обтурациялық (тығындалған) сары аурудың негізінде өттің бауырдан онекілі ішекке тасымалдануының бұзылыстары жатыр.
- Б) Обтурациялық (тығындалған) сары аурудың негізінде УДФ-глюкуронилтрансферазаның жеткіліксіз белсендігі жатыр.

В) Обтурациялық (тығындалған) сары аурудың негізінде эритроциттердің гемолизденуінің күшеюі жатыр.

Г) Обтурациялық (тығындалған) сары аурудың негізінде бауырдың циррозы жатыр.

65. «Обтурациялық сары ауру» терминінің синонимін көрсетіндер.

- А) Механикалық сары ауру.
- Б) Гемолиттік сары ауру.
- В) Нәрестелік сары ауру.
- Г) Бауырда тура емес билирубинді залалсыздандырудың бұзылуы.

66. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Механикалық сары ауру холестаза синдромымен жүреді.
- Б) Механикалық сары ауру УДФ-глюкуронилтрансфераза белсендігінің жеткіліксіздігімен жүреді.
- В) Механикалық сары ауру
- Г) Механикалық сары ауру нәжістің қараюымен жүреді..

67. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Нәжістің түссізденуі холестаза синдромымен байланысты болуы мүмкін.
- Б) Нәжістің түссізденуі УДФ-глюкуронилтрансфераза белсендігінің жеткіліксіздігіне байланысты болуы мүмкін.
- В) Нәжістің түссізденуі эритроциттер гемолизінің күшеюінен байланысты болуы мүмкін.
- Г) Нәжістің түссізденуі гем ыдырауының баяулауына байланысты болуы мүмкін.

68. Жильбер синдромы кезінде қандай зертханалық көрсеткіш өзгереді (гепатоциттердің қаннан билирубинді байлауының бұзылыстары орын алады)?

- А) Зәрде тура билирубиннің концентрациясы өседі.
- Б) Қанда тура емес билирубиннің концентрациясы өседі.
- В) Қанда тура билирубиннің концентрациясы өседі.
- Г) Зәрде уробилиннің концентрациясы өседі.

69. Гем синтезінің бұзылысы неге соқтыруы мүмкін?

- А) Альбинизмге.
- Б) Гемохроматозға.
- В) Порфирияға.

Г) Гемофилияға.

70. Пытель-Квик сынамасын жүргізгенде несеппен қандай қосылыстың бөлінуін өлшеу қажет болады?

- А) Гиппур қышқылының.
- Б) Бензой қышқылының.
- В) Глициннің.
- Г) Уробилиногеннің.

71. Пытель-Квик сынамасын жүргізу үшін пациент қандай қосылысты қабылдайды?

- А) Бензойқышқыл натрий.
- Б) Цитрат натрий.
- В) Карбонат натрий.
- Г) Глутамат натрий.

72. Жедел вирустық гепатит кезінде сары аурудың қандай түрі дамуы мүмкін?

- А) Обтурациялық.
- Б) Гемолиттік.
- В) Паренхиматоздық.
- Г) Сары ауру байқалмайды.

73. Порфирияның себебі не болуы мүмкін?

- А) 5-аминолевулинатсинтазаның туа біткен дефекті.
- Б) Пиридоксиннің гиповитаминозы.
- В) Фолий қышқылының гиповитаминозы.
- Г) Қорғасынның тұздарымен улану.

74. Теміртапшылық анемияға не тән?

- А) Сывороткалық ферритин концентрациясының өсуі.
- Б) Гемоглобин синтезі жылдамдығының және эритроциттер өлшемінің төмендеуі.
- В) Трансферриннің темірмен қанығуының жоғарылауы.
- Г) Жасушаларда гемосидериннің жинақталуы.

75. Билирубиннің ыдырау өнімі болып табылатын қосылыстарды көрсетіңдер:

- А) Гемоглобин және басқа нәруыздар.
- Б) Гемоглобин және құрамында гем бар (цитохромдар және миоглобин) нәруыздар.
- В) Тек гемоглобин.
- Г) Цитохром мен миоглобин.

76. Ересек адам ағзасында тәулігіне түзілетін билирубин мөлшерін көрсетіңдер:

- А) 35 мг.
- Б) 250- 350 мг.
- В) 50 г.
- Г) 20 мг.

77. Билирубиннің қанда тасымалдану формасын көрсетіңдер:

- А) Қан плазмасының альбуминімен кешені түрінде.
- Б) Кальций ионымен кешені түрінде.
- В) Билирубин моноглокурониді түрінде.
- Г) Липопотеиндермен кешен түрінде.

78. Билирубиннің альбуминмен кешенін атаңдар:

- А) Конъюгацияланбаған билирубин (тура).
- Б) Конъюгацияланбаған билирубин (тура емес).
- В) Конъюгацияланған билирубин (тура).
- Г) Конъюгацияланған билирубин (тура емес).

79. Билирубин конъюгацияланатын қосылысты атаңдар:

- А) Липидтер.
- Б) Глицин.
- В) Глюкурон қышқылы.
- Г) Гиалурон қышқылы.

80. Билирубиннің глюкурон қышқылының екі молекуласымен конъюгациялануын жүзеге асыратын функциялық топтарды көрсетіңдер:

- А) Билирубин молекуласында пропион қышқылы қалдығының екі карбоксил тобы.
- Б) Билирубин молекуласында пропион қышқылы қалдығының тек бір карбоксил тобы.
- В) Билирубин молекуласында винил топтары арқылы.
- Г) Билирубин молекуласында метил топтары арқылы.

81. Ішекте билирубинглюкуронидтердің бактериялық β -глюкуронидазалар ферментінің әсеріне ұшырайтыны белгілі. Осы үдерісті атаңдар:

- А) Гидролиз.
- Б) Тотығу.
- В) Тотықсыздану.
- Г) Дисмутациялану.

82. Билирубиннің организмнен қандай өнім түрінде шығарылатынын көрсетіңдер:

- А) Уробилин.
- Б) Биливердин.
- В) Вердоглобин.
- Г) Тетрапиррол.

83. Билирубинді альбуминнен босаған соң гепатоциттерге жеңілдетілген диффу-

зия арқылы тасымалдайтын нәруыздарды атаңдар:

- А) Лигандин және протеин Z.
- Б) Билирубин диглюкурониді.
- В) Билирубин глюкурониді.
- Г) УДФ-глюкуронилтрансфераза.

84. УДФ- глюкуронилтрансфераза синтезінің индукторы болып табылатын емдік дәріні атаңдар:

- А) Аскорбин қышқылы.
- Б) Ацетилсалицил қышқылы.
- В) Антибиотиктер.
- Г) Фенобарбитал.

85. Ішекте бактериялық ферменттер β -глюкуронидазалар әсерінен билирубин-глюкуронидтер гидролизінің өнімін атаңдар:

- А) Уробилиноген.
- Б) Стеркобилин.
- В) Билирубин және глюкурон қышқылы.
- Г) Билирубиндиглюкуронид.

86. Гем катаболизмінің бірінші реакциясының ферменттік жүйесін көрсетіңдер:

- А) Биливердинредуктаза.
- Б) β - глюкуронидаза.
- В) Гемоксигеназа.
- Г) Каталаза.

87. Гемоліздік сары ауру себебін көрсетіңдер:

- А) Бауыр жасушаларының зақымдануы.
- Б) Эритроциттердің қарқынды гемолізі.
- В) Бауырдың өт өзектерінің бітелуі.
- Г) Өт капиллярларының зақымдануы.

88. Жасуша эндоплазмалық ретикулумының гемоксигеназалық жүйесі арқылы

гемоглобиннің өзгеру өнімін атаңдар:

- А) Билирубин.
- Б) Биливердин.
- В) Вердоглобин.
- Г) Тура билирубин.

89. Биливердиннің НАДФ(H^+)- тәуелді редуктазамен тотықсыздану өнімін көрсетіңдер:

- А) Гемосидерин.
- Б) Тура билирубин.
- В) Протопорфирин.
- Г) Билирубин.

90. Бауыр жасушаларымен ұсталған соң билирубинмен жүретін үдерісті атаңдар:

- А) Тотығу.

Б) Тотықсыздану.

В) УДФ-глюкуронатпен конъюгация.

Г) Альбуминмен қосылу.

91. УДФ-глюкуронатпен конъюгация нәтижесінде қанда пайда болатын билирубин формасын көрсетіңдер:

- А) Тура билирубин.
- Б) Тура емес билирубин.
- В) Стеркобилиноген.
- Г) Уробилиноген.

92. Бауырда билирубиннің өзгеруіне әкелетін метаболиттік жолды атаңдар:

- А) ЭР микросомалық тотығу жүйесімен тотықсыздану.
- Б) Микросомалық гидролазалармен гидролиздену.
- В) УДФ-глюкуронатпен конъюгациялану.
- Г) Өт қышқылдарының синтезі.

93. Билирубин диглюкуронидінің түзілу реакциясын катализдейтін ферментті атаңдар:

- А. Феррохелатаза.
- Б) Биливердинредуктаза.
- В) Глюкуронилтрансфераза.
- Г) Гемоксигеназа.

94. Билирубин диглюкуронидінің басқаша аталуын көрсетіңдер:

- А) Уробилин.
- Б) Стеркобилин.
- В) Тура билирубин.
- Г) Тура емес билирубин.

95. Билирубиннің глюкурон қышқылымен конъюгациясынан кейін қасиеттерінің өзгеруін көрсетіңдер:

- А. Уыттылығының төмендеуі.
- Б) Уыттылығының артуы.
- В) Организмнен экскрециялану қарқынының төмендеуі.
- Г) Альбуминге жоғары ынтықтығының артуы.

96. Эритроцит жасушаларында фермент тапшы болғанда гемолізге ұшыраған жасушалар саны көбейіп, билирубиннің түзілуі артады. Осы ферментті атаңдар:

- А. Глюкозо-6-фосфатаза.
- Б) Глюкокиназа.
- В) Гексокиназа.
- Г) Глюкозо-6-фосфатдегидрогеназа.

97. Өтке секрецияланбайтын билирубин түрін анықтаңдар:

- А) Билирубиндиглюкуронид.
- Б) Уробилиноген.
- В) Тура емес билирубин.
- Г) Тура билирубин.

98. Қан сарысуында тура конъюгацияланған билирубин фракциясы есебінен жалпы билирубиннің жоғарылау себебін көрсетіндер:

- А) УДФ-глюкурон қышқылының жеткіліксіз түзілуі.
- Б) УДФ-глюкуронилтрансфераза ферменті синтезінің төмендеуі.
- В) Конъюгацияланбаған билирубиннің қаннан жасушалармен ұсталуының төмендеуі.
- Г) Өттің өт қапшығынан 12-елі ішекке шығарылуының бұзылуы.

99. Қан сарысуында тура конъюгацияланған билирубиннің және тура емес конъюгацияланбаған билирубиннің жоғарылау себебін көрсетіндер:

- А) УДФ-глюкурон қышқылының жеткіліксіз түзілуі.
- Б) УДФ-глюкуронилтрансфераза ферменті синтезінің төмендеуі.
- В) Өт айдалуының бұзылуы.
- Г) Қаннан конъюгацияланбаған билирубиннің бауыр жасушаларында ұсталуының және конъюгацияланған билирубиннің түзілу қарқындылығының төмендеуі.

100. Билирубиндиглюкуронидтің өтке қалыпты секрециясында зәр құрамында кездесетін билирубиннен түзілетін өнімді атаңдар:

- А) Билирубиндиглюкуронид.
- Б) Уробилин-альбумин.
- В) Тура билирубин.
- Г) Уробилин.

101. Билирубиннің өтке қалыпты секрециясы бұзылғанда зәр құрамында кездесетін билирубиннен түзілетін өнімді атаңдар:

- А) Билирубиндиглюкуронид.
- Б) Уробилин-альбумин.
- В) Тура емес билирубин.
- Г) Уробилин.

102. Бауырда билирубиннің конъюгациялану үдерісін катализдейтін ферментті атаңдар:

- А) Биливердинредуктаза.
- Б) Гемоксигеназалық жүйе.

- В) Ферроксидаза, УДФ – глюкуронилтрансфераза I.
- Г) УДФ-глюкуронилтрансфераза I, УДФ-глюкуронилтрансфераза II.

103. Митохондриялық ЭТТ цитохромдарының протетикалық тобын атаңдар:

- А) Сукцинил-КоА.
- Б) Гем.
- В) Глюкозо-6-фосфат.
- Г) С дәрумені.

104. Цитохром P₄₅₀ протетикалық тобын атаңдар:

- А) Кофермент А.
- Б) Гем.
- В) Гемоглобин.
- Г) РР туындысы.

105. Каталаза коферментін көрсетіндер:

- А) В₅ туындысы.
- Б) Гем.
- В) В₁₂ туындысы.
- Г) РР туындысы.

106. Пероксидаза коферментін көрсетіндер:

- А) Күкірт атомы.
- Б) Гемоглобин.
- В) РР туындысы.
- Г) Гем.

107. Цитохромоксидаза коферментін көрсетіндер:

- А) Глюкозо-6-фосфат.
- Б) Гемоглобин.
- В) P₄₅₀.
- Г) Гем.

108. Гемоглобин мен миоглобиннің протетикалық тобын атаңдар:

- А) Гем.
- Б) Fe²⁺.
- В) Fe³⁺.
- Г) Гемоглобин.

109. Гем синтезінің субстраттарын көрсетіндер:

- А) Глицин, сукцинил-SКоА, Fe²⁺.
- Б) Гем, Fe²⁺.
- В) Пиррол, Fe²⁺.
- Г) Протопорфирин.

110. 5-Аминолевулинатсинтаза мен 5-аминолевулинатгидратазаның алостериялық ингибиторын көрсетіндер:

- А) Гемоглобин.

- Б) Эстрогендер.
- В) Гем.
- Г) Сульфаниламидтер.

111. Бауырда билирубиннің зарарсыздандырылу механизмін көрсетіндер:

- А) Глицинмен конъюгация.
- Б) Липидтермен конъюгация.
- В) Гидролиз.
- Г) Глюкурон қышқылымен конъюгация.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ХИМИЯ

Бөлім 32. Нуклеотидтердің алмасуы

1. Ксантиноксидазаның белсенді орталығына қандай ион кіреді?

- А) Молибденнің.
- Б) Мыстың.
- В) Кальцийдің.
- Г) Мырыштың.

2. Инозиннің гидролизі кезінде қандай қосылыс түзіледі?

- А) Ксантин.
- Б) Гипоксантин.
- В) Зәр қышқылы.
- Г) β -Аланин.

3. Гуанинді дезаминдегенде қандай қосылыс түзіледі?

- А) Ксантин.
- Б) Гипоксантин.
- В) Зәр қышқылы.
- Г) β -Аминизомай қышқылы.

4. Пуринді нуклеотидтердің адамда ыдырауының соңғы өнімін көрсетіндер.

- А) Аланин.
- Б) Зәр қышқылы.
- В) Билирубин.
- Г) АТФ.

5. Қандай сырқат кезінде гиперурикемия байқалады?

- А) Атеросклероз кезінде.
- Б) Леш-Найан синдромы кезінде.
- В) Гиперкортицизм кезінде.
- Г) Фенилкетонурия кезінде.

6. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Гипоксантин ЦМФ ыдырауы кезінде түзіледі.
- Б) Гипоксантин ГМФ ыдырауы кезінде түзіледі.
- В) Гипоксантин УМФ ыдырауы кезінде түзіледі.

112. Гемолиздік сары ауру себептерінің бірін атаңдар:

- А) УДФ-глюкуронилтрансфераза II ферментінің ақауы.
- Б) УДФ-глюкуронилтрансфераза I ферментінің ақауы.
- В) Эритроциттердің плазмалық мембранасы нәруызының генетикалық ақауы.
- Г) Өттің өт қапшығынан 12-елі ішекке шығарылуының бұзылуы.

- Г) Гипоксантин ГМФ ыдырауы кезінде түзіледі.

7. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Ксантин ЦМФ ыдырауы кезінде түзіледі.
- Б) Ксантин ТМФ ыдырауы кезінде түзіледі..
- В) Ксантин УМФ ыдырауы кезінде түзіледі.
- Г) Ксантин ГМФ ыдырауы кезінде түзіледі.

8. Аденозин ыдырағанда түзілетін метаболиттердің дұрыс ретін таңдап алыңдар.

- А) Инозин \rightarrow ксантин \rightarrow гипоксантин \rightarrow зәр қышқылы.
- Б) Инозин \rightarrow гипоксантин \rightarrow ксантин \rightarrow зәр қышқылы.
- В) Гипоксантин \rightarrow ксантин \rightarrow инозин \rightarrow зәр қышқылы.
- Г) Ксантин \rightarrow гипоксантин \rightarrow инозин \rightarrow зәр қышқылы.

9. Зәр қышқылы қандай нуклеотид ыдырауының соңғы өнімі болып табылады?

- А) Аденил нуклеотидінің.
- Б) Оротидил нуклеотидінің.
- В) Цитидил нуклеотид.
- Г) Тимидилнуклеотидінің.

10. Төмендегі қосылыстардың қайсысы пуринді нуклеотидтер ыдырауының өнімі болып табылады?

- А) β -Аланин.
- Б) Аланин.
- В) Ксантин.
- Г) Формилацетат.

11. Подаграны емдеуге қолданылатын аллопуринол қандай қосылыстың құрылымдық аналогы болып табылады?

- А) Урацилдің.
- Б) Тиминнің.
- В) Цитозиннің.
- Г) Гипоксантиннің.

12. Аллопуринол әсерінің соңғы эффекті қандай?

- А) ФРПФ синтезінің төмендеуі.
- Б) Пуринді нуклеотидтер синтезінің төмендеуі.
- В) Зәр қышқылы синтезінің төмендеуі.
- Г) Зәр қышқылы шығарылуының оңайлауы.

13. Келтірілген қосылыстардың қайсысын подаграны емдеуге қолданады?

- А) Тимин.
- Б) 5-Фторурацил.
- В) Оротат.
- Г) Аллопуринол.

14. Пуринді нуклеотидтердің ыдырауын аллопуринол қалай басады?

- А) Каталазаны ингибирлейді.
- Б) Ксантиноксидазаны ингибирлейді.
- В) Зәр қышқылының қан плазмасындағы ерігіштігін арттырады.
- Г) Ураттардың түзілуіне ықпал жасайды.

15. Пуринді нуклеотидтердің синтезі қандай молекуланың түзілуінен басталады?

- А) Ррибозо-5-фосфаттың.
- Б) Рибозо-1-фосфаттың.
- В) ФРПФ-тің.
- Г) Инозиннің.

16. Келтірілген үдерістердің қайсысы рибозо-5-фосфаттың көзі бола алады?

- А) Глюконеогенез.
- Б) Глюкоза тотығуының пентозофосфаттық жолы.
- В) Орнитин циклі.
- Г) Гемоглобиннің ыдырауы.

17. ИМФ-ті АМФ-ке өткізу үшін қандай аминқышқылы қажет?

- А) Аргинин.
- Б) Аспартат.
- В) Глутамин.
- Г) Аспарагин.

18. ИМФ-ті ГМФ-ке өткізу үшін қандай аминқышқылы қажет?

- А) Аргинин.
- Б) Аспартат.
- В) Глутамин.
- Г) Аспарагин.

19. Қандай аминқышқылы пурин ядросындағы N атомдарының біреуінің көзі болып табылады?

- А) Серин.
- Б) Глутамин қышқылы.

- В) Аланин.
- Г) Аспарагин қышқылы.

20. Ксантозил қышқылының түзілуін қандай фермент катализдейді?

- А) Аденилосукцинатлиаза.
- Б) Аденилосукцинатсинтетаза.
- В) ИМФ-дегидрогеназа.
- Г) ГМФ-синтетаза.

21. Пуринді негіздердің синтезіне қатыстын аминқышқылын көрсетіндер.

- А) β -Аланин.
- Б) Глицин.
- В) Аспарагин.
- Г) Лизин.

22. Қандай фермент ГМФ-пен талғамды ингибирлене алады?

- А) ИМФ-дегидрогеназа.
- Б) ГМФ-синтетаза.
- В) Аденилосукцинатсинтетаза.
- Г) Аденилосукцинатлиаза.

23. Қандай фермент АМФ-пен талғамды ингибирлене алады?

- А) Аденилосукцинатсинтетаза.
- Б) ИМФ-дегидрогеназа.
- В) Аденилосукцинатлиаза.
- Г) ГМФ-синтетаза.

24. Қандай қосылыс ФРПФ синтезін белсендіреді?

- А) Глутамин.
- Б) УТФ.
- В) Бейорганикалық фосфат.
- Г) CO_2 .

25. Инозин қышқылы қай нуклеотидтің ізашары болып табылады?

- А) УМФ.
- Б) ЦМФ.
- В) ГМФ.
- Г) ТМФ.

26. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) ИМФ синтезін АМФ ингибирлейді.
- Б) УМФ синтезін АМФ ингибирлейді.
- В) ЦМФ синтезін АМФ ингибирлейді.
- Г) ТМФ синтезін АМФ ингибирлейді.

27. Қайсы аминқышқылы ИМФ синтезіне қатысады?

- А) Аспартат.
- Б) Аспарагин.
- В) Пронин.
- Г) Аланин.

- 28. Қайсы аминқышқылы ИМФ синтезіне қатысады?**
 А) Глутамин.
 Б) Аспарагин.
 В) Аланин.
 Г) Глутамат.
- 29. ТҚЦ-ның қай метаболиті аденило-сукцинат ыдырауы кезінде АМФ синтезі үдерісінде түзіледі?**
 А) Фумарат.
 Б) Сукцинил-СКоА.
 В) Цитрат.
 Г) Оксалоацетат.
- 30. Фосфорибозиламин синтезіне қайсы аминқышқылы қатысады?**
 А) Глутамин.
 Б) Глутамат.
 В) Глицин.
 Г) Аспарат.
- 31. Қандай қосылыс ГМФ *de novo* синтезінің бастапқы метаболиті болып табылады?**
 А) Инозинмонофосфат.
 Б) Гуанозин.
 В) Гуанин.
 Г) Гипоксантин.
- 32. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.**
 А) ФРПФ молекуласына фосфор қышқылының үш қалдығы кіреді.
 Б) ФРПФ молекуласына фосфор қышқылының екі қалдығы кіреді.
 В) ФРПФ молекуласына аденин кіреді.
 Г) ФРПФ молекуласына аденозин кіреді.
- 33. ФРПЗ (5-фосфорибозил-1-пирофосфат) қайсы қосылыстан түзіледі?**
 А) Гуаниннен.
 Б) Адениннен.
 В) Рибозо-3-фосфаттан.
 Г) Рибозо-5-фосфаттан.
- 34. 5-фосфорибозиламин түзілгеннен кейін 9 жалғас реакциялар жүреді. Үдеріс қайсы пуринді нуклеотидтің түзілуімен аяқталады?**
 А) ИМФ.
 Б) ГМФ.
 В) АМФ.
 Г) дГМФ.
- 35. ИМФ қандай нуклеотидтер синтезінің метаболиттік ізашары болып табылады?**

- А) УМФ және АМФ.
 Б) ГМФ және УТФ.
 В) АМФ және ГМФ.
 Г) дГМФ және ТМФ.

36. Пуринді нуклеотидтердің синтезінде қандай қосылыс бір көміртегін тасымалдау (формил тобын енгізу) үдерісіне қатысады?

- А) Ацетоацетат.
 Б) Ретинол.
 В) ТГФК.
 Г) Аденозин.

37. Нуклеотидтрифосфаттардан басқа субстраттарға фосфат топтарын тасымалдауды жүзеге асыратын ферменттердің жалпы аталуын таңдап алыңдар.

- А) Пероксидазалар.
 Б) Киназалар.
 В) Деаминазалар.
 Г) Аминотрансферазалар.

38. «АМФ + АТФ ↔ 2АДФ» қайтымды реакциясын жүзеге асыратын ферментті таңдап

- А) Пероксидаза.
 Б) Аденилаткиназа.
 В) Деаминаза.
 Г) Моноаминооксидаза (МАО).

39. Гипоксантин-гуанинфосфорибозил-трансфераза ферменті белсендігінің болмауына байланысты туындайтын генетикалық сырқатты көрсетіңдер.

- А) Подагра.
 Б) Леш-Найхан синдромы.
 В) Несептас ауруы.
 Г) Оротацидурия.

40. Пуринді нуклеотидтердің синтезіне қандай қосылыс қатысады?

- А) Аспарагин қышқылы.
 Б) Аспарагин.
 В) Аммиак.
 Г) Аланин.

41. Қандай ферменттің тапшылығы Леш-Найхан синдромының дамуына соқтырады?

- А) Нуклеозидфосфорилазаның.
 Б) Карбамоилфосфатсинтетазаның.
 В) Гипоксантингуанинфосфорибозилтрансферазаның.
 Г) Ксантиноксидазаның.

42. ИМФ-тен ГМФ биосинтезінде қандай қосылыс аминтобының көзі болып табылады?

- А) Аспарагин қышқылы.
- Б) Глутамин.
- В) Аммиак.
- Г) Креатин.

43. ИМФ-тен АМФ биосинтезінде қандай қосылыс аминтобының көзі болып табылады?

- А) Аммиак.
- Б) Глутамин қышқылы.
- В) Аспарагин қышқылы.
- Г) Глутамин.

44. Қандай қосылыс пуринді нуклеотидтердің биосинтезіне қатысады?

- А) Орот қышқылы.
- Б) Валин.
- В) Глицин.
- Г) Метионин.

45. Қандай нуклеотид пуринді нуклеотидтердің ортақ ізашары болып табылады?

- А) ОМФ.
- Б) АДФ.
- В) АТФ.
- Г) ИМФ.

46. Қандай аминқышқылы пуринді нуклеотидтердің биосинтезінде қолданылады?

- А) Аланин.
- Б) Лизин.
- В) Глицин.
- Г) Лейцин.

47. Қандай аминқышқылы пуринді нуклеотидтердің биосинтезіне қатысады?

- А) Аланин.
- Б) Триптофан.
- В) Глутамин.
- Г) Лейцин.

48. Леш-Найхан синдромы кезінде жолдардың қайсысы блокадаланады?

- А) Инозиннің гипоксантинге айналуы.
- Б) Гуаниннің ксантинге айналуы.
- В) Гипоксантиннің ИМФ-ке.
- Г) ИМФ-тің ГМФ-ке айналуы.

49. УТФ-тен ЦТФ түзілуі үшін қандай аминқышқылы қажет?

- А) Пролин.
- Б) Глутамин.
- В) Глутамин қышқылы.

Г) Аспарагин.

50. УМФ синтезінің бұзылысы кезінде қандай сырқат байқалады?

- А) Подагра.
- Б) Леш-Найхан синдромы.
- В) Оротацидурия.
- Г) Гирке ауруы.

51. Глутамин тәуелді карбамоилфосфат-синтетазаны қандай қосылыс аллостериялық белсендіреді?

- А) УТФ.
- Б) ГМФ.
- В) ФРПФ.
- Г) НАДН(H^+).

52. Глутаминтәуелді карбамоилфосфат-синтетазаны қандай қосылыс аллостериялық ингибирлейді?

- А) ЦТФ.
- Б) ГМФ.
- В) УТФ.
- Г) НАДН(H^+).

53. Орот қышқылы қай нуклеотидтің ізашары болып табылады?

- А) АМФ.
- Б) ЦМФ.
- В) АДФ.
- Г) ГМФ.

54. Тұқым қуалайтын оротацидурияның терапиясы үшін қандай қосылысты қолданады?

- А) 5-Фторурацил.
- Б) Уридин.
- В) Карбамоиласпартат.
- Г) Аллопуринол.

55. УМФ синтезі кезінде қандай фермент жылдамдықты лимиттейтін реакцияны катализдейді?

- А) Дигидрооротаза.
- Б) Глутамин тәуелді карбамоилфосфатсинтетаза.
- В) ОМФ-декарбоксилаза.
- Г) Дигидрооротатдегидрогеназа.

56. Тимидилатсинтазаның коферментін көрсетіндер.

- А) ТГФК.
- Б) Пиридоксальфосфат.
- В) НАД $^+$.
- Г) НАДФ $^+$.

57. Тимидилатсинтаза қандай реакцияны катализдейді?

- А) дТМФ-тің дГМФ-тен түзілуін.
- Б) дТМФ-тің дАМФ-тен түзілуін.
- В) дТМФ-тің дЦМФ-тен түзілуін.
- Г) дТМФ-тің дУМФ-тен түзілуін.

58. Қандай қосылыс ОМФ синтезі үшін де, ИМФ синтезі үшін де қажет (барлық пиримидинді және пуринді негіздер синтезінің бастапқы метаболиттері)?

- А) ФРПФ.
- Б) Глицин.
- В) Аспарагин.
- Г) Аргинин.

59. дУМФ-тен дТМФ синтезі кезінде қандай қосылыс метил тобының тасымалдаушысы болып табылады?

- А) ТГФК.
- Б) S-аденозилметионин.
- В) Метионин.
- Г) Метанол.

60. Пиримидинді мононуклеотидтер қай жерде синтезделеді?

- А) Жасушаның ядросында.
- Б) Митохондрияларда.
- В) Лизосомаларда.
- Г) Цитоплазмада.

61. Ісікке қарсы метотрексат препаратын қандай фермент ингибирлейді?

- А) Дигидрофолатредуктазаны.
- Б) Аденилаткиназаны.
- В) ФРПФ-синтетазаны.
- Г) Рибонуклеотидредуктазаны.

62. Қандай нуклеотидтің синтезі кезінде орот қышқылы аралық метаболит болып табылады?

- А) АДФ.
- Б) ГМФ.
- В) УМФ.
- Г) АМФ.

63. Пиримидинді нуклеотидтердің түзілуі кезінде карбамоилфосфаттың синтезі үшін қандай қосылыс аминотпарының көзі болып табылады?

- А) Глутамат.
- Б) Глутамин.
- В) Аспартат.
- Г) Аммиак.

64. Қандай қосылыс УМФ синтезін белсендіреді?

- А) ФРПФ.
- Б) Глутамат.

- В) УТФ.
- Г) АТФ.

65. Қандай қосылыс цитоплазмада карбамоилфосфатты синтездеу үшін фосфат тобының доноры болып табылады?

- А) Бос фосфат.
- Б) АМФ.
- В) АТФ.
- Г) ФАФС.

66. дУМФ--тен дТМФ синтезі кезінде қандай аминқышқылы метил тобының доноры бола алады?

- А) Глицин немесе серин.
- Б) Метионин немесе цистеин.
- В) Треонин немесе аспартат.
- Г) Аргинин немесе орнинин.

67. Қандай сырқат бір мезгілде оротат-фосфорибозилтрансфераза және оротидилдекарбоксилазаның тапшылығымен байланысты (УМФ синтезінің ферменттері)?

- А) Ниман-Пик ауруы (сфингомиелиноз).
- Б) Несеп тас ауруы.
- В) Тұқым қуалау оротацидуриясы.
- Г) β -Аминоизобутиратацидурия.

68. Қандай фермент пиримидинді нуклеотидтер синтездеу жылдамдығын лимиттейтін реакцияны катализдейді?

- А) Дигидрооротаза.
- Б) ОМФ-декарбоксилаза.
- В) Карбамоилфосфатсинтетаза II.
- Г) Оротат-фосфорибозилтрансфераза.

69. Пиримидинді нуклеотидтерді синтездеуде қандай реакция жылдамдықты лимиттейтін реакция болып табылады?

- А) Дигидроорот.
- Б) Орот қышқылын синтездеу.
- В) Карбамоилфосфатты синтездеу.
- Г) Уридин-5-фосфатты синтездеу.

70. Карнозин синтезіне қатысатын пиримидинді негіздердің ыдырау өнімін көрсетіндер.

- А) Көмірқышқыл газы.
- Б) β -Апанин.
- В) β -Аминоизомай қышқылы.
- Г) Аммиак.

71. Цитидин катаболизмінің өнімін көрсетіндер.

- А) Гипоксантин.
- Б) Зәр қышқылы.

В) β -Апанин.

Г) β -Аминоизомасляная кислота.

72. β -Аланинді қолданып, АГЖ микрофлорасы қандай коферментті синтездей алады?

А) ТГФК.

Б) Пиридоксальфосфат.

В) НАД⁺.

Г) HSKoA.

73. Қандай нуклеотидтің ыдырауы кезінде β -аминмай қышқылы түзіледі?

А) УМФ.

Б) ЦМФ.

В) ГМФ.

Г) ТМФ.

74. β -Аминоизомай қышқылының жинақталуына байланысты туындайтын генетикалық жағдайды көрсетіндер.

А) Ниман-Пик ауруы (сфингомиелиноз).

Б) Несеп тас ауруы.

В) Оротацидурия.

Г) β -Аминоизобутиратацидурия.

75. Төменде келтірілген қосылыстардың қайсысы пиримидинді нуклеотидтер ыдырауының өнімі болып табылады?

А) Ксантин.

Б) Аланин.

В) β -Аланин.

Г) Формилацетат.

76. Рибонуклеотидтерден дезоксирибонуклеотидтерді синтездеуге қандай қосылыс қатысады?

А) АТФ.

Б) НАДН(H⁺).

В) Тиоредоксин.

Г) ТГФК.

77. Рибонуклеотидтерден дезоксирибонуклеотидтерді синтездеуге қандай қосылыс қатысады?

А) АТФ.

Б) НАДН(H⁺).

В) Глутаредоксин.

Г) ТГФК.

78. Рибонуклеотидредуктазаның тотыққан формасын тотықсыздандыру үшін қандай кіші молекулалық фермент қажет?

А) ИМФ-дегидрогеназа.

Б) Фосфорибозилдифосфатсинтетаза.

В) Аденилосукцинатсинтетаза.

Г) Глутаредоксин.

79. Қандай ферменттің тотықсыздандыруына тиолды оксидоредуктаза тиоредоксин қатысады?

А) ИМФ-дегидрогеназалар.

Б) Фосфорибозилдифосфатсинтетазалар.

В) Аденилосукцинатлиазалар.

Г) Рибонуклеотидредуктазалар

80. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алындар.

А) Тиоредоксин дезоксирибонуклеотидтердің синтезіне қатысады.

Б) Тиоредоксин рибонуклеотидтердің синтезіне қатысады.

В) Тиоредоксин нуклеозидтердің синтезіне қатысады.

Г) Тиоредоксин азотты негіздердің синтезіне қатысады.

81. Нуклеозиддифосфаттардағы рибозаны тотықсыздандыруға қандай қосылыс қатысады?

А) Тиоредоксин.

Б) НАДН(H⁺).

В) Липой қышқылы

Г) ФМН.

82. Рибонуклеотидредуктаза қандай реакцияны катализдейді?

А) Рибонуклеозиддифосфаттардан дезоксирибонуклеозиддифосфаттардың түзілуін.

Б) УМФ-тен ТМФ түзілуін.

В) АМФ-тен АТФ түзілуін.

Г) АДФ-тен АТФ түзілуін.

83. Тотыққан нәруыз тиоредоксинді тотықсыздандыру үшін қандай қосылыс болуы керек?

А) НАДФН(H⁺).

Б) НАДН(H⁺).

В) Сукцинат.

Г) Малат.

84. Дифосфаттар деңгейінде рибонуклеотидтерді дезокситуындарға дейін тотықсыздандыру қандай қосылыстың қатысуымен жүреді?

А) HSKoA.

Б) ТДФ.

В) ФРПФ.

Г) НАДФН(H⁺).

85. Дифосфаттар деңгейінде рибонуклеотидтерді дезокситуындарға дейін то-

тықсыздандыру қандай ферменттің қатысуымен жүреді?

- А) Ксантиноксидазаның.
- Б) Аденилаткиназаның.
- В) ФРПФ-синтетазаның.
- Г) Рибонуклеотидредуктазаның.

86. Өзгерістердің дұрыс ретін таңдап алындар.

- А) ГМФ → ГДФ → ГТФ → дГТФ.
- Б) УМФ → УДФ → УТФ → дТТФ.
- В) АМФ → АДФ → дАДФ → дАТФ.
- Г) ОМФ → УМФ → дУМФ → дУДФ.

87. Қандай қосылыстар рибонуклеозидтерге жатады?

- А) АМФ, ГМФ, ЦМФ, УМФ.
- Б) дАМФ, дГМФ, дЦМФ, дТМФ.
- В) Аденин, гуанин, цитозин, тимин.
- Г) Аденозин, цитидин, уридин, гуанозин.

88. Қандай қосылыстар дезоксирибонуклеозидтерге жатады?

- А) АМФ, ГМФ, ЦМФ, УМФ.
- Б) дАМФ, дГМФ, дЦМФ, дТМФ.
- В) Аденин, гуанин, цитозин, тимин.
- Г) Дезоксиаденозин, дезоксицитидин, тимидин, дезоксигуанозин.

89. Қандай қосылыстар рибонуклеотидтерге жатады?

- А) АМФ, ГМФ, ЦМФ, УМФ.
- Б) дАМФ, дГМФ, дЦМФ, дТМФ.
- В) Аденин, гуанин, цитозин, тимин.
- Г) Аденозин, цитидин, уридин, гипоксантин, инозин.

90. Қандай қосылыстар дезоксирибонуклеотидтерге жатады?

- А) АМФ, ГМФ, ЦМФ, УМФ.
- Б) дАМФ, дГМФ, дЦМФ, дТМФ.
- В) Аденин, гуанин, цитозин, тимин.
- Г) Аденозин, цитидин, уридин, гипоксантин, инозин.

91. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Нуклеотидаза ішекте нуклеозидтерді ыдыратады.
- Б) Нуклеотидаза ішекте динуклеотидтерді ыдыратады.
- В) Нуклеотидаза ішекте олигонуклеотидтерді ыдыратады.
- Г) Нуклеотидаза ішекте моонуклеотидтерді ыдыратады.

92. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар

- А) Бауырда АТФ-ті АДФ-тен синтездеу негізінен ГТФ-пен реакциясы арқылы жүреді.
- Б) Бауырда АТФ-ті АДФ-тен синтездеу негізінен тотыға фосфорлау арқылы жүреді.
- В) Бауырда АТФ-ті АДФ-тен синтездеу негізінен пирофосфатпен әрекеттесі арқылы жүреді.
- Г) Бауырда АТФ-ті АДФ-тен синтездеу негізінен ЦТФ-пен реакциясы арқылы жүреді.

93. Қандай қосылыс пиримидинді негіздер азотының негізгі экскреторлық формасы болып табылады.

- А) Мочевина.
- Б) Зәр қышқылы.
- В) Аммиак.
- Г) Молекулалық азот.

94. Қайсы дәрумендердің коферменттік формасы пурин сақинасын синтездеуге қатысады?

- А) Тиаминнің.
- Б) Фолий қышқылының.
- В) Никотин қышқылының.
- Г) Пантотен қышқылының.

95. «ГМФ + АТФ = ГДФ + АДФ» реакциясын катализдейтін ферментті қай класқа жатқызады?

- А) Оксидоредуктазалар.
- Б) Трансферазалар.
- В) Изомеразалар.
- Г) Лигазалар.

96. Бауырда мочевиначүзілу циклі бұзылғанда карбамоилфосфат митохондриядан цитоплазмаға шығады. Зәрде көп мөлшерде қандай қосылыстың пайда болуы байқалады?

- А) Ацетонның.
- Б) Зәр қышқылының.
- В) Мочевинаның.
- Г) Орот қышқылының.

97. Қандай ферменттің әсері ұлпаларда тотыға стресстің дамуына соқтырады?

- А) Ксантиноксидазаның.
- Б) Глюкозо-6-фосфатдегидрогеназаның.
- В) Фосфоглюконатдегидрогеназаның.
- Г) Глутатионредуктазаның.

98. Подагра кезінде жұмсақ ұлпаларда қандай қосылыстар жинақталады?

- А) Орот қышқылының тұздары.

Б) Карбамоил- β -аминоизомай қышқылының тұздары.

В) β -Аминоизомай қышқылының тұздары.

Г) Зәр қышқылының тұздары.

99. Қайсы үдерісті белсендірген кезде подагра дамиды?

А) Пуринді нуклеотидтердің синтезін.

Б) Пуринді нуклеотидтердің катаболизмін.

В) Пиримидинді нуклеотидтердің синтезін.

Г) Пиримидинді нуклеотидтердің катаболизмін.

100. Аллопуринолмен ингибируетін фермент ферменттердің қайсы класына жатады?

А) Оксидоредуктазалар.

Б) Гидролазалар.

В) Лиазалар.

Г) Трансферазалар.

101. Подагра дамуының қауіпті факторын көрсетіндер.

А) Пиримидинді негіздердің жоғары мөлшері бар тағамды қолдану.

Б) Пуринді негіздердің жоғары мөлшері бар тағамды қолдану.

В) Жануарлар майының жоғары мөлшері бар тағамды қолдану.

Г) Майда еритін дәрумендердің жоғары мөлшері бар тағамды қолдану.

102. Бүйректе қандай тастардың болуы нефролитиазаның подагралық табиғатын болжауға мүмкіндік береді?

А) Оксалат тастарының.

Б) Фосфат тастарының.

В) Цистин тастарының.

Г) Урат тастарының.

103. Леш-Найян синдромы кезінде жұмсақ ұлпаларда қандай қышқылдың тұздары деполануы мүмкін?

А) Орот қышқылының.

Б) Карбамоил- β -аминоизомай қышқылының.

В) β -Аминоизомай қышқылының.

Г) Зәр қышқылының.

104. Келтірілгендердің қайсысы гиперурикемияның себебі болуы мүмкін?

А) Ксантиноксидаза белсендігінің төмендеуі.

Б) ФРДФ-синтетаза белсендігінің төмендеуі.

В) ФРДФ-синтетазаның АМФ және ГМФ ингибируленуіне тұрақтылығы.

Г) ФРДФ-синтетазаның АМФ және ГМФ-ті ингибирулеуі.

105. Ісікке қарсы фторурацил препараты қандай реакцияны ингибирулейді?

А) Тимидиннің дТМФ-ке өтуін.

Б) дУМФ-тің дТМФ-ке өтуін.

В) дТДФ-тің дТМФ-ке өтуін.

Г) дТМФ-тің тимидинге өтуін.

106. Ісікке қарсы фторурацил препараты қандай ферментті ингибирулейді?

А) Дигидрофолатредуктазаны.

Б) Тимидилатсинтазаны.

В) Ксантиноксидазаны.

Г) Серингидроксиметилтрансферазаны.

107. Қандай дәруменнің тапшылығы дУМФ-тен дТМФ түзілуіне кедергі жасайды?

А) Аскорбин қышқылы.

Б) Ретиной қышқылы.

В) Фолий қышқылы.

Г) Пантотен қышқылы

108. Ісікке қарсы метотрексат препараты дТМФ синтезіне қатысатын қандай дәруменнің антагонисі болып табылады?

А) Аскорбин қышқылының.

Б) Ретиной қышқылының.

В) Фолий қышқылының.

Г) Пантотен қышқылының.

109. Нуклеотидтердің синтезін бұза отырып, препараттардың қайсысы гипоксантин-гуанинфосфорибозилтрансфераза үшін гипоксантинмен және гуанинмен бәсекеге түседі, бұл оны қатерлі ісіктерді және аутоиммундық компоненті бар жүйелі қабыну ауруларын емдеу үшін қолдануға мүмкіндік береді?

А) Фторурацил.

Б) Метотрексат.

В) Азатиоприн.

Г) Аллопуринол.

110. Ісікке қарсы препарат капецитабин ісік жасушаларында 5-фторурацилге айналады. Бұл кезде ісік жасушаларында қандай реакция бұзылады?

А) Тимидиннің дТМФ-ке айналуы.

Б) дУМФ-тің дТМФ-ке айналуы.

В) дТДФ-тің дТМФ-ке айналуы.

Г) дТМФ-тің тимидинге айналуы.

111. Фторурацил Ісікке қарсы препараттардың қандай тобына жатады?

- А) Пуриндердің антимаболиттері.
- Б) Пиримидиндердің антимаболиттері.
- В) Фолий қышқылының антимаболиттері.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ХИМИЯ

Бөлім 33. Қан және зәрдің биохимиясы

1. Қан плазмасы нәруыздарының синтезі негізінен қай жерде жүзеге асырылады?

- А) Бауырдың жасушаларында.
- Б) Көк бауырдың жасушаларында.
- В) Бүйректің жасушаларында.
- Г) Ішектің жасушаларында.

2. Қан сарысуы онкотикалық қысымының шамасы қандай заттардың мөлшерімен анықталады?

- А) Нәруыздардың.
- Б) Натрий және калий иондарының.
- В) Липидтердің.
- Г) Хлор иондарының.

3. Электрофорез әдісімен қанды зертханалық талдау кезінде нәруыздардың қай

фракциясына проценттік мөлшермен ең үлкен үлес келеді?

- А) Альбуминдер.
- Б) α_1 -Глобулиндер.
- В) α_2 -Глобулиндер.
- Г) γ -Глобулиндер.

4. γ -Глобулиндер фракциясының құрамына қандай нәруыз кіреді?

- А) Иммуноглобулин G.
- Б) Фибриноген.
- В) Липопротеины.
- Г) Трансферрин.

5. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Диспротеинемия – жалпы нәруыз концентрациясының өсуі.
- Б) Диспротеинемия – жалпы нәруыз концентрациясының төмендеуі.
- В) Диспротеинемия – плазма липопротеиндері қатынасының бұзылуы.
- Г) Диспротеинемия – плазма нәруыздары фракциялары қатынасының бұзылуы.

6. Плазмаға қарағанда қан сарысуында қандай нәруыз болмайды?

- А) Фибриноген.
- Б) Альбумин.
- В) Антитромбин.
- Г) α_2 -Глобулин.

Г) Аскорбин қышқылының антимаболиттері.

7. Қандай липопротеиндердің мөлшерінің азаюы атеросклероз дамуына соқтыратын болжамды нашар белгі ретінде қарастырылады?

- А) ЛПОНП.
- Б) ЛПНП.
- В) ЛПВП.
- Г) ЛППП.

8. Гиперлипидпротеинемияның түрін анықтау үшін қан сарысуының қандай биохимиялық көрсеткішін зерттеу жеткілікті?

- А) α -Холестериннің деңгейін.
- Б) Жалпы холестериннің деңгейін.
- В) Липопротеиндердің негізгі кластарын.
- Г) ЛПНП деңгейін.

9. Адам қанының сарысуында қандай метаболиттің сандық мөлшері ең төмен?

- А) Лецитиндердің.
- Б) Мочевинаның.
- В) Глюкозаның.
- Г) Холестериннің.

10. Қандай патологиялық жағдай гипохолестеринемияның себебі болуы мүмкін?

- А) Нефротиттік синдром.
- Б) Гломерулонефрит.
- В) Ауыр физикалық жүктеме.
- Г) Инсулиннің тапшылығы.

11. Қан сарысуының холинэстеразасы белсендігінің төмендеуі қандай ағзаның зақымдануы туралы мәлімет береді?

- А) Бүйректің.
- Б) Бауырдың.
- В) Жүрек және қаңқа бұлшықетінің.
- Г) Ұйқыбезінің.

12. Бауырдың уытты зақымдануын болжай отырып, сарысудағы қандай ферменттің белсендігін анықтаған тиімді?

- А) Холинэстеразаның.
- Б) Амилазаның.
- В) Креатинфосфокиназаның.
- Г) γ -Глутамилтрансферазаның.

13. Қай ағзаның сырқаты кезінде қанда сілтілік фосфатаза белсендігінің өсуі байқалуы мүмкін?

- А) Жүректің.
- Б) Ұйқыбезінің.
- В) Бауырдың.
- Г) Бұлшықеттердің.

14. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Қан сарысуындағы АСТ белсендігі бүйректің сырқаттары кезінде күрт өседі.
- Б) Қан сарысуындағы АСТ белсендігі панкреатиттер кезінде күрт өседі.
- В) Қан сарысуындағы АСТ белсендігі простатиттер кезінде күрт өседі .
- Г) Қан сарысуындағы АСТ белсендігі миокард инфаркты кезінде күрт өседі

15. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Аминотрансферазалардың сарысулық белсендігінің өсуі вирустық гепатиттен басқа көптеген патологияларға тән.
- Б) Аминотрансферазалардың сарысулық белсендігінің өсуі миокард инфарктынан басқа көптеген патологияларға тән.
- В) Аминотрансферазалардың сарысулық белсендігінің өсуі панкреатиттен басқа көптеген патологияларға тән.
- Г) Аминотрансферазалардың сарысулық белсендігінің өсуі шашыранды склероздан басқа көптеген патологияларға тән.

16. Асқынбаған миокард инфарктынан кейін алғашқы бірнеше күнде қан сарысуындағы қандай ферменттің белсендігі жоғары?

- А) АСТ.
- Б) Гистидазаның.
- В) α -Амилазаның.
- Г) Трипсиннің.

17. Миокард инфаркты кезінде қан сарысуындағы қандай ферменттің белсендігі жоғары?

- А) α -Амилазаның.
- Б) Гистидазаныңы.
- В) Трипсиннің.
- Г) Креатинкиназаның.

18. Қай кезде қан сарысуындағы гистидаза белсендігінің өсуі байқалуы мүмкін?

- А) Жедел вирусты гепатит кезінде.
- Б) Миокард инфаркты кезінде.
- В) Жедел панкреатит кезінде.

Г) Қантты диабет кезінде.

19. Жедел гепатит кезінде қан сарысуындағы қандай ЛДГ изоферментінің белсендігі өседі?

- А) ЛДГ1.
- Б) ЛДГ2.
- В) ЛДГ3.
- Г) ЛДГ5.

20. Жедел панкреатит кезінде қан сарысуындағы қандай ферменттің белсендігі өседі?

- А) АСТ.
- Б) АЛТ.
- В) ЛДГ.
- Г) α -Амилазаның.

21. Жедел панкреатит кезінде қан сарысуындағы қандай ферменттің белсендігі өседі?

- А) АСТ.
- Б) Гистидазаның.
- В) Трипсиннің.
- Г) Креатинкиназаның.

22. Қандай ауру кезінде қандағы зэр қышқылының концентрациясы өседі?

- А) Мукополисахаридоз кезінде.
- Б) Қантты диабет кезінде.
- В) Жүректің ишемиялық ауруы кезінде.
- Г) Подагр кезінде.

23. Қандай ауру кезінде қандағы қышқыл фосфатазаның белсендігі өседі?

- А) Қуықастыбезінің гиперплазиясы кезінде.
- Б) Панкреатит кезінде.
- В) Вирусты гепатит кезінде.
- Г) Сүйектердің метастатикалық зақымдануы кезінде.

24. Гаптоглобиннің негізгі рөлі неде?

- А) Гемоглобинді байлайды.
- Б) Қабынудың жедел фазасындағы реакцияларға қатысады.
- В) Иммундық реакцияларға қатысады.
- Г) Қанның ұюына қатысады.

25. Гиперкальциемияның себебі не болуы мүмкін?

- А) Гиповитаминоз D.
- Б) Остеопороз.
- В) Парақалқаншабезінің аденомасы.
- Г) Артық инсоляция.

26. Қандағы қандай нәруздың мөлшері қан сарысуының жалпы темірді байлау қабілетін сипаттайды?

- А) Трансферриннің.
- Б) Церулоплазмнің.
- В) Ферритиннің.
- Г) Гемосидериннің.

27. Сүйек жүйесінің ауруларын диагностикалау үшін қандай ферменттің сарысулық белсендігін анықтау ең ақпаратты болып табылады?

- А) Сілтілік фосфатазаның.
- Б) Қышқыл фосфатазаның.
- В) Аминотрансферазалардың.
- Г) ЛДГ.

28. Мешел қан сарысуындағы қандай ферменттің белсендігінің өсуімен жүреді?

- А) α -Амилазаның.
- Б) Трипсиннің.
- В) Креатинкиназаның.
- Г) Сілтілік фосфатазаның.

29. Қандай сырқат кезінде қан плазмасындағы қалдық азот мочевина есебінен өседі?

- А) Жедел немесе созылмалы бүйрек тапшылығы кезінде.
- Б) Жедел вирустық гепатит кезінде.
- В) Жүректің ишемиялық ауруы кезінде.
- Г) Бауырдың циррозы кезінде.

30. Қандай ауру кезінде қан плазмасында креатининнің мөлшері өседі?

- А) Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі кезінде.
- Б) Жедел вирустық гепатит кезінде.
- В) Жүректің ишемиялық ауруы кезінде.
- Г) Бауырдың циррозы кезінде.

31. Глюкозаны шығарудың бүйректік межесін көрсетіндер.

- А) 6,0-7,0 ммоль/л.
- Б) 7,0-8,0 ммоль/л.
- В) 8,8-10,0 ммоль/л.
- Г) 11,0-12,0 ммоль/л.

32. Қандағы глюкоза деңгейі 3 ммоль/л пациенттің зәріндегі глюкозаның ең ытимал мөлшерін көрсетіндер.

- А) Глюкоза толық жоқ.
- Б) Глюкозаның іздері.
- В) Глюкозаның аздаған мөлшері.
- Г) Глюкозаның жоғары мөлшері.

33. «Постпрандиалды гликемия» дегеніміз не?

- А) Қандағы глюкозаның тамақтанғаннан 1 сағ кейін деңгейі.

Б) Қандағы глюкозаның тамақтанғаннан 6 сағ кейін деңгейі.

В) Қандағы глюкозаның тамақтанғаннан 3 сағ кейін деңгейі.

Г) Қандағы глюкозаның тамақтанғаннан 2 сағ кейін деңгейі.

34. Қантты диабетке күдік туғанда бірінші қандай биохимиялық көрсеткішті анықтау керек?

- А) Гликемия деңгейін.
- Б) Зәрдегі глюкозаны.
- В) Гликозилденген гемоглобинді.
- Г) Холестериннің деңгейін.

35. Гликемия деңгейін зерттеудің референтті әдісін таңдап алындар.

- А) Гексокиназалық.
- Б) Бенедикт бойынша мысты түрлендіру әдісі.
- В) Ортотолуидинді.
- Г) Глюкозодегидрогеназалық.

36. Гликирленген (гликозилденген) гемоглобин дегеніміз не?

- А) Глюкозаның карбгемоглобинмен кешені.
- Б) Глюкозаның НbА-мен кешені.
- В) Глюкозаның карбоксигемоглобинмен кешені.
- Г) Фруктозаның НbА-мен кешені.

37. Қанда НbА1с анықтаудың диагностикалық құндылығы қандай?

- А) Диабеттік нефропатия деңгейін бағалау.
- Б) Гипергликемия ұзақтығын бағалау.
- В) Диабеттік кетоацидозды диагностикалау.
- Г) Диабеттік ретинопатия деңгейін бағалау.

38. Эритроциттердегі глюкозаның мөлшері қандай?

- А) Қан плазмасына қарағанда айтарлықтай төмен.
- Б) Қан плазмасындағыдай.
- В) Қан плазмасына қарағанда айтарлықтай жоғары.
- Г) Глюкоза эритроциттерде болмайды.

39. Дамыған диабеттік нефропатияның негізгі зертханалық критерийлерінің біреуін көрсетіңдер.

- А) Протеинурия $>0,5$ г/тәулік.
- Б) Протеинурия $>1,0$ г/тәулік.
- В) Протеинурия $>3,0$ г/тәулік.
- Г) Протеинурия $>2,0$ г/тәулік.

40. Қандай ферменттің қатысуымен бүйректің түтікшелерінде көмір қышқылының диссоциациялануы жүреді?

- А) ЛДГ.
- Б) АСТ.
- В) АЛТ.
- Г) Карбоангидразаның.

41. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Азотемияға шумақшалық сүзілу жылдамдығының төмендеуі соқтырады.
- Б) Азотемияға натрийдің тежелуі соқтырады.
- В) Азотемияға нәруыздар синтезінің күшеюі алып келеді.
- Г) Азотемияға қан плазмасында калийдің тапшылығы алып келеді.

42. Реналды протеинурия неге байланысты?

- А) Нәруыздың сүзілуі мен реабсорбциялануының бұзылуына.
- Б) Диспротеинемияға.
- В) Зәрағардың қабынуы кезінде экссудаттың түсуіне.
- Г) Бүйрек тастарына.

43. Парапротеинемияның себебі болуы мүмкін сырқатты көрсетіңдер.

- А) Миеломды ауру.
- Б) Иценко-Кушинг синдромы.
- В) Қантты диабет.
- Г) Подагра.

44. Қандай ауру кезінде зәрде Бенс-Джонс нәруызы анықталады?

- А) Бүйректің амилоидозы кезінде.
- Б) Созылмалы гломерулонефрит кезінде.
- В) Миеломды ауру кезінде.
- Г) Бүйрек туберкулезі кезінде.

45. Қандай ауру кезінде зәршығару жолдарында табиғаты әртүрлі тұз кристалдары (тастары) түзіледі?

- А) Ниман-Пик ауруы (сфингомиелиноз).
- Б) Подагра.
- В) Оротацидурия.
- Г) β -Аминоизобутиратацидурия.

46. Қандай сырқат үшін айқын билирубинурия байқалады?

- А) Обтурациялық («бауырасты») сарыяуру үшін
- Б) Гемолиттік сарыяуру үшін.
- В) Жедел гломерулонефрит үшін.
- Г) Цистит үшін.

47. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Зәрде уробилиннің болмауы гемолиздік сарыяуруды көрсетеді.
- Б) Зәрде уробилиннің болмауы обтурациялық сарыяуруды көрсетеді.
- В) Зәрде уробилиннің болмауы продрома кезіндегі паренхиматоздық сарыяуруды көрсетеді.
- Г) Зәрде уробилиннің болмауы Жильбер ауруын көрсетеді.

48. Қандай сырқат кезінде уробилиногенурия билирубинуриямен тіркесіп жүреді?

- А) Механикалық сарыяуру.
- Б) Гемолиздік сарыяуру.
- В) Паренхиматоздық сарыяуру.
- Г) Бүйрек инфаркты.

49. рН көрсеткіші нені сипаттайды?

- А) Бос сутегі иондарының концентрациясын.
- Б) Гидроксил топтарының концентрациясын.
- В) H^+ концентрациясының гидроксил топтарының концентрациясына қатынасын.
- Г) Судың иондық көрсеткішін.

50. Судың жасушалық мембраналар арқылы тасымалдануын анықтайтын негізгі ионды таңдап алыңдар.

- А) Кальций.
- Б) Калий.
- В) Натрий.
- Г) $SuTeI$.

51. Гломерулярлық қызметті бағалау үшін қан плазмасындағы қандай метаболитті анықтайды?

- А) Креатинин.
- Б) Креатин.
- В) Креатинфосфат.
- Г) Карнитин.

52. Эндогенді креатининнің клиренсі қандай мақсатпен анықталады?

- А) Бүйректің секрециялық қызметін бағалау үшін.
- Б) Бүйректің концентрлеу қызметін анықтау үшін.
- В) Қызмет атқаратын нефрондардың санын бағалау үшін.
- Г) Бүйректің сүзу қызметінің жағдайын бағалау үшін.

53. Қан сарысуы мөлдірлігінің төмендеуі немен байланысты болуы мүмкін?

- А) Гипергликемиямен.
- Б) Бос аминқышқылдарының артық мөлшерімен.
- В) ТАГ артық мөлшерімен.
- Г) Стероидтық гормондардың артық мөлшерімен.

54. Обтурациялық сарыауру кезінде зәрде қандай өт пигменттері анықталады?

- А) Уробилин.
- Б) Өт қышқылдары.
- В) Стеркобилин.
- Г) Стеркобилиноген.

55. Гемоліздік сарыауру кезінде зәрде қандай өт пигменттері анықталады?

- А) Билирубин.
- Б) Конъюгацияланған өт қышқылдары.
- В) Стеркобилин.
- Г) Конъюгацияланбаған өт қышқылдары.

56. Қанның түрлі-түсті көрсеткіші бойынша қандай параметрді анықтауға болады?

- А) Эритроциттегі гемоглобиннің салыстырмалы мөлшерін.
- Б) Эритроциттердің орташа көлемін.
- В) Эритроциттердің тұну жылдамдығын.
- Г) Эритроциттегі кобаламиннің мөлшерін.

57. Түрлі-түсті көрсеткіштің деңгейіне қарай теміртапшылық анемия қалай -?

- А) Гипохромды.
- Б) Гиперхромды.
- В) Нормохромды.
- Г) Изохромды.

58. Реберг сынапасы не үшін қолданылады?

- А) Шумақшалық сүзуді анықтау үшін (тиімді бүйректік қан ағысы).
- Б) Түтікшелік реабсорбцияны бағалау үшін.
- В) Түтікшелік секрецияны бағалау үшін.
- Г) Миокардтың метаболизмін бағалау үшін.

59. Бүйректің түтікшелерінде реабсорбцияланбайтын қосылысты таңдап алыңдар.

- А) Креатинин.
- Б) Глюкоза.
- В) Мочевина.
- Г) Аминқышқылдары.

60. Креатинин клиренсі төмендеуінің мүмкін себебін көрсетіңдер.

- А) Жүктілік.
- Б) Рационда нәруыздың көп болуы.

- В) Диабеттік нефропатия болмағандағы қантты диабет.
- Г) Гломерулонефрит.

61. Креатинин клиренсі жоғарылауының мүмкін себебін көрсетіңдер.

- А) Зәрдің шығу блогы қуықтың шығару тесігінің деңгейінде.
- Б) Рационда нәруыздың көп болуы.
- В) Дегидратация.
- Г) Гломерулонефрит.

62. Келтірілгендердің ішінен плазма жалпы нәруыздары мөлшерінің төмендеу себептерін көрсетіңдер:

1. Ұзақ уақыт ашығу
 2. Несеп арқылы нәруыздарды жоғалту
 3. Бірнеше қайталанып құсу жағдайы
- А) 1, 2.
 - Б) 1, 3.
 - В) 1, 2, 3.
 - Г) 2, 3.

63. Келтірілгендердің ішінен плазма жалпы нәруыздары мөлшерінің өсу себептерін көрсетіңдер:

1. Ұзақ уақыт ашығу
 2. Полиурия
 3. Бірнеше қайталанып құсу жағдайы
 4. Диарея
- А) 1, 2.
 - Б) 1.
 - В) 1, 2, 3.
 - Г) 2, 3, 4.

64. Альбуминдердің қызметін анықтайтын фактыларды таңдап алыңдар:

- А) Қан плазмасындағы жоғары гидрофилдік және жоғары концентрация.
- Б) Қан плазмасындағы жоғары гидрофобтық және жоғары концентрация.
- В) Қан плазмасындағы жоғары гидрофилдік және төмен концентрация.
- Г) Қан плазмасындағы төмен гидрофилдік және төмен концентрация.

65. Нәруыздардың протеолиттік ыдырауы нәтижесінде организмдегі бос аминқышқылдарының қоры болатын нәруыздарды көрсетіңдер:

- А) Гемоглобин.
- Б) Альбуминдер.
- В) Глобулиндер.
- Г) Қанның ферменттері.

66. Плазмада метаболиттік қызмет атқармайтын, бірақ медицинада олардың қан

плазмасындағы кейбіреулерінің белсендігін анықтау диагностикалық мақсатта қызығушылық танытатын плазмаға кейбір ағзаның (ұлпаның) зақымдануы нәтижесінде жасушалардың бұзылуы арқасында келіп түсетін нәруыздарды (ферменттерді) атаңдар:

1. Трансаминазалар
2. Лактатдегидрогеназа
3. Креатинфосфокиназа

- А) 1, 2.
Б) 1, 3.
В) 1, 2, 3.
Г) 2, 3.

67. Плазманың азотты органикалық нәруыздық емес қосылысын таңдап алыңдар:

1. Несепнәр азоты
2. Аминқышқылдарының азоты
3. Кішімолекулалық пептидтер
4. Креатин
5. Креатинин
6. Билирубин

7. Индикан
А) 1, 2, 5, 6.
Б) 1, 3, 4.
В) Барлығы.
Г) 2, 3, 7.

68. Қанплазмасының азотсыз органикалық заттарын көрсетіңдер:

1. Глюкоза
2. Пирожүзім қышқылы
3. Лактат
4. Кетонды денелер
5. Майлы қышқылдар
6. Холестерин және оның эфирлері

- А) 1, 2, 5, 6.
Б) 1, 3, 4.
В) Барлығы.
Г) 2, 3, 7.

69. Эритроциттердегі энергия көзін атаңдар:

- А) Анаэробты гликолиз.
Б) Аэробты гликолиз.
В) Майлы қышқылдардың бета-тотығуы.
Г) ТҚЦ реакциялары.

70. Эритроциттерде гемоглобинді тотығудан қорғайтын үдерістерге қатысатын молекулаларды таңдап алыңдар:

- А) НАДФН(H^+), глутатион.
Б) НАД $^+$, глюкоза.

- В) НАД $^+$, галактоза.
Г) НАДФН(H^+), гемоглобин.

71. Эритроциттерді тотығу үдерістерінен қорғау механизмін қажетті субстраттармен қамтамасыз ететін метаболиттік жолды көрсетіңдер:

- А) Анаэробты гликолиз.
Б) Аэробты гликолиз.
В) Майлы қышқылдардың бета-тотығуы.
Г) Глюкоза ыдырауының пентозофосфаттық жолы.

72. Глюкозаның эритроциттердегі тотығу жолын таңдап алыңдар:

- А) Анаэробты гликолиз және пентозофосфаттық жол.
Б) Аэробты гликолиз және пентозофосфаттық тотығу жолы.
В) Тек қана аэробты гликолиз.
Г) Пентозофосфаттық тотығу жолы.

73. Эритроциттерде оттектің гемоглобинмен байланысуының аллостериялық реттегішін көрсетіңдер:

- А) 2,3-Бисфосфоглицерат.
Б) НАДН(H^+).
В) НАДФН(H^+).
Г) Глутатион.

74. Оттектің белсенді формаларының түзілу және әсер ету механизмін көрсетіңдер. Оттектің белсенді формалары кезінде түзіледі, олар болдырады (керек сөздерді қойыңдар):

- А) Гемоглобин темірінің бейферментті тотығуы, эритроциттердің гемолизін.
Б) НАД $^+$ тотықсыздануы, Fe^{3+} -тің Fe^{2+} -ке өтуін.
В) НАДН(H^+) тотығуы, Fe^{3+} -тің Fe^{2+} -ке тотықсыздануын.
Г) Метгемоглобин темірінің тотықсыздануы, эритроциттердің гемолизін.

75. Глутатиондық қорғаныс механизмін түсіндіріңдер. Эритроциттерді қорғаныс үшін қолданылатын глутатион қосылысымен тотықсыздана алады, ол үдерісі кезінде түзіледі (керек сөздерді қойыңдар):

- А) НАДФН(H^+), глюкозаның пентозофосфаттық жолмен ыдырауының тотығу сатысында.
Б) НАД $^+$, Fe^{3+} -тің Fe^{2+} -кетотықсыздануы.
В) Гемоглобин темірінің бейферментті тотығуы, эритроциттердің гемолизі.

Г) Метгемоглобин темірінің тотықсыздануы, эритроциттердің гемолизі.

76. Глюкозо-6-фосфатдегидрогеназаның генетикалық ақауы кезінде және күшті тотықтырғыштар болатын дәрілерді қабылдағанда байқалатын құбылыстарды белгілеңдер:

А) Нәтижесінде гемоглобин және метгемоглобиннің агрегациялануына соқтыратын оттектің белсенді формаларының көбеюі.

Б) HAD^+ және Fe^{3+} -тің Fe^{2+} -ке тотықсыздануы.

В) Эритроциттердің антиоксиданттық қорғанысының жоғарылауы.

Г) Глутатиондық қорғанысты қамтамасыз ететін оттектің белсенді формаларының жоғарылауы.

77. Қандай да бір ұлпалардың зақымдануы кезінде қандағы белсендігі күрт өсетін кейбір ферменттердің, мысалы ЛДГ (лактатдегидрогеназа), глутаматдегидрогеназалар және т.б., шартты тобының аталуын көрсетіндер:

А) Индикаторлық.

Б) Интерферон.

В) Церрулоплазмин.

Г) Экскреторлық.

78. Синтезінің бұзылуынан немесе оның организмнен шамадан тыс шығарылуына байланысты жоғалуы нәтижесінде альбумин мөлшері төмендеуінің салдарын белгілеңдер:

А) Осмотық қысымның төмендеуі.

Б) Осмотық қысымның жоғарылауы.

В) Гиперальбуминемия.

Г) Ұлпалардың гипоксиясы.

79. Гемоглобин ыдырауының уытты өнімін көрсетіндер:

А) Биливердин.

Б) Порфирин.

В) Ферритин.

Г) Билирубин.

80. Қан плазмасының коллоидтық-осмотық (онкотикалық) қысымын көбірек мөлшерде қамтамасыз ететін затты атаңдар:

А) Альбуминдердің фракциялары.

Б) Фосфаттар.

В) Глобулиндердің фракциялары.

Г) Хлоридтер.

81. Гемоглобин мен метгемоглобиннің агрегациялану нәтижесінде Хайнц денешіктерінің түзілу себебін көрсетіндер:

А) Оттектің белсенді формаларының жоғарылауы және SH-топтарының тотығуы.

Б) Оттектің белсенді формаларының жоғарылауы және SH-топтарының тотықсыздануы.

В) Гемоглобиндегі және метгемоглобиндегі аминтоптарының тотығуы.

Г) Гемоглобиндегі және метгемоглобиндегі карбоксил топтарының тотықсыздануы.

82. Қанның зарарсыздандыру қызметі жүзеге асырылатын үдерісті атаңдар:

А) Қанның нәруыздық.

Б) Қанның бикарбонатты буферінің әсері.

В) Альбуминдердің уытты заттарды байлауы.

Г) Билирубиннің конъюгациялануы.

83. Қан сарысуының онкотикалық қысымының шамасын анықтайтын затты көрсетіндер:

А) Иондар.

Б) Көмірсулар.

В) Тұздар.

Г) Нәруыздар.

84. Негізінен қанның онкотикалық қысымын анықтайтын нәруыздарды көрсетіндер:

А) Миоглобин.

Б) Глобулин.

В) Фибриноген.

Г) Альбумин.

85. Қан плазмасындағы темірдің көзін анықтаңдар:

А) Гемоглобиннің темірі.

Б) Деполанған (қорланған) темір.

В) Асқазан-ішек жолында сорылған темір.

Г) Бұзылған эритроциттердің темірі.

86. Организмде темірге қажеттілік туғанда бірінші болып қолданылатын затты атаңдар:

А) Гемоглобиннің темірі.

Б) Трансферриннің темірі.

В) Миоглобиннің темірі.

Г) Деполанған (қорланған) темір.

87. Қандағы концентрациясы өскенде гиперпротеинемияның дамуын тудыратын нәруызды атаңдар:

А) Глобулин.

88.

- Б) Альбумин.
- В) Миоглобин.
- Г) Фибриноген.

89. Қандағы концентрациясы төмендегенде гипопротеинемияның дамуын тудыратын нәруызды атаңдар:

- А) Глобулин.
- Б) Альбумин.
- В) Миоглобин.
- Г) Фибриноген.

90. Қанның азоты жоқ органикалық компоненттерін көрсетіндер:

- А) Несепнәр.
- Б) Кетонды денелер.
- В) Зәр қышқылы.
- Г) Аминқышқылдары.

91. Қанның азоты бар органикалық компоненттерін көрсетіндер:

- А) Несепнәр.
- Б) Кетонды денелер.
- В) Холестерин.
- Г) Майлы қышқылдар.

92. Қышқылдық-негіздік күйді реттейтін физикалық-химиялық механизмдерді анықтандар:

- А) Өкпенің гиповентиляциясы.
- Б) Өкпенің гипервентиляциясы.
- В) Сұйылту және буферлік жүйелер.
- Г) Асқазан-ішек жолының қызметі.

93. Ацидоз кезінде байқалатын өзгерістерді көрсетіндер:

- А) Қанда H^+ ионы концентрациясының жоғарылауы.
- Б) Қанда OH^- ионы концентрациясының жоғарылауы.
- В) Қан рН-ының жоғарылауы.
- Г) Қанда лактат деңгейінің төмендеуі.

94. Алкалозға тән өзгерістерді көрсетіндер:

- А) Қанда OH^- ионы концентрациясының төмендеуі.
- Б) Қан рН-ының төмендеуі.
- В) Қан рН-ының жоғарылауы.
- Г) Қандағы кетонды денелердің жоғарылауы.

95. Ұлпаларда гемоглобин көмірқышқыл газымен байланысқан кезде түзілетін зат-

ты атаңдар:

- А) Оксигемоглобин.
- Б) Карбоксигемоглобин.

- В) Карбгемоглобин.
- Г) Метгемоглобин.

96. Құрамында екі валентті темірдің орнына үш валентті темірі бар затты атаңдар:

- А) Оксигемоглобин.
- Б) Карбоксигемоглобин.
- В) Карбгемоглобин.
- Г) Метгемоглобин.

97. Адам организмінде метгемоглобинді тотықсыздандыра алатын ферментті көрсетіндер:

- А) Феррохелатазалар.
- Б) Цитрохромдар.
- В) Редуктазалар.
- Г) Каталазалар.

98. Жүру барысында эритроцитті антиоксиданттық қорғау үшін қажетті НАДН(H^+) түзілетін үдерісті атаңдар:

- А) Глюкоза өзгерісінің пентозофосфаттық жолы.
- Б) Аэробты гликолиз.
- В) Анаэробты гликолиз.
- Г) Глюконеогенез.

99. Қанның қалдық азотының құрамына кіретін заттарды анықтандар:

- А) Қан плазмасының нәруыздары, зәр қышқылы.
- Б) Альбуминдер, креатин.
- В) Билирубин, глобулиндер.
- Г) Несепнәр, зәр қышқылы.

100. Қандағы фосфолипидтер, триглицеридтер, холестерин мен холестерин эфирлері тасымалының негізгі формаларын атаңдар:

- А) Эмульсиялар формасында.
- Б) Бос түрінде.
- В) Липопротеиндер формасында.
- Г) Альбуминдермен байланысқан түрінде.

101. Эритроциттерді негізінен энергетикалық материал ретінде қолданатын затты анықтандар:

- А) Майлы қышқылдар.
- Б) Триацилглицеридтер.
- В) Триацилглицеридтер мен майлы қышқылдар.
- Г) Глюкоза.

102. Эритроциттердегі метаболизм үшін энергия көзі болып табылатын үдерісті көрсетіндер:

- А) Анаэробты гликолиз.
- Б) Майлы қышқылдардың бета тотығыуы.
- В) Спирттік ашу.
- Г) Глюкоза ыдырауының пентозофосфаттық жолы.

103. Басқа жасушалармен салыстырғанда эритроциттердегі анаэробты гликолиздің маңызды ерекшелігін анықтайтын ферментті көрсетіндер:

- А) Гексокиназа.
- Б) Фосфофруктокиназа.
- В) Пируваткиназа.
- Г) Бисфосфоглицератмутаза.

104. Эритроциттердегі оттектің белсенді формаларының тұрақты көзі – гемоглобиннің метгемоглобинге бейферменттік тотығыуы. Супероксиддисмутаза ферментінің әсерінен оттектің супероксидтік анионына айналатын қосылысты көрсетіндер:

- А) Су және молекулалық оттект.
- Б) Сутек пероксиді және молекулалық оттект.
- В) Тотыққан глутатион және НАДФ.
- Г) Гидроксил радикал.

105. Эритроциттердің метгемоглобинредуктаза жүйесі арқылы гемоглобинді тотықсыздандыру үшін қажет затты атаңдар:

- А) НАДН(H^+).
- Б) Сутек пероксиді.
- В) Глутатион.
- Г) НАДФ.

106. Каталаза ферменті және глутатионпероксидаза әсерінен сутек пероксидін ыдыратуға қажетті сутектің донорын көрсетіндер:

- А) Тотыққан глутатион.
- Б) Глутатион.
- В) FAH_2 .
- Г) НАДФ.

107. Жеңілдетілген диффузия жолымен глюкозаны эритроциттерге жеткізетін тасымалдаушы нәруыздарды көрсетіндер:

- А) ГЛЮТ-1.
- Б) ГЛЮТ-2.
- В) ГЛЮТ-3.

Г) ГЛЮТ-4.

108. Қанның көптеген ферменттері ауруды диагностикалау және емдеудің тиімділігін бақылау үшін қолданылады. Қандағы белсендігі бауырдың патологиясы кезінде жоғарылайтын ферментті анықтаңдар:

- А) Амилаза.
- Б) Трансаминаза.
- В) Аланинаминотрансфераза.
- Г) Аспартатаминотрансфераза.

109. Қанның көптеген ферменттері ауруды диагностикалау және емдеудің тиімділігін бақылау үшін қолданылады. Қандағы белсендігі жүректің патологиясы кезінде жоғарылайтын ферментті анықтаңдар:

- А) Амилаза.
- Б) Трансаминаза.
- В) Аланинаминотрансфераза.
- Г) Аспартатаминотрансфераза.

110. Қанның көптеген ферменттері ауруды диагностикалау және емдеудің тиімділігін бақылау үшін қолданылады. Қанда-

ғы белсендігі ұйқы безінің патологиясы кезінде жоғарылайтын ферментті анықтаңдар:

- А) Амилаза.
- Б) Трансаминаза.
- В) Аланинаминотрансфераза.
- Г) Аспартатаминотрансфераза.

111. Мына түсінік – ацидоз үшін дұрыс тұжырымдаманы көрсетіндер:

- А) Қан рН-ының қышқыл бағытқа ығысуы.
- Б) Қан рН-ының сілтілік бағытқа ығысуы.
- В) Қанда OH^- ионы концентрациясының жоғарылауы.
- Г) Қанда H^+ ионы концентрациясының төмендеуі.

112. Мына түсінік – алкалоз үшін дұрыс тұжырымдаманы көрсетіндер:

- А) Қан рН-ының қышқыл бағытқа ығысуы.
- Б) Қан рН-ының сілтілік бағытқа ығысуы.
- В) Қанда OH^- ионы концентрациясының төмендеуі.
- Г) Қанда H^+ ионы концентрациясының жоғарылауы.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ХИМИЯ

Бөлім 34. Алмасу үдерістерін интеграциялау

1. 1 г келтірілген заттар тотыққан кезде қайсылары ең көп энергия береді?

- А) Нәруыздар.
- Б) Көмірсулар.
- В) Майлар.
- Г) Дәрумендер.

2. Адам организмінде негізгі энергиялық қорлар қай жерде орналасқан?

- А) Бауырда.
- Б) Бұлшықеттерде.
- В) Май ұлпаларында.
- Г) Қанда.

3. Зат алмасу үдерістері қай жерде қарқындырақ жүреді?

- А) Бауырда.
- Б) Бұлшықеттерде.
- В) Май ұлпаларында.
- Г) Бүйректе.

4. Адам организмінде мүлдем жүрмейтін қандай өзгеріс?

- А) Нәруыздардың.
- Б) Нәруыздардың майларға өтуі.
- В) Көмірсулардың майларға өтуі.
- Г) Майлардың көмірсуларға өтуі.

5. Асқорыту, постабсорбтивтік кезең және ашығу алмасқан кездегі метаболизмнің басты реттегіштерін таңдап алындар.

- А) Глюкагон және инсулин.
- Б) Кортизол және альдостерон.
- В) Адреналин және кортизол.
- Г) Адреналин және йодтирониндер.

6. Абсорбтивті кезеңде бауырда қандай фермент белсенді?

- А) Фосфорилаза *a*.
- Б) Фосфоенолпируваткарбоксикиназа.
- В) Гликогенсинтаза.
- Г) Пируваткарбоксилаза.

7. Постабсорбтивті кезеңде бауырда қандай фермент белсенді?

- А) Гексокиназа.
- Б) Глюкокиназа.
- В) Гликогенсинтаза.
- Г) Ацетил-SКоА-карбоксилаза.

8. Төмен инсулин-глюкагонды индекс кезінде глюкозаның қандай нәруызтасымалдаушысы толығымен цитоплазмада жинақталады?

- А) GLUT1.
- Б) GLUT2.

В) GLUT3.

Г) GLUT4.

9. Ашығу кезінде бауырда қандай үдерістер жүреді?

- А) Кетонды денелердің синтезі, глюконеогенез, гликогенді мобилизациялау.
- Б) Кетонды денелердің синтезі, глюконеогенез.
- В) Гликолиз, кетонды денелердің ыдырауы, гликогенді мобилизациялау.
- Г) β -Тотығу, гликолиз, гликогеннің синтезі.

10. Макроэргиялық байланысы тиоэфирлік болатын қосылысты көрсетіндер.

- А) ЦТФ.
- Б) Сукцинил-SКоА.
- В) АДФ.
- Г) Фосфоенолпируват.

11. Макроэргиялық байланысы гуанидинфосфатты болатын қосылысты көрсетіндер.

- А) АТФ.
- Б) Сукцинил-SКоА.
- В) Креатинфосфат.
- Г) 1,3-Бисфосфоглицерат.

12. Бір мезгілде қандай да бір қосылыстың синтезі белсендіріліп, оның ыдырауы ингибирленетін биологиялық реттеудің белгілі бір түрі қалай аталады?

- А) Ретроингибирлеу.
- Б) Теріс кері байланыс түрі бойынша реттеу.
- В) Реципрокты реттеу.
- Г) Реакция өнімімен ингибирлеу.

13. Көп сатылы үдерістерді метаболиттермен толтыратын реакциялар қалайша аталады?

- А) Анаплеротикалық.
- Б) Циклді.
- В) Тотығу-тотықсыздану.
- Г) Тізбекті.

14. Мультиферментті кешен қатысуымен жүретін қандай үдеріс (3 фермент және 5 коферменттер)?

- А) Нәруыздың биосинтезі.
- Б) ЖМҚ биосинтезі.
- В) Пируватты тотықтыра декарбоксилдеу.
- Г) Пиримидинді нуклеотидтердің биосинтезі.

15. Мультиферментті кешеннің қатысуымен қандай үдеріс жүреді (3 фермент және 5 коферменттер)?

- А) Нәруыздың биосинтезі.
- Б) Гемнің биосинтезі.
- В) α -Кетоглутар қышқылын тотықтыра декарбоксилдеу.
- Г) Пуринді нуклеотидтердің биосинтезі

16. Адам организміндегі қандай үдерістің қарқындылығы ең төмен (массасы бойынша)?

- А) Аминқышқылдарын трансаминдеу.
- Б) Аминқышқылдарын декарбоксилдеу.
- В) Нәруыздың биосинтезі.
- Г) Аминқышқылдары көміртек қаңқасының деградациялануы.

17. Қандай үдеріс жартылай митохондрияларда, жартылай цитоплазмада жүреді?

- А) Нуклеотидтердің синтезі.
- Б) Гемнің синтезі.
- В) Кетонды денелердің синтезі.
- Г) Гликогеннің синтезі.

18. Қандай үдеріс жартылай митохондрияларда, жартылай цитоплазмада жүреді?

- А) Мочевина синтезі.
- Б) Гликогеннің синтезі.
- В) Кетонды денелердің синтезі.
- Г) Нуклеотидтердің синтезі.

19. Қандай үдеріс бүйректе де, бауырда да жүретін реакциялардың есебінен жүзеге асырылады?

- А) Мочевина синтезі.
- Б) Креатиннің синтезі.
- В) Кетонды денелердің синтезі.
- Г) Билирубин диглюкуронидінің синтезі.

20. Қандай аминқышқылы жануарлар организмінде әртүрлі қосылыстарды синтездеген кезде амидтік азоттың доноры болып табылады?

- А) Глутамин қышқылы.
- Б) Глутамин.
- В) Аспарагин қышқылы.
- Г) Аспарагин.

21. Қандай аминқышқылынан глюкозаның құрамына барлық көміртегі атомдары өте алады?

- А) Лизиннен.
- Б) Сериннен.
- В) Фенилаланиннен.
- Г) Триптофаннан.

22. Қандай аминқышқылынан глюкозаның құрамына барлық көміртегі атомдары өте алады?

- А) Тирозиннен.
- Б) Глициннен.
- В) Лизиннен.
- Г) Лейциннен.

23. Қандай аминқышқылынан глюкозаның құрамына барлық көміртегі атомдары өте алады?

- А) Лизиннен.
- Б) Аланиннен.
- В) Лейциннен.
- Г) Фенилаланиннен.

24. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) НАДН(H^+)/НАД $^+$ қатынасы цитоплазмада ең жоғары.
- Б) НАДН(H^+)/НАД $^+$ қатынасы ядрода ең жоғары.
- В) НАДН(H^+)/НАД $^+$ қатынасы митохондрияда ең жоғары.
- Г) НАДН(H^+)/НАД $^+$ қатынасы лизосомада ең жоғары.

25. НАД $^+$ -те, ФАД-та тотықсызданатын үдерістерді көрсетіндер.

- А) Гликолиз және ТҚЦ.
- Б) ТҚЦ және ЖМҚ β -тотығуы.
- В) ТҚЦ, гликогенолиз және ЖМҚ β -тотығуы.
- Г) Тотыға фосфорлау және ЖМҚ β -тотығуы.

26. Қандай фермент тотықсыздандыра биосинтездеу үшін НАДФН(H^+) жеткізіп береді?

- А) Глюкозо-6-фосфатдегидрогеназа.
- Б) Изоцитратдегидрогеназа (митохондриялық).
- В) Лактатдегидрогеназа.
- Г) Глутаматдегидрогеназа.

27. Қандай үдеріс жүруі үшін глюкозаның пентозофосфаттық тотығу жолы ферменттерінің белсендігі маңызды?

- А) ЖМҚ биосинтезі.
- Б) Глюконеогенез.
- В) ТҚЦ.
- Г) Нәруыздардың биосинтезі.

28. Қандай үдеріс жүруі үшін глюкозаның пентозофосфаттық тотығу жолы ферменттерінің белсендігі маңызды?

- А) Гемнің ыдырауы.
- Б) Глюконеогенез.
- В) ТҚЦ.
- Г) Нәруыздардың биосинтезі.

29. Қандай үдеріс жүруі үшін глюкозаның пентозофосфаттық тотығу жолы ферменттерінің белсендігі маңызды?

- А) Холестериннің синтезі.
- Б) Глюконеогенез.
- В) ТҚЦ.
- Г) Нәруыздардың биосинтезі.

30. Қандай үдеріс жүруі үшін глюкозаның пентозофосфаттық тотығу жолы ферменттерінің белсендігі маңызды?

- А) Тотыққан глутатионды тотықсыздандыру.
- Б) Глюконеогенез.
- В) ТҚЦ.
- Г) Нәруыздардың биосинтезі.

31. Дезоксирибонуклеозиддифосфаттар түзілуі үшін цитоплазмада қандай үдеріс қажет?

- А) НАДФН(Н⁺) түзілуі.
- Б) Гликолиз.
- В) Пальмитин қышқылының синтезі.
- Г) Глюконеогенез.

32. Эритроцит гемоглобиндерінің SH-топтарын қолдауда қандай метаболиттік жолдың бірінші реакциясы шешуші рөл атқаралы?

- А) Глюкоза тотығуының пентозофосфаттық жолының.
- Б) Глюконеогенездің.
- В) ТҚЦ.
- Г) Гликолиздің.

33. X ортақ метаболитін анықтаңдар: Аргинин + X → Гуанидинацетат + Орнитин;

X + N⁵,N¹⁰-метилен-ТГФК → Серин + ТГФК.

- А) Глицерол.
- Б) Глицин.
- В) Аланин.
- Г) Глицеральдегид-3-фосфат.

34. X ортақ метаболитін анықтаңдар: Глицин + X → Гуанидинацетат + Орнитин;

X + O₂ + НАДФН(Н⁺) → NO + Цитруллин + НАДФ⁺.

- А) Аргинин.
- Б) Серин.
- В) Аланин.
- Г) Аспарагин.

35. ТҚЦ метаболиті болып табылатын глутамин қышқылынан қандай қосылыс

алынады?

- А) Изоцитрат.
- Б) α-Кетоглутарат.
- В) Малат.
- Г) Оксалоацетат.

36. ТҚЦ метаболиті болып табылатын аспарагин қышқылынан қандай қосылыс алынады?

- А) Сукцинат.
- Б) α-Кетоглутарат.
- В) Фумарат.
- Г) Оксалоацетат) т.

37. Қандай қосылыс ТҚЦ-ның да, орнитин циклінің де метаболиті қызметін атқарады?

- А) Сукцинат.
- Б) Фумарат.
- В) Малат.
- Г) Аспарат.

38. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алыңдар.

- А) Моноаминоксидазалар бауырда катехоламиндерді инбелсендіреді.
- Б) Моноаминоксидазалар бауырда глюкокортикоидтарды инбелсендіреді.
- В) Моноаминоксидазалар бауырда минералокортикоидтарды инбелсендіреді.
- Г) Моноаминоксидазалар бауырда ретиной қышқылын инбелсендіреді.

39. Холестерин синтезінің ингибиторларын–статиндерді ұзақ уақыт қабылдау бұлшықет әлсіздігін береді. Статиндерді қабылдағанда сонымен қатар қандай қосылыстың синтезі бұзылады?

- А) HSKoA-ның.
- Б) КоQ (убихинонның).
- В) Гемнің.
- Г) УМФ-тің.

40. Цианидтермен уланғанда неліктен ұлпалық гипоксия орын алады?

- А) ЭТТ цитохром с-оксидазасының тоқтауына байланысты.
- Б) Метгемоглобиннің түзілуіне байланысты
- В) Карбоксигемоглобиннің түзілуіне байланысты.

Г) Гликирленген (гликозилденген) гемоглобиннің түзілуіне байланысты.

41. ТҚЦ-нің қандай метаболиті гемнің синтезіне қатысады?

- А) Сукцинил-SKoA.

- Б) Ацетил-SКоА.
- В) Оксалоацетат.
- Г) Фумарат.

42. ТҚЦ-нің қандай метаболиті гликолиздің реттегіш ферменті фосфофруктокиназаны-1 аллостериялық ингибирлейді?

- А) Изоцитрат.
- Б) Цитрат.
- В) Фумарат.
- Г) Малат.

43. Қандай қосылыс сукцинатдегидрогеназа және аденилосукцинатлиаза катализдейтін реакциялардың өнімі болып табылады?

- А) Сукцинат.
- Б) Аденилосукцинат.
- В) Сукцинил-SКоА.
- Г) Фумарат.

44. Қандай қосылыс глицинамидино-трансфераза және аргиназа катализдейтін реакциялардың өнімі болып табылады?

БИОЛОГИЯЛЫҚ ХИМИЯ

Бөлім 35. Нуклеин қышқылдарының және нәруыздың синтезі

1. Барлық тасымалдаушы РНҚ-лардың 3'-соңы триплетінің құрамын тандап алындар.

- Б) ЦЦА.
- В) ЦУА.
- Г) ЦАА.

2. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алындар.

- А) Минорлы негіздер нуклеазалардың әсеріне тРНК сезгіштігін өсіреді.
- Б) Минорлы негіздер тРНК жекелеген учаскелерінің спиральдануына бөгет жасайды.
- В) Минорлы негіздер комплементарлық жұптардың түзілуіне қатысады.
- Г) Минорлы негіздер басқа негіздермен берігірек сутектік байланыстар түзеді.

3. тРНК молекуласындағы акцепторлық учаскелердің рөлін көрсетіндер.

- А) Белгілі бір аминқышқылының байланысуына жауапты.
- Б) Аминоацил-тРНК-синтетазаны тануға жауапты.
- В) Рибосомамен.
- Г) мРНК-мен байланысуға жауапты.

4. тРНК молекуласындағы қандай ілмек мРНК кодонымен байланысуға жауапты?

- А) Дигидроуридин ілмегі.
- Б) Антикодон ілмегі.

- А) Глицин.
- Б) Аргинин.
- В) Орнитин.
- Г) Гуанидинацетат.

45. Қандай қосылыс бір мезгілде аргининосукцинатсинтетаза және аспартатаминотрансферазаның субстраты болып табылады?

- А) Сукцинат.
- Б) Аргинин.
- В) Оксалоацетат.
- Г) Аспарат.

46. Қандай қосылыс бір мезгілде глутаминсинтетаза және аланинаминотрансфераза субстраты болып табылады?

- А) Орнитин.
- Б) Аланин.
- В) Пируват.
- Г) Глутамат.

ындар:

- А) АЦА.
- В) Қосымша ілмек.
- Г) Псевдоурацил ілмегі.

5. тРНК-ның аминқышқылымен макроэргиялық байланысы қалай түзіледі?

- А) Рибосоманың үлкен суббірлігінің қатысуымен.
- Б) Аминоацил-тРНК-синтетазаның қатысуымен.
- В) Пептидилтрансферазаның қатысуымен.
- Г) Рибосоманың кіші суб бірлігінің қатысуымен.

6. тРНК молекуласының қандай құрылымы аминқышқылымен байланысуына жауапты?

- А) Дигидроуридин ілмегі.
- Б) Антикодон ілмегі.
- В) Акцепторлық учаске.
- Г) Псевдоурацил ілмегі.

7. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алындар.

- А) тРНК молекуласында аминоацил-тРНК-синтетазаны тануына дигидроуридин ілмегі жауапты.

Б) тРНҚ молекуласында аминоксил-тРНҚ-синтетазаны тануына антикодон ілмегі жауапты.

В) тРНҚ молекуласында аминоксил-тРНҚ-синтетазаны тануына акцепторлық учаске жауапты.

Г) тРНҚ молекуласында аминоксил-тРНҚ-синтетазаны тануына псевдоурацил ілмегі жауапты.

8. тРНҚ молекуласында рибосоманың бетімен байланысуына қандай ілмек жауапты?

А) Дигидроуридин ілмегі.

Б) Антикодон ілмегі.

В) Қосымша ілмек.

Г) Псевдоурацил ілмегі.

9. Аминқышқылы қандай субстратқа қосылғанда оның нәруыздарды синтездеу белсендігі орын алады?

А) тРНҚ-ға.

Б) Фосфор қышқылының қалдығына.

В) мРНҚ-ға.

Г) Рибосомағың кіші суббірлігіне.

10. Қандай фермент нәруыздарды синтездеу үшін аминқышқылдарын белсендіреді?

А) Ацил-SKоА синтетеза.

Б) ДНҚ-полимераз.

В) Аланинаминотрансфераза,

Г) Аминоксил-тРНҚ-синтетеза.

11. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

А) тРНҚ құрамына дигидроуридин кіреді.

Б) тРНҚ құрамына тимидин кіреді.

В) тРНҚ құрамына меркаптопурин кіреді.

Г) тРНҚ құрамына фторурацил кіреді.

12. тРНҚ құрамындағы минорлы негізді таңдап алындар.

А) Псевдоуридин.

Б) Тимин.

В) Меркаптопурин.

Г) Фторурацил.

13. тРНҚ құрамындағы минорлы негізді таңдап алындар.

А) Метилгуанин.

Б) Тимин.

В) Меркаптопурин.

Г) Фторурацил.

14. тРНҚ құрамындағы минорлы негізді таңдап алындар.

А) Метилцитозин.

Б) Тимидин.

В) Меркаптопурин.

Г) Фторурацил.

15. Трансляция барысында терминацияланатын кодонды көрсетіндер.

А) АУГ.

Б) УГА.

В) ГАУ.

Г) ЦЦА..

16. мРНҚ молекуласының қандай кодоны ДНҚ молекуласындағы АТЦ нуклеотидтерінің триплетіне сәйкес келеді?

А) ТАГ.

Б) УАГ.

В) УТЦ.

Г) ЦАУ.

17. Трансляция инициация фазасынан басталады, бұл кезде метионинді кодтайтын АУГ кодоны комплементарлы тРНҚ антикодонымен байланысады. Антикодонды көрсетіндер.

А) УЦГ.

Б) УГЦ.

В) АЦУ.

Г) УАЦ.

18. мРНҚ құрылымындағы иницирлейтін кодонды көрсетіндер.

А) АУГ.

Б) УГА.

В) АГЦ.

Г) АЦЦ.

19. Нәруыздар синтезінің бір сатысы кодон мен антикодонды тану болып табылады. Егер мРНҚ-дағы кодон УАУ болса, тРНҚ-да қандай комплементарлы антикодон болғаны?

А) ГУГ.

Б) УАУ.

В) АУА.

Г) УГУ.

20. Нәруыздар биосинтезінің қандай үдерісі рибосомада жүреді?

А) Элонгация.

Б) Аминқышқылдарын белсендіру.

В) Репликация.

Г) Транскрипция.

21. Жасушаның қандай құрылымдық компонентімен нәруыздың биосинтезі байланысқан?

- А) Лизосомалармен.
- Б) Гольджи аппаратымен.
- В) Хромосомалармен.
- Г) Рибосомалармен.

22. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Нәруыздың синтезі гранулалық ЭПР-де жүреді.
- Б) Нәруыздың синтезі тегіс ЭПР-де жүреді.
- В) Нәруыздың синтезі ядрода жүреді.
- Г) Нәруыздың синтезі лизосомаларда жүреді.

23. Гормондардың қайсысы нәруыздардың синтезін күшейтеді?

- А) Өсудің инсулинтәрізді факторы.
- Б) Глюкагон.
- В) Кортизон.
- Г) Адреналин.

24. Стрептомицин және тетрациклин антибиотиктерінің әсер ету механизмі қандай?

- А) ДНҚ молекуласының учаскелерімен байланысу.
- Б) тРНҚ молекуласының учаскелерімен байланысу
- В) Рибосоманың кіші суббірліктерімен байланысу.
- Г) Рибосоманың үлкен суббірліктерімен байланысу.

25. Антибиотиктердің қайсысы элонгация сатысында трансляцияны ингибирлеуі мүмкін?

- А) Тетрациклин.
- Б) Стрептомицин.
- В) Эритромицин.
- Г) Азитромицин.

26. Антибиотиктердің қайсысы терминация сатысында трансляцияны ингибирлеуі мүмкін?

- А) Тетрациклин.
- Б) Стрептомицин.
- В) Эритромицин.
- Г) Метациклин.

27. Қандай нуклеотид трансляцияны инициациялау үдерісіне қатысады?

- А) ГТФ.
- Б) УДФ.
- В) АДФ.
- Г) УТФ.

28. Бір-бірімен қызметтік байланысқан нәруыздарды бақылайтын нуклеотидтердің сызықтық реттелген жиынтығы қалай аталады?

- А) Кодон.
- Б) Антикодон.
- В) Цистрон.
- Г) Оперон.

29. Оказаки фрагменті дегеніміз не?

- А) Қысқа олигорибонуклеотид, ДНҚ синтезі содан басталады.
- Б) Хеликазаның әсерінен қысқа мерзімдік ДНҚ-ның біртізбекті учаскесі.
- В) ДНҚ синтезі барысында түзілетін еншілес тізбектердің біреуінің қысқа фрагменті.
- Г) Жабысқақ шеттері бар қатаң түрде белгілі бір құрылымды ДНҚ-ның фрагменті.

30. Праймер дегеніміз не?

- А) ДНҚ синтезі барысында түзілетін еншілес тізбектердің біреуінің қысқа фрагменті.
- Б) Хеликазаның әсерінен түзілетін қысқа мерзімдік ДНҚ-ның біртізбекті учаскесі.
- В) Қысқа олигорибонуклеотид, ДНҚ синтезі содан басталады.
- Г) Жабысқақ шеттері бар қатаң түрде белгілі бір құрылымды ДНҚ-ның фрагменті.

31. РНҚ-полимераза байланысатын ДНҚ учаскесі қалай аталады?

- А) Промотор.
- Б) Оказаки фрагменті.
- В) Транскриптон.
- Г) Интрон.

32. «Транскрипция» түсінігінің ең дұрысы қайсы анықтама?

- А) ДНҚ-ның бір тізбегінен ақпаратты жаңа синтезделетін ДНҚ тізбегіне көшіріп жазу үдерісі.
- Б) РНҚ-да сақталған ақпаратты ДНҚ түрінде көшіріп жазу үдерісі.
- В) ДНҚ-да сақталған ақпаратты РНҚ түрінде көшіріп жазу үдерісі.
- Г) РНҚ матрицасында нәруызды синтездеу үдерісі.

33. «Репликация» түсінігінің ең дұрысы қайсы анықтама?

- А) Екі ұқсас еншілес молекулаларды түзіп, ДНҚ-ны көшіру.
- Б) ДНҚ-дан РНҚ-ға ақпаратты көшіріп жазу үдерісі.
- В) Нәруызды синтездеу үдерісі.
- Г) РНҚ-ның жетілу үдерісі.

34. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) ДНҚ-ның бір триплеті нәруыздың молекуласындағы аминқышқылдарының реті туралы ақпаратты береді.
- Б) ДНҚ-ның бір триплеті организмнің белгісі туралы ақпаратты береді.
- В) ДНҚ-ның бір триплеті синтезделетін нәруыз молекуласындағы аминқышқылы туралы ақпаратты береді.
- Г) ДНҚ-ның бір триплеті РНҚ молекуласының құрамы туралы ақпаратты береді.

35. Нәруыздың бір молекуласы туралы ақпаратты беретін ДНҚ молекуласының учаскесі қалай аталады?

- А) Ген.
- Б) Фенотип.
- В) Геном.
- Г) Генотип.

36. Қандай аминқышқылының құрамындағы триплеттер антикодондар деп аталады?

- А) ДНК.
- Б) мРНҚ.
- В) тРНҚ.
- Г) рРНҚ.

37. Матрицалық РНҚ қызметін көрсетіндер.

- А) Рибосоманың құрылымын қалыптастыру.
- Б) Синтезделетін нәруыздың біріншілік құрылымын қамтамасыз ету.
- В) Аминқышқылдарының арасындағы байланыстың дұрыс түзілуін қамтамасыз ету.
- Г) Тұқымқуалау ақпаратын сақтау.

38. «Транскрипция» түсінігі қай үдеріске қатысты?

- А) ДНҚ екіеселенуіне.
- Б) ДНҚ матрицасында мРНҚ синтезіне.
- В) мРНҚ мен рибосоманың әрекеттесуіне.
- Г) Полирибосомада нәруыздық молекулалардың синтезіне.

39. ДНҚ-ның қайсы учаскелерімен байланысу транскрипцияны реттейтін факторлардың транскрипция үдерісін күшейтуге мүмкіндік береді?

- А) Сайленсерлермен.
- Б) Энхансерлермен.
- В) Экзондармен.
- Г) Интрондармен.

40. ДНҚ-ның қайсы учаскелерімен байланысу транскрипцияны реттейтін факторлардың транскрипция үдерісін басуға мүмкіндік береді?

- А) Интрондармен.
- Б) Энхансерлермен.
- В) Сайленсерлермен.
- Г) Экзондармен.

41. Транскрипцияның басталуына старт беретін ДНҚ нуклеотидтерінің ретін көрсетіндер.

- А) Промотор.
- Б) Энхансер.
- В) Сайленсер.
- Г) Инсулятор.

42. Қандай үдеріс кезінде ДНҚ құрылымындағы бұзылыстарды түзету жүреді?

- А) Транскрипция.
- Б) Репарация.
- В) Трансляция.
- Г) Репликация.

43. ДНҚ молекуласының екі еселенуі қандай жолмен жүреді?

- А) Репликация арқылы.
- Б) Трансляция арқылы.
- В) Транскрипция арқылы.
- Г) Дубликация арқылы.

44. Эукариоттардың жасушаларында РНҚ-байланысқан вирустар көбейгенде ДНҚ қандай жолмен синтезделеді?

- А) Транскрипцияның көмегімен.
- Б) Кері транскрипцияның көмегімен.
- В) Трансляцияның көмегімен.
- Г) Репарацияның көмегімен.

45. Эукариотты жасушаның қандай жасушалық құрылымында нәруыздың синтезі жүреді?

- А) Рибосомаларда ЭПР бетінде.
- Б) Жасушаның қабырғасында.
- В) Цитоплазмалық мембрананың сыртқы бетінде.
- Г) Ядрода.

46. Эукариоттарда транскрипция қай жерде жүреді?

- А) Цитоплазмада.
- Б) ЭПР-де.
- В) Лизосомаларда.
- Г) Ядрода.

47. Бір аминқышқылын неше нуклеотидтер кодтайды?

- А) 1 нуклеотид.
- Б) 2 нуклеотид.
- В) 3 нуклеотид.
- Г) 4 нуклеотид.

48. Сан жағынан барлығынан көп қандай

РНҚ молекулалары?

- А) тРНҚ.
- Б) рРНҚ.
- В) мРНҚ.
- Г) РНҚ-лардың барлық түрлері шамамен бірдей.

49. Түрдің спецификалық коэффициенті дегеніміз не?

- А) ДНҚ-ның белгілі бір түріндегі пуриндер мен пиримидиндер мөлшерінің тепе-теңдігі.
- Б) $(A+T)/(G+C)$ қатынасы – әрбір түр үшін жеке және тұрақты шама.
- В) $(A+C)/(G+T)$ қатынасы – әрбір түр үшін айнымалы шама.
- Г) $(A+G)/(C+T)$ қатынасы – әрбір түр үшін жеке және тұрақты шама.

50. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Генетикалық код – нуклеотидтердің ретіндегі аминқышқылдарының ретін шифрлау әдісі.
- Б) Генетикалық код – ДНҚ молекуласындағы нәруыздың негізгі қызметін шифрлау әдісі.
- В) Генетикалық код – ДНҚ-да нәруыз құрылымының екіншілік және үшіншілік құрылымын шифрлау әдісі.
- Г) Генетикалық код – ДНҚ-да РНҚ құрылымын шифрлау әдісі.

51. Генетикалық кодтың дұрыс сипаттамасын таңдап алындар.

- А) Бір аминқышқылы қатар тұрған үш нуклеотидпен кодталады.
- Б) Бір аминқышқылы бірнеше азотты негіздермен кодталады.
- В) Бір триплет бірнеше аминқышқылдарына сәйкес келеді.
- Г) Әрбір тірі организмнің өзінің генетикалық коды бар.

52. Генетикалық кодтың элементар бірлігіне на жатады?

- А) Үш нуклеотидтердің реті.
- Б) Нуклеозид.
- В) Азотты негіз.
- Г) Нуклеотидтердің комплементарлық жұбы.

53. Генетикалық кодтың азғындауын қалай түсінуге болады?

- А) Зақымдалған кодтардың және стоп-коддардың болуы.
- Б) Бір аминқышқылын екі және одан да көп триплеттермен кодтау.
- В) Бір аминқышқылын бір триплетпен кодтау.
- Г) Екі әртүрлі нәруыздарды ДНҚ-ның бір ретімен кодтау.

54. Генетикалық кодтың әмбебаптығы нені білдіреді?

- А) Код барлық организмдер үшін біреу.
- Б) Әрбір триплет тек бір ғана аминқышқылын кодтайды.
- В) Әрбір аминқышқылы бірнеше триплеттермен кодталады.
- Г) 20 аминқышқылы төрт нуклеотидтермен кодталады және 64 кодон түзіледі.

55. Генетикалық кодтың спецификалығы (бір мағыналық) нені білдіреді?

- А) Код барлық организмдер үшін біреу.
- Б) Әрбір триплет тек бір ғана аминқышқылын кодтайды.
- В) Әрбір аминқышқылы бірнеше триплеттермен кодталады.
- Г) 20 аминқышқылы төрт нуклеотидтермен кодталады және 64 кодон түзіледі.

56. Оказаки фрагменттері дегеніміз не?

- А) Праймерлер.
- Б) ДНҚ репликациясы кезінде кешігетін тізбектің өсу учаскелері.
- В) Нуклеотидтер аралық үзілу.
- Г) ДНҚ синтезінің ферменттері.

57. ДНҚ-топоизомераза репликация барысында нені жүзеге асырады?

- А) Суперспиральданған ДНҚ-ның бір тізбегіндегі фосфодиэфирлік байланысты үзуді.
- Б) ДНҚ қос тізбегін ажыратуды.
- В) РНҚ-праймерлерінің синтезін.
- Г) Оказаки фрагменттерін тігуді

58. Репликация барысында ДНҚ-хеликаза нені жүзеге асырады?

- А) Суперспиральданған ДНҚ-ның бір тізбегіндегі фосфодиэфирлік байланысты үзуді.
- Б) ДНҚ қос тізбегін ажыратуды.
- В) ДНҚ-ның тетелес тізбектерін синтездеуді.
- Г) Оказаки фрагменттерін тігуді.

59. Репликация барысында ДНҚ-праймаза нені жүзеге асырады?

- А) Суперспиральданған ДНҚ-ның бір тізбегіндегі фосфодиэфирлік байланысты үзуді.
- Б) ДНҚ қос тізбегін ажыратуды.
- В) РНҚ-праймерлердің синтезін.
- Г) ДНҚ-ның тетелес тізбектерін синтездеуді.

60. Репликация барысында ДНҚ-полимераза нені жүзеге асырады?

- А) Суперспиральданған ДНҚ-ның бір тізбегіндегі фосфодиэфирлік байланысты үзуді.
- Б) ДНҚ қос тізбегін ажыратуды.
- В) ДНҚ-ның тетелес тізбектерін синтездеуді.
- Г) Оказаки фрагменттерін тігуді.

61. Репликация барысында ДНҚ-лигаза нені жүзеге асырады?

- А) Суперспиральданған ДНҚ-ның бір тізбегіндегі фосфодиэфирлік байланысты үзуді.
- Б) РНҚ праймерлерін синтездеуді.
- В) ДНҚ-ның тетелес тізбектерін.
- Г) Оказаки фрагменттерін тігуді.

62. Репликация барысында ДНҚ РНҚаза Н нені жүзеге асырады?

- А) Суперспиральданған ДНҚ-ның бір тізбегіндегі фосфодиэфирлік байланысты үзуді.
- Б) РНҚ праймерлерін кетіруді.
- В) ДНҚ-ның тетелес тізбектерін.
- Г) Оказаки фрагменттерін тігуді.

63. Процессинг дегеніміз не?

- А) РНҚ синтезі.
- Б) РНҚ жетілуі.
- В) ДНҚ жетілуі.
- Г) ДНҚ синтезі.

64. мРНҚ сплайсинг дегеніміз не?

- А) мРНҚ жетілуі барысында интрондарды кетіру және экзондарды тігу.
- Б) 7-метилгуанозинді мРНҚ. 3'-шетіне қосу.
- В) Поли-А(АА) реттілікті мРНҚ 3'-шетіне бекіту.
- Г) мРНҚ тізбегіндегі жекелеген нуклеотидтерді метилдеу.

65. мРНҚ баламалы сплайсингі дегеніміз не?

- А) мРНҚ жетілуі барысында интрондарды кетіру және экзондарды тігу.
- Б) мРНҚ жетілуі кезінде экзондарды (немесе олардың бөліктерін) іріктеп кетіру немесе қосу.
- В) 7-метил гуанозинді мРНҚ. 3'-шетіне қосу.
- Г) Поли-А(АА) реттілікті мРНҚ 3'-шетіне бекіту.

66. Пре-мРНҚ баламалы сплайсингі дегеніміз не?

- А) Пре-мРНҚ 3'-шетіне аденил қышқылының қалдықтарын қосу үдерісі.
- Б) мРНҚ жетілуі барысында интрондар мен экзондарды талғамды кетіру үдерісі.
- В) Негіздерді модификациялау арқылы мРНҚ молекуласындағы кодталған ақпараттың өзгеру үдерісі.
- Г) Пре-мРНҚ матрицасында ДНҚ молекуласының түзілуіне соқтыратын үдерістердің жиынтығы.

67. Сплайсосома дегеніміз не?

- А) Интрондарды кесіп алып, экзондарды лигирлеуді жүзеге асыратын нәруыздардың кешені.
- Б) Баламалы сплайсингті ингибирлейтін нәруыздардың кешені.
- В) Пре-мРНҚ молекуласының ішінде экзондарды шиыруға қабілетті нәруыздардың кешені.
- Г) Баламалы сплайсингтің реттегіш ферменттері танитын нуклеотидтердің реттілігі.

68. мРНҚ-ны кэпирлеу дегеніміз не?

- А) мРНҚ жетілуі кезінде интрондарды кетіру және экзондарды тігу.
- Б) мРНҚ жетілуі кезінде одан экзондарды (немесе экзондардың бөліктерін) таңдамалы кетіру немесе енгізу үдерісі.
- В) мРНҚ-ның 3'-шетіне 7-метилгуанозинді тіркеу және рибозаны метилдеу.
- Г) Поли-А(АА) реттілікті мРНҚ 3'-шетіне бекіту.

69. Эукариоттардың басым көпшілігінде мРНҚ 5'-шетіндегі кэп-құрылым қандай нук-леотидпен берілген?

- А) Гуанозинтрифосфатпен.
- Б) 7-Метилгуанозинтрифосфатпен.
- В) Цитозинтрифосфатпен.
- Г) Тимидинтрифосфатпен.

70. 5'-кэп РНҚ қызметін көрсетіңдер.

- А) мРНҚ-ны ядродан экспорттауға және транс-ляцияға қатысу.
- Б) Трансляцияны терминациялау.
- В) Экзонуклеазалардың әсерінен транскрипті деградациядан қорғау.
- Г) Трансляцияны инициациялау.

71. мРНҚ-ны полиаденилдеу дегеніміз не?

- А) мРНҚ жетілуі кезінде интрондарды кетіру және экзондарды тігу.

- Б) мРНҚ-ның 3'-шетіне 7-метилгуанозинді тіркеу.
В) Поли-А(АА) реттілікті мРНҚ 3'-шетіне бекіту
Г) мРНҚ тізбегіндегі жекелеген нуклеотидтерді метилдеу.

72. Келтірілгендердің қайсысы пост-транскрипциялық процессингтің құрамына кіреді?

- А) Рибозаның қалдықтарын модификациялау.
Б) Азотты негіздерді модификациялау.
В) ДНҚ құрылымын модификациялау.
Г) РНҚ қос спиралінің түзілуі.

73. Қандай себеппен қалыпты жасуша-ның әрбір бөлінуі әрбір хромосоманың шетінде 50-100 теломерлік реттіліктерді жоғалтумен жүреді?

- А) ДНҚ-полимераза хромосомалардың 3'-шетін толығымен репликациялауға қабілетсіз.
Б) ДНҚ-полимераза хромосомалардың 5'-шетін толығымен репликациялауға қабілетсіз.
В) ДНҚ-топоизомераза I шеткі учаскелердегі нуклеин қышқылын тарқата алмайды.
Г) ДНҚ-топоизомераза II шеткі учаскелердегі нуклеин қышқылын тарқата алмайды.

74. ДНҚ-ның ГТАЦАГ учаскесіне РНҚ-ның қандай реттілігі комплементарлы?

- А) ЦУГУАЦ. -
Б) ЦАУГУЦ.
В) ЦТГТАЦ.
Г) ЦАТГТЦ.

75. ДНҚ-ның кодтайтын тізбегінің фрагментіндегі реттілік АААТЦТТГТ. Оның кодтамайтын комплементарлы тізбегіндегі сәйкес фрагментті анықтаңдар.

- А) АААТЦТТГТ.
Б) УУУТЦТТГТ.
В) ГГГУТУУАУ.
Г) ТТТАГААЦА.

76. ДНҚ-ның кодтайтын тізбегінің фрагментіндегі реттілік АААТЦТТГТ. Оның кодтамайтын комплементарлы тізбегіндегі сәйкес фрагментті анықтаңдар.

- А) ГЦААТГГГЦ.
Б) АТГГЦАААТ.
В) ЦГТТАЦЦЦГ.
Г) ЦГУУАЦЦЦГ.

77. ДНҚ-ның кодтайтын тізбегінің фрагментіндегі реттілік АААТЦТТГТ. Оның кодтамайтын комплементарлы тізбегіндегі сәйкес фрагментті анықтаңдар.

- А) ААГТТТЦТЦ.
Б) ТТЦАААГАГ.
В) УУЦАААГАГ.
Г) УУГТТТЦТЦ.

78. Қандай үдеріс жылдамдығының төмендеуі ДНҚ құрылымында бұзылыстардың жинақталуына соқтырады?

- А) Репликацияның.
Б) Репарацияның.
В) Транскрипцияның.
Г) Сплайсингтің.

79. Полимеразалық тізбекті реакцияның нәтижесінде не түзіледі?

- А) Екі тізбекті ДНҚ фрагментінің көшірмелері.
Б) Бір тізбекті ДНҚ фрагментінің көшірмелері
В) мРНҚ фрагментінің көшірмелері.
Г) рРНҚ фрагментінің көшірмелері.

80. Нәруыздың полиморфизміне не себепші?

- А) Бір адамда бір нәруыздың екіден көп нұсқасының болуы.
Б) Популяцияда бір нәруыздың екі және одан да көп нұсқаларының болуы.
В) Өмір бойы жасушаның нәруыздық құрамының өзгеруі.
Г) Нәруыздардың мутанттық формаларының түзілуі.

81. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алыңдар.

- А) Полимеразалық тізбекті реакция матрица ретінде хромосоманы пайдаланады.
Б) Полимеразалық тізбекті реакцияға ДНҚ-хеликаза қатысады.
В) Полимеразалық тізбекті реакция энергия көзі ретінде АТФ қолдануды талап етеді.
Г) Полимеразалық тізбекті реакцияны термо тұрақты Тақ-полимераза тездетеді.

82. Қандай қосылыстар полимеразалық тізбекті реакцияның субстраттары болып табылады?

- А) Дезоксирибонуклеотидтрифосфаттар.
Б) Рибонуклеотидмонофосфаттар.
В) Дезоксирибонуклеотидмонофосфаттар.
Г) Рибонуклеотидтрифосфаттар.

83. Тақ-полимеразаның қандай қасиеті оны полимеразалық тізбекті реакцияны жүргізген кезде тиімді қолдану мүмкіндігін анықтайды?

- А) рН өзгерістеріне төмен сезгіштігі.
- Б) Термотұрақтылығы.
- В) Мочевина ерітіндісінде жоғары тұрақтылығы.
- Г) Басқа ДНҚ-полимеразаларға қарағанда нуклеотидтрифосфаттарға жоғарырақ ынтықтығы.

84. ДНҚ синтездеу үшін ДНҚ-түрткі қызметін не атқарады?

- А) ДНҚ матрицасы.
- Б) ДНҚ праймерлері.
- В) мРНҚ Фрагменті.
- Г) Қостізбекті ДНҚ.

85. Полимеразалық тізбекті реакцияның қандай компонентінде амплифицирлеуді қажет ететін ДНҚ-ның учаскесі бар?

- А) ДНҚ матрицасы.
- Б) ДНҚ праймерлері.
- В) мРНҚ Фрагменті.
- Г) SSB-нәруызы.

86. Полимеразалық тізбекті реакцияның негізінде қандай принцип жатыр?

- А) ДНҚ фрагменттері концентрациясының өсуі.
- Б) Изотоппен таңбаланған антиденені қолдану.
- В) Электр тогының әсерінен бөлшектердің көшіп қонуы.
- Г) Қоспа компоненттерінің сорбциялануындағы айырмашылықтар.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ХИМИЯ

Бөлім 36. Дәнекер ұлпасының биохимиясы

1. Адгезивтік факторлар дегеніміз не?

- А) Жасушалардың нақтылануын тудыратын заттар.
- Б) Жасушалардың бөлінуін тудыратын заттар.
- В) Жасушалардың қозғалысын тудыратын заттар.
- Г) Жасушалардың бекітілуін тудыратын

тар

2. Хемотаксис факторлары дегеніміз не?

- А) Жасушалардың нақтылануын тудыратын заттар.
- Б) Жасушалардың бөлінуін тудыратын заттар.
- В) Жасушалардың қозғалысын тудыратын заттар.
- Г) Жасушалардың бекітілуін тудыратын заттар

3. Келтірілгендердің қайсысы тістің борпылдақ дәнекер ұлпасына жатады?

- А) Дентин.
- Б) Цемент.
- В) Пульпа.
- Г) Эмаль.

4. Дәнекер ұлпасының негізгі нәруыздарын көрсетіңдер.

- А) Коллагендер.
- Б) Интегриндер.
- В) Энамелиндер.

Г) Эластиндер.

5. Дәнекер ұлпасы жасушаларының ерекшеліктерін көрсетіңдер.

- А) Үлкен биосинтездік мүмкіндіктер танытады.
- Б) Оларда ядро болмайды.
- В) Жұлдызша формалы болады.
- Г) Аз нақтыланған жасушаларға жатады.

6. Қандай жасушалар дәнекер ұлпаның қорғаныс жасушаларына жатады?

- А) Мес жасушалар.
- Б) Макрофагтар.
- В) Фибробластар.
- Г) Плазмоциттер.

7. Коллагендердің ерекшеліктерін көрсетіңдер.

- А) Аргининнің көп аминқышқылдық қалдықтары болады.
- Б) Нуклеопротеиндер болып табылады.
- В) Адам организмінде көбірек таралған нәруыздар болып табылады.
- Г) Ароматты аминқышқылдарының көп аминқышқылдық қалдықтары болады.

8. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алыңдар.

- А) I типті коллаген шеміршек пен эмальдің нәруыздық матрицасын түзеді.
- Б) I типті коллаген эмаль мен сүйектің нәруыздық матрицасын түзеді.

В) I типті коллаген сүйек пен дентиннің нәруыздық матрицасын түзеді.

Г) I типті коллаген цемент пен тіс тасының нәруыздық матрицасын түзеді.

9. Сүйектің нәруыздық матрицасы негізінен коллагеннің қандай түрімен бәрілген?

А) I.

Б) II.

В) III.

Г) IV.

10. Фибриллярлық нәруызды таңдап алындар.

А) I типті коллаген.

Б) Фибронектин.

В) Ламинин.

Г) Нидоген.

11. II типті коллаген қандай ұлпаның нәруыздық матрицасын түзеді?

А) Шеміршек ұлпасының.

Б) Эмаль мен сүйек ұлпасының.

В) Дентин мен сүйек ұлпасының.

Г) Цемент пен тіс тасының.

12. Коллагендерге қатысты қандай тұжырымдама дұрыс?

А) Коллагендердің жаңаруы жас ұлғайған сайын баяулайды.

Б) Эмальдің негізгі компоненті болып табылады.

В) Ароматты аминқышқылдары көп болады.

Г) Коллагендердің жаңаруы жас ұлғайған сайын тездейді.

13. Тропоколлаген тізбектерінің үштік спиралі арасында дисульфидтік байланыстар түзіледі. Олар қандай аминқышқылдарының қалдықтарын қосады?

А) Лизиннің.

Б) Цистеиннің.

В) Гомоцистеиннің.

Г) Метиониннің.

14. Пульпаның талшықты құрылымдары негізінен неден түзілген?

А) Коллагеннің туындыларынан.

Б) Эластинді кешендерден.

В) Қальцийбайланыстыратын нәруыздардан.

Г) Гемі бар нәруыздардан.

15. Коллагеннің полипептидтік тізбегінің иілімдерін қандай аминқышқылының қалдықтары түзеді?

А) Глициннің.

Б) Лизиннің.

В) Пролиннің.

Г) Глутаматтың.

16. Коллагеннің синтезін не белсендіреді?

А) Коллагеназаның коллагенді ыдырату өнімдері.

Б) Металлопротеазалардың ұлпалық ингибиторлары.

В) D катепсиннің коллагенді ыдырату өнімдері.

Г) Глюкокортикоидтар.

17. Проколлагеннің коллагеннен айырмашылығы неде?

А) Қосымша шеткі пептидтермен.

Б) Көмірсу компоненттерінің болуымен.

В) Пролин мен лизиннің гидроксилденген аминқышқылдық қалдықтарының болуымен.

Г) Минералдық компоненттерінің болуымен.

18. Тропоколлаген деп нені атайды?

А) Рибосомада синтезделген коллагеннің полипептидтік тізбегін.

Б) Сигналдық реттіліктен айрылған коллагеннің полипептидтік тізбегін.

В) Коллагеннің үш спиральді молекуласын.

Г) Коллагеннің микрофибрилласын.

19. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

А) Тропоколлагеннің молекуласы үш полипептидтік тізбектерден тұрады.

Б) Тропоколлагеннің молекуласы бес полипептидтік тізбектерден қалыптасады.

В) Тропоколлагеннің молекуласы глобулаға бұралған.

Г) Тропоколлагеннің молекуласында торлы құрылым қалыптасады.

20. Тропоколлаген мономерлік спиралінің бір айналымына келетін аминқышқылдары қалдықтарының санын көрсетіңдер.

А) Үш.

Б) Төрт.

В) Бес.

Г) Алты.

21. Коллаген фибриллаларының арасында коваленттік байланыстардың түзілуіне қандай аминқышқылдарының қалдықтары қатысады?

А) Фенилаланин мен валиннің.

- Б) Аллизин мен лизиннің.
- В) Глицин мен пролиннің.
- Г) Аланин мен глициннің.

22. Коллагенді нәруыздарда көбінесе қандай аминқышқылының қалдықтары кездеседі?

- А) Гистидин.
- Б) Пролин.
- В) Глицин.
- Г) Гидроксипролин.

23. Коллагеннің постсинтездік түрленуінде глутатион қандай рөл атқарады?

- А) Лизилоксидазаның коферменті.
- Б) Мырыш иондарын тотықсыздандырады.
- В) С дәруменін тотықсыздандырады.
- Г) Оттегінің доноры.

24. Келтірілген иондардың қайсысы коллаген гидроксилазаларының коферменттері болып табылады?

- А) Мырыш иондары.
- Б) Молибден иондары.
- В) Темір.
- Г) Магний иондары.

25. Коллагеннің жасушадан тыс «жетілу» сатыларының дұрыс ретін көрсетіндер.

- А) Тропоколлаген → проколлаген → микрофибрилла → фибрилла → талшық.
- Б) Микрофибрилла → фибрилла → проколлаген → тропоколлаген → талшық.
- В) Проколлаген → тропоколлаген → микрофибрилла → фибрилла → талшық.
- Г) Тропоколлаген → микрофибрилла → фибрилла → проколлаген → талшық.

26. Коллагеннің «жетілуі» кезінде аскорбин қышқылы не үшін қажет?

- А) Шеткі аминқышқылдық қалдықтарды үзу үшін.
- Б) Коллагеннің үштік спиралін қалыптастыру үшін.
- В) Пролинмен лизинді гидроксилдеу үшін.
- Г) Коллагенді гликозилдеу үшін.

27. Коллагенді О-гликозилдеу қайсы аминқышқылының қалдығы бойынша жүреді?

- А) Аланиннің.
- Б) Пролиннің.
- В) Лизиннің.
- Г) Глициннің.

28. Коллагенді N-гликозилдеу қайсы аминқышқылының қалдығы бойынша жүреді?

- А) Глициннің.
- Б) Пролиннің.
- В) Сериннің.
- Г) Аспараттың.

29. Коллагендегі гидроксизинмен көмірсу компоненті қалайша байланысады?

- А) Пептидтік байланыстар арқылы.

- Б) О-гликозидтік байланыстар арқылы.
- В) Күрделіэфирлік байланыстар арқылы.
- Г) Иондық байланыстар арқылы

30. Коллагеннің молекуласындағы қайсы аминқышқылы гидроксилденеді?

- А) Глицин.
- Б) Лизин.
- В) Глутамат.
- Г) Гистидин.

31. Коллагенді нәруыздардың постсинтездік түрленуі үшін қандай дәрумен болуы қажет?

- А) С дәрумені.
- Б) Е дәрумені.
- В) В₂ дәрумені.
- Г) В₁₂ дәрумені.

32. Пролинді гидроксилдеуге қандайдәрумен қатысады?

- А) Аскорбин қышқылы.
- Б) Тиамин.
- В) Рибофлавин.
- Г) Пиридоксин.

33. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алындар.

- А) Аскорбин қышқылы гликозилтрансфераза катализдейтін реакцияға қатысады
- Б) Аскорбин қышқылы лизилоксидаза катализдейтін реакцияға қатысады.
- В) Аскорбин қышқылы пролилгидроксилаза катализдейтін реакцияға қатысады.
- Г) Аскорбин қышқылы металлопротеиназалар катализдейтін реакцияға қатысады.

34. Аскорбин қышқылы қандай реакцияның жүруі үшін қажет?

- А) Лизиннің дезаминденуі.
- Б) Лизиннің декарбоксилденуі.
- В) Лизиннің метилденуі.
- Г) Лизиннің гидроксилденуі.

35. Коллагеннің О-гликозилденуі қандай аминқышқылдық қалдықтар бойынша жүреді?

- А) Глицин және пролиннің.
- Б) Аспарагин және глутаматтың.
- В) Серин және гидроксизиннің.
- Г) Аспарат және глутаминнің.

36. Қандай металдың ионы пролилгидроксилазаның коферменті болып табылады?

- А) Мырыштың ионы.
- Б) Мыстың ионы.
- В) Еківалентті темірдің тоны.
- Г) Үшвалентті темірдің ионы.

37. Қандай металдың ионы лизилоксидазаның коферменті болып табылады?

- А) Мырыштың ионы.
- Б) Мыстың ионы.
- В) Еківалентті темірдің тоны.
- Г) Үшвалентті темірдің ионы.

38. Қайсы металдың ионы лизин гидроксилазасының коферменті болып табылады?

- А) Магнийдің ионы.
- Б) Темірдің тоны.
- В) Мыстың ионы.
- Г) Мырыштың ионы.

39. Гиповитаминоз С коллагеннің «жетілуінің» бұзылуына, дәнекер ұлпасының органикалық матриксі қалыптасуының түмшалануына, реминералдану үдерістерінің баяулауына соқтырады. С дәруменінің тапшылығы қайсы биохимиялық үдерістің бұзылуына байланысты?

- А) Пролин және лизиннің гидроксилденуіне.
- Б) Пролиннің карбоксилденуіне.
- В) Лизиннің карбоксилденуіне.
- Г) Пролин мен лизиннің дезаминденуіне.

40. Коллаген фибриллаларының арасында коваленттік байланыстардың қалыптасуына қандай қосылыстар қатысады?

- А) Глюкоза және галактоза.
- Б) Аллизин және лизин.
- В) Глицин және пролин.
- Г) Аланин және глицин.

41. Жасушааралық матрикте қалыптасатын коллагеннің ең күрделі ұйымдасқан құрылымын көрсетіндер.

- А) Тропоколлаген.
- Б) Коллагеннің фибрилласы.
- В) Коллагеннің талшығы.

Г) Проколлаген.

42. Лизилоксидаза катализдейтін реакцияның нәтижесінде коллаген молекуласындағы лизин мен гидроксизин қалдықтарында қандай функциялық топтар түзіледі?

- А) Альдегидтік.
- Б) Карбоксилдік.
- В) Гидроксилдік.
- Г) Аминтоптары.

43. Коллаген аминқышқылдарын гидроксилдеу қай жерде жүреді?

- А) Ядро.
- Б) Цитополазмада.
- В) ЭПР-де.
- Г) Гольджи аппаратында.

44. Жасушааралық матрикте коллагеннен N- және C-шеткі пептидтердің үзілуін қандай ферменттер катализдейді?

- А) Пептидазалар.
- Б) Оксигеназалар.
- В) Эластазалар.
- Г) Гликозилтрансферазалар.

45. Коллагеннің гликолиздену реакциясын қандай ферменттер катализдейді?

- А) Гидроксилазалар.
- Б) Эластазалар.
- В) Гликозилтрансферазалар.
- Г) Коллагеназалар.

46. Келтірілген аминқышқылдарының қайсысы көбінесе эластинде кездеседі?

- А) Цистеин.
- Б) Метионин.
- В) Аланин.
- Г) Триптофан.

47. Десмозин және изодесмозин қандай рөл атқарады?

- А) Дәнекер тінінде ылғалды ұстайды.
- Б) Минералдану нүктелері болады.
- В) Эластин тізбектерін бір-бірімен байланыстырады.
- Г) Тропоколлагендегі полипептидтік тізбектерді байланыстырады.

48. Келтірілген нәруыздардың қайсысының адгезивтік қасиеттері бар?

- А) Коллагеннің.
- Б) Эластиннің.
- В) Фибронектиннің.
- Г) Декориннің.

49. Қандай нәруызда десмозин және изодесмозин бар?

- А) Эластинде.
- Б) Протропоколлагенде.
- В) Фибронектинде.
- Г) Нидогенде.

50. Қандай аминқышқылдырының қалдықтары эластин аминқышқылы қалдықтары жалпы мөлшерінің шамамен 70%-ын құрайды?

- А) Глицин, валин, пролин.
- Б) Лизин, серин, гистидин.
- В) Аспарагин, глутамин, цистеин.
- Г) Аспарат, глутамат, триптофан.

51. Дәнекер ұлпасында эластиннің болуы нені қамтамасыз етеді?

- А) Ағзалар мен ұлпалар дефектілерінің және жаралардың тыртықтануын.
- Б) Қан тамырлары қабырғаларының жоғары созылғыштығын.
- В) Сүйектердің жоғары сыңғыштығын.
- Г) Дәнекер ұлпаларының минералдануын.

52. Дәнекер ұлпаларында эластиннің болуы нені қамтамасыз етеді?

- А) Ағзалар мен ұлпалар дефектілерінің және жаралардың тыртықтануын.
- Б) Байламдардың беріктігін.
- В) Сүйектердің жоғары сыңғыштығын.
- Г) Шеміршек ұлпаларының кальцификациялануын.

53. Эластиннің құрамындағы қандай аминқышқылдары қалдықтарының постсинтездік модификациялануы нәтижесінде десмозин және изодесмозин түзіледі?

- А) Лизиннің.
- Б) Пролиннің.
- В) Аргининнің.
- Г) Гистидиннің.

54. Эластиннің жартылай өмір сүру уақытын көрсетіндер.

- А) 75 жыл.
- Б) 75 күн.
- В) 30 күн.
- Г) Бір жыл.

55. Эластиннің молекуласындағы қандай аминқышқылдарының қалдықтары көлденең тігістердің түзілуіне қатысады?

- А) Лизиннің.
- Б) Пролиннің.
- В) Аланиннің.

Г) Глициннің.

56. Десмозинді тігістер немен түзілген?

- А) Цистеиннің қалдықтарымен.
- Б) Протеоглиқандардың көмірсу компоненттерімен.
- В) Лизин қалдықтары туындыларының әрекет-тесуімен.
- Г) Дәнекер ұлпасының нәруыздық емес компоненттерімен.

57. Қандай аминқышқылдарының модификацияланған қалдықтары десмозин мен изодесмозиннің құрамына кіреді?

- А) Цистеиннің.
- Б) Глициннің.
- В) Лизиннің.
- Г) Пролиннің.

58. Эластазалар мен протеиназалардың ингибиторы болатын қан плазмасының нәруызын көрсетіндер.

- А) Фибриноген.
- Б) Иммуноглобулин G.
- В) α_1 -Антитрипсин.
- Г) Гепарин.

59. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алындар.

- А) Коллагеназа оксидоредуктазалардың класына жатады.
- Б) Коллагеназаның коллагенге қатысты субстраттық спецификалығы жоқ.
- В) Катализдік коллагеназалық реакцияға оттегі қатысады.
- Г) Коллагеназа коллагеннің С-шетінен 1/4 қашықтағы үштік спиралін ыдыратады.

60. Протеиназаларға қандай ферменттер жатады?

- А) Коллагеназалар.
- Б) Гиалуронидазалар.
- В) N-Ацетилглюкозаминидазалар.
- Г) α -Амилазалар.

61. Қайсы металдың иондары коллагеназаның коферменті болып табылады?

- А) Мырыш иондары.
- Б) Мыс иондары.
- В) Екі валентті темір иондары.
- Г) Үш валентті темір иондары.

62. Коллагеннің молекуласын ыдыратуға қандай ферменттер қатысады?

- А) Сілтілік фосфатаза және гиалуронидаза.
- Б) Сілтілік және қышқыл фосфатазалар.
- В) Идуронидаза және гиалуронидаза.

Г) Коллагеназа және бейспецификалық протеиназалар.

63. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

А) Коллагенді сілтілік фосфатаза гидролиздейді.

Б) Коллагенді қышқыл фосфатаза гидролиздейді.

В) Коллагенді аденозинтрифосфатаза гидролиздейді.

Г) Коллагенді металлопротеиназалар гидролиздейді.

64. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

А) Эластазаны нейтрофилдер өндіреді.

Б) Эластазаны фибробластар өндіреді.

В) Эластазаны одонтобластар өндіреді.

Г) Эластазаны остеокластар өндіреді.

65. Дентинде коллагеннің қандай түрі көбірек таралған?

А) IV типті коллаген.

Б) III типті коллаген.

В) I типті коллаген.

Г) II типті коллаген.

66. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

А) Протеогликандарда 95-98% нәруыз болады.

Б) Протеогликандардың қыртысты нәруыздарымен фосфолипидтер байланысқан.

В) Протеогликандар дәнекер ұлпаларының және нәруыздардың арасындағы әрекеттесуді қамтамасыз етеді.

Г) Протеогликандарда 2-5% көмірсулар бар.

67. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

А) Хондроитин-4-сульфаттың дисахаридтік компоненті болып N-ацетил-О-галактозамин-4-сульфат және D-глюкурон қышқылы табылады.

Б) Хондроитин-4-сульфаттың синтезі кезінде сульфотоптың көзі болып сульфаттар табылады.

В) Хондроитин-4-сульфаттың қосынды заряды оң.

Г) Хондроитин-4-сульфат поликатион болып табылады.

68. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

А) ГАГ-тың полисахаридтік тізбектері гиалурон қышқылына бекітілген.

Б) ГАГ-тың полисахаридтік тізбектері қайталанатын дисахаридтік фрагменттерден тұрады.

В) ГАГ-тың полисахаридтік тізбектері тармақталған.

Г) ГАГ-тың полисахаридтік тізбектері гомополисахаридтер болып табылады.

69. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

А) ГАГ-тың молекулалары қайталанатын бірдей моносахаридтік фрагменттерден тұрады.

Б) ГАГ-тың молекулалары оң зарядталған.

В) ГАГ-тың молекулаларында гидроксилденген аминқышқылдары бар.

Г) ГАГ-ты сульфаттау полисахаридтік тізбектер қалыптасқаннан кейін жүреді.

70. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

А) ГАГ-тың молекулалары қайталанатын бірдей моносахаридтік фрагменттерден тұрады.

Б) ГАГ-тың молекулалары оң зарядталған.

В) ГАГ-тың молекулаларында аминкантиар бар.

Г) ГАГ биосинтезі кезінде моносахаридтік қалдықтардың қосылуы АТФ энергиясын қолдану арқылы жүреді.

71. ГАГ-та аминкантиарды синтездеу үшін қандай аминқышқылы азоттың көзі болады?

А) Аспарагин қышқылы.

Б) Глутамин қышқылы.

В) Глутамин.

Г) Лизин.

72. Кез келген ГАГ-тың міндетті түрдегі компоненттерін таңдап алындар.

А) Урон қышқылдары.

Б) Глюкоза немесе фруктоза.

В) Қандай да бір гексозамин.

Г) Сиал қышқылы.

73. Қандай протеогликан шеміршек матриксінің негізгі протеогликаны болып табылады?

А) Агрекан.

Б) Гиалурон қышқылы.

В) Хондроитинсульфат.

Г) Коллаген.

74. Гиалурон қышқылының синтезін қандай гормон реттейді?

А) Тироксин.

- Б) Инсулин.
- В) Тиреотропты гормоном.
- Г) Паротин.

75. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Гиалурон қышқылының молекулалары оң зарядталған.
- Б) Гиалурон қышқылының молекулаларында күкірт қалдықтары бар.
- В) Гиалурон қышқылының молекулалары гельтәрізді құрылымдар түзуге қабілетті.
- Г) Гиалурон қышқылының молекулалары мес жасушаларда түзіледі.

76. Қыртыс нәруызы дегеніміз не?

- А) Реттілігі Арг-Гли-Асп болатын полипептидтік тізбек.
- Б) Сигналдық реттілікті кетіргеннен кейін қалатын коллаген полипептидтік тізбегінің учаскесі.
- В) Протеоглиқандардың нәруыздық компоненті.
- Г) Адгезивті нәруыз.

77. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) ГАГ синтезі үдерісіне қатысатын көмірсулар алдын ала УДФ-туындыларын түзу арқылы белсендіріледі.
- Б) ГАГ молекулалары оң зарядталған .
- В) ГАГ синтезі үдерісіне қатысатын көмірсулар алдын ала ЦДФ-туындыларын түзу арқылы белсендіріледі.
- Г) ГАГ биосинтезі кезінде моносахаридтік фрагменттердің қосылуы ФРПФ энергиясын қолданып жүзеге асырылады.

78. ГАГ синтезі кезінде қайсы аминқышқылы аминтобының доноры болып табылады?

- А) Глутамин.
- Б) Аспарагин қышқылы.
- В) Глицин.
- Г) Аспарагин.

79. ГАГ-ты бұзатын ферментті көрсетіңдер.

- А) Коллагеназа.
- Б) Сульфотрансфераза.
- В) β -Глюкуронидаза.
- Г) Пероксидаза.

80. Қандай фермент ГАГ гидролизін катализдейді?

- А) Коллагеназа.
- Б) Катепсин В₁

- В) Катепсин D.
- Г) Гиалуронидаза.

81. Интегринді рецепторлар арқылы қандай нәруыздар жасушалармен байланысады?

- А) RGD-теттілікті нәруыздар (Арг-Гли-Асп).
- Б) Карбоксиглутамин қышқылының аминқышқылдық қалдықтарымен.
- В) Қосынды оң зарядпен.
- Г) Десмозинді тігістермен.

82. Нидоген нәруыздардың қай класына жатады?

- А) Адгезивті нәруыздар.
- Б) Антиадгезивті нәруыздар.
- В) Фибриллярлық.
- Г) Коллагенді нәруыздар.

83. Фибронектин қандай рөл атқарады?

- А) Адгезивтік қызмет.
- Б) Құрылымдық қызмет.
- В) Минералдаушы әсер.
- Г) Деминералдаушы әсер.

84. Арг-Гли-Асп реттілік нәруыздарқа қандай қасиет береді?

- А) Гидрофобтылықты өсіреді.
- Б) Ерігіштікті төмендетеді.
- В) Жасушалардың бетінде интегринді рецепторлармен байланысу қабілетін қамтамасыз етеді.
- Г) Адгезивтік қасиеттерді төмендетеді.

85. Аминқышқылдық реттілігі Арг-Гли-Асп (RGD) нәруыздар қандай молекулалармен байланыса алады?

- А) Жасушалардың интегринді рецепторларын байлау үшін.
- Б) Ca^{2+} байлау үшін.
- В) Фосфат-иондарын байлау үшін.
- Г) ГАГ-ты байлау үшін.

86. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Интегриндер – дәнекер тіндері жасушаларының бетіндегі нәруыздарды байлау үшін RGD реттілікті рецепторлар.
- Б) Интегриндер – гидроксипатиттің кристалдану орталықтары.
- В) Интегриндер коллагендерді гидролиздейді.
- Г) Интегриндер – дәнекер ұлпалары жасушаларының бетіндегі адреналиннің рецепторлары.

87. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Интегриндер матрикті нәруыздардың Арг-Гли-Асп (RGD) реттілігін тануға қабілетті.
- Б) Интегриндер матрикті нәруыздардың γ-карбокситглютамин қышқылының қалдығын тануға қабілетті.
- В) Интегриндер матрикті нәруыздардың аллизиннің қалдығын тануға қабілетті.
- Г) Интегриндер матрикті нәруыздардың гидроксипролин қалдығын тануға қабілетті.

88. Адгезивті нәруызды таңдап алыңдар.

- А) Коллаген.
- Б) Эластин.
- В) Фибронектин.
- Г) Альбумин.

89. Остеокальцин нәруыздардың қайсы класына жатады?

- А) Адгезивті нәруыздар.
- Б) Антиадгезивті нәруыздар.
- В) Фибрилярлық нәруыздар.
- Г) Коллагенді нәруыздар.

90. Матрикті gla-нәруыз нәруыздардың қайсы класына жатады?

- А) Адгезивті нәруыздар.
- Б) Антиадгезивті нәруыздар.
- В) Фибрилярлық нәруыздар.
- Г) Коллагенді нәруыздар.

91. Коллаген ыдырауының негізгі маркері болып қандай зат табылады?

- А) Аллизин.
- Б) Пронин.
- В) Гидроксипролин.
- Г) Аланин.

92. Егер пациенттің қанында пролин және гидроксипролиннің жоғары мөлшері анықталса, бұл қандай нәруыз алмасуының бұзылысы туралы мәлімет береді?

- А) Коллагеннің.
- Б) Фибриногеннің.
- В) Остеопонтиннің.
- Г) Остеонектиннің.

93. Қай кезде қандағы гидроксипролин/пролиннің қатынасы өседі?

- А) Коллагеннің ыдырауы өскенде.
- Б) Коллагеннің синтезі өскенде.
- В) Коллаген гидроксилденуінің тапшылығы кезінде.
- Г) Коллаген гликолизденуінің тапшылығы кезінде.

94. Қанның сарысуында десмозин мен изодесмозиннің жоғары мөлшері қандай мәлімет береді?

- А) Дәнекер ұлпасы ыдырауының күшеюі туралы.
- Б) Коллагеннің гидроксилденуінің бұзылуы туралы.
- В) Коллагеннің постсинтетикалық модификациясының.
- Г) Эластиннің постсинтетикалық модификациясының.

95. Қанның сарысуында коллаген ыдырауының негізгі маркерін көрсетіңдер.

- А) Гидроксипролин.
- Б) Пронин.
- В) Гидроксизин.
- Г) Лизин.

96. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Глюкокортикоидтар коллагеннің биосинтезін ингибирлейді.
- Б) Глюкокортикоидтар коллагеннің биосинтезін тездетеді.
- В) Глюкокортикоидтар коллагеннің гидроксилденуін тездетеді.
- Г) Глюкокортикоидтар матриктік металлопротеиназаларды белсендіреді.

97. Қандай гормон коллагеннің синтезін және жетілуін тежейді?

- А) Кортизол.
- Б) Инсулин.
- В) СТГ.
- Г) Тестостерон.

98. Дәнекер ұлпасының жасушааралық затының құрамындағы протеоглиқандарға тән қызметті таңдап алыңдар.

- А) Тірек.
- Б) Энергетикалық.
- В) Кофакторлық.
- Г) Гидроосмостық.

99. Протеоглиқанның қыртысты (жүрек-тәрізді) нәруызына олигосахаридтер О-гликозидтік байланыспен қосылады. Ол қандай қалдықтардың арасында түзіледі?

- А) Цистеин қалдығы мен ксилоза арасында.
- Б) Лизин қалдығы мен ксилоза арасында.
- В) Серин қалдығы мен ксилоза арасында.
- Г) Фенилаланин қалдығы мен ксилоза арасында.

100. Қайсы ГАГ жасуша қабырғасының тұрақты құрылымдық компоненті болып табылады?

- А) Гепарин.
- Б) Дерматансульфат.
- В) Кератансульфат.
- Г) Гепарансульфат.

101. Дәнекер ұлпасының жасушааралық затының құрамындағы протеогликандарға тән қызметті тандап алындар.

- А) Тірек.
- Б) Микроорганизмдерді сүзу.
- В) Энергетикалық.
- Г) Кофакторлық.

102. ГАГ-ты бұзатын ферментті тандап алындар.

- А) Коллагеназа.
- Б) α -Амилаза.
- В) Идуронидаза.
- Г) Пероксидаза.

103. ГАГ-тың байланыстыратын аймағы, әдетте, қандай көмірсутектік қалдықтардан тұрады?

- А) Галактоза, глюкоза, глюкоза.
- Б) Ксилоза, галактоза, галактоза.
- В) Фруктоза, фруктоза, глюкоза.
- Г) Ксилоза, фруктоза, манноза.

104. Көздің әйнек затында, кіндікбауда, буын сұйықтығында протеогликанды агрегатты біріктіретін ГАГ-ты тандап алындар.

- А) Дерматансульфат.
- Б) Гиалурон қышқылы.
- В) Каратансульфат.
- Г) Хондроитин-6-сульфат.

105. Хондроитин-6-сульфаттың дисахаридтік звеноларын қандай қосылыстар құрастырады?

- А) *D*-глюкурон қышқылы және *N*-ацетил-*D*-галактоз-амин-6-сульфат.
- Б) *D*-глюкурон қышқылы және *N*-ацетил-*D*-глюкозамин.
- В) *D*-глюкуронат-2-сульфат және *N*-ацетил-*D*-галактозамин-6-сульфат.
- Г) *L*-идурон қышқылы және *N*-ацетил-*D*-глюкозамин.

106. Дерматансульфаттың құрамына қандай қосылыс кіреді?

- А) *N*-ацетил-*D*-галактозамин-4-сульфат.
- Б) *D*-глюкурон қышқылы.
- В) *D*-глюкуронат-2-сульфат.

Г) *N*-ацетил-*D*-глюкозамин.

107. Дерматансульфаттың құрамына қандай қосылыс кіреді?

- А) *L*-идурон қышқылы
- Б) *D*-глюкурон қышқылы.
- В) *D*-глюкуронат-2-сульфат.
- Г) *N*-ацетил-*D*-глюкозамин.

108. Хондроитин-4-сульфаттың құрамына қандай қосылыс кіреді?

- А) *N*-ацетил-*D*-глюкозамин.
- Б) *D*-глюкурон қышқылы.
- В) *N*-ацетил-*D*-галактозамин-6-сульфат.
- Г) *D*-галактоза.

109. Кератансульфатың құрамына қандай қосылыстар кіреді?

- А) Галактурон қышқылы және *N*-ацетил-*D*-галактозамин-6-сульфат.
- Б) *D*-галактоза және *N*-ацетил-*D*-глюкозамин-6-сульфат.
- В) Глюкурон қышқылы және *N*-ацетил-*D*-галактозамин-6-сульфат.
- Г) *L*-идурон қышқылы және *N*-ацетил-*D*-глюкозамин.

110. Альпорт синдромы бүйрек, есту нерві, ал кейде көру ағзаларының зақымдануымен сипатталады. Альпорт синдромының дамуы коллаген геніндегі мутацияның қандай түріне байланысты?

- А) I түрі.
- Б) II түрі.
- В) III түрі.
- Г) IV түрі.

111. Гудпасчерсиндромы өкпенің альвеолары мен бүйректің гломерулалық аппаратының базальды мембраналарының зақымдануымен сипатталады. Гудпасчер синдромының дамуы коллагенге антиденелердің қандай түрінің түзілуіне байланысты?

- А) I түрі.
- Б) II түрі.
- В) III түрі.
- Г) IV түрі.

112. Тромбтүзілудің алдын алу және тромбоздарды емдеу үшін қандай ГАГ дәрілік препарат ретінде қолданыла алады?

- А) Гиалурон қышқылы.
- Б) Хондроитин-6-сульфат.
- В) Хондроитин-4-сульфат.
- Г) Гепарин.

113. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

А) Гепариннің қосында теріс заряды бар, бұл оған антитромбин III-тің катионды учаскелерімен байланысуға мүмкіндік береді, нәтижесінде ол қанның ұю факторларын ин-белсендіру мүмкіндігін алады.

Б) Гепариннің қосында оң заряды бар, бұл оған антитромбин III-тің анионды учаскелерімен байланысуға мүмкіндік береді, нәтижесінде ол қанның ұю факторларын ин-белсендіру мүмкіндігін алады.

В) Гепариннің қосында теріс заряды бар, бұл оған антитромбин III-тің катионды учаскелерімен байланысуға мүмкіндік береді, нәтижесінде ол қанның ұю факторларын белсендіру мүмкіндігін алады.

Г) Гепариннің қосында оң заряды бар, бұл оған антитромбин III-тің анионды учаскелерімен байланысуға мүмкіндік береді, нәтижесінде ол қанның ұю факторларын белсендіру мүмкіндігін алады.

114. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

А) Эндогенді гепариннің полисахаридтік тізбектерінің ұзындығы бір-бірінен өзгешеленеді, олай болса, оның молекулалық массасы кең аралықта – 3000-нан 40000-ға дейін өзгеріп отырады.

Б) Гепариннің нәруыздық ядросында негізінен екі аминқышқылдарының: глутамин және аспарагиннің қалдықтары болады.

В) Гепарин молекуласының құрамындағы α -D-глюкозаминнің қалдықтары, әдетте сульфатталмаған.

Г) Айтарлықтай көп мөлшерде теріс зарядталған сульфат және карбоксил топтарының болуына байланысты гепариннің молекуласы күшті поликатион болып табылады.

115. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

А) Гепарин молекуласының құрамындағы α -D-глюкозаминнің қалдықтарының көпшілігі 6 орындағы аминтобы және гидроксил тобы бойынша сульфатталған.

Б) Гепарин молекуласының құрамындағы α -D-глюкозаминнің қалдықтарының көпшілігі аминтобы бойынша сульфатталған.

В) Гепарин молекуласының құрамындағы α -D-глюкозаминнің қалдықтарының көпшілігі 1 орындағы гидроксил тобы бойынша сульфатталған.

Г) Гепарин молекуласының құрамындағы α -D-глюкозаминнің қалдықтары, әдетте, сульфатталмаған.

116. Гепариннің плазмалық кофакторын көрсетіңдер.

А) Антитромбин III.

Б) Каллекреин.

В) Фактор XII (Хагеманның).

Г) Фибриноген.

117. Хантер синдромы (II типті мукополисахаридоз) кезінде гепарансульфат пен

дерматансульфаттың жинақталуы неге байланысты?

А) Идуронат-2- сульфатазаның тапшылығына.

Б) α -L-идуронидазаның тапшылығына.

В) β -Галактозидазаның тапшылығына.

Г) β -Глюкуронидазаның тапшылығына.

118. Гурлер/Шейе синдромы (I типті мукополисахаридоз) кезінде гепарансульфат пен дерматансульфаттың жинақталуы неге байланысты?

А) Идуронат-2-сульфатазаның тапшылығына.

Б) L-идуронидазаның тапшылығына.

В) β -Галактозидазаның тапшылығына.

Г) β -Глюкуронидазаның тапшылығына.

119. Моркио синдромы (IV типті мукополисахаридоз) кезінде кератан сульфаттың жұмсақ ұлпаларда жинақталуы неге байланысты?

А) Идуронат-2-сульфатазаның тапшылығына.

Б) L-идуронидазаның тапшылығына.

В) β -Галактозидазаның тапшылығына.

Г) β -Глюкуронидазаның тапшылығына.

120. Эластиннің екі бағытта созылу қабілетін қамтамасыз ететін ерекше компонентін атаңдар:

А) Пролин.

Б) Гидроксипролин.

В) Лизин.

Г) Десмозин.

121. Қырқұлақ ауруында коллаген синтезі бұзылатын сатыны атаңдар:

А) Пролин мен лизин қалдықтарының гидроксилденуі.

Б) Гликозамингликандардың азаюы.

В) Коллагеназа әсерінен құрылымның бұзылуы.

Г) Десмозин құрылымның түзілуі.

122. Қырқұлақ ауруында қан тамырларының сынғыш болу себебін түсіндіріңдер:

- А) Коллаген синтезінің белсендірілуі.
- Б) Протеоглиқандар мен гликозаминглиқандардың азаюы.
- В) Пептидік тізбектердің толық гидроксилденбеуі.
- Г) Гиалуронидазалар әсерінің салдары.

123. Коллаген синтезінде пролингидроксилаза мен лизингидроксилаза коферментін түзетін дәруменді атаңдар:

- А) РР.
- Б) С.
- В) А.
- Г) В₆.

124. Хондроитинсульфат құрылымында қайталанып орналасатын бірліктер құрамындағы компоненттерді көрсетіңдер:

- А) Гиалурон қышқылы.
- Б) Идурон қышқылы мен галактозамин.
- В) Глюкурон қышқылы мен сульфаттанған N-ацетилгалактозамин.
- Г) Ламинин және N-ацетилгалактозамин.

125. Альпорт синдромының (базальдық мембрана синтезіне қатысатын нәруыздар гендеріндегі мутациялар) белгісі гематурия түрінде көрінеді. Осы синдромда бүйректің сүзу қызметінің бұзылу себептерін атаңдар.

Ол үшін сәйкестікті табыңдар:

1. Базальдық мембрана арқылы нәруыздар мен эритроциттердің өтуіне кедергі болатын жәйт:

- а) Протеоглиқандарда шоғырланған теріс зарядтың болуы.
- б) Протеоглиқандарда зарядтың болмауы.
- в) Протеоглиқандарда қосынды оң зарядтың болуы.

- А) 1б.
- Б) 1а.
- В) 1б, в.
- Г) 1в.

126. Базальдық мембрана компоненттерін таңдап алыңдар:

1. VI типті коллаген

БИОЛОГИЯЛЫҚ ХИМИЯ

Бөлім 37. Минералданған ұлпалардың биохимиясы

2. Гепарансульфаттары бар протеоглиқандар

3. Ламинин

4. Нидоген

- А) 1, 2.
- Б) 1, 3.
- В) 1, 2, 3.
- Г) 1, 2, 3, 4.

127. Организмде коллаген алмасу қарқындылығына баға беру үшін қан мен зәрде анықталатын компонентті көрсетіңдер:

- А) Пролин.
- Б) Гидроксипролин.
- В) Лизин.
- Г) Лизин және пролин.

128. Гиалурон қышқылы молекуласында көптеп кездесетін функциялық топты атаңдар:

- А) Оң зарядталған амин топтары.
- Б) Теріс зарядталған карбоксил топтары.
- В) Альдегидтік топтар.
- Г) Тиол топтары.

129. Гиалурон қышқылының молекуласында теріс зарядталған карбоксил топтарының болуына байланысты полианион болғандықтан оның байланыстыратын молекулалары мен бөлшектерін және әсерін көрсетіңдер:

А) Тұздарды байланыстыру арқылы сусыз-

дануды күшейтеді.

Б) Тек аниондарды байланыстырып, теріс заряды артады.

В) Суды және катиондарды байланыстырып, зат алмасуды жақсартады.

Г) Минерал алмасуды тежейді.

130. Патогенді микроорганизмдердің ұлпаларға енуін жеңілдету арқылы сол ұлпаларда патологиялық үдерістің дамуына септігін тигізетін затты атаңдар:

- А) Гиалуронидаза.
- Б) Гликозаминглиқан, гиалурон қышқылы.
- В) Протеоглиқан, агрекан.
- Г) Фибронектин.

1. Минералдану дегенімізне?

- А) Өкпеде, тамырларда, шеміршектерде гидроксипатит кристалдарының шөгуі.
Б) Сүйекте, дентинде гидроксипатит кристалдарының шөгуі.
В) Бүйрек түбекшесінде кальций тұздарының шөгуі.
Г) Бұлшықеттерде кальций тұздарының -.

2. Кальцификация дегеніміз не?

- А) Сүйекте гидроксипатит кристалдарының шөгуі.
Б) Шеміршекте, өкпеде гидроксипатит кристалдарының шөгуі.
В) Эмальда гидроксипатит кристалдарының шөгуі.
Г) Эмальда фторпатит кристалдарының шөгуі.

3. Минералданған ұлпалардың қайсысында минералды заттардың үлесі ең жоғары?

- А) Цементте.
Б) Дентинде.
В) Эмальда.
Г) Сүйекте.

4. Сүйек ұлпаларының қайсысында органикалық заттардың үлесі ең жоғары?

- А) Цементте.
Б) Дентинде.
В) Сүйекте.
Г) Эмальда.

5. Сүйек ұлпасындағы минералды компоненттердің мөлшерін көрсетіндер.

- А) 95%.
Б) 70%.
В) 65%.
Г) 45%.

6. Өсу факторлары дегеніміз не?

- А) Жасушалардың экстрацеллюлярлық матрикс нәруыздарын өндіруді тудыратын заттар.
Б) Жасушалардың бөлінуін тудыратын заттар.
В) Жасушалардың қозғалысын тудыратын заттар.
Г) Жасушалардың бекітілуін тудыратын заттар.

7. Морфогенетикалық факторлар дегеніміз не?

- А) Жасушалардың бөлінуін тудыратын заттар.

- Б) Жасушалардың қозғалысын тудыратын заттар.
В) Жасушалардың бекітілуін тудыратын заттар.
Г) Жасушалардың нақтылануын тудыратын заттар.

8. Химиялық қасиеттері Са қасиеттеріне жақын келетін элементті көрсетіндер. Тағамда және суда бұл элемент көп болған кезде гидроксипатит кристалында оның Ca^{2+} иондарының орнын басуы өседі, бұл гидроксипатиттің морт сынғыштығын айтарлықтай арттырады.

- А) Fe.
Б) Sr.
В) Zn.
Г) Na.

9. Кальций мен фосфат дентин және сүйекке қайдан келіп түседі?

- А) Эмальдан.
Б) Цементтен.
В) Қаннан.
Г) Аралас сілекейден.

10. Гидроксипатитте кальций иондарын қандай иондарға алмастыруға болады?

- А) Стронций және магний иондарына.
Б) Гидрокарбонат және хлорид иондарына.
В) Фосфат және гидрокарбонат иондарына.
Г) Арсенат иондарына.

11. Минералданған ұлпадағы кальцийдің негізгі тасымалдаушысын көрсетіндер.

- А) Фосфат анионы.
Б) Фтор анионы.
В) Хлор анионы.
Г) Цитрат анионы.

12. Кальций цитратының ерімтал формасындағы Ca^{2+} /цитрат қатынасы қандай?

- А) 1:1.
Б) 1:2.
В) 2:3.
Г) 2:1.

13. Минералданған ұлпалардың кристалдық құрылымы негізінен қандай минералдық қосылыстан тұрады?

- А) Брушиттен.
Б) Кальций фосфатынан.
В) Фторпатиттен.
Г) Гидроксипатиттен.

14. Сүйек ұлпасындағы гидроксипатит кристалдарының формасы қандай?

- А) Гексагоналды.
- Б) Шартәрізді.
- В) Октагоналды.
- Г) Тетрагоналды.

15. Кристалдардың қайсысы минералданған ұлпалардың негізгі компоненті болып табылады?

- А) Витлокит.
- Б) Магнийлі апатит.
- В) Гидроксиапатит.
- Г) Брушит.

16. Гидроксиапатиттің молекуласындағы кальций атомдарының санын көрсетіңдер.

- А) 2.
- Б) 4.
- В) 8.
- Г) 10.

17. Кальций иондары нәруыздың құрамындағы қандай аминқышқылдарының қалдықтарымен байланыса алады?

- А) Карбоксиглутамин қышқылының.
- Б) Аргининнің.
- В) Гистидиннің.
- Г) Аллизиннің.

18. Кальций иондары қандай аминқышқылдарының қалдықтарымен байланыса алады?

- А) Глутаматтың.
- Б) Аргининнің.
- В) Лизиннің.
- Г) Сериннің.

19. Кальций иондары қандай аминқышқылдарының қалдықтарымен байланыса алады?

- А) Аспартаттың.
- Б) Аргининнің.
- В) Гистидиннің.
- Г) Аллизиннің.

20. Қайсы липид кальций иондарын басқаларға қарағанда жақсырақ байлайды?

- А) Фосфатидилсерин.
- Б) Фосфатидилинозитол.
- В) Фосфатидилэтаноламин.
- Г) ДАГ.

21. Қандай аминқышқылының қалдықтары арқылы фосфат нәруыздармен байланысады?

- А) Сериннің.
- Б) Валиннің.

- В) Аспартаттың.
- Г) Глутаминнің.

22. Қартаю барысында эмальдағы карбонатты апатиттің мөлшері өскенде не өзгереді?

- А) Тісжегі-резистенттік өседі.
- Б) Механикалық беріктік жоғарылайды.
- В) Механикалық беріктік өзгермейді.
- Г) Эмальдің сынғыштығы өседі.

23. Эмальдің жетілуі барысында Са/Р коэффициентінің шамасы қалай өзгереді?

- А) Өседі.
- Б) Төмендейді.
- В) Өзгеріссіз қалады.
- Г) Әуелі төмендеп, сонан соң өседі.

24. Қартайған шақта сүйек ұлпасында не өзгереді?

- А) Са/Р коэффициенті өседі.
- Б) Карбонапатиттердің мөлшері өседі.
- В) Гидроксиапатиттердің қышқыл ортада ерігіштігіне резистенттік жоғарылайды.
- Г) Механикалық әсерлерге резистенттік жоғарылайды.

25. Одонтобластарда синтездердің жоғары жылдамдығы неге байланысты?

- А) Пульпаның қанмен жақсы жабдықталуына.
- Б) Пульпаның кең көлемде иннервациялануына.
- В) Жасушалардағы спецификалық ферменттерге.
- Г) Гормондардың әсеріне.

26. Гидроксиапатиттен стронцийлі апатит түзілген кезде қандай ион стронциймен алмасады?

- А) Фосфат және гидроксил.
- Б) Гидроксил.
- В) Кальций ионы.
- Г) Фосфат.

27. Эмальдің тісжегірезистенттігі гидроксиапатитте қандай изоморфты орынбасу кезінде жоғарылайды?

- А) Фторapatит түзілген кезде.
- Б) Гидроксипатит түзілген кезде.
- В) Стронцийлі апатит түзілген кезде.
- Г) Карбонатты апатит түзілген кезде.

28. Қышқыл ортада ерігіштігіне гидроксиапатиттер резистенттігінің жоғарылауы иондардың орынбасудың қандай түрінде орын алады?

- А) Кальцийдің магнийге.
- Б) Кальцийдің стронцийге.
- В) Гидроксилдің фторға.
- Г) Фосфаттың карбонатқа.

29. Гидроксиапатиттен фторапатит түзілген кезде фтор қайсы ионның орнын басады?

- А) Фосфаттың.
- Б) Гидроксил, кальций ионының
- В) Кальций ионы, фосфаттың.
- Г) Гидроксилдің.

30. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алыңдар.

- А) Фтор иодары сілекейге тіластыбезінен (сілекей безінен) келіп түседі.
- Б) Фтор иодары сілекейге шықшытбезі сілекейінен келіп түседі.
- В) Фтор иодары сілекейге астыңғы жақсүйекасты безі сілекейінен келіп түседі.
- Г) Фтор иодары сілекейге қызылиек жылғаларынан келіп түседі.

31. Тістің тісжегі резистенттігі эмальда қандай минералды қосылыстың түзілуі есебінен жоғарылайды?

- А) Карбонапатиттің.
- Б) Кальций фторидінің.
- В) Кальций карбонатының.
- Г) Фторапатиттің.

32. Тістің тісжегі резистенттігі эмальда қандай иондар жинақталғанда жоғарылайды?

- А) Карбонат анионы.
- Б) Хлордың аниондары.
- В) Фтордың
- Г) Цитраттың иондары.

33. Флуороздамитын ауыз суындағы фтордың мөлшерін көрсетіндер.

- А) 5-10 мг/л.
- Б) 0,5-1,0 мг/л.
- В) 0,05-0,1 мг/л.
- Г) 0,005-0,001 мг/л.

34. Эмальдағы гидроксиапатит пен фторапатиттің оптимал қатынасын қамтамасыз ететін ауыз суындағы фтордың мөлшерін көрсетіндер.

- А) 5-10 мг/л.
- Б) 3-4 мг/л.
- В) 0,5-1,0 мг/л.
- Г) 0,05-0,1 мг/л.

35. Гидроксиапатиттен карбонапатит түзілген кезде карбонат қандай ионның орнын басады?

- А) Фосфат.
- Б) кальций ионы.
- В) Кальций ионы, фосфат.
- Г) Фосфат, гидроксил.

36. Фосфофоринде көп мөлшерде қандай аминқышқылдық қалдықтар болады?

- А) Аспартаттың.
- Б) Фенилаланиннің.
- В) Метиониннің.
- Г) Цистеиннің.

37. Фосфофоринде көп мөлшерде қандай аминқышқылдық қалдықтар болады?

- А) Сериннің.
- Б) Фенилаланиннің.
- В) Метиониннің.
- Г) Цистеиннің.

38. Glu-нәруыздарда көп мөлшерде қандай аминқышқылдық қалдықтар болады?

- А) Карбоксиглутамин қышқылының.
- Б) Фосфосериннің.
- В) Аллизиннің.
- Г) Гидроксипролиннің.

39. Glu-нәруыздарда көп мөлшерде қандай аминқышқылдық қалдықтар болады?

- А) Карбоксиглутамин қышқылының.
- Б) β -Аланиннің.
- В) Аллизиннің.
- Г) Гидроксипролиннің.

40. Glu-нәруыздар қандай реакцияның нәтижесінде түзіледі?

- А) Карбоксилдеу.
- Б) Декарбоксилдеу.
- В) Фосфорлау.
- Г) Гидроксилдеу.

41. Глутамин қышқылының қалдығына қосымша карбоксил тобын енгізу үшін ферменттік реакцияға қандай дәруменнің болуы қажет?

- А) С.
- Б) К.
- В) А.
- Г) Е

42. Дұрыс тұжырымдаманы тандап алыңдар.

А) К дәрумені глутамин қышқылының аминқышқылдық қалдықтарын γ -карбоксилдеу реакциясына қатысады.

Б) К дәрумені сериннің аминқышқылдық қалдықтарын гликозилдеу реакциясына қатысады.

В) К дәрумені сериннің аминқышқылдық қалдықтарын фосфорлау реакциясына қатысады.

Г) К дәрумені пролиннің аминқышқылдық қалдықтарын гидроксилдеу реакциясына қатысады.

43. Одонтобластардағы синтездердің жоғары жылдамдығы немен қамтамасыз етіледі?

А) Пульпаның қанмен жақсы жабдықталуы.

Б) Пульпаның кең көлемде иннервацияланы

В) Липидтердың жоғары мөлшері.

Г) Гормондардың әсері.

44. Иондық алмасу барысында дентин минералдық заттардың негізгі мөлшерін қайдан алады?

А) Пульпадан.

Б) Эмальдан.

В) Эмаль арқылы сілекейден.

Г) Периодонттан.

45. Тістің эмалі қандай жасушалардың жұмысы нәтижесінде түзіледі?

А) Одонтобластардың.

Б) Фибробластардың.

В) Амелобластардың.

Г) Остеоциттердің.

46. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

А) Эмаль призмасы эмальдің құрылымдық бірлігі болып табылады.

Б) Эмаль призмасы цементобласт дамитын жер болып табылады.

В) Эмаль призмасы эмаль ағзасының эпителийлік жасушасы болып табылады.

Г) Эмаль призмасы гликофосфопротеин болып табылады – амелобластар өндіретін негізгі нәруыз.

47. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

А) Эмаль минералдануы кезінде нәруыздың саны өзгермейді.

Б) Эмаль минералдануы кезінде нәруыздың саны күрт төмендейді.

В) Эмаль минералдануы кезінде нәруыздың жинақталуы жүреді.

Г) Эмаль минералдануы кезінде нәруыз толық жойылады.

48. Эмальдағы минералды компоненттердің мөлшерін көрсетіндер.

А) 95%.

Б) 70%.

В) 65%.

Г) 45%.

49. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

А) Эмаль нәруызының сапалық құрамы дентинге сәйкес келеді.

Б) Эмаль нәруызының сапалық құрамы сүйек ұлпасына сәйкес келеді.

В) Эмаль нәруызының сапалық құрамы дентин мен сүйек ұлпасына өзгеше болады.

Г) Эмаль нәруызының сапалық құрамы кератиннің құрамына сәйкес келеді.

50. Жетілген эмальдағы нәруыздың мөлшері қандай?

А) Дентинге сәйкес келеді.

Б) Цементке сәйкес келеді.

В) Минералданған ұлпалардың ішінде ең азы.

Г) Пульпаға сәйкес келеді.

51. Тіс ұрығы эмаліндегі кальцийдің мөлшері қандай?

А) Жетілген эмальдағыдай.

Б) Жұмсақ ұлпалардағыдай.

В) Жетілген эмальдағыдан көп.

Г) Тіс ұрығының эмалінде кальций жоқ.

52. Эмальдағы судың мөлшері қандай?

А) Дентиндегідей.

Б) Дентиндегіден аз.

В) Сүйектегідей.

Г) Тістің цементіндегідей.

53. Эмальдің нәруыздық матрицасының құрамына қандай нәруыздар кіреді?

А) Коллагендер.

Б) Кератиндер.

В) Энамелиндер.

Г) Эластиндер.

54. Эмальдің нәруыздық матрицасының құрамына қандай нәруыздар кіреді?

А) Коллагендер.

Б) Кератиндер.

В) Амелогениндер.

Г) Эластиндер.

55. Эмальдің минералдануына қандай нәруыз қатысады?

- А) Коллаген.
- Б) Сілекейдің α -амилазасы.
- В) Фосфофорин.
- Г) Амелогениндер туыстастығы.

56. Жетілген эмальдағы амелогениндер/энамелиндер қатынасы қандай?

- А) 1:1.
- Б) 5:1.
- В) 1:9.
- Г) 1:5.

57. Келтірілген нәруыздардың қайсысы қалыптасқан эмальдың құрамына кіреді?

- А) Коллаген II типті.
- Б) Остеопонтин.
- В) Энамелин.
- Г) Тропомиозин.

58. Эмальдің нәруызындағы қандай аминқышқылының қалдығымен кальций иондары байланысады?

- А) Гистидин.
- Б) Валин.
- В) Аспарагин қышқылы.
- Г) Глутамин.

59. Остеомаляция дегеніміз не?

- А) Сүйек ұлпасында органикалық матрикс минералдануының бұзылуы.
- Б) Сүйек ұлпасы органикалық матриксін синтезінің бұзылуы.
- В) Жұмсақ ұлпаларда кальций тұздары кристалдарының шөгуі.
- Г) Тамырлардың ішкі қабырғаларының кальцификациялануы.

60. Паратгормонның эффектіне не жатады?

- А) Сүйек ұлпасының беріктенуі.
- Б) Қандағы кальций деңгейінің өсуі.
- В) Қандағы кальций деңгейінің төмендеуі.
- Г) Кальцийдің зәрмен шығарылуының өсуі.

61. Қандай гормон кальцийдің сүйек ұлпасында ұсталуына қабілетті?

- А) Паратгормон.
- Б) Кальцитонин.
- В) Кальцитриол.
- Г) А дәруменінің гормондық формасы.

62. Пародонтит кезінде пародонт ұлпаларында қандай ферменттердің белсендігі өседі?

- А) Протеиназалар мен сульфатазалардың.
- Б) α -Амилазаның.
- В) Сілтілік фосфатазаның.

Г) АСТ-ның.

63. Сүйек ұлпасының белсенді түзілуіне сарысулық маркёрді таңдап алындар.

- А) Остеокальциннің.
- Б) Фосоориннің.
- В) Амелогениннің.
- Г) Интегриндердің.

64. Қансарысуында қандай қосылыстың болуы сүйек ұлпасы қалыптасуы қарқындылығының маркёрі болып табылады?

- А) Сілтілік фосфатазаның.
- Б) Қышқыл фосфатазаның.
- В) Гидроксипролиннің.
- Г) Гидроксизиннің.

65. Минералдану үдерістерін қандай гормон реттейді?

- А) Кальцитонин.
- Б) Кортизол.
- В) Вазопрессин.
- Г) Окситоцин.

66. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Кальцитриол кальций иондарының ішекте сорылуын күшейтеді.
- Б) Кальцитриол кальций иондарының сүйектерде шөгуін күшейтеді.
- В) Кальцитриол ұйқыбезінде синтезделеді.
- Г) Кальцитриолда екі гидроксилтобы бар.

67. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Кальцитриол жасушаларға кіре алмайды.
- Б) Тағамда кальцийдің тапшылығы кезінде кальцитриол сүйек ұлпасының резорбциясына ықпал жасайды.
- В) Кальцитриол жасушалардың бетінде нәруыздардың рецепторларымен әрекеттеседі.
- Г) Кальцитриол – гидрофилді зат.

68. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Кальцитонин – пептидтік гормон.
- Б) Кальцитонин минералданған ұлпалардың резорбциясына көмектеседі.
- В) Кальцитонин бүйрекүстібезінің қыртысында синтезделеді.
- Г) Кальцитонин плазмалық мембрана арқылы жасушаның ішіне оңай кіреді.

69. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Кальцитонин – стероидтық гормон.

- Б) Кальцитонин минералданған ұлпалардың резорбциясына көмектеседі.
В) Кальцитонин бүйрекүстібезінің қыртысында синтезделеді.
Г) Кальцитонин кальцийдің минералданған тін-дерде шөгуіне ықпал жасайды.

70. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Кальцитонин – стероидтық гормон.
Б) Кальцитонин минералданған ұлпалардың резорбциясына көмектеседі.
В) Кальцитонин бүйрекүсті безінің қыртысында синтезделеді.
Г) Кальцитриол жасушалардың бетінде нәруыздардың рецепторлары мен әрекеттеседі.

71. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Пирофосфат сүйек ұлпасы минералдануының ингибиторы болып табылады.
Б) Пирофосфат сүйек ұлпасы минералдануын белсендіреді.
В) Пирофосфат сілекей мицелласының ядросына кіреді.
Г) Пирофосфат пирофосфатаза катализдейтін реакцияның өнімі болып табылады.

72. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Остеопротегерин остеокластардың белсендіргіштері болып табылады.
Б) Остеопротегеринді остеобластар синтездейді.
В) Остеопротегеринді остеокластар синтездейді.
Г) Остеопротегерин остеобластардың белсендіргіштері болып табылады.

73. Остеобластарға қандай фактор әсер еткенде остеопрогериннің синтезі күшейеді?

- А) RANKL.
Б) Эстрадиол.
В) Сілтілік фосфатаза.
Г) Кальцитриол.

74. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) RANKL нәруызы преостеокластарды белсендіреді.
Б) RANKL нәруызын остеоциттер синтездейді.
В) RANKL нәруызын остеокластар синтездейді.

- Г) RANKL нәруызы остеобластарды белсендіреді.

75. Пародонтитті кешенді емдуде токоферолды қолданады. Бұл препараттың емдік қасиеттерін қандай әсер анықтайды?

- А) Антиоксиданттық.
Б) Қабынуға қарсы.
В) Аллергияға қарсы.
Г) Прооксиданттық.

76. D дәруменінің тапшылығы ересектерде қандай сырқаттың дамуына соқтырады?

- А) Мешелдің.
Б) Кальциноздың.
В) Остеопетроздың.
Г) Остеомаляцияның.

77. Базистік көпжасушалы элементтер сүйек ұлпасын ремодельдеуге қатысады. Базистік көпжасушалы элементтердің кесетін конусының төбесінде қандай жасушалар орналасқан?

- А) Остеокластар.
Б) Остеоциттер.
В) Остеобластар.
Г) Макрофагтар.

78. Базистік көпжасушалы элементтер сүйек ұлпасын ремодельдеуге қатысады. Базистік көп жасушалы элементтердің кесетін конусының дисталды бөлігінде қандай жасушалар орналасқан?

- А) Остеокластар.
Б) Остеоциттер.
В) Остеобластар.
Г) Макрофагтар.

79. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Жыныстық гормондар деңгейінің төмендеуі остеопорозға соқтырады.
Б) Жыныстық гормондар деңгейінің төмендеуі сульфаттардың ГАГ молекулаларына қосылуын ынталандырады.
В) Жыныстық гормондар деңгейінің төмендеуі коллаген синтезін ынталандыруға соқтырады.
Г) Жыныстық гормондар деңгейінің төмендеуі қандағы фосфатиондары концентрациясының жоғарылауына соқтырады.

80. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Паротин дентиннің, сүйектердің және эмальдің минералдануына септігін тигізеді.

Б) Паротин дентиннің, сүйектердің және эмальдің деминералдануына септігін тигізеді.

В) Паротин қандағы кальций иондарының концентрациясын жоғарылатады.

Г) Паротин қандағы фосфат-иондарының концентрациясын жоғарылатады.

81. Қандай минералданған ұлпа ең берік болып табылады?

А) Тістің дентині.

Б) Ұзын сүйектердің денелері.

В) Тістің эмалі.

Г) Альвеолалық өсінді.

82. Ауыз суында фтор мөлшерінің өсуі неге соқтырады?

А) Эндемиялық флюорозға.

Б) Эмальдің гиперплазиясына.

В) Тісжегіге.

Г) Пародонтитке.

83. Сүйек ұлпасы минералдануының бастапқы фазасы қалай аталады?

А) Эпитаксия.

Б) Нуклеация.

В) Кристалдану.

Г) Инициация.

84. Кристалдану орталықтарында гидроксипатит кристалдарының бағытталған реттелген өсуін сипаттайтын сүйек ұлпасының минералдану фазасы қалай аталады?

А) Нуклеация.

Б) Инициация.

В) Эпитаксия.

Г) Кристалдану.

85. Сүйек ұлпасының қандай нәруызы сүйек ұлпасындағы гидроксипатит кристалдарының өсуін ингибирлейді және тестостеронның синтезін ынталандырады?

А) Остеокальцин.

Б) Остеопонтин.

В) Остеонектин.

Г) Остеокластин.

86. Минералдардың бетінде сүйек ұлпасының қандай нәруызы кальций иондарын байлайды және кристалдардың минералдануын және өсуін ингибирлейді, сонымен қатар остеокластардың қалдықтарының сүйектің минералдық матриксіне бекітілуін оңайлатады?

А) Остеокальцин.

Б) Остеопонтин.

В) Остеонектин.

Г) Остеокластин.

87. Сүйек ұлпасының қандай нәруызы сүйек ұлпасында кальций иондарын байлайды, матрикстік металлопротеиназалардың синтезін және белсендігін белсендіреді

А) Остеокальцин.

Б) Остеопонтин.

В) Остеонектин.

Г) Остеокластин.

88. Сүйектүзілу жағдайын ең тиімді бағалауға және остеопорозды ерте диагностикалауды жүргізуге не мүмкіндік береді?

А) Сүйек денситометриясы.

Б) Қандағы кальцийдің деңгейін бағалау.

В) Қандағы сілтілік фосфатаза деңгейін бағалау.

Г) Қандағы сілтілік *D* дәруменінің деңгейін бағалау.

89. I типті қантты диабет кезінде остеопороздың патогенезінде келтірілгендердің ішіндегі ең маңыздысы қайсы?

А) Кальций реабсорбциясының күшеюі.

Б) Остеобластарды белсендіру.

В) Нәруыздар мен коллагеннің синтезін тежеу.

Г) Остеокластарды біріншілік белсендіру.

90. Остеопороз кезіндегі кальцитониниді қолдану қандай эффект береді.

А) Сүйек ұлпасының резорбциясын басады.

Б) Сүйек ұлпасының резорбциясын ынталандырады.

В) Сүйек ұлпасының минералдануын төмендетеді.

Г) Шеміршектің кальцификациялануына ықпал жасайды.

91. Менопаузада алмастырғылық гормоналды терапия кезінде сүйек ұлпасының эстрогендермен алмасуы қалай өзгереді?

А) Сүйек ұлпасының резорбциясы басылады.

Б) Сүйек ұлпасының резорбциясы ынталандырылады.

В) Сүйек ұлпасының минералдануы төмендейді.

Г) Шеміршектің кальцификациялануы ынталандырылады.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ХИМИЯ

Бөлім 38. Аралас сілекейдің биохимиясы

1. Түкіріктің ең көп көлемін қандай бездер секрециялайды?

- А) Астыңғы жақсүйекастыбездері.
- Б) Шықшытбездері.
- В) Тіластыбездері.
- Г) Кіші сілекейбездері.

2. Ксеростомия дегеніміз не?

- А) Сілекейдің өте көп бөлінуі.
- Б) Сілекейдің жеткіліксіз бөлінуі.
- В) А дәруменінің тапшылығы.
- Г) Е дәруменінің тапшылығы.

3. Қай кезде сілекейдің бөлінуі төмендейді?

- А) Менопауза басталғанда.
- Б) Суды көп ішкенде.
- В) Жүктілік кезінде.
- Г) Тіс шыққанда.

4. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Сілекей бөлінудің төмендеуі суды көп ішкенде байқалады.
- Б) Сілекей бөлінудің төмендеуі қантты диабет кезінде байқалады.
- В) Сілекей бөлінудің төмендеуі жүктілік кезінде байқалады.
- Г) Сілекей бөлінудің төмендеуі тіс шыққанда байқалады.

5. Қандай фактордың әсерінен сілекейдің секрециялану жылдамдығы төмендейді?

- А) Адреналиннің әсерінен.
- Б) Шайнағанда.
- В) Қышқыл тітіркендіргіштердің әсерінен.
- Г) Никотиннің әсерінен.

6. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Сілекейдің секрециялану жылдамдығы адреналиннің әсерінен төмендейді.
- Б) Сілекейдің секрециялану жылдамдығы шайнаудың әсерінен төмендейді.
- В) Сілекейдің секрециялану жылдамдығы қышқыл тітіркендіргіштердің әсерінен төмендейді.
- Г) Сілекейдің секрециялану жылдамдығы никотиннің әсерінен төмендейді.

7. Қандай фактордың әсерінен сілекейдің секрециялану жылдамдығы төмендейді?

- А) Дофаминнің әсерінен.
- Б) Тамақ ішкенде.
- В) Лимон қышқылының әсерінен.
- Г) Никотиннің әсерінен.

8. Қандай фактордың әсерінен сілекейдің секрециялану жылдамдығы жоғарылайды?

- А) Дофаминнің әсерінен.
- Б) Никотиннің әсерінен.
- В) Адреналиннің әсерінен.
- Г) Норадреналиннің әсерінен.

9. Қаннан біріншілік сілекейге нәруыздардың тасымалдануы негізінен қандай жолмен жүзеге асырылады?

- А) Экзоцитозбен.
- Б) Жай диффузиямен.
- В) Белсенді тасымалдаумен.
- Г) Пиноцитозбен.

10. Ағынды сілекейдің осмостық қысымы неге тең?

- А) Қан плазмасының осмостық қысымына.
- Б) Ацинарлы сілекейдің осмостық қысымына.
- В) Ацинарлы сілекейдің 1/3 осмостық қысымына.
- Г) Ацинарлы сілекейдің 1/6 осмостық қысымына.

11. Біріншілік сілекей түтіктер жүйесі арқылы қозғалғанда қандай иондардың реабсорбциясы орын алады?

- А) Na^+ және K^+ .
- Б) Ca^{2+} және Cl^- .
- В) HCO_3^- және K^+ .
- Г) Na^+ және Cl^- .

12. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Сілекейдің сынамасын таңертең тамақ ішкеннен кейін алады.
- Б) Сілекейдің сынамасын таңертең NaCl әсерінен кейін алады.
- В) Сілекейдің сынамасын таңертең тілдің ұшын тітіркендіргеннен кейін алады.
- Г) Сілекейдің сынамасын таңертең ашқарынға алады.

13. Сүт тістерінің шығуы кезінде сілекейдің секрециялануы қалай өзгереді?

- А) Бұрынғы деңгейде қалады.
- Б) Өседі.
- В) Төмендейді.
- Г) Біртіндеп төмендейді.

14. Түкіру арқылы қандай сілекейді алуға болады?

- А) Ацинарлы.
- Б) Ынталандырылған.
- В) Ынталандырылмаған.
- Г) Аралас ынталандырылмаған.

15. Ынталандырылмаған сілекейдің негізгі буферлік жүйесін көрсетіңдер.

- А) Гидрокарбонатты.
- Б) Фосфатты.
- В) Нәруыздық.
- Г) Гемоглобинді.

16. Электролиттік құрамы жағынан біріншілік сілекей қандай биологиялық сұйықтыққа ең жақын келеді?

- А) Сілекей бедерінің секреттеріне.
- Б) Аралас сілекейге.
- В) Лимфаға.
- Г) Қан плазмасының ультрацентрифугатына.

17. Сілекейдің негізгі компонентін көрсетіңдер.

- А) Су.
- Б) Муциндер.
- В) Стазериндер.
- Г) Мицеллалар.

18. Сілекейде қандай катиондар басым?

- А) Нарийдің.
- Б) Калийдің.
- В) Магнийдің.
- Г) Кальцийдің.

19. α -Амилазаның негізгі мөлшері қандай сілекей бездерінде синтезделеді?

- А) Астыңғы жақсүйекасты бездерінде.
- Б) Тіластыбездерінде.
- В) Шықшытбездерінде.
- Г) Кіші сілекейбездерінде.

20. Муциндердің химиялық табиғаты қандай?

- А) Гликопротеиндер.
- Б) Липопротеиндер.
- В) Фосфопротеиндер.
- Г) Хромопротеиндер.

21. Сілекей муциндері нәруыздарының аминқышқылдық құрамының ерекшеліктері қандай?

- А) Көп мөлшерде гистидині бар.
- Б) Көп мөлшерде тирозині бар.
- В) Көп мөлшерде пролині бар.
- Г) Аминқышқылдық құрамы жағынан коллагенге сәйкес келеді.

22. Муцин құрылысының қандай ерекшелігі сілекейге сілемейлік сипат береді?

- А) Көмірсу компоненттерінің болуы.
- Б) Ароматты аминқышқылдары қалдықтарының жоғары мөлшері.
- В) Пролин қалдықтарының жоғары мөлшері.
- Г) Цистеин қалдықтарының жоғары мөлшері.

23. Қандай нәруыздар сілекейге тұтқырлық береді?

- А) Металлопротеиндер.
- Б) Флавопротеиндер.
- В) Гликопротеиндер.
- Г) Гемопропротеиндер.

24. Аралас сілекей рН-ының физиологиялық мәнін көрсетіңдер.

- А) 5,0-5,9.
- Б) 5,9-6,5.
- В) 6,2-7,4.
- Г) 7,5-8,5.

25. Көптеген кариес кезінде аралас сілекейде не өзгереді?

- А) рН өседі.
- Б) рН төмендейді.
- В) Сілтілік фосфатазаның белсендігі өседі.
- Г) Муциндің мөлшері өседі.

26. Сілекейдің буферлік жүйелерін буферлік сымдылықтарының төмендеуі ретімен орналастырыңдар.

- А) Гидрокарбонатты → фосфатты → нәруыздық.
- Б) Гидрокарбонатты → нәруыздық → фосфатты.
- В) Фосфатты → нәруыздық → гидрокарбонатты.
- Г) Фосфатты → гидрокарбонатты → нәруыздық.

27. рН-тың қандай мәнінде сілекей деминералданған сұйықтыққа айналады?

- А) 7,8.
- Б) 7,4.
- В) 6,8.

Г) 6,2-ден төмен.

28. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Сілекейдің буферлік қасиеттерін жүзеге асыруға карбоангидраза қатысады.
- Б) Сілекейдің буферлік қасиеттерін жүзеге асыруға пероксидаза қатысады.
- В) Сілекейдің буферлік қасиеттерін жүзеге асыруға лизоцим қатысады.
- Г) Сілекейдің буферлік қасиеттерін жүзеге асыруға IgAs қатысады.

29. Тіс қағы микроорганизмдерінің қатысуымен түзілетін қандай қосылыстардың жинақталуы жаңа сілекей рН-ының төмендеуіне мүмкіндік береді?

- А) Пируват, лактат, ацетат, бутираттың.
- Б) Мочевинаның.
- В) Аммоний иондарының.
- Г) Лизиннің.

30. Тіс қағы микроорганизмдерінің қатысуымен түзілетін қандай қосылыстардың жинақталуы жаңа сілекей рН-ының жоғарылауына мүмкіндік береді?

- А) Лактаттың.
- Б) Аммоний иондары мен мочевианың.
- В) Пируваттың.
- Г) Ацетат, бутираттың.

31. Тіс қағы микроорганизмдеріндегі қандай үдерістердің күшеюі жаңа сілекей рН-ының өсуіне мүмкіндік береді?

- А) Аминқышқылдарын дезаминдеу.
- Б) Анаэробты гликолиз.
- В) Аэробты гликолиз.
- Г) ТКЦ.

32. Қандай ферменттің әсерінің нәтижесінде сілекейдің сілтіленуі жүреді?

- А) Каталазаның.
- Б) Сілтілік фосфатазаның.
- В) Уреазаның.
- Г) Матрикстік металлопротеиназалардың.

33. Сілекейдің рН-ы төмендегенде қандай иондардың мөлшері өседі?

- А) Дигидрофосфат-иондарының.
- Б) Фосфат-иондарының.
- В) Нәруыздармен байланысқан фосфат-иондарының.
- Г) Хлорид-иондарының.

34. Ауыз қуысында сілекейдің рН-ы өскенде қандай қосылыс жинақталады?

- А) Лактат.

Б) Ацетат.

В) NH_4^+ .

Г) Глюкоза.

35. Сілекейдің минералдау қызметінің негізінде не жатыр?

- А) Сілекейдің кальций және фосфат иондарымен аса қанығуы.
- Б) Сілекей рН-ының қышқыл мәні.
- В) Сілекейде фермент-оксиданттардың болуы.
- Г) Тіс қағында тұтқыр полисахаридтердің болуы.

36. Аралас сілекейдің рН-ы төмендегенде не болады?

- А) Кальций фосфаты мицеллаларының қосынды теріс заряды өседі.
- Б) Кальций фосфаты мицеллаларының тұрақтылығы төмендейді.
- В) Эмальдің еруі төмендейді.
- Г) Сілтілік фосфатазаның белсендігі өседі.

37. Сілекей мицеллаларының ядросы қандай тұздан тұрады?

- А) Кальций фосфатынан.
- Б) Барий хлоридінен.
- В) Кальций фторидінен.
- Г) Натрий хлоридінен.

38. Сілекей мицеллаласы ядросының негізгі компоненті не болып табылады?

- А) Кальций фосфатының молекулалары.
- Б) Фтор иондары.
- В) Натрий иондары.
- Г) Хлор иондары.

39. Мицелланың ядросында не бар?

- А) Ерімейтін кальций фосфаты.
- Б) Ерімейтін кальций гидроксипатиті.
- В) Стазерин нәруыздар.
- Г) Пролинге бай нәруыздар.

40. Сілекейдегі аса қаныққан иондарды көрсетіндер.

- А) Натрий мен кальцийдің катиондары.
- Б) Фтор мен хлордың аниондары.
- В) Кальций мен фосфаттардың иондары.
- Г) Гидрокарбонаттың аниондары.

41. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Сілекейде кальций фосфатының мицеллаларын түзуге пероксидаза қатысады.
- Б) Сілекейде кальций фосфатының мицеллаларын түзуге стазериндер мен муцин қатысады.

В) Сілекейде кальций фосфатының мицеллаларын түзуге гидрокарбонат-иондары қатыса-ды.

Г) Сілекейде кальций фосфатының мицеллаларын түзуге хлорид-иондары қатысады.

42. Эмальға деминералдау әсерін беретін сілекейдің ферментін таңдап алыңдар.

А) α -Амилаза.

Б) Сілтілік фосфатаза.

В) Каталаза.

Г) Қышқыл фосфатаза.

43. Сілекейде ең көп мөлшерде болатын иммуноглобулинді таңдап алыңдар.

А) IgA.

Б) IgM.

В) sIgA.

Г) sIgM.

44. Сілекей бездері қандай иммуноглобулиндерді синтездейді?

А) sIgA.

Б) IgG.

В) IgM.

Г) IgA.

45. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

А) Муцин ауыз қуысында кальций фосфаты мицеллаларын түзуге қатысады.

Б) Муцин ауыз қуысында крахмалды гидролиздеуге қатысады.

В) Муцин ауыз қуысында серинді протеиназаны ингибирлеуге қатысады.

Г) Муцин ауыз қуысында сутегі пероксидін ыдыратуға қатысады.

46. Ауыз қуысының сілемейлі қабығын қорғау муциннің қандай қасиетіне негізделген?

А) Төмен молекулалық массасына.

Б) Құрамында көмірсу компоненттерінің болуына.

В) Ферменттік белсендігіне.

Г) Антиоксиданттық қасиеттеріне.

47. Муцин ауыз қуысындағы қандай үдеріске қатысады?

А) Тіс пелликуласының түзілуіне.

Б) Полисахаридтердің гидролизіне.

В) Цистеинді протеазаны ингибирлеуге.

Г) Аминқышқылдарын дезаминдеу реакцияларына.

48. Лейкоциттердің миелопероксидазаларының қорғаныс әсері неге байланысты?

А) Сутегі пероксидінің түзілуіне.

Б) Гипохлорит-иондарының түзілуіне.

В) Хлорид-иондарының түзілуіне.

Г) Нитрит-иондарының түзілуіне.

49. Сілекейдің маңызды қызметтерінің бірі – қорғаныс қызметі. Сілекейдің қандай ферментіне айқын антибактериялық қасиеттер тән?

А) Қышқыл фосфатаза.

Б) Сілтілік фосфатаза.

В) Лизоцим.

Г) α -Амилаза.

50. Ауызқуысының қорғаныс ферменттерінің ішінде айтарлықтай рөлді бос-радикалды тотығуды басатын ферменттер атқарады. Осындай ферментті таңдап алыңдар.

А) Қышқыл фосфатаза.

Б) Сілтілік фосфатаза.

В) Лизоцим.

Г) Пероксидаза.

51. Қандай ферменттердің оттегінің белсенді формаларына қарсы қорғаныс әсері бар?

А) Супероксиддисмутаза және карбоангидраза.

Б) Каталаза және карбоангидраза.

В) α -Амилаза және каталаза.

Г) Супероксиддисмутаза және глутатионпероксидаза.

52. Сілекейдің антиоксиданттық қызмет атқаратын ферментін көрсетіндер.

А) α -Амилаза.

Б) Каталаза.

В) Қышқыл фосфатаза.

Г) Сілтілік фосфатаза.

53. Сілекейдің қандай ферменті бактериялардың жасушалық қабырғасы полисахаридтерінің гидролизін катализдейді?

А) Карбоангидраза.

Б) Каталаза.

В) Лизоцим.

Г) Супероксиддисмутаза.

54. Сілекейдің құрамындағы қандай фермент антиоксиданттық қызмет атқарады?

А) Амилаза.

Б) Лизоцим.

В) Супероксиддисмутаза.

Г) Карбоангидраза.

55. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Лизоцим бактериялық қабырғалар полисахаридтерінің гидролизін катализдейді.
- Б) Лизоцим бактериялық қабырғалар нәруыздарының гидролизін катализдейді.
- В) Лизоцим бактериялардағы леван полисахаридінің синтезін катализдейді.
- Г) Лизоцим бактериялардағы фруктан полисахаридінің синтезін катализдейді.

56. Бактериялық қабырғалардың гетерополисахаридтерін ыдырататын сілекейдің ферментін көрсетіңдер.

- А) Каталаза.
- Б) Фосфатаза.
- В) Лизоцим.
- Г) Катепсин.

57. Ауыз қуысында миелопероксидазаның көзі болып не саналады?

- А) Сілекей бездерінің секреттері.
- Б) Лейкоциттер.
- В) Микроорганизмдер.
- Г) Қан.

58. Пролинге бай нәруыздар қандай қызмет атқарады?

- А) Ауыз қуысының сілемейлі қабығын таниндердің әсерінен қорғайды.
- Б) Цистеинді протеиназалардың ингибиторлары болып табылады.
- В) Сілекейдің тұтқырлығын анықтайды.
- Г) Темір иондарын байлайды.

59. Сілекей лактоферринінің қарғаныс әсері неге байланысты?

- А) Кальций иондарын байлауына.
- Б) Темір иондарын байлауына.
- В) Сутегі пероксидінің түзілуіне.
- Г) Иммуноглобулиндермен әрекеттесуіне.

60. Темір иондарын талғамды байлайтын сілекейдің гликопротеинін көрсетіңдер.

- А) Лизоцим.
- Б) Муцин.
- В) Эпителйдің өсу факторы.
- Г) Лактоферрин.

61. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Сілекейдің α -амилазасы пептидаза болып табылады.
- Б) Сілекейдің α -амилазасы трансфераза болып табылады.

В) Сілекейдің α -амилазасы гликозидаза болып табылады.

Г) Сілекейдің α -амилазасы лиаза болып табылады.

62. Сілекейдің α -амилазасы қандай негізгі қызметті қамтамасыз етеді?

- А) Аскорыту қызметі.
- Б) Минералдау.
- В) Деминералдау.
- Г) Антимикоздық әсер.

63. Ауыз қуысының полисахаридтерді ыдырататын ферментін көрсетіңдер.

- А) Мальтоза.
- Б) Сахараза.
- В) α -Амилаза.
- Г) Каталаза.

64. Гидролиздік әсер танытатын сілекейдің ферментін көрсетіңдер.

- А) Пероксидаза.
- Б) Лизоцим.
- В) Лактопероксидаза.
- Г) Миелопероксидаза.

65. Сілекейдегі протеолиттік ферменттердің негізгі көзін көрсетіңдер.

- А) Үлкен сілекей бездері.
- Б) Әртүрлі микроорганизмдер.
- В) Магрофагтар.
- Г) Кіші сілекей бездері.

66. Белсенді орталығында цистеиннің аминқышқылдық қалдығы бар протеиназаларды қандай нәруыздар ингибирлейді?

- А) Цистатиндер.
- Б) Гистатиндер.
- В) Стазериндер.
- Г) Муциндер.

67. Протеиназаларды қандай нәруыздар ингибирлей алады?

- А) Цистатиндер.
- Б) Пролинге бай нәруыздар.
- В) Муцин.
- Г) Стазериндер.

68. Ауыз қуысындағы уреазалардың көзін көрсетіңдер.

- А) Сілекей бездерінің секреттері.
- Б) Лейкоциттер
- В) Микроорганизмдер.
- Г) Қан.

69. Эмальдің деминералдануына қарсы тұратын және рН-ты көтеретін қандай фермент?

- А) Супероксиддисмутаза.
- Б) Лизоцим.
- В) Карбоангидраза.
- Г) Миелопероксидаза.

70. Гистатиндерде көп мөлшерде қандай аминқышқылдық қалдықтар бар?

- А) Пролин.
- Б) Тирозин.
- В) Серин.
- Г) Гистидин.

71. Сілекейге қандай нәруыздың болуы спецификалы (адам организмінің басқа сұй-ықтықтарында кездеспейді)?

- А) Лактоферрин.
- Б) Гистатиндер.
- В) Лизоцим.
- Г) Пероксидазалар.

72. Стазериндерде көп мөлшерде қандай аминқышқылдық қалдықтар бар?

- А) Гистидиннің.
- Б) Тирозиннің.
- В) Пролиннің.
- Г) Аргининнің.

73. Пролинге бай қандай нәруыздар бірінші болып тістің эмаліне отырады?

- А) Қышқыл.
- Б) Негіздік.
- В) Гликозилденген.
- Г) Фосфорилденген.

74. Тіс қағында микроорганизмдердің әсерінен триптофаннан қандай қосылыс түзіледі?

- А) Индол.
- Б) Фенол.
- В) Крезол.
- Г) Бензой қышқылы.

75. Анаэробты жағдайларда тіс қағында фенилаланиннен қандай қосылыс түзіледі?

- А) Крезол.
- Б) Гистидин.
- В) Күкіртсутегі.
- Г) Глюкоза.

76. Анаэробты жағдайларда тіс қағында шіру кезінде пируваттан қандай қосылыс түзіледі?

- А) Лактат.

Б) Көмірқышқыл газы.

В) Фенол.

Г) Крезол.

77. Тіс қағында микроорганизмдердің әсерінен қандай аминқышқылынан H_2S түзіледі?

- А) Цистеиннен.
- Б) Тирозиннен.
- В) Сериннен.
- Г) Треониннен.

78. Тіс қағында ең аз мөлшерде қандай қосылыс болады?

- А) Липидтер.
- Б) Нәруыздар.
- В) Көмірсулар.
- Г) Минералды қосылыстар.

79. Көптеген кариесі бар пациенттердің аралас сілекейінде лактаттың мөлшері жоғары болады. Тіс қағында лактат қандай үдеріс кезінде түзіле алады?

- А) Аэробты гликолиз.
- Б) Анаэробты гликолиз.
- В) ЖМҚ β -тотығуы.
- Г) Кетонды денелердің тотығуы.

80. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Фруктан – тіс қағының жабысқақ полисахариді.
- Б) Фруктан тағам түйірін қалыптастырады.
- В) Фруктан – дәнекер тінінің жасушааралық матриксінің компоненті.
- Г) Фруктанда глюкозаның қалдықтары бар.

81. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Леван – тіс қағының жабысқақ полисахариді.
- Б) Леванда целлюлозаның қалдықтары бар.
- В) Леванда фруктозаның қалдықтары бар.
- Г) Леван – дәнекер тінінің жасушааралық матриксінің компоненті.

82. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алындар.

- А) Декстран – полисахарид, фруктозаның тармақталған полимері.
- Б) Декстран – полисахарид, галактозаның тармақталған полимері.
- В) Декстран фруктандарға жатады.
- Г) Декстран – тіс қағының жабысқақ полисахариді.

83. Пародонт тамырларының өтімділігі өскенде қызылиек сұйықтығының ағысы қалай өзгереді?

- А) Өзгермейді.
- Б) Өседі.
- В) Төмендейді.
- Г) Кері қарай өзгереді.

84. Нәруыздық құрамы жағынан қызылиек сұйықтығына ең жақын келетін биологиялық сұйықтықты көрсетіндер.

- А) Лимфа.
- Б) Сілекей.
- В) Қан.
- Г) Көз жасы.

85. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Қызылиек сұйықтығының сандық көрсеткіштері пародонттағы қабыну көрінісін сипаттамайды.
- Б) Қызылиек сұйықтығының сандық көрсеткіштері қызылиектегі қабынудың дамуын дәл сипаттайды.
- В) Қызылиек сұйықтығының сандық көрсеткіштері қабынудың клиникалық көріністеріне дейін-ақ өзгере бастайды.
- Г) Қызылиек сұйықтығының сандық көрсеткіштері қабыну көрінісімен байланысты емес.

86. Пародонтит кезінде қызылиек сұйықтығының құрамындағы не өзгереді?

- А) Лейкоциттердің мөлшері өседі.
- Б) Муциндердің мөлшері өседі.
- В) Эпителийлік жасушалардың мөлшері өседі.
- Г) Фибробласттардың мөлшері өседі.

87. Пародонтит кезінде қызылиек сұйықтығында қандай заттардың деңгейінің өсуін байқауға болады?

- А) ГАГ мөлшерінің өсуін.
- Б) Гидроксипролин мөлшерінің өсуін.
- В) Каткесин D мөлшерінің өсуін.
- Г) Фосфатидилхолин мөлшерінің өсуін.

88. Қандай кезде сілекейде лейкоциттер болмайды?

- А) Көптен кариестер кезінде.
- Б) Пародонтит кезінде.
- В) Жаңа туған нәрестеде.
- Г) Стоматит кезінде.

89. Ауыз сұйықтығының қандай компоненті қантты диабет кезінде тісжегінің даму жиілігін айтарлықтай жоғарылатады?

- А) Глюкоза.
- Б) Мочевина.
- В) Аминқышқылдары.
- Г) Аммиак.

90. Қантты диабеттің ағымы көп ретте ауыз қуысы ағзаларының ауруларымен асқынады. Олардың дамуының биохимиялық механизмдерінің біреуін көрсетіндер.

- А) Қалдық азот мөлшерінің өсуі.
- Б) Глюкоза мөлшерінің өсуі.
- В) Иммуноглобулиндер D мөлшерінің төмендеуі.
- Г) Минералды заттар мөлшерінің төмендеуі.

91. Пародонтит пародонт ұлпаларындағы протеолиздің белсенуімен жүреді. Бұл туралы ауыз сұйықтығындағы қандай қосылыстар концентрациясының жоғарылауы мәлімет береді?

- А) Аминқышқылдарының.
- Б) Глюкозаның.
- В) Лактаттың.
- Г) Пируваттың.

92. Сілекейде ең көп мөлшерде табиғаты қандай гормондар анықталады?

- А) Аминқышқылдарының туындылары.
- Б) Пептидтік гормондар.
- В) Стероидтық гормондар.
- Г) Эйкозаноидтар.

93. Шықшыт сілекейбездері қандай гормонды синтездейді?

- А) Кальцитонинді.
- Б) Паратгормонды.
- В) Паротинді.
- Г) Кальцитриолды.

94. Паротин қай жерде синтезделеді?

- А) Сілекей бездерінде.
- Б) Бүйрекбезі қыртысында.
- В) Бүйрекбезінің миылы затында.
- Г) Гипофизде.

95. Шықшыт сілекей бездерінің гормонын таңдап алыңдар.

- А) Паротин.
- Б) Тироксин.
- В) Паратиреоидтық гормон.
- Г) Кальцитонин.

96. Қант алмастырғыш аспартамның құрамына қандай аминқышқылы кіреді?

- А) Лейцин.
- Б) Пролин.
- В) Серин.
- Г) Фенилаланин.

97. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Қанталмастырғыш сорбитол – циклді бесатомды спирт.
- Б) Қанталмастырғыш сорбитол тіс қағының рН-ына әсер етпейді.
- В) Қанталмастырғыш сорбитол – дипептид.
- Г) Қанталмастырғыш сорбитол липидтерге жатады.

98. Карбоангидразалар ферменттердің қайсы класына жатады?

- А) Трансферазалар.
- Б) Лиазалар.
- В) Гидролазалар.
- Г) Лигазалар.

99. Ауыз қуысының рН-ы төмендеген кезде тістің жүре пайда болған пелликуласының қалыптасу жылдамдығы қалай өзгереді?

- А) Өзгермейді.
- Б) Айтарлықтай тездейді.
- В) Айтарлықтай төмендейді.
- Г) Пелликула қалыптаспайды.

100. Ауыз қуысының сілтіленуі (рН-тың өсуі) қайсы кезде байқалады?

- А) Аминқышқылдарының дезаминденуін белсендірген кезде.
- Б) Анаэробты гликолизді белсендіру нәтижесінде.
- В) Көмірсуларға бай тағамды қабылдағаннан кейін.
- Г) Сілтілік фосфатазаны белсендіру салдарынан.

101. Ауыз қуысының қышқылдануы (рН-тың төмендеуі) қай кезде байқалады?

- А) Аминқышқылдарының дезаминденуін белсендірген кезде.
- Б) Мочевинаның гидролизін белсендірген кезде.
- В) Көмірсуларға бай тағамды қабылдағаннан кейін.
- Г) Карбоангидразаны белсендіру салдарынан.

102. Пародонтит кезінде сілекейде нәруыздың мөлшері қалай өзгереді?

- А) Өседі.
- Б) Шын мәнінде төмендейді.
- В) Өзгермейді.
- Г) Төмендеуге ұмтылады.

103. Пародонтит кезінде сілекейде кальцийдің мөлшері қалай өзгереді?

- А) Өседі.
- Б) Шын мәнінде төмендейді.
- В) Өзгермейді.
- Г) Төмендеуге ұмтылады.

104. Биологиялық сұйықтықтарды лактоферриннің концентрациясы төмендеуі ретімен орналастырыңдар.

- А) Сілекей → қан → емшек сүті.
- Б) Қан → сілекей → емшек сүті.
- В) Сілекей → емшек сүті → қан.
- Г) Емшек сүті → сілекей → қан.

105. Ауыз сұйықтығының құрамына лактоферринді қандай жасушалар өндіреді?

- А) Сілекей бездерінің ацинарлы жасушалары, миоэпителийлік жасушалар.
- Б) Сілекей бездерінің ацинарлы жасушалары, безді эпителий.
- В) Безді эпителий,
- Г) Амелобластар, миоэпителийлік жасушалар.

106. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Лактоферриннің әрбір молекуласы үшвалентті темірдің екі ионын немесе мырыш, мыс және басқа металдардың иондарын қайтымды түрде байлай алады.
- Б) Лактоферрин күрделі нәруыздар липопротеиндерге жатады және оның гликозилдеу сайттары жоқ.
- В) Лактоферрин жай нәруыз болып табылады және оның полимерленуге қабілеті жоқ.
- Г) Лактоферрин күрделі нәруыздар гемопротеиндерге жатады және оның гликозилдеу сайттары жоқ.

107. Дұрыс тұжырымдаманы таңдап алыңдар.

- А) Лизоцим муреиннің құрамындағы пептидогликанның *N*-ацетилмурам қышқылы және *N*-ацетилглюкозамин арасындағы β -(1,4)-гликозидтік байланыстарды гидролиздеу реакциясын катализдейді.
- Б) Лизоцим гепариннің құрамындағы α -*D*-глюкозамин және урон қышқылы арасында

ағы α -(1,4)-гликозидтік байланыстарды гидролиздеу реакциясын катализдейді.

В) Лизоцим гепариннің құрамындағы *N*-ацетилмурам қышқылы және *N*-ацетилглюкозамин арасындағы β -(1,4)-гликозидтік байланыстарды гидролиздеу реакциясын катализдейді.

Г) Лизоцим муреиннің құрамындағы пептидогликанның α -*D*-глюкозамин және урон қышқылы арасындағы α -(1,4)-гликозидтік байланыстарды гидролиздеу реакциясын катализдейді.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ХИМИЯ

Бөлім 39. Ісік жасушасының биохимиясы

1. Аутокриндік реттеу дегеніміз не?

А) Ісікті жасушалардың өздігінен өздері жауап беретін өсу факторларын синтездеуі.

Б) Ісікті жасушалардың өсуді супрессиялайтын сигналдарға сезгіштігінің болмауы (төмендеуі).

В) Контакттылы көбеюді тежеудің болмауы.

Г) Өсу факторы рецепторлары құрылымының гиперэкспрессиясы немесе өзгеруі.

2. *In vivo* өскен кезде ісікті жасушалардың қалыпты жасушалардан қандай ерекшелігі бар.

А) Өсу факторларының қатысында пролиферацияға (өсіп-өнуге) қабілеттігі.

Б) Жасушадан тыс матрикске бекітілмей-ақ көбеюге.

В) Өсуге ингибиторлы сигналдарға деген сезгіштігінің толық болмауы.

Г) Конгломераттар, сфероидтар және органоидтар түзіп көбею қабілеттігі.

3. «Ангиогенді ауыстыру» дегеніміз не?

А) Антиогенез индукторларын (VEGF, FGF) кодтайтын және ангиогенез индукторлары ингибиторларының тепе-теңдігін индукторлардың пайдасына «ығыстыратын» гендердің транскрипциясын күшейту.

Б) Про- және ангиогенді сигналды молекулаларды координациялық экспрессиялау және оны протеолиттік модуляциялау.

В) Ангиогенді белсендіргіштер мен ингибиторларды протеолиттік реттеу.

Г) Ісіктердің қан тамырларында жаңа өсінділер түзу қабілеті.

108. Лизосим муреиннің құрылымындағы *N*-ацетилмурам қышқылы және *N*-ацетилглюкозамин (кейбір микроорганизмдердің жасушалық қабырғаларындағы пептидогликан) арасындағы β -(1,4)-гликозидтік байланыстардың ыдырауын катализдейді. Лизосим ферменттердің қайсы класына жатады?

А) Оксиредуктазалар.

Б) Гидролазалар.

В) Лиазалар.

Г) Лигазалар.

4. Жасушалардың морфологиясы мен қозғалысындағы Е-кадгерин-жанама өзгерістерінің біріншілік механизмі қандай?

А) Цитоқаққаның өзгерістері (актинді филаменттер жүйесінің бұзылуы).

Б) Фокалды контактілер қалыптасуының бұзылуы.

В) Рецепторлық тирозинкиназалардың немесе протоонкогендердің мутациясы.

Г) Протеолиттік ферменттерді және митогендерді (соның ішінде VEGF) секрециялау қабілеті.

5. Ісікті жасушаларға тән қандай ерекшелік оларға метастаздық ошақтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді?

А) Локомоциялану қабілеттігі.

Б) Шексіз репликациялық потенциал.

В) Өздеріне тән емес микроортада көбею қабілеті.

Г) Жасушалық дифференцияланудың бұзылуы.

6. Хромосомалық деңгейде генетикалық тұрақсыздыққа мысал келтіріңдер.

А) Микроделеция.

Б) Микроинсерция.

В) Микросателлиттік тұрақсыздық.

Г) Анеуплодия.

7. ДНҚ деңгейінде генетикалық тұрақсыздыққа мысал келтіріңдер.

А) Транслокация.

Б) Делеция.

В) Еншілес хроматидтердің рекомбинациясы.

Г) ДНҚ бұзылыстарын репарациялау жүйесіндегі ақаулар.

8. Микросателлиттер дегенім із не?

А) Нуклеотидтік мономерлердің тандемді қайталануы (25-60 негіздер).

Б) Пострепликациялық репарация жүйесінің ақаулары.

В) ДНҚ-полимераза генінің мутациясы.

Г) Онкогендердің нүктелік мутациясы.

9. Ісік жасушалары метаболизмінің атипизмі ерекшеліктерін көрсетіндер.

А) Анаболизм реакцияларына қарағанда катаболизм реакцияларының басымырақ болуы.

Б) Жасушаларды дифференциялаудың күшеюі.

В) Жүйелік (нейрогуморалдық) әсерден метаболизмнің тыс қалуы.

Г) Зат алмауды жергілікті реттеудің кері байланыс механизмінің күшеюі.

10. Ісік жасушалары метаболизмінің атипизмі ерекшеліктерін көрсетіндер.

А) Анаболизм реакцияларына қарағанда катаболизм реакцияларының басымырақ болуы.

Б) Жасушаларды дифференциялаудың күшеюі.

В) Көмірсуларды, липидтерді, аминқышқылдарын («метаболиктік қақпан») белсенді түрде қолдану.

Г) Зат алмасуда жергілікті реттеудің кері байланыс механизмінің күшеюі.

11. Ісік жасушалары метаболизмінің атипизмі ерекшеліктерін көрсетіндер.

А) Анаболизм реакцияларына қарағанда катаболизм реакцияларының басымырақ болуы.

Б) Жасушаларды дифференциялаудың күшеюі.

В) Ісік жасушаларының реттеудің ескі механизмдеріне көшуі – аутокринді және парокринді.

Г) Жасушалық дифференцияланудың бұзылуы.

12. «Пастердің теріс эффекті» дегеніміз не?

А) Аминқышқылдарының нәруыздарды синтездеу реакциясына кіруін күшейту («азоттың қақпаны»).

Б) Аэробты жағдайларда глюкозаның гликолиттік тотығуы тежелуінің болмауы.

В) АТФ реосинтезі кезінде ұлпалық тыныс алу үлесінің төмендеуі.

Г) Майлы қышқылдар мен холестерин өтелденуінің күшеюі.

13. Ісіктік прогрессия дегеніміз не?

А) Автономдығы және агрессивтігі жоғарырақ субклондардың пайда болуы және селекциясы (жоғары генетикалық өзгеруі және организмнің ісігіне әсерінің нәтижесі).

Б) Ісік жасушаларының инвазияға және метастаздануға қабілеттігі.

В) Онкологиялық сырқаттың терминалды сатысында науқас жағдайының нашарлауы.

Г) Қызметтерінің бұзылыстары орын алатын ісіктің қоршаған органдар мен ұлпаларға еніп-өсуі.

14. Протоонкоген дегеніміз не?

А) Адамның қалыпты геномының гені, жасушалардың пролиферациясын (өсіп-өнуін) реттеуге қатысады.

Б) Өзгерген ген, жасушалық популяцияның пролиферациясын және дифференциясын қамтамасыз ететін кодтайтын нәруыз.

В) Ісік жасушаларының пролиферациясын тежейтін ген.

Г) ДНҚ репарациясын бақылау жүйесінің және оның бұзылыстарын бақылайтын ген.

15. Онкоген дегеніміз не?

А) Адамның қалыпты геномының гені, жасушалардың пролиферациясын (өсіп-өнуін) реттеуге қатысады.

Б) Өзгерген ген, жасушалық популяцияның пролиферациясын және дифференциясын қамтамасыз ететін кодтайтын нәруыз.

В) Ісік жасушаларының пролиферациясын тежейтін ген.

Г) ДНҚ репарациясын бақылау жүйесінің және оның бұзылыстарын бақылайтын ген.

16. Ген-супрессор дегеніміз не?

А) Адамның қалыпты геномының гені, жасушалардың пролиферациясын (өсіп-өнуін) реттеуге қатысады.

Б) Өзгерген ген, жасушалық популяцияның пролиферациясын және дифференциясын қамтамасыз ететін кодтайтын нәруыз.

В) Ісік жасушаларының пролиферациясын тежейтін ген.

Г) ДНҚ репарациясын бақылау жүйесінің және оның бұзылыстарын бақылайтын ген.

17. Мутаторлық ген дегеніміз не?

А) Адамның қалыпты геномының гені, жасушалардың прорлиферациясын реттеуге қатысады.

Б) Өзгерген ген, жасушалық популяцияның пролиферациясын және дифференциясын қамтамасыз ететін кодтайтын нәруыз.

В) Ісік жасушаларының пролиферациясын тежейтін ген.

Г) ДНҚ репарациясын бақылау жүйесінің және оның бұзылыстарын бақылайтын ген.

18. Онкогенезге қатысатын, өсу факторларының мембраналық рецепторларын кодтайтын гендер гендердің қайсы тобына жатады?

А) Гендер-супрессорлар.

Б) Протоонкогендер.

В) Мутаторлық гендер.

Г) Гендер-репрессорлар.

19. Онкогенезге қатысатын, рецепторлардан митоген-белсендіргіш проеинкиназалар каскадына сигнал беретін нәруыздарды кодтайтын гендер гендердің қайсы тобына жатады?

А) Гендер-супрессорлар.

Б) Протоонкогендер.

В) Мутаторлық гендер.

Г) Гендер-репрессорлар.

20. Онкогенезге қатысатын, апоптоздың дамуына кедергі жасайтын гендер гендердің қайсы тобына жатады?

А) Гендер-супрессорлар.

Б) Протоонкогендер.

В) Мутаторлық гендер.

Г) Гендер-репрессорлар.

21. «Филадейфиялық хромосома» *Bcr/Ab1* үшін қандай протоонкогенді белсендіру механизмі тән?

А) Нәруыздың біріншілік құрылымының мутациясы.

Б) Онкогеннің амплификациясы.

В) Геномның бір бөлігін қайта құру (транслокация).

Г) Геномның бір бөлігін қайта құру (делеция).

22. Онкогенезге қатысатын, эпидермиялық өсу факторының рецепторын (*EGFR/ERBB1*) кодтайтын ген гендердің қайсы тобына жатады?

А) Гендер-супрессорлар.

Б) Протоонкогендер.

В) Мутаторлық гендер.

Г) Гендер-репрессорлар.

23. Онкогенезге қатысатын, антиапоптоикалық нәруызды *Bcl2* кодтайтын ген гендердің қайсы тобына жатады?

А) Гендер-супрессорлар.

Б) Протоонкогендер.

В) Мутаторлық гендер.

Г) Гендер-репрессорлар.

24. Онкогенезге қатысатын, митоздың ингибитор факторларының рецепторларын кодтайтын гендер гендердің қайсы тобына жатады?

А) Гендер-супрессорлар.

Б) Протоонкогендер.

В) Мутаторлық гендер.

Г) Гендер-репрессорлар.

25. Онкогенезге қатысатын, апоптозға жағдай жасайтын нәруыздарды кодтайтын гендер гендердің қайсы тобына жатады?

А) Гендер-супрессорлар.

Б) Протоонкогендер.

В) Мутаторлық гендер.

Г) Гендер-репрессорлар.

26. Онкогенезге қатысатын, митогендік гендердің ингибиторларын кодтайтын ген гендердің қайсы тобына жатады?

А) Гендер-супрессорлар.

Б) Протоонкогендер.

В) Мутаторлық гендер.

Г) Гендер-репрессорлар.

27. *p53* гені онкогенезге қатысатын гендердің қайсы тобына жатады?

А) Гендер-супрессорлар.

Б) Протоонкогендер.

В) Мутаторлық гендер.

Г) Гендер-репрессорлар.

28. *E-катгериннің* гені онкогенезге қатысатын гендердің қайсы тобына жатады?

А) Гендер-супрессорлар.

Б) Протоонкогендер.

В) Мутаторлық гендер.

Г) Гендер-репрессорлар.

29. *p53*-ті белсендіретін *BRCA* гені онкогенезге қатысатын гендердің қайсы тобына жатады?

А) Гендер-супрессорлар.

Б) Протоонкогендер.

В) Мутаторлық гендер.

Г) Гендер-репрессорлар.

30. ДНК репарациясы ферменттерінің гендері онкогенезге қатысатын гендердің қайсы тобына жатады?

- А) Гендер-супрессорлар.
- Б) Протоонкогендер.
- В) Мутаторлық гендер.
- Г) Гендер-репрессорлар.

31. Плазмацитоз және В-жасушалық лейкоздар үшін қан плазмасында қандай маркердің анықталуы тән?

- А) Миеломды нәруыз (Бенс-Джонстың).
- Б) α -Фетопротеин.
- В) Қышқыл фосфатаза.
- Г) СА-125.

32. Гепатоцеллюлярлық карцинома үшін қан плазмасында қандай маркердің анықталуы тән?

- А) Миеломды нәруыз (Бенс-Джонстың).
- Б) α -Фетопротеин.
- В) Қышқылфосфатаза.
- Г) СА-125.

33. Қуықастыбезінің обыры үшін қан плазмасында қандай маркердің анықталуы тән?

- А) Миеломды нәруыз (Бенс-Джонстың).
- Б) α -Фетопротеин.
- В) Қышқылфосфатаза.
- Г) СА-125.

34. Аналық бездің обыры үшін қан плазмасында қандай маркердің анықталуы тән?

- А) Миеломды нәруыз (Бенс-Джонстың).
- Б) α -Фетопротеин.
- В) Қышқылфосфатаза.
- Г) СА-125.

35. α -Фетопротеин маркерлердің қайсы түріне жатады?

- А) Жасушалық және ұлпалық спецификалық экспрессияланатын маркерлер.
- Б) Эмбриондық және ұрықтық антигендер.
- В) Цитоплазмалық аралық филаменттер.
- Г) Жасушалық және ұлпалық спецификалық секрецияланатын маркерлер.

36. Her2/neu маркерлердің қайсы түріне жатады?

- А) Жасушалық және ұлпалық спецификалық экспрессияланатын маркерлер.
- Б) Эмбриондық және ұрықтық антигендер.
- В) Цитоплазмалық аралық филаменттер.
- Г) Жасушалық және ұлпалық спецификалық секрецияланатын маркерлер.

37. Виментин маркерлердің қайсы түріне жатады?

- А) Жасушалық және ұлпалық спецификалық экспрессияланатын маркерлер.
- Б) Эмбриондық және ұрықтық антигендер.
- В) Цитоплазмалық аралық филаменттер.
- Г) Жасушалық және ұлпалық спецификалық секрецияланатын маркерлер.

38. Метаболиттердің қайсысы канцерогендік әсер таныта алады?

- А) Сүт қышқылының артық мөлшері.
- Б) Креатинфосфат.
- В) Зәр қышқылы.
- Г) Индол.

39. Метаболиттердің қайсысы канцерогендік әсер танытады?

- А) Сүт қышқылының артық мөлшері.
- Б) Креатинфосфат.
- В) Зәр қышқылы.
- Г) Бос радикалдар.

40. Гендік уытты емес канцерогенді таңдап алындар.

- А) Ароматты аминдер (бензидин, 2-нафтил-амин).
- Б) Полициклді ароматты көмірсутектер.
- В) Нитрозоқосылыстар.
- Г) Эстрогендер.

41. Гормоналды канцерогенезге тән ерекшелікті көрсетіндер.

- А) Латентті кезеңінің болмауы.
- Б) Гормон-индукторға қатысты ұлпалық спецификалығы.
- В) Гормондардың артық оң заряды бар (электрофилді топ) туындыларын түзу қабілеті.
- Г) Гормондардың оттегінің белсенді формаларын түзу және бөлу ұршығының зақымдануын тудыру қабілеті.

42. Гормоналды канцерогенезге тән ерекшелікті көрсетіндер.

- А) Латентті кезеңінің болмауы.
- Б) Ұлпа-нысананы ұзақ уақыт ынталандыру қажеттігі.
- В) Гормондардың артық оң заряды бар (электрофилді топ) туындыларын түзу қабілеті.
- Г) Гормондардың оттегінің белсенді формаларын түзу және бөлу ұршығының зақымдануын тудыру қабілеті.

43. Гормоналды канцерогенезге тән ерекшелікті көрсетіндер.

- А) Латентті кезеңінің болмауы.
- Б) Жоғары дәрежеде қайтымды.

В) Гормондардың артық оң заряды бар (электрофилді топ) туындыларын түзу қабілеті.
Г) Гормондардың оттегінің белсенді формаларын түзу және бөлу ұршығының зақымдануын тудыру қабілеті.

44. Гормоналды канцерогенезге тәнерекшелікті көрсетіндер.

А) Латентті кезеңінің болмауы.
Б) Жоғары дәрежеде қайтымды.
В) Гормондардың артық оң заряды бар (электрофилді топ) туындыларын түзу қабілеті.
Г) Гормондардың оттегінің белсенді формаларын түзу және бөлу ұршығының зақымдануын тудыру қабілеті.

45. Стероидтық жыныстық гормондардың гендікуыттыканцерогенді әсері неге байланысты?

А) Канцерогенді метаболиттердің түзілуіне (катехолэстрогендер).
Б) Нысана-ұлпаларда пролиферативті белсендіктің күшеюіне.
В) Ароматаза белсендігінің жоғарылауына.
Г) р53 белсендірілуіне.

46. Стероидтық жыныстық гормондардың промоторлық канцерогендік әсері неге байланысты?

А) Канцерогенді метаболиттердің түзілуіне (катехолэстрогендер).
Б) Нысана-ұлпаларда пролиферативті белсендіктің күшеюіне.
В) Ароматаза белсендігінің жоғарылауына.
Г) р53 белсендірілуіне.

47. Митоген-белсендіргіш протеин киназалар каскадын не белсендіреді?

А) Ісік некрозы факторының (ИФ) мембраналық рецептормен байлануы.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ХИМИЯ

Бөлім 40. Бұлшықет ұлпасының биохимиясы

1. Берілген күйге тән өзгерістерді таңдаңдар:

Миокард ишемиясы былай сипатталады:

**1) Тотыға фосфорланудың төмендеуімен;
2) Анаэробты жолмен тотығудың жоғарылауымен;**

**3) Аэробты жолмен тотығудың күшеюімен;
4) Тотыға фосфорланудың жоғарылауымен**

А) 1.

Б) Интегриннің матрикспен байлануы
В) Трансформациялық өсу факторының (ТӨФβ) мембраналық рецептормен байлануы.
Г) Эпидермиялық өсу факторы рецепторларын интернализациялау (EGFR).

48. Митоген-белсендіргіш протеин киназалар каскадын не белсендіреді?

А) Ісік некрозы факторының (ИФ) мембраналық рецептормен байлануы.
Б) Эпидермиялық өсу факторының рецептормен байлануы
В) Трансформациялық өсу факторының (ТӨФβ) мембраналық рецептормен байлануы.
Г) Эпидермиялық өсу факторы рецепторларын интернализациялау(EGFR).

49. Митоген-белсендіргіш протеинкиназалар каскадын не тежейді?

А) Ісік некрозы факторының (ИФ) мембраналық рецептормен байлануы.
Б) Эпидермиялық өсу факторының рецептормен байлануы (EGFR).
В) Трансформациялық өсу факторы рецепторларын (ТӨФβ) интернализациялау.
Г) Интегриннің матрикспен байлануы.

50. Митоген-белсендіргіш протеинкиназалар каскадын не тежейді?

А) Трансформациялық өсу факторының (ТӨФβ) мембраналық рецептормен байлануы.
Б) Эпидермиялық өсу факторының рецептормен байлануы (EGFR).
В) Трансформациялық өсу факторы рецепторларын (ТӨФβ) интернализациялау.
Г) Интегриннің матрикспен байлануы.

Б) 4.
В) 1 және 2.
Г) 3.

2. Бұлшықет ұлпасында гликогеннің ыдырауын күшейтетін гормонды таңдаңдар:

А) Адреналин.
Б) Вазопрессин.
В) Инсулин.
Г) Кальцитонин.

3. Үдемелі бұлшықет дистрофиясы болғанда диагнозды растайтын зәрде анықталатын затты көрсетіндер:

- А) Креатин.
- Б) Кетонды денелер.
- В) Зәр қышқылы.
- Г) Эритроциттер.

4. Миокардта көбірек шоғырланған лактатдегидрогеназа ферментін көрсетіндер:

- А) ЛДГ₃, ЛДГ₂.
- Б) ЛДГ₁, ЛДГ₂.
- В) ЛДГ₅, ЛДГ₄.
- Г) ЛДГ₄, ЛДГ₁.

5. Жұмыс жасап тұрған бұлшықет пен бауыр арасындағы өзара байланысты жүзеге асыратын метаболиттік жолды таңдаңдар:

- А) Орнитин циклі.
- Б) Малат-аспараттық ілмектік механизм жолы.
- В) Минералкортикоидтар синтезі.
- Г) Глюкоза-лактаттық цикл.

6. Бұлшықет ұлпасын энергиямен қамтамасыз етуге қатыспайтын үдерістерді көрсетіндер:

- А) Субстраттық фосфорланудың арнайы реакциялары.
- Б) Несепнәр синтезі.
- В) Миокиназалық реакция.
- Г) Гликолиз, гликогенолиз.

7. Травматология бөліміне бұлшықет ұлпасы зақымданған науқас түсті. Бұл жағдайда науқастың зәрінде жоғарылайтын биохимиялық көрсеткішті атаңдар:

- А) Жалпы липидтер.
- Б) Глюкоза.
- В) Креатинин.
- Г) Минералды тұздар.

8. Жүрек бұлшықеті үшін негізгі энергия көзі болып табылатын субстраттарды табыңдар:

- А) Креатинин.
- Б) Фосфолипидтер.
- В) Глюкоза.
- Г) Майлы қышқылдар.

9. Физикалық жүктеменің ең бастапқы кезеңінде жұмыс жасап тұрған бұлшықеттер үшін энергия көзі болып табылатын затты көрсетіндер:

- А) АТФ.
- Б) Креатинфосфат.
- В) Глюкозо-6-фосфат.
- Г) Майлы қышқылдар.

10. Науқастың қанын зерттегенде ЛДГ₁, ЛДГ₂, АсАТ, креатинфосфокиназа белсендігінің жоғарылағаны анықталды. Қай органда патологиялық үдеріс даму ықтималдығы жоғары екенін болжаңдар:

- А) Жүрек.
- Б) Бауыр.
- В) Ұйқы безі.
- Г) Бүйрек.

11. Миофибриллярлық миозин (жиырылғыш) нәруызының қызметін көрсетіндер:

- А) Ферменттік, құрылымдық.
- Б) Осмостық қысымды сақтау.
- В) Бұлшықет ұлпасын оттеппен қамтамасыз ету.
- Г) Құрылымдық, катализдік, контакттық.

12. Бұлшықеттің тыныштық күйде жиырылуын энергиямен қамтамасыз ететін заттарды көрсетіндер:

- А) Кетонды денелер, қандағы глюкоза.
- Б) Бұлшықет гликогені, кетонды денелер.
- В) Майлы қышқылдар.
- Г) Бұлшықет гликогені, қандағы глюкоза.

13. Бұлшықеттің орташа жүктеме жағдайында жиырылу жұмысын энергиямен қамтамасыз ететін заттарды көрсетіндер:

- А) Кетонды денелер, қандағы глюкоза.
- Б) Бұлшықет гликогені, кетонды денелер, қандағы глюкоза.
- В) Майлы қышқылдар, бұлшықет гликогені, қандағы глюкоза.
- Г) Майлы қышқылдар, кетонды денелер, қандағы глюкоза.

14. Бұлшықеттің қарқынды жұмыс кезінде жиырылуын энергиямен қамтамасыз ететін заттарды көрсетіндер:

- А) Майлы қышқылдар, кетонды денелер, қандағы глюкоза, бұлшықет гликогені.
- Б) Майлы қышқылдар, кетонды денелер, қандағы глюкоза, бауыр гликогені.
- В) Майлы қышқылдар, қандағы глюкоза, бұлшықет гликогені.
- Г) Майлы қышқылдар, кетонды денелер, бауыр гликогені.

15. Тыныштық күйдегі бұлшықет жасушаларындағы ферменттер белсендігі ту-

ралы болжам жасаңдар, АТФ/АДФ дұрыс қатынасын көрсетіндер:

А) АТФ концентрациясы төмен, АДФ – жоғары; гликолиз, Кребс циклі және тыныс алу тізбегі ферменттерінің белсендігі жоғары.

Б) АТФ концентрациясы жоғары, АДФ – төмен; гликолиз, Кребс циклі және тыныс алу тізбегі ферменттерінің белсендігі жоғары.

В) АТФ және АДФ концентрациялары жоғары; гликолиз, Кребс циклі және тыныс алу тізбегі ферменттерінің белсендігі төмен.

Г) АТФ концентрациясы жоғары, АДФ – төмен; гликолиз, Кребс циклі және тыныс алу тізбегі ферменттерінің белсендігі төмен.

16. Белсенді бұлшықет жұмысы басталғаннан кейін бұлшықет ұлпасында болатын өзгерістерді көрсетіндер:

А) АТФ концентрациясы төмендейді, АДФ – жоғарылайды; гликолиз, Кребс циклі және тыныс алу тізбегі реакцияларының қарқыны жоғарылайды.

Б) АТФ концентрациясы жоғарылайды, АДФ – төмендейді; гликолиз, Кребс циклі және тыныс алу тізбегі реакцияларының қарқыны жоғарылайды.

В) АТФ концентрациясы төмендейді, АДФ – жоғарылайды; гликолиз, Кребс циклі және тыныс алу тізбегі реакцияларының қарқыны тежеледі.

Г) АТФ концентрациясы төмендейді, АДФ – жоғарылайды; тек қана гликолиз реакцияларының қарқыны жоғарылайды.

17. Бұлшықет жасушаларында креатинфосфаттың ролін көрсетіндер:

А) АТФ-тың АДФ-қа өзгеруіне қатысады.

Б) Өзінің энергияға бай байланысын АДФ молекуласына АТФ түзу үшін береді.

В) АТФ синтезін күшейтетін АМФ өндіреді.

Г) Креатин АДФ-тан фосфат тобын қабылдайды.

18. Бұлшықеттің жиырылуын энергиямен қамтамасыз ететін үдерістерді таңдаңдар:

А) АТФ/АДФ+Рi қатынасы; глюкозаның лактаттан синтезі; АТФ → АДФ аденилатциклаздық реакциясы.

Б) АТФ/АДФ+Рi қатынасы; глюкозаның лактаттан синтезі.

В) Глюкозаның лактаттан синтезі; АТФ → АДФ аденилатциклаздық реакциясы.

Г) Глюкозаның лактаттан синтезі; АТФ → АМФ + Рi Рi.

19. Бұлшықетте аденилаткиназалық (миокиназалық) реакцияға қатысушылардың жұмсалуды туралы дұрыс тұжырымдаманы таңдаңдар: 2АДФ ↔ АТФ + АМФ

А) АТФ және АДФ гликолиз бен глюкоза синтезін күшейтеді.

Б) АМФ бұлшықеттің жиырылуына қатысады және креатин синтезін күшейтеді.

В) АТФ және АДФ креатинин синтезін күшейтеді.

Г) АТФ бұлшықеттің жиырылуына қатысады, АМФ гликолизді күшейтеді.

20. Бұлшықет жасушаларында АТФ жетіспегенде ең бірінші болып іске қосылатын жедел әрекет жүйесінің механизмін көрсетіндер:

А) Креатинфосфат → креатин + Рi.

Б) Креатинфосфат + АДФ → креатин + АТФ.

В) Креатин → креатинин.

Г) АТФ → АДФ.

21. Параллель жіпшелердің екі типінен тұратын жиырылу элементтерін (саркомерлер) көрсетіндер:

А) F-актиннің жіңішке филаменттері мен миозиннің жуан филаменттері.

Б) F-актиннің жіңішке филаменттері.

В) Миозиннің жуан филаменттері.

Г) F-актиннің жуан филаменттері мен миозиннің жіңішке филаменттері.

22. Бұлшықет талшықтарының жиырылуын басқару үшін қозғалтқыш нейрондардың жүйке-бұлшықет синапстарына бөліп шығаратын нейромедиаторын көрсетіндер:

А) Серотонин.

Б) Гамма-аминмай қышқылы (ГАМК).

В) Ацетилхолин.

Г) Дофамин.

23. Бұлшықет талшықтарының бір-біріне қатысты көлденең сырғуы арқылы жиырылуы қандай филаменттер арқылы жүретінін атаңдар:

А) F-актин жіңішке және жуан филаменттері.

Б) Миозиннің екі жуан филаменттері.

В) F-актиннің жуан филаменттері мен миозиннің жіңішке филаменттері.

Г) Миозиннің жуан филаменттері мен актиннің жіңішке филаменттері.

24. Жұмыс жасап тұрған бұлшықеттерде АТФ-тың тез регенерациясын қамтамасыз ететін үдерісті атаңдар:

- А) Креатинфосфаттан фосфат тобының АДФ-қа тасымалдануы.
- Б) ГТФ-тан фосфат тобының АДФ-қа --дануы.
- В) Протондардың ЭТТ бойынша оттекке тасы-малдануы.
- Г) Электрондардың тотыға фосфорлану үшін ЭТТ-ге тасымалдануы.

25. Бұлшықеттің қарқынды жиырылуы кезінде креатинфосфаттың жұмсалуына кететін уақытын көрсетіндер:

- А) Бірнеше сағат.
- Б) Бір минут.
- В) 10 минутқа жуық.
- Г) Бірнеше секунд.

26. Жұмыс жасап тұрған бұлшықеттерде АТФ-қа мұқтаждықты толықтырып отыратын энергия қорының көздерін көрсетіндер:

- А) Креатинфосфат, анаэробты гликолиз, тотыға фосфорлану, инозинмонофосфаттың түзілуі.
- Б) Креатинфосфат, анаэробты гликолиз.
- В) Анаэробты гликолиз, тотыға фосфорлану.
- Г) Креатинфосфат, тотыға фосфорлану.

27. Қарқынды қан айналыммен қамтамасыз етілген, митохондрияларға бай, тотыға фосфорлану ферменттері белсенді «ба-

яу» (қызыл) қаңқа бұлшықеттерінде АТФ синтезі үшін энергия көзін таңдандар:

- А) Анаэробты гликолиз.
- Б) Тотыға фосфорлану.
- В) Креатинфосфат синтезі.
- Г) Майлы қышқылдардың β -тотығуы.

28. Қызыл қаңқа бұлшықеттерін оттеппен қамтамасыз етуге қатысатын нәруызды таңдандар:

- А) Миоглобин.
- Б) Гемоглобин.
- В) Альбумин.
- Г) Актин.

29. Оттек тапшылығы жағдайында (мысалы, күшті дене жүктемесі кезінде) бұлшықет жасушаларының митохондрияларында АТФ синтезін (тотыға фосфорлану) жүзеге асыру үшін оттек көзі болатын нәруызды атаңдар:

- А) Метгемоглобин.
- Б) Оксигемоглобин.
- В) Карбоксигемоглобин.
- Г) Миоглобин.

30. Миоглобині жоқ «жедел» (ақ) қаңқа бұлшықеттерінде АТФ синтезі үшін ең негізгі метаболиттік жолды атаңдар:

- А) Анаэробты гликолиз .
- Б) Аэробты гликолиз.
- В) Тотыға фосфорлану.
- Г) Майлы қышқылдардың β -тотығуы.

Бөлім 41. Жағдайлық (ситуациялық) есептер

1. Зерттеуші ұйқыбезінен бөлініп алынған трипсиногендегі аминқышқылдарының реттілігін және онекіелі ішектің саңылауынан алынған трипсиндегі аминқышқылдарының реттілігін салыстыруды жүргізіп отыр. Нәруыздарды секвенирлеу екі нәруыздың N-шеткі аминқышқыл-дары өзгешелеу екендігін көрсетті. Қандай посттрансляциялық модификациялану нәтиже-сінде трипсиноген трипсиннен ерекшеленеді?

- А) Тримминг (жартылай протеолиз).
- Б) Убиквитинирлеу.
- В) Гликозилдеу.
- Г) Ацетилдеу.

2. Ферменттің белсенді орталығында глутамин қышқылының қалдығы бар, оның болуы ферменттің қызметін сақтау үшін қиын жағдай. Зерттеушілер глутамин қышқылының қалдығын ферменттің қызметін бұзбай, басқа қышқылға ауыстыруға шешім қабылдады. Қандай аминқышқылдық алмастыру ферменттің белсендігін ең аз дәрежеде өзгертеді?

- А) Аспарагин қышқылына.
- Б) Лизинге.
- В) Серинге.

Г) Тирозинге.

3. Фосфат топтары болғандықтан ДНҚ-ның теріс заряды болатындығы белгілі. Нуклеосома ДНҚ-ны қаттаудың бір түрі, бұл кезде ДНҚ гистонды нәруыздармен өте берік байланысады. Гистонды нәруыздарда қандай аминқышқылдары қалдықтарының көп мөлшерде болуы бұған мүмкіндік береді?

- А) Аргининнің.
- Б) Глутаминнің.
- В) Цистеиннің.
- Г) Аспарагиннің.

4. Зерттеуші ДНҚ-мен өте берік байланысатын пептидті синтездегісі келді. Физиологиялық жағдайларда аминқышқылдарының қандай реттілігі бір-бірімен берік байланысады, рН-тың белгілі бір мәні кезіндегі аминқышқылдарының зарядын ескере отырып.

- А) Глутамил-лейцил-лейцин.
- Б) Гистидил-фенилаланил-метионин.
- В) Треонил-тирозил-глицин.
- Г) Аргинил-лизил-лизин.

5. Ацетазоламид препараты глаукоманы емдеу үшін қолданылады, ол карбоангидраза ферментінің бәсекелі емес ингибиторы. Ингибирленудің бұл түрі үшін ферменттік реакцияның қандай өзгерісі тән?

- А) K_M төмендеуі.
- Б) V_{max} төмендеуі.
- В) K_M жоғарылауы.
- Г) V_{max} жоғарылауы.

6. Цитостатикалық препарат метотрексат онкологиялық ауруларды емдеуде және ревматологияда қолданылады. Метотрексат дигидрофолатредуктазаның бәсекелі ингибиторы болып табылады. Ол дигидрофолаттың тетрагидрофолатқа дейін тотықсыздану реакциясын катализдейді. Метотрексаттың ингибирлеу әсерін жеңу үшін не істеуге болады?

- А) Метотрексаттың концентрациясын өсіру.
- Б) Дигидрофолатредуктазаның мөлшерін төмендету.
- В) Дигидрофолаттың концентрациясын өсіру.
- Г) Тетрагидрофолаттың концентрациясын өсіру.

7. Ұзақ уақыт қатаң түрде вегетариандық өсімдік диетасын қолданған 35 жастағы әйелді тексеру барысында теріс азоттық баланс анықталды. Мұндай биохимиялық бұзылыстардың себебі неде?

- А) Тағамда нәруыздың жетіспеуі.
- Б) Тағамда жануарлар майының жетіспеуі
- В) Тағамда көмірсулардың көп болуы.
- Г) Тағамда көмірсулардың жетіспеуі.

8. Панкреатиті (ұйқыбезінің қабынуы) бар 35 жастағы науқаста нәруыздарды қорыту бұзылысы диагностикасы алынды. Бұл қайсы ферменттің синтезі мен белсендірілуінің бұзылуына байланысты болуы мүмкін?

- А) Трипсиногеннің.
- Б) Пепсиннің.
- В) Дипептидазаның.
- Г) Амилазаның.

9. Емхананың қабылдау бөліміне ферманың жұмыскері келіп түсті, ол жерін өндеп жүріп, кездейсоқ өзінің үстіне арамшөптермен күресетін ерітіндіні төгіп алған. Фосфорорганикалық қосылыстар қай ферменттің ингибиторы болып табылады?

- А) Ацетилхолинэстеразаның.
- Б) Фосфодиэстеразаның.
- В) Холестеринэстеразаның.
- Г) Сілтілік фосфатазаның.

10. Емхананың қабылдау бөліміне ес-түссіз ер адам келіп түсті. Қанның биохимиялық талдауы ЛДГ1 және КФК МВ-фракциясы белсендігінің өскенін көрсетті. Клиникалық көрсетулер және зертханалық зерттеулер нәтижелерін ескере отырып, пациентте қандай сырқатты болжауға болады?

- А) Миокард инфаркты.
- Б) Гепатит.
- В) Панкреатит.
- Г) Холецистит.

11. Емхананың қабылдау бөліміне жүрегінің ауырсынуына, ендікпесіне шағымданған ер адам келіп түсті. Электрокардиограммасында миокард ишемиясының белгілері анықталды. Шұғыл түрде қаны талдауға жіберілді. Пациенттің миокард инфаркты диагнозын қанның биохимиялық талдауының қандай көрсеткіштері растайды?

- А) ЛДГ1, КФК МВ-фракциясы белсендігінің жоғарылауы.
- Б) ЛДГ5, КФК ММ-фракциясы белсендігінің жоғарылауы.
- В) ЛДГ1, КФК МВ-фракциясы белсендігінің төмендеуі.
- Г) ЛДГ5, КФК ММ-фракциясы белсендігінің төмендеуі.

12. Емхананың қабылдау бөліміне жүрегінің ауырсынуына, ендікпесіне шағымданған ер адам келіп түсті. Электрокардиограммасында миокард ишемиясының белгілері анықталды. Пациенттің миокард инфаркты диагнозын қанның биохимиялық талдауының қандай көрсеткіштері растайды?

- А) ЛДГ5 белсендігінің өсуі.
- Б) КФК МВ-фракциясы белсендігінің жоғарылауы.
- В) Трипсин белсендігінің өсуі.
- Г) Амилаза белсендігінің өсуі.

13. Емхананың қабылдау бөліміне жедел панкреатитке қаупі бар ер адам келіп түсті. Пациенттің диагнозын қанның биохимиялық талдауындағы қандай ферменттің белсендігінің өсуі растайды?

- А) Амилазаның.
- Б) АЛТ-ның.
- В) Сахаразаның.
- Г) Дипептидазаның.

14. Емхананың қабылдау бөліміне жедел гепатитке қаупі бар ер адам келіп түсті. Пациенттің диагнозын қанның биохимиялық талдауындағы қандай ферменттің белсендігінің өсуі растайды?

- А) АЛТ-ның.
- Б) Липазаның.
- В) КФК-ның.
- Г) Амилазаның.

15. Пациент қантты диабетпен ауырады, терапия жүргізілмесе, гипергликемия (қан сарысуындағы ашқарынға глюкозаның мөлшері) >8 ммоль/л. Қандай гемопротейннің мөлшері бұл сырқаттың ағымын бақылау тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді?

- А) HbS.
- Б) HbP.
- В) HbA1c.
- Г) HbF.

16. Туғаннан 3 айдан кейін сәбиде ауыр гипоксия дамыды, ол ендікпеге және терісінің

көгеруіне алып келді. Баланың бұл күйі феталды гемоглобинді (HbF) қандай гемоглобинге ауыстыру себебінен болды?

- А) HbP.
- Б) HbS.
- В) HbA.
- Г) HbA1c.

17. Науқас 20 жаста. Жалпы әлсіздікке, басының айналуына, тез шаршағыштыққа шағымданады. Тексеру барысында анықталды: қандағы гемоглобин 80 г/л, микроскопияда эритроциттердің формасы өзгерген. Ең мүмкін себепті көрсетіндер.

- А) HbA ақаулы гемоглобиннің түзілуі.
- Б) HbP ақаулы гемоглобиннің түзілуі.
- В) HbA1c ақаулы гемоглобиннің түзілуі.
- Г) HbS ақаулы гемоглобиннің түзілуі.

18. 12 жастағы балада анықталды: тері жамылғыларының сарғыштығы, гипоксиялық синдром, гепатоспленомегалия, қаңқаның деформациясы, ағзалардың қайталама тромбозы. Қан-ның талдамасы кезінде: регенераторлық сипаттағы анемия, эритроциттер орақ тәрізді, гипербилирубинемия. Бұл келтірілген клиникалық көріністер гемоглобиннің қандай түрінің түзілуімен байланысты?

- А) HbA.
- Б) HbC.
- В) HbF.
- Г) HbS.

19. 7 күндік нәрестенің тері жамылғылары сарғыштанған, ол физиологиялық сарыауру деп жіктелді. Сарыаурудың ең ықтимал себебі эритроциттердің гемолизі болып табылады. Бұл осындай формалы гемоглобині бар эритроциттердің қысқа өмір сүру ұзақтығы болуына байланысты. Оны көрсетіндер.

- А) HbF.
- Б) HbS.
- В) HbA.
- Г) HbA1c.

20. 12 жастағы бала қозғалыс координациясының бұзылуы, теріде қызыл бөртпелер, жиі-жиі сұйық нәжіс бойынша тексеруден өтуде. Зертханалық зерттеулер зәрде жоғары мөлшерде ароматты аминқышқылдары бар екендігі анықталды. Симптомдарды коррекциялау үшін қандай препаратты тағайындауға болады?

- А) Рибофлавин.
- Б) Фолий қышқылы.
- В) Ниацин.
- Г) Тиамин.

21. Дәрігердің қабылдауына ер адам келді, 45 жаста, көздерінде күйген сезімі, тілінің жағымсыз ауыршандығына және тәбетінің төмендегеніне шағымданды. Тексеру кезінде дәрігер пациенттің еріндерінде және аузының шет аймағында жарықшаларды, қызыл қабынған тілінің жарықшаларын, тері жамылғылары майлы екендігін байқады. Бұл бақылаулар қандай дәруменнің тапшылығын көрсетеді?

- А) Биотиннің.
- Б) Ниациннің.
- В) Пантотен қышқылының.
- Г) Рибофлавиннің.

22. Қабылдауға әйел келіп түсті, 50 жаста. Анамнезінде – ісікке байланысты мықынйішектің терминалды бөлігі операция кезінде алынып тасталған. Тексерген кезде тері жамылғылары боз-ғылт, зертханалық мәліметтер: қандағы гемоглобиннің деңгейі

төмендеген. Алдын ала диагно-зы – гиповитаминоз. Анамнезін және тексеру мәліметтерін ескере отырып, қандай дәруменнің тапшылығын болжауға болады?

- А) Токоферолдың.
- Б) Пиридоксиннің.
- В) Кобаламиннің.
- Г) Филлохионның.

23. Емхананың қабылдау бөлімшесіне 67 жастағы әйел түсті. Әйелді көршілері үйінің ауласында ес-түссіз күйде тауып алған. Жалғыз өзі тұрады, негізінен күрішпен және қырыққабатпен тамақтанады. Ол 5 жылдан астам ет өнімдерін жемеген және ешқандай дәрумендерді қолданбайды. Сонымен қатар ол жиі-жиі әлсіздік болатынын айтады. Қанды зерттеу мегалобластық анемияны көрсеткен. Бұл клиникалық белгілер қандай дәруменнің тапшылығына сәйкес келеді?

- А) Токоферолдың.
- Б) Кобаламиннің.
- В) Тиаминнің.
- Г) Аскорбин қышқылының.

24. Қабылдауға жас адам келді, 22 жаста. Университетте оқыған шағында ол анасымен тұрған, бірақ бітіргеннен кейін басқа қалаға ауысқан. Мамандығы бойынша ол – программист және көп уақыт компьютерде жұмыс жасайды, шоколадпен, печеньемен және дәмді тоқаштармен тамақ-танады. 4 жылдан кейін ол әлсіздіктің күшейгенін байқаған. Тексерген кезде тері жамылғыла-рының бозғылттығы анықталған. Анамнезін және клиникалық картинасын ескере отырып, қандай дәруменнің тапшылығын болжауға болады?

- А) Кобаламиннің.
- Б) К дәруменінің.
- В) Токоферолдың.
- Г) Ретинолдың.

25. Қабылдауға өзінің 14 айлық баласымен анасы келіп түсті. Анасының айтуынша, оның баласы қозғалғысы келгенде үнемі жылайтын көрінеді. Тексерген кезде аяқтарының О-тәрізді деформациялануы байқалады, кеудесі батыңқы, аяқтарында көптеген көгерген жерлері бар, қызылиегі қанағыш. Қандай дәруменнің тапшылығын болжауға болады?

- А) Ретинолдың.
- Б) Тиаминнің.
- В) Кобаламиннің.
- Г) Аскорбин қышқылының.

26. Емхананың қабылдау бөлімшесіне солжақ шыбық сүйегі сынған әйел түсті, 59 жаста. Тек-серген кезде дәрігер оның қолдарында, аяқтарында және денесінің жоғарғы бөлігінде көптеген көгерген жерлерді байқаған. Сонымен қатар әйел қызылиегінің ауыршандығын және тісін тазалағанда қанның пайда болуына шағымданған. Әйел жалғыз тұрады, тек қана тез дайындалатын сорпалармен, шаймен, макарондармен тамақтанады. Қандай дәруменнің тапшылығын болжауға болады?

- А) Ретинолдың.
- Б) Тиаминнің.
- В) Кобаламиннің.
- Г) Аскорбин қышқылының.

27. Қабылдауға әйел келіп түсті, 79 жаста, аяқтарының ауырсынуына және шаршағандыққа шағымданады. Ол жалғыз өзі тұрады және тамаққа көп ақша жұмсай алмайды. Тексерген кезде гематомалар және ауыршаң қызылиегі бар. Қандай дәруменнің тапшылығын болжауға болады?

- А) Тиаминнің.

- Б) Пиридоксиннің.
- В) Фолий қышқылының.
- Г) Аскорбин қышқылының.

28. Дәрігердің қабылдауына 10 жастағы муковисцидозбен азап шегетін бала түсті. Оның анасының байқауынша, бір жерін кесіп алғанда ұзақ уақыт қан ағуы тоқтамайды. Балаға жағымсыз иісті және майлы кірімділері бар жиі диареяға қарсы асқорыту ферменттері тағайындалған, бірақ ол препараттарды уақытында қабылдауды ұмытып кетеді. Тексерген кезде денесінде көгеріп қалған жерлердің бар екендігі анықталған. Қандай дәруменнің тапшылығын болжауға болады?

- А) Токоферолдың.
- Б) Фолий қышқылының.
- В) Менахинонның.
- Г) Ретинолдың.

29. Балада сүйек ұлпасы минералдануының бұзылуы, аяқ-қолдарының қисайып, қаңқасының деформациясы анықталған. Келтірілген өзгерістер қандай дәруменнің тапшылығымен байланысты болуы мүмкін?

- А) Кальциферолдың.
- Б) Рибофлавиннің.
- В) Токоферолдың.
- Г) Кобаламиннің.

30. 50 жастағы пациенттің өт қабын алып тастағаннан кейін ішектің қабырғасы арқылы кальций иондарының сіңірілу үдерісі бұзылған. Қандай дәруменді тағайындау бұл үдерісті жақсартта алады?

- А) Кальциферолды.
- Б) Рибофлавинді.
- В) Токоферолды.
- Г) Кобаламинді.

31. Өт жолдарының түйнелісі бар науқастарда қанның ұюы нашарлап, қан кету пайда болады. Бұл кезде қандай дәрумен жеткілікті түрде сіңірілмейді?

- А) К.
- Б) А.
- В) D.
- Г) E.

32. Екі жастағы балаға ішектік дисбактериоз диагнозы қойылды, осы жағдайда геморрагиялық синдром пайда болды. Баланың геморрагиясының ең мүмкін себебі қандай?

- А) К дәруменінің тапшылығы.
- Б) А дәруменінің тапшылығы.
- В) D дәруменінің тапшылығы.
- Г) E дәруменінің тапшылығы.

33. 32 жастағы науқаста ұзақ уақыт антибиотиктерді қабылдау барысында аздаған зақымдану кезінде жоғары қанағаштық байқалады. Қанындағы қанның II, VII, X үю факторларының белсендігі төмендеген. Бұл өзгерістер қандай дәруменнің тапшылығынан болуы мүмкін?

- А) C дәруменінің.
- Б) A дәруменінің.
- В) K дәруменінің.
- Г) E дәруменінің.

34. Науқаста мегалобласты анемия диагностикаланды. Тапшылығы оның дамуын тудыратын дәруменді көрсетіндер.

- А) Кобаламин.
- Б) Аскорбин қышқылы.
- В) Холекальциферол.
- Г) Тиамин.

35. Механикалық сарғаюы және ішекте сорылуы бұзылған науқастың операциядан кейін жағдайы қан кетуімен асқынды. Бұл жағдай қандай дәруменнің тапшылығынан болуы мүмкін?

- А) Кобаламиннің.
- Б) К дәруменінің.
- В) Фолий қышқылының.
- Г) С дәруменінің.

36. Обтурациялық сарғаю және өтті жыланкөз кезінде протромбинді жеткіліксіздік жиі байқалады. Бұл жағдай қандай дәруменнің тапшылығынан болуы мүмкін?

- А) К дәруменінің.
- Б) Пиридоксиннің.
- В) А дәруменінің.
- Г) С дәруменінің.

37. Анамнезінде бірнеше рет түсік тастаған жүкті әйелге түсік тастау қаупінің алдын алу үшін дәрумендер препараттарынан тұратын терапия тағайындалды. Бала көтеруге септігін тигізетін дәруменді көрсетіндер.

- А) Рибофлавин.
- Б) Кобаламин.
- В) Токоферол.
- Г) Тиамин.

38. 45 жастағы науқас, созылмалы атрофиялық гастриті және мегалобластық анемиясы бар, зәрмен метилмалон қышқылының бөлінуі жоғары. Бұл өзгерістер қандай дәруменнің тапшылығымен байланысты болуы мүмкін?

- А) Пиридоксиннің.
- Б) Рибофлавиннің.
- В) Тиаминнің.
- Г) Кобаламиннің.

39. 1,5 жастағы баланы тексергенде педиатр аяқтарының сүйектері қисайғандығын және бас сүйегі минералдануының кідірісін анықтады. Бұл патологияның дамуына қандай дәруменнің тапшылығы алып келеді?

- А) Рибофлавиннің.
- Б) Тиаминнің.
- В) Паниотен қышқылының.
- Г) Холекальциферолдың.

40. Науқастың тістері босап, түсіп қалуы, қан тамырлары қабырғаларының өтімділігі өсіп, терісінде нүктелік қан кетулер байқалады. Бұл симптомдарды дәрумендер алмасуының қандай бұзылысымен түсіндіруге болады?

- А) D гиповитаминозымен.
- Б) E гиповитаминозымен.
- В) C гиповитаминозымен.
- Г) A гиповитаминозымен.

41. Пациентте нерв бағанының бойында ауыршандық байқалады және қанында пируваттың мөлшері жоғары. Мұндай өзгерістерді қандай дәруменнің тапшылығы беруі мүмкін?

- А) Фолий қышқылының.
- Б) Рибофлавиннің.

- В) Тиаминнің.
- Г) Пантотен қышқылының.

42. Тек қана арнайы өңделген күрішпен қоректенген науқаста тиаминнің тапшылығы салдарынан полиневрит дамыды. Қай заттың зәрмен экскрециялануы бұл авитаминоздың индикаторы бола алады?

- А) Фенилпирожүзім қышқылының.
- Б) Метилмалон қышқылының.
- В) Зәр қышқылының.
- Г) Пирожүзім қышқылының.

43. Пеллаграның себебі тағамға негізінен жүгеріні қолданудан және рационда жануарлар өнімдері үлесінің азаюынан болуы мүмкін. Рационда қандай аминқышқылының болмауы бұл патологияға соқтыруы мүмкін?

- А) Метиониннің.
- Б) Изолейциннің.
- В) Триптофанның.
- Г) Гистидиннің.

44. Пернициоздық анемияны емдеу үшін дәрігер-диетолог науқасқа тамағына бауыр қолдануды ұсынды. Бұл өнімде қандай дәруменнің болуы қантүзу үдерісін ынталандырады?

- А) Кальциферолдың.
- Б) Пиридоксиннің.
- В) Кобаламиннің.
- Г) Аскорбин қышқылының.

45. 7 жастағы балада ұзақ уақыт антибиотикотерапиядан кейін дисбактериоз дамыды және ішек таяқшаларының толық жоқтығы анықталды. Қайсы топтың дәрумендерінің тапшылығы дамуы мүмкін?

- А) А тобының дәрумендері.
- Б) В тобының дәрумендері.
- В) Е тобының дәрумендері.
- Г) D тобының дәрумендері.

46. Созылмалы бүйрек сырқатымен ауыратын науқаста остеопороз дамыды. Остеопороздың негізгі себебі болып бүйректе минералды алмасудың қандай реттегішінің синтезі бұзылған?

- А) 1,25-(ОН)₂-холекальциферолдың.
- Б) Рениннің.
- В) Ангиотензиннің.
- Г) Кортизолдың.

47. Науқаста сілемейлі қабықтың құрғақтығы және ымырттық көруі бұзылған. Мұндай симптомдардың пайда болуына қандай дәруменнің тапшылығы соқтырады?

- А) А дәруменінің.
- Б) D дәруменінің.
- В) С дәруменінің.
- Г) Е дәруменінің.

48. Окулист науқаста көздің қараңғыға бейімделу уақытының ұзарғанын анықтады. Қандай дәруменнің жетіспеуі мұндай симптомның себебі болып табылады?

- А) С дәруменінің.
- Б) А дәруменінің.
- В) К дәруменінің.
- Г) D дәруменінің.

49. Науқас (30 жастағы еркек) үнемі әлсіздікке, шаршағандыққа шағымданады. Оны басының айналуы және басының ауруы, буындары мен бұлшықеттерінің аурушандығы мазалайды. Оның қызылиегінен қанның бөлінуі, қызылиегі формасының өзгеруі, ісіну, тістеген кезде ауырсыну байқалады. Аяғында балтыр бұлшықеттерінің аймағында гематома түрінде өлшемдері әртүрлі қанталаулар пайда болады. Мүмкін себебін көрсетіндер.

- А) С дәруменінің гиповитаминозы.
- Б) К дәруменінің гиповитаминозы.
- В) D дәруменінің гиповитаминозы.
- Г) А дәруменінің гиповитаминозы.

50. Пациент әйел, 50 жаста, соңғы бес жыл бойы вегетаризммен айналысады. Депрессиялық күйге, әлсіздікке, ашушандыққа шағымданады. Оның тілі қабынған, қызыл, терісі, қабағының және ауыз қуысының сілемейлі қабығы солғын. Қанының жалпы талдауында гемоглобині мен эритроциттерінің деңгейі төмендеген, түрлері өзгерген эритроциттердің ізашарлары – мегалобластар анықталады. Мүмкін себебін көрсетіндер.

- А) D дәруменінің гиповитаминозы.
- Б) К дәруменінің гиповитаминозы.
- В) Е дәруменінің гиповитаминозы.
- Г) В₁₂ дәруменінің (кобаламиннің) гиповитаминозы.

51. Толыққанды тамақтану кезінде пациентте мегалобластық анемия дамыды. Оған асқазан резекциясы операциясы жасалған. Анемияның мүмкін себебі неде?

- А) Касл ішкі факторының тапшылығы.
- Б) Тағамда ниациннің тапшылығы.
- В) Тағамда нәруыздың тапшылығы.
- Г) Тағамда фолий қышқылының тапшылығы.

52. Науқас гипогликемиялық кома жағдайында. Мұндай жағдайға қандай гормонның дозасын асырып алуға алып келеді?

- А) АКТГ.
- Б) Кортизолдың.
- В) СТГ.
- Г) Инсулиннің.

53. Артериялық қысымы төмен әйелдің гормонды парентералды енгізгеннен кейін артериялық қысымы көтерілді, сондай-ақ қандағы глюкоза мен липидтердің деңгейі де көтерілді. Қандай гормон енгізілген?

- А) Инсулин.
- Б) Адреналин.
- В) Глюкагон.
- Г) СТГ.

54. Науқастың артериялық қысымы, қанындағы глюкоза мөлшері мен бос майлы қышқылдардың деңгейі күрт көтерілген. Қан плазмасындағы адреналиннің мөлшері бірнеше рет көтерілген. Бұл мәліметтер қай ағзаның патологиясы туралы дәлелдейді?

- А) Ұйқыбезі.
- Б) Қалқаншабезі.
- В) Айыршабезі.
- Г) Бүйрекүстібезі.

55. Пациент әйелде гипертиреоз диагностикаланды. Ол біріншілік те (қалқаншабездің патологиясы), екіншілік те (гипофиздің патологиясы) болуы мүмкін. Зақымдану деңгейін саралау ди-агностикалау үшін қандағы қандай гормондардың деңгейін бірінші анықтау керек?

- А) Тироксин, трийодтиронин.

- Б) Тироксин, тиролиберин.
- В) Тироксин, тиреотропин.
- Г) Трийодтиронин, тиреостатин.

56. Науқасқа стационарда аутоиммундық ауру бойынша (жүйелі қызылжегі) преднизолонмен емдеу жүргізілді. Науқас өзін жақсы сезінгеннен кейін, преднизолонды қабылдауды қойған. Бұдан кейін жағдайы нашарлаған («емді тоқтату синдромы»), тексерген кезде қандағы глюкоза концентрациясы төмендегені, артериялық қысымының, зәрде 17-кетостероидтардың төмендегені анықталды. «Емді тоқтату синдромы» гормондық фонның қандай өзгерістерімен байланысты?

- А) Преднизолонмен терапия кезінде эндогенді глюкокортикоидтардың синтезінің төмендеуі.
- Б) Преднизолонмен терапия кезінде АКТГ синтезінің белсенуі.
- В) Преднизолонмен терапия кезінде кортиколиберин синтезінің белсенуі.
- Г) Преднизолонмен терапия кезінде кортикостатин синтезінің тежелуі.

57. Науқас дене температурасының төмендеуіне, дене массасының өсуіне, әлсіздікке, ұйқышылдыққа шағымданады. Қанының плазмасында Т₄ және Т₃ мөлшері төмендеген. Келтірілген белгілер тән патологияны атаңдар.

- А) Гипотиреоз.
- Б) Кон ауруы.
- В) Аддисон ауруы.
- Г) Акромегалия.

58. 30 жастағы науқас басының ауырғанына, қабақүсті доғаларының, бетінің жұмсақ бөліктерінің үлкейгендігіне, қолүсті буындарының өскеніне, аяқ-киімі өлшемінің өскеніне шағымданды. Гипофизді МРТ-да тексеру барысында супраселлярлық өсуімен гипофиздің аденомасы (соматотропинома) анықталды, СТГ 100 нмоль/л (қалыпты деңгей 20 нмоль/л-ге дейін). Ең мүмкін диагнозды ұсыныңдар.

- А) Тиреотоксикоз.
- Б) Акромегалия.
- В) Гипофизарлық нанизм.
- Г) Гигантизм.

59. 30 жастағы әйелде қалқанша безін алып тастағаннан жарты жылдан кейін әлсіздік, апатия, ұйқышылдық, ішқатпалар, етеккір циклінің бұзылысы пайда болды. Объективті түрде: семіру, қастарының сыртқы шаштары түсіп, терісі құрғады, шаштары сынғыш. ЖҚЖ 56 артериялық қысымы – 100/60 мм сын. бағ. Жүрек тондары нашарлаған. Диагнозды болжаңдар.

- А) Гипертиреоз немесе тиреотоксикоз.
- Б) Акромегалия.
- В) Гипотиреоз.
- Г) D дәруменінің тапшылығы.

60. 35 жастағы жас адамның 6 ай бұрын тиреотоксикозға байланысты қалқанша безі алынып тасталған. Жақыннан бері науқаста ұйқышылдық, ішқатпалар және үнемі салқындық сезімі пайда болған. ЖҚЖ 52 соққы/мин, брадикардия. Келтірілген клиникалық көріністер қандай жағдайға байланысты болуы мүмкін?

- А) Тиреотоксикоз.
- Б) Акромегалия.
- В) Гипотиреоз.
- Г) D дәруменінің тапшылығы.

61. 19 жастағы қыз балада кездейсоқ скрининг кезінде жалпы Т₄ деңгейінің 50 пмоль/л-ге дейін (қалыпты референсті мәндері: 10-нан 20 пмоль/л-ге дейін) көтерілгені анықталды. Тексерген кезде қалқанша безі жұмсақ, диффузды үлкейген. Келтірілген клиникалық көріністерді қандай жағдай тудырады?

- А) Тиреотоксикоз.

- Б) Миксидема.
- В) Кон ауруы.
- Г) Гиперпаратиреоз.

62. Әйел, 40 жаста, емханаға дене массасының өсуі, иығы аймағында майлы ұлпалар мөлшерінің өсуіне, бетінде, арқасы мен кеудесінде қара шаштардың, құрсағы мен санында «созбалардың» пайда болуына, артериялық қысымының өсуіне, етеккірінің жоғалуына шағымданады. Қанының талдауы кортизол бөлінуінің тәуліктік ритмінің бұзылуын көрсетті. Тәуліктік зәрде бос кортизол деңгейінің өсуі анықталды. Қандай сырқатты болжауға болады?

- А) Иценко-Кушинг синдромы.
- Б) Аддисон ауруы.
- В) Феохромоцитома.
- Г) Гипертиреоз.

63. Пациент, 40 жаста, клиникаға құрысу ұстамасы (негізінен бұлшықет-бүккіштердің) және құсумен түсті. Қандағы кальций деңгейі 2 ммоль/л-ге дейін төмендеген, қандағы фосфор деңгейі жоғары, ЖҚЖ 112 сокқы/мин, артериялық қысымы 130/80 мм сын.бағ. Науқастың мойнында қалқанша безін алып тастағаннан кейінгі белгілер (тиреоидэктомия) байқалады. Қандай ауруды болжауға болады?

- А) Гипопаратиреоз.
- Б) Гиперпаратиреоз.
- В) Тиреотоксикоз.
- Г) Гипотиреоз.

64. Науқас әйел, 58 жаста, дәрігерге солғындық, апатия, жайбасарлық шағымдарымен келді. Жоғарғы және төменгі қабақтары қапшықтәрізді ісінген, еріндері, ұрты ісінген. Негіздік алмасу төмендеген. Тиреотропты гормонның деңгейі жоғарылаған, Т₄ және Т₃ деңгейлері төмендеген. Диагнозын болжаңдар.

- А) Миксидема (гипотиреоз).
- Б) Гипертиреоз, Грейвс сырқаты.
- В) Аддисон ауруы.
- Г) Акромегалия.

65. Қалқанша безін резекциялау кезінде парақалқаншабездері кездейсоқ алынып тасталды. Операциядан кейін науқастың аяқ-қолдары салқындап, ұйып, шаншып, спазм сезімімен құрысу ұстамасы басталды. Бұл көріністер кальций алмасуының қандай патологиясымен байланысты болуы мүмкін?

- А) Паратгормонның тапшылығы салдарынан гиперкальциемия.
- Б) Кальцитониннің тапшылығы салдарынан гиперкальциемия.
- В) Паратгормонның тапшылығы салдарынан гипокальциемия.
- Г) Кальцитониннің тапшылығы салдарынан гипокальциемия.

66. 7 жастағы баланың физикалық және ақыл-есі дамуында көзге көрінетін артта қалу байқалады. Бойының өсуі дене бітімі пропорциялы емес. Негізгі алмасым және денесінің температурасы төмендеген. Бұл гормондық алмасудың қандай патологиясымен байланысты болуы мүмкін?

- А) Қалқанша безінің гиперфункциясы.
- Б) Қалқанша безінің гипофункциясы.
- В) СТГ гиперөндірілуі.
- Г) Тестостеронның гиперөндірілуі.

67. Пациент әйел, 50 жаста, бірнеше жылдан бері ауырады. Сүйектеріндегі ауырсынуға, әсіресе қозғалған кезде, шағымданады. Соңғы жылы аяқ-қолдары сүйектері екі рет сынған, рентгенологиялық зерттеулер кезінде – остеопороз, ортанжілігінде кішкентай киста. Тәуліктік диурез жоғары, зәрмен кальцийдің экскрециясы өскен. Бүйректерінде –

тастүзілу белгілері. Қандағы кальцийдің деңгейі жоғарылаған, фосфордың – төмендеген. Қандай сырқат және гор-мондар алмасуының бұзылуы туралы ойлауға болады?

- А) Гиперпаратиреоз және паратгормонның гиперөндірілуі.
- Б) Гипертиреоз және кальцитониннің гиперөндірілуі.
- В) Гипертиреоз және тироксиннің
- Г) Гипофиздің патологиясы және пролактиннің гиперөндірілуі.

68. 4 жастағы балада бойының өсуі күрт төмендегені, зат алмасу жылдамдығының төмендеуі, психикасының қатты бұзылғаны байқалады. Бұл жағдайда спецификалық гормондық емдеу оң нәтиже бермейді. Қандай гормондық бұзылыс және сырқат туралы ойлауға болады?

- А) Туабіткен гипертиреоз, йодтирониндердің тапшылығы.
- Б) Микседема, йодтирониндердің тапшылығы.
- В) Иценко-Кушинг ауруы, АКТГ және глюкокортикоидтардың артық мөлшері.
- Г) базед ауруы, йодтирониндердің артық мөлшері.

69. 46 жастағы ер адамның артық дене салмағы бар және шөліркеу, үнемі ашығу, шаршағыштық, бұлшықеттерінің әлсіздігі байқалады. Қарағанда – беті ай тәрізді; тексергенде – гипертен-зия, АКТГ мен кортизолдың жоғары секрециялануы. Қандай сырқат туралы ойлауға болады?

- А) Микседема.
- Б) Қантты диабет.
- В) Иценко-Кушинг ауруы.
- Г) Базед ауруы.

70. Науқас 38 жыл бойы тәбеті жоғары болса да, арықтайтынына шағымданады. Сонымен қатар күйгелек, ашуланшақ және ұйқысы нашар. Қалқанша безінің үлкеюі байқалады. Қандай ауру туралы ойлауға болады?

- А) Микседема.
- Б) Аддисон ауруы.
- В) Қантсыз диабет.
- Г) Базед ауруы.

71. Әйел, 53 жаста, дәрігердің қабылдауында үнемі шөліркеуге, аузының құрғауына, тәбетінің жоғары болуына және дәрменсіздікке шағымданады. Зәрінің талдауы – глюкозаның мөлшері 7 ммоль/л. Қандай сырқат туралы ойлауға болады, қандай гормонның алмасуының бұзылуымен байланысты болуы мүмкін?

- А) Қантты диабет, инсулин.
- Б) Кон сырқаты, альдостерон.
- В) Қантсыз диабет, вазопрессин.
- Г) Микседема, йодтирониндер.

72. Стационарда 45 жастағы еркектің қалқанша безінің резекциясы кезінде кездейсоқ парақалқанша бездері алынып тасталды. Операциядан кейін науқастың аяқ-қолдары салқындап, ұйып, шаншып, арқасы шымырлап, спазм сезімімен тетания ұстамасы басталған. Қандай гормонның тапшылығы туралы ойлауға болады?

- А) Паратгормонның.
- Б) Кальцитониннің.
- В) Кортизолдың.
- Г) Глюкагонның.

73. 50 жастағы науқас әйелде сілемейлі қабықтарының ісінуі, патологиялық семіру, шаштары мен тістерінің түсуі, психикалық бұзылыстар байқалады. Денесінің температурасы төмендеп, қанында глюкозаның мөлшері өсіп, йодтирониндердің деңгейі төмендеген. Қандай сырқат туралы ойлауға болады?

- А) Кретинизм.
- Б) Кон ауруы.

- В) Иценко-Кушинг ауруы.
- Г) Микседема.

74. 25 жастағы әйелде Т₃ және Т₄ гормондарының деңгейі өскен. Науқаста әбігерлену, қызбалық және көтеріңкі әсерлік байқалады. Қандай патология туралы ойлауға болады?

- А) Адреногениталды синдром.
- Б) Микседема.
- В) Акромегалия.
- Г) Базед ауруы.

75. 10 жастағы жасөспірімде бойының өсу жылдамдығы анатомиялық-физиологиялық нормадан анағұрлым жоғары. Аяқ-қолдарының ұзаруы, бұлшықеттерінің әлсіздігі, жадының төмендеуі байқалады. Қандай бездің патологиясы туралы ойлауға болады?

- А) Гипофиздің.
- Б) Ұйқы безінің.
- В) Қалқанша безінің.
- Г) Бүйрек үсті безінің.

76. Абыржыған анасы педиатрмен әңгімелескенде баланы емшек сүтімен қоректендірген кезде бала мазасызданып, іші кеуіп, диарея байқалатынын айтқан. Қай ферменттің тапшылығына байланысты бұл жағдай ең ықтимал болуы мүмкін?

- А) Лактаза тапшылығына.
- Б) Сахараза тапшылығына.
- В) Мальтаза тапшылығына.
- Г) Изомальтаза тапшылығына.

77. Емшектегі баланың жиі-жиі құсығы келіп, дене массасының төмендегіні байқалады. Бірнеше күннен кейін балада сарғыштық пайда болды, бауыры үлкейіп, көзбұршағының бұлыңғырланғаны байқалды. Келтірілген симптомдар қандай ферменттің тапшылығымен байланысты болуы мүмкін?

- А) Галактоза-1-фосфатуридилтрансфераның.
- Б) Лактазаның.
- В) Глюкозо-6-фосфатазаның.
- Г) Галактокиназаның.

78. Еркек, 55 жаста, үнемі алкоголь қабылдайды, емханаға достары алып келді. Жергілікті барда кезекті отырыстан кейін жағдайы нашарлап, есінен танған. Достары оны оятуға тырысқан, бірақ одан ештеңе шықпаған. Дәрігер оған түнге венаішілік тиамин және глюкоза тағайындаған. Келесі күннің ертеңіне пациенттің жағдайы жақсарып, қан сарысуындағы тиаминнің деңгейі қалыпты мәндердің маңында, глюкозаның деңгейі – 4 ммоль/л болған. Еркек емханадан шығып, үйіне кеткен. Төменде келтірілген ферменттердің қайсысы тиаминге тәуелді және мидағы глюкозаны тотықтыруға қажетті болып табылады?

- А) Трансальдолаза.
- Б) Гексокиназа.
- В) Глицеральдегид-3-фосфатдегидрогеназа.
- Г) Пируватдегидрогеназалық кешеннің бірінші ферменті.

79. Миокард инфаркті кезінде оттегінің жүрек бұлшықетіне жеткізілуі күрт төмендейді, бұл кардиомиоциттерді анаэробты алмасымға өтуге мәжбүрлейді. Келтірілген ферменттердің қайсысы берілген жағдайда жасушаның ішінде АМФ концентрациясы өскенде белсендіріледі?

- А) Сукцинатдегидрогеназа.
- Б) Фосфофруктокиназа-1.
- В) Пируватдегидрогеназа.
- Г) Лактатдегидрогеназа.

80. Емхананың қабылдау бөліміне протондар үшін митохондриялық мембрананың өтімділігін арттыратын уытты затпен улануы мүмкін пациент келіп түсті. Келтірілгендердің қайсысы бауырдың жасушаларында орын алады?

- А) АТФ мөлшерінің өсуі.
- Б) АТФ-синтаза белсендігінің өсуі.
- В) Оттегі жұмсалыуының өсуі.
- Г) Пируватдегидрогеназа белсендігінің төмендеуі.

81. Еркек, 40 жаста, Оңтүстік Африканың тумасы, Ресейде тұрақты тұрып жатыр, несептік жыныстық инфекция бойынша антибиотиктер қабылдайды. Антибиотикотерапия курсы басталғаннан кейін еркекте гемоліздік анемия көрінісі, арқасында аурсыну және сарғаю пайда болды. Бұл симптомдар келтірілген ферменттердің қайсысының бұзылыстарымен байланыс-ты болуы мүмкін?

- А) Пируваткиназаның.
- Б) Дигидрфолатредуктазаның.
- В) Феррохелатазаның.
- Г) Глюкозо-6-фосфатдегидрогеназаның.

82. Дәрігердің қабылдауында пациент, сүт ішкеннен кейін ішінде дискомфорт байқалады. Тексерген кезде бауыр мен бүйрек қызметінің бұзылыстары және неврологиялық бұзылыстар байқалады. Қанында галактоза-1-фосфаттың деңгейі жоғары. Пациенттің төменде келтірілген ферменттердің қайсысының дефекті ең ықтимал?

- А) Галактокиназаның.
- Б) Галактозо-1-фосфатуридилтрансферазаның.
- В) Глюкокиназаның.
- Г) Фруктокиназаның.

83. Дәрігердің қабылдауында ата-анасы әкелген тоғызайлық бала. Ата-анасы оған сиырдың сүтін бергеннен кейін балада құсу және диарея басталған. Объективті түрде бойының өсуі тоқтағаны байқалады. Зертханалық тексерулер гипергалактоземияны, гипергалактозурияны, метаболиттік ацидозды, альбуминурияны және гипераминоацидурияны көрсетеді. Төменде келтірілген ферменттердің қайсысының кемістігін болжауға болады?

- А) Фруктозо-1,6-бисфосфатазаның.
- Б) Фосфофруктокиназа-1-дің.
- В) Галактозо-1-фосфатуридилтрансферазаның.
- Г) Глюкокиназаның.

84. Гемоліздік анемия адамда эритроциттердегі тотықтыру және босрадикалды үдерістерді бақылау бұзылғанда дамиды. Бұл үдерістерді басуда тотықсызданған глутатион маңызды рөл атқарады. Жасушада глутатионды тотықсыздандыру үшін НАДФН(H^+) қолдануға болады. Қандай ферменттің тұқымқуалау жеткіліксіздігі гемоліздік анемияға соқтыруы мүмкін?

- А) Глюкозо-6-фосфатдегидрогеназаның.
- Б) Гексокиназаның.
- В) Фосфоглюкомутазаның.
- Г) Фосфофруктокиназа-1-дің.

85. Эксперимент кезінде зерттелген жануарлардың рационынан липой қышқылы алынып тасталды. Липой қышқылы қай ферменттің коферменті болып табылады?

- А) Пируватдегидрогеназалық кешеннің.
- Б) Сукцинатдегидрогеназаның.
- В) Лактатдегидрогеназаның.
- Г) Алкогольдегидрогеназаның.

86. Эксперимент кезінде зерттелген жануарлардың рационынан липой қышқылы алынып тасталды. Бұл кезде қандағы пируваттың деңгейі көтерілді, яғни пируватдегидрогеназалық кешеннің белсендігі төмендеді деген сөз. Осы реакцияда липой қышқылы ненің рөлін атқарады?

- А) Коферменттің.
- Б) Субстраттың.
- В) Ингибитордың.
- Г) Өнімнің.

87. Эксперимент кезінде зерттелген жануарлардың рационынан липой қышқылы алынып тасталды. Бұл кезде жануарлардың қанындағы пируваттың деңгейі көтерілді. Эксперименттік жануарларда пируваттың қандай қосылысқа өтуінің бұзылысы орын алды?

- А) Ацетил-SКоА-ға.
- Б) Аланинге.
- В) Лактатқа.
- Г) Оксалоацетатқа.

88. Кардиомиоциттер әсіресе жасушадағы АТФ мөлшеріне тәуелді. Кризистік жағдайларда АТФ алу үшін кардиомиоциттердің қолданатын затты таңдап алындар.

- А) Креатинфосфат.
- Б) Креатинин.
- В) Креатин.
- Г) Карнитин.

89. Цитохром С-ның митохондриядан жасушаның цитоплазмасына өтуі жасушаның апоптоз арқылы өлуін іске қосады (жасушаның бағдарламалық өлуі). Кәдімгі жағдайларда цитохром С қандай биохимиялық үдерістің қатысушысы болып табылады?

- А) Электрондар мен протондарды тасымалдайтын тыныс алу тізбегінің.
- Б) ЖМҚ β -тотығуының.
- В) ТҚЦ-ның.
- Г) Пируваттың тотыға декарбоксилденуінің.

90. Емхананың қабылдау бөлімшесіне ротенонның көмегімен өзінің учаскесін зиянкестерден өндеген жергілікті тұрғын келіп түсті. Ротенон жасушалық тыныс алудың ингибиторы болып табылады, ол ЭТТ-нің қандай кешенін блокаделайды?

- А) ЭТТ-дағы I-кешенді.
- Б) ЭТТ-дағы II-кешенді.
- В) ЭТТ-дағы III-кешенді.
- Г) ЭТТ-дағы IV-кешенді.

91. Цианды калий – улы зат, ажалға соқтырады. Қандай ферментті цианды калий ингибирлейді?

- А) Цитохром с оксидазаны.
- Б) ТҚЦ ферменттерін.
- В) Гликолиз ферменттерін.
- Г) ЖМҚ синтезінің ферменттерін.

92. Емхананың қабылдау бөлімшесіне қыз бала келіп түсті. Тексерген кезде: есінен айрылған, қанының оттегімен қанығуы – 100%, дем алуы бұзылған, аузынан бадам иісі шығады. Сіз цианидпен жедел улану деп болжадыңыз. Бұл удың әсерінің механизмі қандай биохимиялық үдерістің бұзылуымен байланысты?

- А) ЭТЦ.
- Б) ТҚЦ.
- В) Гликолиз.
- Г) ЖМҚ синтезі.

93. Емхананың қабылдау бөлімшесіне тиреотоксикалық зобпен ауыратын пациент келіп түсті. Бұл сырқат кезінде қалқанша безі қанға жоғары мөлшерде тироксин бөледі. Пациент гипертермияға (ыстықты сезіну), дене массасын күрт жоғалтуға шағымданады. Тироксиннің артық мөлшерінде қандай үдеріс ең көп дәрежеде бұзылатынын көрсетіндер.

- А) ЖМКβ-тотығуы.
- Б) Тотыға фосфорлау үдерісі.
- В) ТҚЦ.
- Г) Гликолиз.

94. Емхананың қабылдау бөлімшесіне тиреотоксикалық зобпен ауыратын пациент келіп түсті. Бұл сырқат кезінде қалқанша безі қанға жоғары мөлшерде тироксин бөледі. Тексерген кезде: пациент гипертермияға (ыстықты сезіну), дене массасын күрт жоғалтуға, үнемі аштық сезіміне шағымданады. Тироксиннің артық мөлшері қандай үдерісті ең көп дәрежеде бұзатынын көрсетіндер.

- А) ЖМКβ-тотығуын блокадалайды.
- Б) АТФ ыдырауын ингибирлейді.
- В) Тыныс алу және тотыға фосфорлау үдерістерін бір-бірінен бөледі.
- Г) Электрондардың митохондрияға тасымалын блокадалайды.

95. Пациент физикалық жүктеме кезінде бұлшықеттерінің ауырсынуына, құрысуына шағымданады. Бауыры үлкеймеген, гипогликемия сирек тіркеледі. Клиникалық белгілерді және зертханалық зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып, дәрігер пациентте қандай ферменттің дефектісімен байланысты гликогенозды болжайды?

- А) Бауыр гликогенфосфорилазасының.
- Б) Бұлшықеттер гликогенофосфорилазасының
- В) Амилазаның.
- Г) Гликогенсинтетазаның.

96. 1,5 жастағы балада әлсін-әлсін ашқарынға әлсіздік ұстамасы, мезгіл-мезгіл есінен айырылу, құрысу байқалады. Баланың бойы қысқа, аяқ-қолдары жіңішке және іші үлкен, бауыры күрт өскен. Пункциялық биопсия гепатоциттерде айтарлықтай гликоген жинақталғанын көрсетеді. Клиникалық көріністерді және зертханалық зерттеулерді ескере отырып, қандай ферменттің дефектіне байланысты дәрігер пациентте гликогенозды болжайды?

- А) Бауыр гликогенфосфорилазасының.
- Б) Бұлшықеттер гликогенфосфорилазасының.
- В) Амилазаның.
- Г) Гликогенсинтетазаның.

97. Пациенттің қанын ашқарынға тексергенде айқын гипогликемия анықталды. Бауырдың биоптаттарын зерттеу гликогеннің жоқтығын көрсетті. Бұл жағдайдың ықтимал себебі қандай ферменттің дефектісіне байланысты?

- А) Фосфофруктокиназаның-1.
- Б) Гликогенфосфорилазаның.
- В) Гликогенсинтетазаның.
- Г) Глюкозо-6-фосфатазаның.

98. Бұлшықет ұлпасының гомогенатына АТФ қосқанда гликолиздің жылдамдығы төмендеді. Бұл кезде глюкозо-6-фосфаттың және фруктозо-6-фосфаттың концентрациясы төмендеді. Белсендігі АТФ қосқанда төмендейтін гликолиз ферментін таңдап алындар.

- А) Фосфофруктокиназа-1.
- Б) Альдолаза.
- В) Лактатдегидрогеназа.
- Г) Фосфоглюкомутаза.

99. 1,5 жастағы балада катаракта, гепатомегалия, спленомегалия байқалады. Қанында глюкозаның мөлшері өскен. Бұл клиникалық көріністердің себебіне қандай көмірсу алмасуының бұзылуы бола алады?

- А) Галактозаның.
- Б) Фруктозаның.
- В) Глюкозаның.
- Г) Сахарозаның.

100. Педиатрдың қабылдауында бала: ақыл-есінің дамымай қалуы байқалады, гепатомегалия, көруі нашарлаған. Дәрігер балада туа біткен ферменттің кемістігін болжады. Қандай көмірсу алмасуының бұзылысы бұл клиникалық көріністің себебі болуы мүмкін?

- А) Галактозаның.
- Б) Фруктозаның.
- В) Глюкозаның.
- Г) Сахарозаның.

101. Тексеру кезінде екі жастағы балада катаракта, гепатомегалия анықталған. Ішперде қуысының ағзалары УДЗ мәліметтері бойынша – майлы гепатоз. Зертханалық зерттеу мәліметтері бойынша: қандағы глюкозаның концентрациясы төмендеген. Дәрігер туа біткен галактоза алмасуының бұзылыстарына күдіктенді, бұл қандай ферменттің кемістігімен байланысты?

- А) Галактозо-1-фосфатуридилтрансферазаның.
- Б) Галактокиназаның.
- В) Глюкокиназаның.
- Г) Фосфоглюкомутазаның.

102. Диспансеризациялау кезінде 30 жастағы еркектің айтуынша, сүт ішкеннен кейін күні бойы мазалайтын ішінің кебуі байқалады. Ол ауылда өскен, үнемі сүт ішіп жүрген, мұндайды бұрын байқамаған. АІЖ-ның айтарлықтай жұқпалы және қабынбалы ауруларымен ауырмаған. АІЖ-ға ота жасалмаған. Мұндай жағдай неге байланысты болуы мүмкін?

- А) Тұқым қуалаған лактаза тапшылығы.
- Б) Онтогенезде фермент гені экспрессиясының төмендеуі салдарынан лактазаның тапшылығы.
- В) Екіншілік сипаттағы лактазаның тапшылығы.
- Г) Сахаразо-изомальтазалық кешеннің тұқым қуалаған тапшылығы.

103. Диспансеризациялау кезінде 30 жастағы жас жігіттің айтуынша, сүт ішкеннен кейін күні бойы мазалайтын ішінің кебуі байқалады. Ол ауылда өскен, үнемі сүт ішіп жүрген, мұндайды бұрын байқамаған. Пациент жақында жұқпалы гастроэнтеритпен ауырғанын айтады. Бұл жағдай немен байланысты болуы мүмкін?

- А) Тұқым қуалаған лактаза тапшылығы.
- Б) Онтогенезде фермент гені экспрессиясының төмендеуі салдарынан лактазаның тапшылығы.
- В) Екіншілік сипаттағы лактазаның тапшылығы.
- Г) Сахаразо-изомальтазалық кешеннің тұқым қуалаған тапшылығы.

104. Диспансеризациялау кезінде 30 жастағы еркектің айтуынша, сүт ішкеннен кейін күні бойы мазалайтын ішінің кебуі байқалады. Ол ауылда өскен, үнемі сүт ішіп жүрген, мұндайды бұрын байқамаған. Пациентке жақында түйнекке операция жасалған. Мұндай жағдай неге байланысты болуы мүмкін?

- А) Тұқым қуалаған лактаза тапшылығы.
- Б) Онтогенезде фермент гені экспрессиясының төмендеуі салдарынан лактазаның тапшылығы.
- В) Екіншілік сипаттағы лактазаның тапшылығы.

Г) Сахаразо-изомальтазалық кешеннің тұқым қуалаған тапшылығы.

105. Педиатрдың кезекті қабылдауына барғанда баланың анасы бала нан, ботқа және тәтті жеміс-жидекті жей бастағаннан іші ауырып, диарея пайда болғанын айтады. Мұндай жағдай неге байланысты болуы мүмкін?

А) Тұқым қуалаған лактаза тапшылығы.

Б) Онтогенезде фермент гені экспрессиясының төмендеуі салдарынан лактазаның тапшылығы.

В) Екіншілік сипаттағы лактазаның тапшылығы.

Г) Сахаразо-изомальтазалық кешеннің тұқым қуалаған тапшылығы.

106. Диспансеризациялау кезінде 30 жастағы жас жігіттің айтуынша, сыра ішкеннен кейін іші ауырып, диарея пайда болатынын айтады. Пациентке жақында түйнекке операция жасалған. Мұндай жағдай неге байланысты болуы мүмкін?

А) Тұқым қуалаған лактаза тапшылығы.

Б) Онтогенезде фермент гені экспрессиясының төмендеуі салдарынан лактазаның тапшылығы.

В) Екіншілік сипаттағы лактазаның тапшылығы.

Г) Сахаразо-изомальтазалық кешеннің тапшылығы.

107. 40 жастағы еркек 10 км-ді 60 минутта жүгіріп өтті. Бұлшықеттеріндегі энергетикалық алмасым қалай өзгереді?

А) Майлы қышқылдардың тотығу жылдамдығы өседі.

Б) Гликолиз күшейеді.

В) Гликогеннің синтезі күшейеді.

Г) Гликогенолиз күшейеді.

108. Ұзақ уақыт ацетилсалицил қышқылының үлкен дозаларын қабылдау қандай фермент белсендігінің төмендеуі нәтижесінде простагландиндердің синтезін басады?

А) Фосфоорилазаның А₁.

Б) Пероксидазаның.

В) 5-Липоксигеназаның.

Г) Циклооксигеназаның.

109. Катехоламиндерді шығарумен жүретін ұзақ теріс эмоциялық стресс айтарлықтай арықтауды тудыруы мүмкін. Бұл жағдай неге байланысты болуы мүмкін?

А) Липидтер синтезінің бұзылуна.

Б) Аскорытудың бұзылуына.

В) Тотыға фосфорлаудың күшеюіне.

Г) Липолиздің күшеюіне.

110. 35 жастағы еркекте феохромоцитома. Қанда адреналин және норадреналиннің жоғары деңгейі анықталады, ЖМҚ концентрациясы 11 есе көбейген. Адреналиннің әсерінен қандай ферменттің белсендірілуі липолизді белсендіретінін көрсетіндер.

А) С фосфоорилазаның.

Б) Липопротеинлипазаның.

В) А₂ фосфоорилазаның.

Г) Жасушаішілік липазаның.

111. Көмірсуларды өте көп қабылдау (тәулігіне >600 г) 28 жастағы адамның энергетикалық қажеттілігінен асып түседі. Қандай үдерістің белсендірілуін күтуге болады?

А) Глюконеогенездің.

Б) Липолиздің.

В) Гликолиздің.

Г) Липогенездің.

112. Спорттық көрсеткіштерді жақсарту үшін карнитині бар препараттарды қабылдау тиімді болуы мүмкін. Карнитиннің қатысуымен митохондрияға қандай қосылыстарды тасымалдау жүзеге асырылады?

- А) Майлы қышқылдарды.
- Б) Аминқышқылдарын.
- В) Кальций иондарын.
- Г) Глюкозаны.

113. Атеросклероздың алдын алу және емдеу үшін аторвастатин препараты қолданылады. Ол қалай әсер етеді?

- А) Холестериннің синтезін белсендіреді.
- Б) Холестериннің синтезін ингибирлейді.
- В) Ішекте холестериннің сіңірілуін ингибирлейді.
- Г) Холестериннің организмнен шығарылуын ынталандырады.

114. Қанында холестериннің деңгейі жоғары пациентке аторвастатин препараты тағайындалды. Аторвастатиннің әсер ету механизмі қандай ферментті ингибирлеу қабілетіне негізделген?

- А) ГМГ-SКоА-редуктазаны.
- Б) ТАГ-липазаны.
- В) Ацетил-SКоА-карбоксилазаны.
- Г) Гликогенфосфорилазаны.

115. Отбасылық гиперхолестеринемия қанда қандай липопротеиндер деңгейінің көтерілуімен сипатталады?

- А) ТТЛП.
- Б) ТЖЛП.
- В) ТӨТЛП.
- Г) Хиломикрондардың.

116. Өт қабын алып тастау отасынан кейін пациентте стеаторея дамыды. Бұл жағдайдың мүмкін себебін көрсетіндер.

- А) Липидтер қорытылуының бұзылуы.
- Б) Көмірсулар қорытылуының бұзылуы.
- В) Нәруыздар қорытылуының бұзылуы.
- Г) Дәрумендер қорытылуының бұзылуы.

117. Артық дене салмағы бар пациентке орлистат препараты тағайындалды, ол майлардың ыдырауын бұзады. Ол қандай ферментті ингибирлейді?

- А) Панкреатиттік липазаны.
- Б) α -Амилазаны.
- В) Трипсинді.
- Г) Сахаразаны.

118. Педиатрдың қабылдауында бала, тексерген кезде: көзінің көруі бұзылған, дамуы тежелген, есту қабілеті бұзылған. Зертханалық көрсеткіштер бауыр қызметінің бұзылғанан көрсетті. Дәрігер туа біткен майлы қышқылдар алмасуының бұзылысы деген ойға келді. Ол қандай үдеріс өзгеруімен байланысты болуы ықтимал?

- А) ЖМҚ тотығуымен.
- Б) ЖМҚ синтезімен.
- В) Липидтердің қорытылуымен.
- Г) ТАГ синтезімен.

119. Тексерген кезде балада ақыл-ес кемшілігі, құрысу, гепатоспленомегалия, моторикасының бұзылысы байқалады. Зертханалық зерттеулер кезінде тромбоцитопения анықталған. Дәрігер туа біткен сфинголипидтер алмасуының

бұзылысы деген ойға келді. Клиникалық мәліметтердің негізінде қандай аурудың бар екендігін болжауға болады?

- А) Ниман-Пик ауруы.
- Б) Фабри ауруы.
- В) Краббе ауруы.
- Г) Гоше ауруы.

120. Қабылдау бөлімшесіне бала келіп түсті. Тексерген кезде: аяқ-қолдарының ауырғыштығы, нүктелік теріасты қанталаулар. УДЗ мәліметтері – ішкі ағзалардың ишемиялық зақымдалуы, миокардтың гипертрофиясы. Зертханалық зерттеулердің мәліметтері бойынша: гиперпротеинемия. Дәрігер туа біткен сфинголипидтер алмасуының бұзылысы деген ойға келді. Қандай аурудың бар екендігі туралы болжауға болады?

- А) Ниман-Пик ауруы.
- Б) Фабри ауруы.
- В) Краббе ауруы.
- Г) Гоше ауруы.

121. Педиатрдың тексеруіндегі балада: құрысулар, ақыл-есі және физикалық дамуындағы кемшіліктер. Үдемелі есту және көру бұзылыстары, жұту бұзылысы, құсу, дене салмағының төмендеуі байқалады. Дәрігер балада туа біткен сфинголипидтер алмасуының бұзылысы деген ойға келді. Қандай аурудың бар екендігі туралы болжауға болады?

- А) Ниман-Пик ауруы.
- Б) Фабри ауруы.
- В) Краббе ауруы.
- Г) Гоше ауруы.

122. Педиатрдың қарауында болған балада анықталғаны: гепатоспленомегалия, тізебуын және ұршықбуындарында ауыршандық, Ата анасы баланың иіс сезбейтінін байқаған. Зертханалық зерттеулердің мәліметтері бойынша: панцитопения. Рентгенологиялық зерттеулердің мәліметтері бойынша: ортан жіліктің дисталды шетінің конус тәрізді деформациясы. Қандай аурудың бар екендігі туралы болжауға болады?

- А) Ниман-Пик ауруы.
- Б) Фабри ауруы.
- В) Краббе ауруы.
- Г) Гоше ауруы.

123. Дәрігердің қабылдауында 7 айлық бала. Тексерген кезде ақыл-есінің және физикалық дамуы тоқтап қалғаны байқалады, үдемелі есту және көру бұзылыстары, бұлшықет атрофиясы, аяқ-қолдарының параличі біртіндеп күшейіп келеді. Офтальмоскопия кезінде: көзінің қарашығына қарсы торқабығында қызыл дақ. Дәрігер балада туа біткен сфинголипидтер алмасуының бұзылысы деген ойға келді. Қандай аурудың бар екендігі туралы болжауға болады?

- А) Гоше ауруы.
- Б) Тая-Сакс ауруы.
- В) Краббе ауруы.
- Г) Ниман-Пик ауруы.

124. Жиі-жиі диареяға шағымданған пациенттің нәжісінде липидтердің жоғары мөлшері анықталды. Бұл жағдай неге байланысты болуы мүмкін?

- А) Ұйқыбезі қызметінің бұзылуына.
- Б) Пепсин өндірілуінің бұзылуына.
- В) Майлы қышқылдар синтезінің бұзылуына.
- Г) Тұз қышқылы секрециясының бұзылуына.

125. Жиі-жиі диареяға шағымданған пациенттің нәжісінде липидтердің жоғары мөлшері анықталды. Бұл жағдай неге байланысты болуы мүмкін?

- А) Өттің секрециясының бұзылысына.
- Б) α -Амилаза өндірілуінің бұзылысына.
- В) Холестерин синтезінің бұзылысына.
- Г) Касл ішкі факторы секрециясының бұзылысына.

126. Қабылдау бөлімшесіне шұғыл түрде еркек келіп түсті, 30 жаста. Тексерген кезде: ес-түссіз, аузынан ацетонның иісі шығады. Қанның биохимиялық талдауы гипергликемияны көрсетті. Зәрдің биохимиялық талдауы – глюкозурия. Дәрігер көмірсу алмасуының бұзылысы деген ойға келді. Бұл жағдайда зәр мен қандағы кетонды денелердің деңгейі қалай өзгереді?

- А) Өседі.
- Б) Төмендейді.
- В) Референсті мәндерінің маңында болады.
- Г) Кетонды денелердің деңгейі тек қанда жоғары.

127. Емханаға жедел жәрдем арқылы әйел келіп түсті, 25 жаста. Тексерген кезде: ес-түссіз, аузынан ацетонның иісі шығады. Қанның биохимиялық талдауы гипергликемияны көрсетті. Зәрдің биохимиялық талдауы – глюкозурия. Дәрігер көмірсу алмасуының бұзылысы деген ойға келді. Қандай гормондық дисбаланс нәтижесінде мұндай патологиялық жағдай дамуы мүмкін?

- А) Инсулин тапшылығы.
- Б) Инсулиннің артық мөлшері.
- В) Адреналин тапшылығы.
- Г) Соматостат гепатоспленомегалия, иннің артық мөлшері.

128. Дәрігердің қабылдауында жас жігіт. Тексерген кезде: панкреатит, ксантомалардың дамуы. Қанның биохимиялық талдауының липидтік профилі хиломикрондар деңгейінің өскенін көрсетеді. Қандай туа біткен липидтік алмасудың бұзылуын болжауға болады?

- А) Гиперхиломикронемияны.
- Б) Отбасылық гиперхолестеринемияны.
- В) Дисбеталипопротеинемияны.
- Г) Абеталипопротеинемияны.

129. Дәрігердің қабылдауында жас жігіт. Тексерген кезде: жүрек тұсының ауырсынуына шағымданады, бұлшықет сіңірлерінің бағыты бойынша ксантомалар, ахилл сіңірі аймағында ксантомалар. Офтальмоскопия кезінде: мөлдір қабық шетінде қоңыр-ақ шөгінділердің болуы. холестерин, ТЖЛП, ТТЛП деңгейінің өскенін көрсетеді. Қандай туа біткен липидтік алмасудың бұзылысын болжауға болады?

- А) Гиперхиломикронемияны.
- Б) Отбасылық гиперхолестеринемияны.
- В) Дисбеталипопротеинемияны.
- Г) Абеталипопротеинемияны.

130. Дәрігердің қабылдауына бала келді. Тексерген кезде: бойының өсуі тежелген, маль-абсорбция кұбылысы, стеаторея, майда еритін дәрумендердің гиповитаминозының көріністері. Қанның липидтік кескіні қанда хиломикрондардың, ТТЛП, ТӨТЛП жоқтығын көрсетеді. Ішекті биопсиялау мәліметтері бойынша: энтероциттерде липидтердің жинақталуы. Қандай туа біткен липидтік алмасудың бұзылысын болжауға болады?

- А) Гиперхиломикронемияны.
- Б) Отбасылық гиперхолестеринемияны.
- В) Дисбеталипопротеинемияны.
- Г) Абеталипопротеинемияны.

131. 18 жастағы бауыр паренхимасы зақымданған жігіттің қанының сарысуында қандай ферменттің белсендігі жоғары болуы мүмкін?

- А) Креатинкиназаның.
- Б) ЛДГ-ның.
- В) АЛТ-ның.
- Г) Қышқыл фосфатазаның.

132. Жас балада аққабығының, сілемейлі қабықтарының, мұрын, құлақ қалқаны шеміршектерінің қараюы, бөлінген зәрдің ауада қараюы байқалады. Қаны мен зәрінде гомогентизин қышқылы анықталады. Балада қандай аурудың болуы ең ықтимал?

- А) Гемолиздік анемия.
- Б) Альбинизм.
- В) Порфирия.
- Г) Алкаптонурия.

133. Жаңа туған нәрестенің зәрінде фенилпирожүзім қышқылы анықталды. Оның зәрде пайда болуына себеп патологияны көрсетіңдер.

- А) Альбинизм.
- Б) Алкаптонурия.
- В) Фенилкетонурия..
- Г) Тирозиноз.

134. Жаңа туған нәрестенің жөргегінен гомогентизин қышқылының түзілуін дәлелдейтін қара дақтар табылған. Бұл қандай қосылыстың алмасуының бұзылуына байланысты?

- А) Триптофанның.
- Б) Метиониннің.
- В) Холестериннің.
- Г) Тирозиннің.

135. Аспазшы қолын кездейсоқ бумен күйдіріп алды. Зақымданған тері учаскесінің қызаруын, ісінуін және ауырсынуын қандай заттың концентрациясының өсуі тудыруы мүмкін?

- А) Галактозаминнің.
- Б) Тиаминнің.
- В) Глутаминнің.
- Г) Гистаминнің.

136. 6 айлық баланың психомоторлық дамуында күрт тежелу, экзематозалық өзгерістері бар солғын терісі, ақшыл шашы, көк көзі, құрысу ұстамасы байқалады. Қаны мен зəрінің қандай зертханалық талдауы диагнозын қоюға мүмкіндік береді?

- А) Фенилпируваттың концентрациясын анықтау.
- Б) Триптофанның концентрациясын анықтау.
- В) Гистидиннің концентрациясын анықтау.
- Г) Лейциннің концентрациясын анықтау.

137. Алкаптонурия кезінде науқастың зәрінде гомогентизин қышқылының көп мөлшері табылған (зәр ауада қараяды). Қандай ферменттің туа біткен дефекті бұл ауруды туғызады?

- А) Тирозиназаның.
- Б) АЛТ-ның.
- В) Гомогентизин қышқылы оксидазасының.
- Г) Фенилаланин-4-монооксигеназаның.

138. Депрессия, эмоциялық бұзылыстар мида дофаминнің, норадреналиннің, серотониннің және басқа биогенді аминдердің тапшылығы салдарынан болады.

Синапта олардың мөлше-рін өсіру антидепрессанттардың есебінен мүмкін. Олар қандай ферментті ингибирлейді?

- А) Моноаминоксидазаны.
- Б) Диаминоксидазаны.
- В) Циклді аминқышқылдарының декарбоксилазасын.
- Г) Фенилаланин-4-монооксигеназаны.

139. Альбиностар күнге күйгенді көтере алмайды, күйіктер пайда болады. Бұл құбылыстың негізінде қандай аминқышқылы метаболизмінің бұзылысы жатыр?

- А) Тирозиннің.
- Б) Метиониннің.
- В) Триптофанның.
- Г) Гистидиннің.

140. Бала, 10 айлық, ата-аналары қара-торы, шаштары ақшыл, терісі ақшыл және көздері көк. Сырттан қарағанда туған кезде түрі қалыпты, бірақ соңғы 3 айда ақыл-есінің дамуында тежелу белгілері байқалды. Баланың зәрінен спецификалық «тышқан» иісі сезіледі. Қандай аурудан күдіктенуге болады?

- А) Галактоземиядан.
- Б) Фенилкетонуриядан.
- В) Гликогенезден.
- Г) Алкапонуриядан.

141. 19 жастағы жігітте терісінің депигменттену белгілері бар, ол меланин синтезінің бұзылуына байланысты. Бұл қандай аминқышқылы алмасуының бұзылуына байланысты екенін көрсетіндер.

- А) Тирозиннің.
- Б) Триптофанның.
- В) Гистидиннің.
- Г) Пролиннің.

142. Баланың қанында фенилпирожүзім қышқылының мөлшері жоғары. Фенилкетонурия кезінде емнің қандай түрі қажет?

- А) Ферментотерапия.
- Б) Дәрумендік терапия.
- В) Диетотерапия.
- Г) Антибактериялық терапия.

143. «Карциноидтық синдром» диагнозы қойылған науқаста қанындағы серотониннің мөлшері күрт жоғарылаған. Келтірілген биогенді амин түзіле алатын аминқышқылын таңдап алындар.

- А) Треонин.
- Б) Аланин.
- В) Лейцин.
- Г) Триптофан.

144. 32 жастағы еркекте жіті сәулесоқ ауруы диагностикаланған. Зертханалық жолмен тромбоциттердегі серотониннің деңгейі күрт төмендегені анықталды. Тромбоциттік серотониннің төмендеуінің ең ықтимал себебі болып қандай қосылыстың декарбоксилдену үдерісінің бұзылуы болып табылады?

- А) 5-Окситриптофанның.
- Б) Сериннің.
- В) Тирозиннің.
- Г) Гистидиннің.

145. Анасы 5 айлық баласының зәрі қарайғанын байқады. Зәрде өт пигменттері болған жоқ. «Алкаптонурия» диагнозы қойылды. Қандай ферменттің тапшылығы бұл сырқатты береді?

- А) Гомогентизин қышқылы оксидазасының.
- Б) Тирозиназаның.
- В) Фенилаланингидроксилазаның.
- Г) Оксифенилпируват оксидазасының.

146. 1,5 жастағы баланың ақыл-есінің және физикалық дамуында тежеліс байқалады, шаштары ақшыл және терісі ақшыл, қанында катехоламиндердің мөлшері төмендеген, фенилпируваттың мөлшері көтерілген. Аминқышқылдары алмасуының қандай патологиясына мұндай өзгерістер тән?

- А) Альбинизмге.
- Б) Алкаптонурияға.
- В) Тирозинозаға.
- Г) Фенилкетонурияға.

147. Дәрігерге күн сәулесін көтере алмайтын пациент шағымданды. Тексерген кезде терісінің күйіктері және көз көруінің бұзылыстары анықталды. Алдын ала қойылған диагнозы – альбинизм. Пациентте қандай аминқышқылы алмасуының бұзылғанын айтуға болады?

- А) Пролиннің.
- Б) Тирозиннің.
- В) Лизиннің.
- Г) Триптофанның.

148. Жаңа туған нәрестенің зәрін тексергенде фенилпирожүзім қышқылы концентрациясының көтерілгені анықталды. Мұндай жағдай организмнің фенилаланин-4-монооксигеназа ферментін синтездей алмауына байланысты деген болжам айтылды. Жаңа туған нәрестеде қандай ауруды болжауға болады?

- А) Квашиоркор.
- Б) Аминоацидурияны.
- В) Цистинозды.
- Г) Фенилкетонурияны.

149. Балада гипопротеинемия (30 г/л) байқалады, ісіктер пайда болып, коллоидтық-осмостық және сулы-тұзды алмасудың бұзылғаны, бауырдың ауыр зақымдануы, бұлшықеттердің атониясы, бойының өсуі тоқтап, жұқпалы ауруларға қарсы тұру қабілеті күрт төмендегені анықталды. Бұл науқаста қандай ауруды болжауға болады?

- А) Квашиоркор.
- Б) Аминоацидурияны.
- В) Цистинурияны.
- Г) Фенилкетонурияны.

150. Пациентте ақыл-есінің дамуы күрт төмендеуі байқалады, зәрмен фенилпирожүзім қышқылының (тәулігіне 1-2 г-ға дейін) және фенилацетилглутаминнің экскрециясы байқалады. Пациенттің ұлпаларында фенилаланин жинақталған. Қандай ауруды болжауға болады?

- А) Алкаптонурияны.
- Б) Фенилкетонурияны.
- В) Аминоацидурияны.
- Г) Цистинозды.

151. Пациенттің пеллаграға ұқсас терісінің зақымдануы, психикалық бұзылыстары және атаксиясы бар. Зәрінің талдауы гипераминоацидурияны көрсетеді, зәрмен жоғары мөлшерде индолилацетат, индолилацетилглутамин және индикан бөлінеді. Бұл пациентте қандай ауруы барын болжауға болмайды.

- А) Алкаптонурияны.
- Б) Альбинизмді.
- В) Аминоацидурияны.
- Г) Хартнап ауруын.

152. Науқаста зәрмен көп мөлшерде гомогентизин қышқылының экскрециясы байқалады, зәрі қара түсті, мұрнының, құлақтарының және көзінің аққабығының қараюы байқалады. Қандай ауруды болжаған дұрыс?

- А) Альбинизмді.
- Б) Аминоацидурияны.
- В) Фенилкетонурияны.
- Г) Алкаптонурияны.

153. Жаңа туған нәрестенің терісі, шаштары және көзінің торқабығы пигменттелмеген, ал зертханалық зерттеулер меланоциттерде тирозиназа ферментінің жоқтығын көрсетеді. Бұл балада қандай патологияны болжауға болады?

- А) Альбинизмді.
- Б) Аминоацидурияны.
- В) Фенилкетонурияны.
- Г) Алкаптонурияны.

154. Антидепрессанттардың фармакологиялық әсері мидың нейрондарының митохондрияларында норадреналин, серотонин сияқты биогенді аминдердің ыдырауын катализдейтін ферменттерді блокадалауымен (ингибирлеуімен) байланысты. Бұл үдеріске қандай фермент қатысады?

- А) Декарбоксилаза.
- Б) Аминотрансфераза.
- В) Моноаминооксидаза.
- Г) Пептидаза.

155. Клиникалық көрініс балада II типті мукополисахаридозды (Хантер синдромы), идуронатсульфатаза ферментінің тапшылығын болжауға мүмкіндік береді. Зәрде қандай ГАГ-тың болуы бұл диагнозды растауға мүмкіндік береді?

- А) Дерматансульфаттың.
- Б) Хондроитин-4,6-сульфаттың.
- В) Кератансульфаттың.
- Г) Хондроитин-4-сульфаттың.

156. 5 жастағы балада сақталған интеллектімен қатар жанама диспропорциялық ергежейлік, фалангааралық буындардың гипермобилдігі және аяқтарының вальгустық деформациясы байқалды. Зәрдің талдауы кезінде кератансульфаттың жоғары концентрациясы, қанында галактозо-6-сульфат сульфатазаның тапшылығы анықталды. Мукополисахаридоза диагнозы қойылды. Емдеудің қандай нұсқасы мүмкін?

- А) Глюкокортикоидтарды буынішілік енгізу.
- Б) Диетотерапия.
- В) Ферменталмастырғыш терапия.
- Г) Ауырсынуды басатын препараттарды қабылдау.

157. 5 жастағы балада бетіне тән өзгерістер байқалды (гипертелоризм, төмен орналасқан құлақ қалқандары, үлкен мұрны, ауыз қуысына шаққа сиятын үлкен тілі). Зәрдегі ГАГ-тың талдауы кезінде дерматансульфат және гепарансульфат анықталды, олар мукополисахаридоз-дардың I типі (Гурлер/Шейе), II типі (Хантар) және VII типі (Слай) кезінде анықталады. II типті мукополисахаридоздың диагнозын растау үшін қандай талдау жасау керек?

- А) Қанның плазмасында ГАГ-ты ыдырататын ферменттердің белсендігін анықтау.
- Б) Бауырды ультрадыбыстық зерттеу.

- В) Сілекейдің ГАГ-ын зерттеу.
- Г) Коллагеннің мөлшерін анықтау.

158. Клиникалық көрініс балада I типті мукополисахаридозды (Гурлер ауруы), α -L-идуронидаза тапшылығын болжауға мүмкіндік береді. Зәрде қандай ГАГ-тың болуы бұл диагнозды растауға мүмкіндік береді?

- А) Дерматансульфат және.
- Б) Хондроитинсульфат және гепарансульфат.
- В) Хондроитинсульфат және дерматансульфат.
- Г) Кератансульфат және хондроитинсульфат.

159. Баланың ақыл-есінің және физикалық дамуында тежеліс байқалады, ішкі ағзаларының дәнекер ұлпалары жағынан терең өзгерістер, зәрінде кератансульфат анықтады. Қандай зат-тардың алмасуы бұзылған?

- А) Гликозаминогликандардың.
- Б) Коллагеннің.
- В) Эластиннің.
- Г) Гликогеннің.

160. Балада минералданудың бұзылысы және «теңбіл» эмаль байқалады. Бұл кезде қандай микроэлементтің алмасуы бұзылған деуге болады?

- А) Фтордың.
- Б) Темірдің.
- В) Мырыштың.
- Г) Марганецтің.

161. Балада эмалінің «желінгені» байқалады, тістерінің бетінде қоңыр-қара дақтар. Эмалінің биопаттарында фтордың, жалпы нәруыздың жоғары мөлшері және кальцийдің төменгі мөлшері анықталады. Бұл белгілер қандай ауруға тән?

- А) Тісжегіге.
- Б) Флюорозға.
- В) Остеопорозға.
- Г) Мукополисахаридозға.

162. 40 жастағы ерте менопаузасы бар әйелде сүйек ұлпасының минералды тығыздығы төмендеген (менопаузальқ остеопороз). Бұл жағдайдың негізгі себебіне қандай гормондардың тапшылығы болды?

- А) Йодтирониндердің.
- Б) Эстрогендердің.
- В) Глюкокортикоидтардың.
- Г) Катехоламиндердің.

163. Гиперплазияланған қалқанша безін алып тастағаннан бір айдан кейін 47 жастағы әйелде жиі-жиі құрысулар, гиперрефлекстер, көмей спазмы пайда болды. Әйелдің мұндай жағдайы-ның ең мүмкін себебі неде?

- А) Ятрогенді гипопаратиреоз, паратгормонның тапшылығы.
- Б) Ятрогенді гипопаратиреоз, кальцитониннің тапшылығы.
- В) Ятрогенді гипотиреоз, тироксиннің тапшылығы.
- Г) Ятрогенді гипотиреоз, трийодтирониннің тапшылығы.

164. Көптеген тісжегісі бар науқаста көптеп тіс қағының шөгуі, қиын бөлінетін түкірігінің жоғары тұтқырлығы байқалады. Түкірігінде лактаттың мөлшері жоғары. Қандай жүйелі аурудың бар екендігін болжауға болады?

- А) Флюороз.
- Б) Жіті гепатит.
- В) Қантты диабет.
- Г) Феохромоцитома.

165. 30 жастағы пациент әйелдің аралас сілекейінің құрамында лактаттың жоғары деңгейі анықталды. Бұл қандай биохимиялық үдерістің белсенуінен болуы мүмкін?

- А) Глюконеогенездің.
- Б) ЖМК β -тотығуының
- В) Анаэробты гликолиздің.
- Г) Орнитинді циклдің.

166. Қантты диабеті бар 40 жастағы пациент әйелде пародонтит диагностикаланды. Ауыз қуысында протеолиттік ферменттердің белсенуін куәландыратын қандай биохимиялық өзгерістер аралас сілекейдің құрамынан табылуы мүмкін?

- А) Бос аминқышқылдары концентрациясының өсуі.
- Б) Сиалопротеиндер концентрациясының өсуі.
- В) Глюкоза концентрациясының өсуі.
- Г) Иммуноглобулиндер концентрациясының өсуі.

167. Қырқұлақпен ауыратын науқаста дәнекер ұлпасының түзілу үдерісі бұзылған, ол тістерінің босап, түсуіне соқтырған. Бұл симптомдарды қандай ферменттер белсендігінің бұзылысы тудырады?

- А) Пропилгидроксилаза және лизингидроксилаза.
- Б) Фенилаланингидроксилаза және тирозингидроксилаза.
- В) Лизилоксидаза және лизиноксидаза.
- Г) Ксантиноксидаза және гипоксантиноксидаза.

168. 36 жастағы науқас әйел коллагенозбен ауырады. Зәрде қандай метаболит мөлшерінің өсуі ең ықтимал?

- А) Гидроксипролиннің.
- Б) Креатининнің.
- В) Фениллактаттың.
- Г) Фенилпируваттың.

169. Остеопатиризм кезінде коллагеннің беріктігі төмендейді, бұл коллагенді фибриллаларда көлденең тігістер түзілуінің азаюына байланысты. Қандай фермент белсендігінің төмендеуі бұл жағдайға себеп болады?

- А) Лизилоксидазаның.
- Б) Коллагеназаның.
- В) Лизилгидроксилазаның.
- Г) Пропилгидроксилазаның.

170. 50 жастағы науқастың қанында зәр қышқылының мөлшері жоғары, ол аяқ-қол басы буындарының ауырсыну синдромымен клиникалық байқалады. Бұл қышқыл қандай үдерістің нәтижесінде түзіледі?

- А) Пиримидинді нуклеотидтердің ыдырауы.
- Б) Пуринді нуклеотидтердің ыдырауы.
- В) Гемнің ыдырауы.
- Г) Стероидтық гормондардың ыдырауы.

171. 50 жастағы науқас әйелде аяқ-қол басы буындарында кенеттен күшті ауырсыну синдромы, нефролитиаз (зәрде ураттар мен оксалаттардың концентрациясы жоғары) байқалады. Дәрігер «подагра» диагнозын болжайды. Диагноздың дұрыстығын растауға қандай зерттеу мүмкіндік береді?

- А) Гиперурикемияны табу.
- Б) Рентгендік зерттеу.
- В) Ревматоидтық факторды табу.
- Г) Эритроциттердің тұну жылдамдығын анықтау.

172. 55 жастағы науқаста тексерген кезде буындарының аймағында томпақ түйіндер, нефролитиаз белгілері табылды. Анамнезінде кенеттен басталған күшті ауырсыну

синдромымен екі шабуыл және аяғының үлкен саусағының ісінуі, одан әрі 1-2 апта бойы толық ремиссиясы. Болжамды диагнозын қойындар және оны толық растау үшін қан плазмасында қандай метаболитті анықтау қажет?

- А) Леш-Найан синдромы, зәр қышқылын.
- Б) Подагра, зәр қышқылын.
- В) Леш-Найан синдромы, орот қышқылын.
- Г) Подагра, орот қышқылын.

173. 40 жастағы пациентті тексерген кезде гиперурикемия анықталды; шағымдары мен подаграның клиникалық белгілері жоқ. Пациентке жіті подагралық артриттің алдын алу үшін қандай ұсыныстар беру керек?

- А) Пуриндері бар тағамдарды («қызыл ет» және бұршақты), алкогольді тұтынуды шектеу, сонымен қатар дене салмағын төмендету және гипертриглицеролемиюны коррекциялау.
- Б) «Тез» көмірсулар және алкогольді тұтынуды шектеу, сонымен қатар дене салмағын төмендету және гипертриглицеролемиюны коррекциялау.
- В) Майларды тұтынуды шектеу, рационнан қуырылған тағамдарды алып тастау және тәулігіне кемінде 3 л суды қабылдау.
- Г) Қышқыл жеміс-жидектерді, газдалған сусындарды тұтынуды шектеу, рационда кальций мөлшерін, D дәруменін және нәруызды көбейту.

174. 55 жастағы пациентте кенеттен басталған жіті подагралық шабуыл диагностикаланды, ол 2 күнге созылды, қанында зәр қышқылының мөлшері өскен. Жіті кезеңде тағайындалуы пато-генетикалық негізделген препаратты көрсетіндер (препараттың әсер ету механизмі жазбасын-да келтірілген).

- А) Колхицин. Жедел қабынудың медиаторлары болып табылатын лизосомалық ферменттердің босап шығуын төмендетеді; сүт қышқылының түзілуін төмендетеді, ұлпа сұйықтығы рН-ының жылжуы-ның алдын алып, зәр қышқылының кристалдануын шектейді.
- Б) Аллопуринол. Ксантиноксидазаны ингибирлейді. Гипоксантиннің ксантинге және ксантиннің – зәр қышқылына өтуін бұзады; осылайша зәр қышқылының синтезін шектейді. Қан сарысуындағы ураттардың мөлшерін төмендетіп, олардың ұлпаларда тұнуының алдын алады.
- В) Бензбромарон. Проксималды каналшықтардағы зәр қышқылының реабсорбциясын ингибирлейді және оның бүйрек пен ішектер арқылы сыртқа шығарылуын арттырады.
- Г) Меркаптопурин. Пуринді негіздердің бәсекелі антагонисі болып табылады, гипоксантин-гуанин-фосфорибозилтрансфераза үшін гипоксантин және гуанинмен бәсекеге түседі.

175. 2 жасар балада дамуының тежелуі және өзіндік агрессия белгілері (ернін, ұртын және саусақтарын қанағанша тістеу) байқалады. Қанында зәр қышқылының мөлшері көбейген. Ең мүмкін ауруды ұсынындар.

- А) Андерсен ауруы.
- Б) Подагра.
- В) Хантер синдромы.
- Г) Леш-Найан синдромы.

176. 3 жастағы балада Леш-Найан синдромы диагностикаланды. Биохимиялық зерттеу айқын гиперурикемиюны көрсетті. Бұл тұқым қуалаған аурудың себебі қандай үдерістің бұзылысына байланысты?

- А) Пуринді нуклеотидтердің ыдырауына.
- Б) Пуринді нуклеотидтердің синтезіне.
- В) Пиримидинді нуклеотидтердің синтезіне.
- Г) Пиримидинді нуклеотидтердің ыдырауына.

177. 3 жастағы балада Леш-Найан синдромы диагностикаланды. Тағайындалуы патогенетикалық негізделген препаратты көрсетіндер (препараттың әсер ету механизмі жазбасында келтірілген).

А) Колхицин. Жедел қабынудың медиаторлары болып табылатын лизосомалық ферменттердің босап шығуын төмендетеді; сүт қышқылының түзілуін төмендетеді, ұлпа сұйықтығы рН-ының жылжуының алдын алып, зәр қышқылының кристалдануын шектейді.

Б) Аллопуринол. Ксантиноксидазаны ингибирлейді. Гипоксантиннің ксантинге және ксантиннің – зәр қышқылына өтуін бұзады; осылайша зәр қышқылының синтезін шектейді. Қан сарысуындағы ураттардың мөлшерін төмендетіп, олардың ұлпаларда тұнуының алдын алады.

В) Тиогуанин. Белсенді туындыларына метаболизденеді, олардың ішіндегі ең негізгісі 6-тиогуанил қышқылы. Бұл фермент пуринді нуклеотидтердің синтезіне және өтелденуіне қатысатын ферменттерді ингибирлейді.

Г) Меркаптопурин. Пуринді негіздердің бәсекелі антагонисі болып табылады, гипоксантингуанин-фосфорибозилтрансфераза үшін гипоксантин және гуанинмен бәсекеге түседі.

178. 7 айлық балада ауыр мегалобластық анемия анықталған, фоллий қышқылының терапиясына көнбейді және жұмсақ ұлпаларда орот қышқылының кристалдары тұнған. Зәрдегі орот қышқылының концентрациясы нормадан бірнеше есе жоғары. Тұқым қуалаушы оротацидурия диагнозы қойылды. Бұл патология кезінде қандай үдеріс бұзылған?

А) Пуринді нуклеотидтердің синтезі.

Б) Пиримидинді нуклеотидтердің синтезі.

В) Пуринді нуклеотидтердің ыдырауы.

Г) Пиримидинді нуклеотидтердің ыдырауы.

179. 44 жастағы еркекте сары ауру анықталған. Анамнезінде – 10 жыл бойы жүйелі түрде алкогольді қолданған. Соңғы айда алкогольді күнде-күнде қолданған. Зертханалық мәліметтер бойынша гипопротеинемия, АЛТ және АСТ белсендігінің еселеп артуы, жалпы билирубиннің және конъюгацияланбаған билирубин мөлшерінің жоғарылауы анықталған. Бұл сары аурудың қандай түріне жатуы мүмкін?

А) Гемолиздік сарғаю.

Б) Обтурациялық сарғаю.

В) Паренхиматоздық сарғаю.

Г) Механикалық сарғаю.

180. Жас жігітте тұмаудан кейін жеңіл сарғаю пайда болды. Зертханалық талдаудың нәтижелері: гемоглобиннің деңгейі төменгі шегіндегі мәндері қалыпты, қанның сарысуында: жалпы билирубин – 60 мкмоль/л (референтті шектері – 17,1 мкмоль/л-ге дейін); тура емес билирубин – 56 мкмоль/л (референтті шектері – 6,8 мкмоль/л-ге дейін); АЛТ және АСТ белсендігі қалыпты мәндердің шамасында, зәрде билирубин жоқ. Бұл сарғаю қандй түрге жатуы ықтимал?

А) Гемолиздік сарғаю.

Б) Обтурациялық сарғаю.

В) Паренхиматоздық сарғаю.

Г) Механикалық сарғаю.

